

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ:37:94 (574) (091)«1917»

Қолжазба құқығында

САДЫКОВА АСЕМ КАЙРАТОВНА

**Кәсіби педагогикалық білім беру оқу орындарының тарихы
(XIX ғасырдың екінші жартысы – 1917 жылдардағы Жетісу және
Сырдария облыстарының мысалында)**

6D011400 - Тарих

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
тар. ғыл. док.,
Сайфулмаликова С.С.

Шетелдік ғылыми кеңесші
Татарстан Республикасы,
Казан ұлттық технологиялық
зерттеу институттың
проф., пед. ғыл. док.
Исхакова Р. Р.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ІІ ЖАРТЫСЫ – 1917 ЖЫЛДАРДАҒЫ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТАРИХЫНА ТАРИХНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ ТҮРҒЫСЫНАН ТАЛДАУ.....	16
1.1 Кәсіби педагогикалық білім беретін оқу орындарының тарихнамасы.....	16
1.2 Кәсіби педагогикалық білім беретін оқу орындары тарихының деректері.....	27
2 СЫРДАРІЯ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ ОРНЫ.....	33
2.1 Түркістан мұғалімдер семинариясының қалыптасуы және семинариядағы оқу-тәрбие жұмысы.....	33
2.2 Семинариядағы оқытушылардың, шәкірттердің ұлттық, әлеуметтік құрамы	52
3 ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ ОРНЫ.....	67
3.1 Верный мұғалімдер семинариясының қалыптасуы, оқу-тәрбие жұмысы.....	67
3.2 Семинариядағы оқытушылардың, шәкірттердің ұлттық, әлеуметтік құрамы	80
3.3 Педагогикалық курстардағы мұғалімдерді дайындау тәжірибесі.....	97
4 «ХІХ Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ ХХ Ғ. БАС КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ ОРЫНДАРЫНА МАМАНДАР ДАЙЫНДАУ ТАРИХЫ» МӘСЕЛЕСІН ОҚЫТУДЫҢ ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫҚ ЖҰМЫСЫ..	112
4.1 «Бастауыш білім беретін оқу орындарына мамандар дайындау тарихы» бойынша тәжірибелік-эксперименталды жұмыстарды ұйымдастыру мазмұны.....	112
4.2 Мұғалімдер семинариясы бойынша тәжірибелік-эксперименталды жұмыстарды ұйымдастыру нәтижелері.....	126
ҚОРЫТЫНДЫ.....	139
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	142
ҚОСЫМШАЛАР.....	154

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдедегі «Білім туралы» 319 Заңы (толықтырулар мен өзгертулер 04.07.2018; 28.08.2021).

Педагогтің кәсіби стандарты Жалпы ережелер. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Ғылыми дәрежелер беру Ережесін бекіту туралы 2011 жылғы 31 наурыздағы 127 Бұйрығына қосымша (25.07.2016 жылғы 468 қосымша).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы 2018 жылғы 31 қазандағы 604 Бұйрығына сәйкес (толықтырулар мен өзгертулер 5.06.2020. 182 бұйрық).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2012 жылғы 23 тамыздағы қаулысы.

Қазақстан жолы -2050. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ (17 қаңтар 2014 жыл).

Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру мемлекеттік бағдарламасы 12 сәуір 2017 жылы, оның жалғасы Ұлы даланың жеті қыры 21 қараша 2018 жыл.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауы, 2020 жылғы 1 қыркүйек.

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. – Нұр-Сұлтан, 2019.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 1 қыркүйек 2021 ж.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Ассессор - (латынша *assessor* – *заседатель*) - Ресей империясының рангтер табеліне сәйкес 8 дәрежедегі губерниядағы лауазым

Ведомства учреждений императрицы Марии (Императрица Марияның ведомствосына қарайтын мекемелер) - 1797-1917 жылдардағы императрица Мария Федоровна атындағы қайырымдылық мекеме қоры

Епархия - бөлік, облыс, христиан шіркеуіндегі территориялық бірлік

Закон Божий (Құдай Заңы) - Ресей империясында бастауыш, орта, арнаулы орта білім беретін оқу орындарындағы православие дінінің пәні

Земство - Ресей империясындағы өзін-өзі басқаратын сайланбалы орган, губерния, уез, болыс дәрежесінде

Кансистерия - Орыс православие шіркеуіндегі епархияны басқаратын мекеме

Қалалық училище - 1872 жылы 31 мамырдағы Ережеге сәйкес құрылған жалпы білім беретін оқу орны

Құрметті попечитель – Оқу орнына қаржылай көмек көрсететін тұлға

Литургия - Құдайға құлшылық жасау

Лаун-теннис - ХІХ аяғында пайда болған теннистің атауы

Молокан - діни христиандықтың бір бағыты, орыстың ерекше этнографиялық тобы, Ресей империясында зиянды ғибадат саналды

Наставник – тәлімгер

Пастор - Библиялық термин, шіркеу қызметкері

Попечитель - Ресей императоры тағайындаған оқу орнындағы шенеулік

Попечитель учебного округа - 1803-1917 жылдардағы Халық Ағарту Министрлігіне бағынышты оқу округінің ресми өкілі

Приходтық училище - бастауыш білім беретін оқу орындарының түрі

Ранг - Ресей империясының иерархиясындағы дәреже

Семинария - (латынша *seminarium* — ұя, орда) христиан діни қызметкерін, бастауыш мектеп мұғалімін даярлайтын кәсіби оқу орны

Стипендия - (латынша *stipendium* - ақы, жалақы) арнаулы оқу орындарында төленетін ақшалай жәрдемақы

Своекоштные (өз қаражатына) - өз қаражатына оқитын шәкірттер

Церковнославянский язык (шіркеулік славян тілі) - Православие шіркеуіндегі ғибадатта қолданылатын ежелгі славян тілі

Экстернат (латынша *externus*—өзге) - білімді өздігімен алу

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚРОМА	Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві
МББ ТР МА	Мемлекеттік Бюджеттік Басқарма Татарстан Республикасының Мемлекеттік архиві
ТЖ	Түркістан жинағы
ПКТЕ	Педагогикалық курстар туралы Ереже
МСТН	Мұғалімдер семинариясы туралы нұсқаулық
ХАМ журналы	Халық Ағарту Министрілігінің журналы
БТ	Бақылау тобы
ЭТ	Эксперименталды тобы

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу жұмысы XIX ғасырдың екінші жартысы мен 1917 жылдар аралығындағы Жетісу, Сырдария облыстарында құрылған кәсіби педагогикалық білім беретін оқу орындарының тарихын зерттеуге арналған. Жұмыста мұғалімдер семинариялары, оның жанынан ашылған үлгілі училище, қалалық училищелерде ашылған педагогикалық курстар, съездер қарастырылған. Бастауыш білім беретін мектептерге мұғалімдер дайындау тәжірибесінің аймақтық тарихы ғылыми тұрғыдан талданды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі таңда педагогикалық жоғары оқу орындарының алдына тұрған мақсаттың бірі, мектептің оқу танымдық жұмысын үйлестіре алатын, кәсіби біліктілігі жоғары, интерактивті оқыту технологиясының әдіс-тәсілдерін және ақпараттық технологияларды меңгерген, еңбек нарығында сұранысқа ие болатын жаңа тұрпатты мұғалім дайындау міндетін алға қояды. Әлемдік білім беру кеңістігіне ену, мұғалімнен оқыту, білім беруде конструктивті моделге өтуді қажет етеді. Сондықтан да, соңғы жылдары педагогикалық оқу орындарында мұғалімдерді кәсіби тұрғыдан дайындауда дуалды білім беру жүйесін ендіруге, яғни теория мен практиканы ұштастыруға, жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұнына да ерекше көңіл бөлінеді.

2019 жылы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңында қазіргі педагогтың міндеттерін нақты айқындап берді: «Оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз ететін, өзінің кәсіптік шеберлігі, зерттеу зияткерлігі мен шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіретін, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір ретпен сиретпей арттыруға тиісті-деп жазылған [1]. Қазіргі жас буынның азамат ретінде қалыптасуында, олардың сапалы білім алуында педагогтың ролі зор.

Кез келген мемлекет, қоғам тарихында халық ағарту ісіне қатысты мәселе және мұғалімдер дайындау мәселесі қашанда өзекті. XIX ғасырда Ресей империясы құрамындағы қазақ өлкесінде ашылған әр түрлі деңгейдегі бастауыш және орта білім беретін оқу орындарына кәсіби маман мұғалімдер жетіспеді. Алғаш ашылған орысша білім беретін бастауыш мектеп мұғалімдерінің басым бөлігі Орынбор, Омскі және Ресейдің ішкі губернияларында білім алғанымен, бірақ кәсіби мамандар болмады. XIX ғасырдың екінші жартысында әр түрлі деңгейдегі орысша бастауыш білім беретін оқу орындарының ашылуы өлкеде мұғалім мамандарын даярлау қажеттігін көрсетті. Түркістан, Орынбор, Батыс Сібір оқу округтерінде мұғалімдер семинариялары мен мектептер ашылды. Бастауыш сынып мұғалімдерін Омбы мұғалімдер семинариясы (1872), Түркістан мұғалімдер семинариясы (1879), Орск-Орынбор мұғалімдер мектебі (1889), Семей мұғалімдер семинариясы (1903), Ақтөбе мұғалімдер семинариясы (1913 ж.),

Верный мұғалімдер семинариясы (1913) мен Орал мұғалімдер семинариясында (1913), гимназияның жоғары сыныптарында, уездік қалалық училище жанынан ашылған педагогикалық курстарда дайындады.

Кез келген қоғамда, кез келген уақытта педагогикалық оқу орындарының негізгі мақсаты-білімді, білікті мұғалім дайындауды мақсат тұтынады. Кәсіби педагог мамандарын дайындау тарихында әлі күнге дейін маңызын жоғалтпаған сұрақ бар, ол кәсіби деңгейі жоғары мұғалімді қалай дайындауға болады деген мәселе. Ресей империясында мұғалімдер дайындауда шешілмеген көптеген мәселелер тұрды. Мұғалімдер семинариясына дайындығы төмен шәкірттердің түсуі, оқу бағдарламасындағы аймақтық ерекшеліктер, мұғалім жалақысының төмен болу салдарынан олардың басқа саладағы қызметке кетуі, түлектердің селолық елді мекенге бармай қалада қалу әрекеттері. Мұғалімдер семинариясында шаруа, мешан, көпес, орта әлеуметтік топтан шыққан жастардан педагог даярлауға ерекше көңіл бөлінді. Ресей империясының ішкі губернияларымен салыстырғанда Түркістан, Дала генерал-губернаторлығында ашылған мұғалімдер семинариясында мұғалімдерді дайындауда және оқу орындарының ішкі жүйесінде аймақтық ерекшеліктер болды. Ресейдің ішкі аймақтарында мұғалімдер қазыналық, земстволық, шіркеулік оқу орындарында дайындалса, Сырдария, Жетісу облысында мұғалімдер семинариясы Халық Ағарту министрлігінің қарауында болды және оқу орындарын қаржыландыру қазына есебінен, өңірлік қаражат көздерінен жүргізілді.

Білім алушы шәкірттердің этноұлттық, этнодіни құрамы мен оқуға қабылдау жүйесінде ерекшеліктер болғанын атап өткен жөн. Осы тұрғыдан алғанда Ресей империясының өңірлік аймақтарда бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау тарихы мен тәжірибиесін талдау, білім беру жүйесі мен аймақтық ерекшелігі, мамандар әлеуеті, тәрбиеленушілер құрамы, материалдық-техникалық базасы, оқу-тәрбие үрдісі мен мұғалім мамандарын даярлау механизмін зерттеу қазіргі күннің талабынан да өзекті. Әр түрлі кезеңдегі білім беру жүйесінің әлеуетін байланыстыратын және бұл үрдістің қалыптасу деңгейінің Отандық тарихнамада зерттелмегенін ескерсек, жұмыстың өзекті тақырыпты зерттеуге арналғандығын тағы да нақтылай түседі.

Мәселенің зерттелуі деңгейі. Мәселеге қатысты төңкеріске дейінгі, кеңестік және қазіргі тарихнамада екі бағыт қалыптасты: біріншісі, оқу орындарының педагогикалық мазмұнына бағытталса, екіншісі, педагогикалық оқу орындарының тарихына арналған зерттеулер болатын. Педагогикалық мазмұнына қатысты зерттеулердің ерекшелігі, Ресей империясында ашылған мұғалімдер семинариясының жүйесі, оқытылған пәндер, бөлінген сағаттар мен тәрбие жұмысы туралы мәселелер Еуропада ашылған мұғалімдер семинариясымен салыстыра көрсетуге басымдылық беруінде. Сонымен бірге, Ресей империясындағы мұғалімдер семинариясының түрлері, Халық Ағарту Министрлігіне қарайтын оқу орындары, земстволық, шіркеулік, жеке меншіктегі бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын оқу орындарының жүйесі қарастырылды. Екінші бағыттағы зерттеулерде педагогикалық оқу

орындарының тарихы, яғни мұғалімдер семинариясы, мұғалімдер мектебі, педагогикалық курстардың қарастырылуымен ерекшеленеді. Төңкеріске дейінгі тарихнамада мұғалімдер семинариясы статистикалық, фактологиялық материалдар негізінде зерттелінген.

Зерттеу жұмысының мақсаты - XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Жетісу мен Сырдария облыстарында құрылған кәсіби педагогикалық білім беретін оқу орындарының тарихын талдау.

Зерттеудің ғылыми болжамы: XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың бас кезеңіндегі кәсіби бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаған оқу орындарының тарихы мен педагогика тарихын зерттеу тұрғысынан алғанда маңызды, себебі:

-Әр түрлі кезеңдегі білім беру жүйесі әлеуетінің бір-бірімен байланысты болуы;

-Кәсіби педагогтарды даярлау тарихын танып білу арқылы, білімнің құндылығын ұғыну үшін;

-Ресей империясының Түркістан оқу округіндегі аймақтық тәжірибиенің қалыптасуы, оның ерекшелігі, мұғалімдер даярлаудағы полиэтникалық, конфессионалдық жүйені білуге;

-Кәсіби педагогтарды дайындаудың өткен тарихының тәжірибиесін талдау болашақтағы білім бағытының мүмкіндіктерін анықтап және оны айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының объектісі, пәні мен болжамы жұмыстың мақсатына байланысты мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік берді.

-Түркістан, Верный мұғалімдер семинариясының ашылуы мен қалыптасу тарихын көрсетуге;

-Мұғалімдер семинариясындағы жалпы білім беру мен педагог мамандарды дайындауды ұйымдастырудың қызметін көрсетіп, оның ішкі мазмұнын анықтауға;

-Мұғалімдер семинариясы, педагогикалық курстардағы шәкірттердің ұлттық, әлеуметтік, діни құрамын анықтауға;

-Мұғалімдер семинариясындағы, педагогикалық курстардағы оқу-тәрбие үрдісін көрсетуге;

-Төңкеріске дейінгі және 1917 жылдан-1920 жылдар аралығындағы мұғалімдер семинариясының ішкі құрылымында жүрген өзгерістерді көрсетуге;

-Сырдария, Жетісу облыстарындағы қалалық училищелер жанынан ашылған мұғалімдер курсына кәсіби педагог мамандарды дайындау тарихын көрсетуге;

-Педагогикалық курстардағы мұғалімдер дайындаудың ерекшеліктерін талдауға;

-Сырдария, Жетісу облысындағы мұғалімдер съездерінің педагогикалық мамандардың біліктілігін көтерудегі ролін анықтауға;

-XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезеңіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаған мұғалімдер семинариясы, педагогикалық курстардың мазмұндық-құрылымдық моделін жасап, оны тәжірибеден өткізуге.

Зерттеу нысаны. XIX ғасырдың екінші жартысы мен 1920 жылдарға дейінгі Түркістан генерал-губернаторлығында құрылған мұғалімдер семинариялары, педагогикалық курстардағы бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау үрдісінің тарихы.

Зерттеу пәні. Түркістан генерал-губернаторлығындағы мұғалімдер семинариялары мен педагогикалық курстардағы кәсіптік бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың педагогикалық мәні мен практикасы.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері. Зерттеу жұмысы XIX ғасырдың екінші жартысы мен 1920 жылдарға дейінгі аралықты қамтиды. Осы кезеңде мұғалімдер семинариясы, қалалық училище жанынан педагогикалық курстар ашылып, Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі кезеңде олардың кейбірі жабылса, кейбірі педагогикалық училище, педтехникум болып құрылып, оқу орындарының жүйесі өзгерді.

Зерттеу жұмысының методологиялық негіздері. Зерттеу жұмысын жазуда теориялық-методологиядағы тарихилық пен объективтілік, жүйелілік принциптеріне сүйендік. Әр түрлі дереккөздерді талдау мен дерекке сыни тұрғыдан қарау, оқу орындарының ашылу тарихына қатысты оқиғаны әр түрлі қырынан қарауға және қарама-қайшылықтарды көрсете отырып зерттеуге, қарастырып отырған мәселені объективті бағалауға мүмкіндік берді. Диссертациялық жұмысты жазуда нақты-тарихилық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелілік, ретроспективтік әдістерге сүйендік. Мұғалімдер семинариясындағы шәкірттерді оқыту, тәрбиелеу тәжірибиесін талдау мен қорыту XIX ғасырдың екінші жартысы- XX ғасырдың бас кезеңіндегі кәсіби маман дайындаудың тарихи тәжірибиесін көрсетуге мүмкіндік берді. Педагог мамандарды дайындау мәселесін өңірлік теорияға және күнделікті тарих теориясына негіздеу педагогикалық білім беру жүйесінің аймақтық ерекшеліктерін нақтылауға, қорытуға және әлеуметтік-мәдени өзгерістерді айқындауға негіз жасады.

Зерттеу жұмысының әдістері. Ғылыми жұмысты жазуда тарихи-ретросективтік, жүйелілік, тарихи-салыстыру әдістері негізге алынды. Жүйелілік әдіс кәсіби педагог мамандарды дайындауды үш қырынан зерттеп, талдауға мүмкіндік берді, яғни тарихи, функционалдық, ағартушылық қырларынан. Кәсіби мамандар дайындаудағы мұғалімдер семинариясы, педагогикалық курстардың құрылуы, қалыптасуы тарихымен қоса ағартушылық маңызына да талдау жасалынды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Отандық тарих ғылымында педагогикалық білім беру ісіне, педагогика тарихына қатысты тарихшылар, педагогика саласының мамандары қаламынан біршама ғылыми еңбектер жарық көрді. Олардың негізгі зерттеу объектісі әрбір аймақтағы оқу орындарының тарихы болғанымен, зерттеушілер жеке педагог мамандарды дайындау мәселесін қарастырмады. Зерттеу жұмысының алға қойған мақсаты мен міндеттеріне сәйкес бұрын ғылыми айналымға түспеген, архив құжаттарымен, ресми құжаттарды талдай отырып мынадай ғылыми жаңалықтарға қол жеткіздік;

-Архив, мерзімдік басылым деректері, ғылыми-педагогикалық әдебиеттер негізінде Сырдария, Жетісу облыстарындағы кәсіби педагогикалық білім беретін оқу орындарының құрылу, қалыптасу тарихы алғаш рет Қазақстан тарихнамасында аймақтық, күнделікті тарих теориясы негізінде жазылды.

-Сырдария, Жетісу облыстарының мысалында бастауыш сынып оқу орындарына кәсіби педагогтарды дайындау мәселесінің тарихнамасы мен деректік көздеріне талдау жасалынды;

-Сырдария және Жетісу облыстарының мысалында кәсіби педагогтарды дайындау мәселесінің өңірлік ерекшелігін талдап, ғылыми баға берілді;

-Ресей империясы тарихындағы бастауыш сынып мұғалімдерін дайындайтын оқу орындарындағы шәкірттердің ұлттық, діни құрамына, әлеуметтік тегіне ғылыми тұрғыдан талдау жасалынды;

-Сырдария, Жетісу облыстарындағы кәсіби педагог мамандарды дайындау тарихының Ресей империясы кезеңі мен Қазан төңкерісінен кейінгі уақыттағы ерекшеліктері салыстырылып көрсетілді;

-Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы-алғаш ғылыми айналымға түскен локальді аймаққа қатысты архив құжаттарының фактілері және оған жасалынған талдау, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезеңіндегі Батыс Сібір, Орынбор, Түркістан оқу округіндегі педагогикалық білімнің қалыптасу мен дамуы туралы ғылыми идеяларды байытуға ықпал етеді;

-XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың бас кезеңіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауды оқытудың әдістемесі жасалды.

Зерттеу жұмысының географиялық шеңбері. Әкімшілік жағынан Түркістан генерал-губернаторлығының құрамындағы Сырдария облысы (1817-1917), Жетісу облысы (1867-1882, 1898-1920 жылы) Түркістан генерал-губернаторлығында, Дала генерал губернаторлығына (1882-1898) бағынған кезеңі, ал ағарту ісі жағынан Халық Ағарту министрлігі мен Түркістан оқу округіне бағынған кәсіби педагогикалық оқу орындарының тарихы қарастырылды.

Зерттеу жұмысының деректер базасы. Зерттеу дереккөзі Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві, Татарстан Республикасының мемлекеттік архивындағы 93-қор Қазан мұғалімдер семинариясының (1872-1919 жж) құжаттары, 968-қор, Ильминский Николай Иванович (1855-1891 жж) қорының құжаттары құрады. Татарстан Республикасының мемлекеттік архивындағы 968 қордан Н.И.Ильминскийдің Түркістан мұғалімдер семинариясына қатысты құжаттар қаралды. Қордағы Н.Ильминский мен шәкірті Н.Остроумов арасындағы хаттар, Түркістан мұғалімдер семинариясының ашылу тарихына қатысты деректерімен құнды болды.

Жұмыстың негізгі базасы Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архив қорындағы 127-қор «Жетісу мұғалімдер семинариясы», 134-қор «Колпаковский жоғары бастауыш училищесі (1879-1918 жж)», 90-қор «Жетісу облысының 1-ауданындағы халықтық училищелердің инспекторы»,

89-қор «Жетісу оқу орындарының басқарушысы» қорының құжаттары құрады және олардың негізгі бөлігі алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді.

Ресей императорлары Александр II (1855-1881), Александра III (1881-1894), Николая II (1894-1917) билігі кезіндегі Халық Ағарту министрлігі шешімдерінің жинағында педагогикалық оқу орындары туралы жарияланған анықтама, ереже, жарғы, нұсқаулықтарға қатысты аутентикалық, статистикалық деректер де қаралып ғылыми айналымға енгізілді.

Мерзімдік басылымдар қатарында Журнал Министерство Народного Просвещения (1834-1917), «Народный учитель» (1909-1919), Туркестанские ведомости (1870-1917), Голос Семиречья (1919), Правда Семиречья (1919-1920) мерзімдік басылымдарында жарияланған деректік материалдарды қарау және оны ғылыми айналымға енгізу мәселені жан-жақты қарауға мүмкіндік берді. Ресейлік педагогикалық қозғалыстың көрнекті қайраткерлері В.Г. Фальборк, В. Чернолуцкий құрастырған Санкт-Петербург, Мәскеу, Харьков, Одесса, Киев, Виленск, Қазан, Орынбор, Кавказ, Батыс-Сібір, Рига оқу округтері мен Иркутск, Түркістан генерал-губернаторлығында ашылған мұғалімдер семинариясы мен мектепке қатысты қабылданған Ережелер жинағы жұмысты дәйектеуге негіз болды. Бұл жинақ ішіндегі Түркістан генерал-губернаторлығында ашылған семинарияға қатысты заң, нұсқау, бағдарлама, оқуға түсушілерге арналған анықтамалық мәліметтер Ресейдің орталық губернияларында ашылған педагогикалық оқу орындарымен салыстыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері «Педагогическое образование в изменяющемся мире» педагогикалық білім беру бойынша өткен үшінші халықаралық педагогикалық форумда (Қазан, 2017), чуваштық ағартушы ғалым И.Я.Яковлевтің 170 жылдығына арналған «Проблемы просвещения, истории и культуры сквозь призму этнического многообразия России» атты жалпы Ресейлік ғылыми конференцияда (Чебоксары, 2018), «Қазақстан жаңа заман тарихының өзекті мәселелері: қазіргі ұстанымдар мен көзқарастар» атты XII Қасымбаев оқуларының республикалық ғылыми-тәжірибиелік конференциясында (Алматы, 2019) ғылыми баяндамалар жасалды.

Зерттеу жұмысының нәтижелері Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша 11 еңбек жарияланды, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымда 3 мақала, Scopus базасындағы басылымда 1 мақала, Халықаралық, республикалық ғылыми конференцияларда (Қазан, Чебоксары) 5 мақала, педагогикалық басылымда 1 мақала және энциклопедияда 1 мақала жарияланды.

1. Подготовка педагогических кадров для Степного и Туркестанского края в учебных округах Российской империи // *Bylye Gody*. 2019. Vol. 52. Is. 2. С.714-725. CiteScore равный 0,49, перцентиль по истории – 81. (Қосалқы автор С.С.Сайфулмаликова).

2. Верный мұғалімдер семинариясының тарихынан (1913-1917 ж) Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы: Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы, № 3 (50) 2016; 323-328 бб.

3. Түркістан мұғалімдер семинариясы: ашылуы, қалыптасуы, қызметі (1879-1904 ж.) // Хабаршы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, тарих сериясы 1(84) 2017; 110-118 бб.

4. Түркістан, Дала генерал-губернаторлығында құрылған мұғалімдер семинарияларының тарихынан (1879-1917 жылдар) // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Хабаршы: Тарих сериясы. 2 (89).- 2018; 264-274 бб. (Қосалқы автор С.С. Сайфулмаликова).

5. Конфессиональные аспекты педагогического образования в Казанской губернии во второй половине XIX – начале XX вв // Министерство Образования и науки РФ, Российская академия образования, ФГАОУ ВО «Казанский (Приволжский) Федеральный Университет», Институт психологии и образования, ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В ИЗМЕНЯЮЩЕМ МИРЕ. Сборник научных трудов 3 международного форума по педагогическому образованию. – Казань, 2017. – 23 мая (Қосалқы автор Исхакова Р.Р). 321-327 бб

6. Роль Н.И. Ильминского в открытии Туркестанской учительской семинарии и Оренбургской киргизской учительской школы. Проблемы просвещения, истории и культуры сквозь призму этнического многообразия России (к 170-летию чувашского просветителя И.Я. Яковлева): Материалы Всерос. науч. конф. (Чебоксары, 16 апр. 2018 г.) – Чебоксары: 2018. – С. 204-213. (Қосалқы автор С.С. Сайфулмаликова).

7. Верный мұғалімдер семинариясы және оның оқу ғимараттарының орналасуы // ҚР БЖҒМ Абай атындағы ҚазҰПУ, тарих және құқық институты, Әлем тарихы кафедрасы «ӘЛЕМДІК ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ: ТАРИХ ТАҒЫЛЫМДАРЫ МЕН АЛЬТЕРНАТИВАЛАР» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, 28 сәуір, 2017; 268-273 бб.

8. FAITH-RELATED ASPECTS OF TEACHER EDUCATION IN KAZAN OVER THE XIX-XX CENTURIES. The European Proceedings of Social & Behavioural Sciences <http://dx.doi.org/10.15405/epsbs.2017.08.02.36> IFTE 2017. III International Forum on Teacher Education (Қосалқы авторлар Исхакова Р.Р. Сайфулмаликова С.С.)

9. Мұғалімдер семинариясының күнделікті өмірі (1879-1917 жж) // Қазақстан жаңа заман тарихының өзекті мәселелері: қазіргі ұстанымдар мен көзқарастар» XII Қасымбаев оқуларының Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – 26 желтоқсан 2019 жыл. 196-200 бб.

10. Ақтөбедегі ер мұғалімдер семинариясы. Қазақстан тарихы. Энциклопедия.- Алматы.- 2019. 121-122 бб. (Қосалқы автор С.С. Сайфулмаликова).

11. Модель подготовки учителей – билингвалов для восточной части Российской империи (Опыт исторического анализа) // Казанский

педагогический журнал. – Казань.- 2021.- №1 (141).- 242-247 стр. (Қосалқы автор Р.Р. Исхакова)

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Сырдария, Жетісу аймағындағы кәсіби педагогтарды дайындау мәселесі Бүкілресейлік Халық Ағарту министрлігіне қараған жабық оқу орындары жүйесімен бірегейлік сипатта дамыды. Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау Ресей империясында енгізілген нормативті-құқықтық ережелермен жүзеге асырылды.

2. Сырдария, Жетісу облыстарында бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау Түркістан мұғалімдер семинариясы, Верный мұғалімдер семинариясы, қалалық училищелердің жанынан ашылған бір жылдық педагогикалық курстарда жүрді. Гимназияның жоғары сыныбында даярланған педагогтардың басым бөлігі қалалық училищелерге дайындалды.

3. Мұғалімдер семинариясындағы шәкірттердің негізгі құрамы православие дініндегі орыс балалары болды. Семинарияны бітірген қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, татар балаларының қатарында қазақ шәкірттері басымырақ болды.

4. XIX ғасырда аяғында мұғалімдер семинариясын бітірген шәкірттер орыс-түземдік мектеп, түземдік училищелерде мұғалім, уездегі интернаттарда бақылаушы қызметінді болса, XX ғасырдың бас кезеңінде семинария түлектері мұғалімдер семинариясында, жәдидтік мектептерде де қызмет жасады.

5. Мұғалімдер семинариясында оқу-тәрбие жұмысын жүргізуде жекелеген пәндерге қатысты еркіндіктер берілгенімен, бірақ Халық Ағарту министірлігі бекіткен оқулықтармен ғана оқытуға рұқсат берілді.

6. Мұғалімдер семинариясында дін сабағына, діни-адамгергершілік, еңбек, эстетикалық тәрбиеге басымдылық берілді және алғашқы медициналық көмек көрсетуге, ауа-райын бақылауға, бау-бақша ісін жүргізуге үйретті.

7. Мұғалімдер семинариясы, педагогикалық курстар жергілікті әкімшіліктің бақылауында болды, олар семинарияның оқу-тәрбие ісіне араласып сабаққа, емтихандарға қатысты.

8. XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезеңіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау тарихын оқыту, болашақ мұғалімдерге педагогикалық оқу орындарының тарихын білуге, өткен тарихтың тәжірибиесінен үйренуге, кемшіл тұстарын ескеруге және үйренгендерін практикалық іс-әрекетте қолдануға мүмкіндік береді.

Жұмыстың практикалық мәні. Түркістан оқу округіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауға бағытталған педагогикалық білім беретін оқу орындарын зерттеу нәтижелері Батыс Сібір, Орынбор оқу округіндегі мұғалімдер семинариялары мен мектепті зерттеуде салыстырмалы түрде талдауға негіз жасайды. Зерттеу материалдары педагогикалық жоғары оқу орындарында, педагогикалық колледждерде Ресей империясы кезеңіндегі оқу орындары тарихын, мұғалімдер семинариясы, педагогикалық оқу орындары тарихын, бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау тарихына қатысты таңдау компоненттеріндегі эллективті пәндердің лекциялар курсы, оқулық, оқу

құралдарын дайындауға негіз болады. Академиялық оқулықтар, мектеп оқулықтарындағы оқу орындарының тарихына қатысты зерттеулер мен тұжырымдар жасауға да негіз жасайды.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «7М01601-Тарих» мамандығы бойынша магистратураның 2020-2021 оқу жылындағы білім беру бағдарламасының оқу жоспарына «Мұғалімдер семинариясы мен мектебіндегі күнделікті өмір (XIX ғ. II жартысы - XX ғ. басы)» пән ретінде енгізілді.

Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары. Зерттеу жұмысы Отан тарихындағы оқу орындарының тарихына қатысты оқулықтар мен оқу құралдарын жазуда маңызы зор. Зерттеу материалдары педагогикалық жоғары, орта оқу орындарында педагог мамандарын дайындау тарихына арналған элективті курстар және арнайы лекция курсын жазу үшін қажетті.

Зерттеуді ұйымдастыру. Кәсіби педагогикалық мамандар дайындаудағы орта кәсіби педагогикалық оқу орындарының тарихын зерттеуді жүргізу барысында эксперимент жүргізетін оқу орны ретінде Тараз қаласындағы гуманитарлы колледж таңдап алынды. Бұл колледж жалпы педагог кадрларды дайындайды, сондай-ақ бастауыш сынып мұғалімдерін де оқытады. Негізгі мақсат студенттерге XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезеңіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың тарихымен таныстыра отырып, қазіргі кезеңдегі өзгешеліктерін, жалпы тарихи сабақтастығын көрсетуге бағытталды.

Педагогикалық эксперимент және оның кезеңдері. Кәсіби педагогикалық оқу орындарының тарихы мәселесін оқыту тәжірибиесі 2016-2017, 2017-2018 оқу жылдарында Жамбыл облысы Тараз қаласындағы Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжінде 0105000 «Бастауыш білім беру» мұғалімі мамандығында оқитын топ студенттеріне жүргізілді. Колледж студенттеріне «Қазақстандағы бастауыш білім беретін оқу орындарына мамандар дайындау тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы-1920 жылдарға дейін)» атты элективті курс эксперимент ретінде жүргізілді.

Курстың мақсаты - студенттерге XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезеңіндегі қазақ өлкесіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау мақсатында ашылған оқу орындарының ашылу тарихын оқыту және оның Ресейлік имперлік педагогикалық білім беру жүйесіндегі орнын көрсету болды. 45 сағатқа жоспарланған элективті курсты оқуда 15-лекция сабағы, 15-практикалық сабақ және 15-студенттің өзіндік жұмысына арналған сабақтармен толықты.

Эксперимент нәтижесінде студенттер бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мақсатында ашылған оқу орындарының тарихымен, бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жүйесімен, қазақ өлкесіндегі педагогикалық білім беру жүйесінің құрылымы, қалыптасуы мен оның динамикасымен, педагогикалық оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізудің ерекшеліктерімен, педагогикалық оқу орындарындағы директор, мұғалім, тәлімгерлердің негізгі атқарған функцияларымен танысты және XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы педагогикалық мамандарды дайындау тәжірибиесі

мен қазіргі педагог мамандарды дайындаудың ұқсастықтары, өзгешеліктері, қойылған талаптар мен ерекшеліктерін анықтап, талдау жасады.

Диссертацияның құрылымы. Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация нормативті сілтеулер, анықтама, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, төрт тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде диссертация тақырыбының өзектілігі, негізгі зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері, зерттеу жұмысының методологиясы, әдістері, ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар, практикалық мәні анықталған. Бірінші тарауда зерттеу тақырыбының тарихнамасы мен деректік базасына талдау жасалынған және мәселенің педагогикалық аспектісі көрсетілген. Екінші тарауда Түркістан мұғалімдер семинариясының құрылуы мен қалыптасуы, оқытушылар мен шәкірттердің ұлттық, діни, әлеуметтік құрамы, шәкіртақы, оқытылған пәндердің негізгі бағыттары, тәрбие жұмыстары қарастырылған. Үшінші тарауда Верный мұғалімдер семинариясының құрылуы мен қалыптасуы, семинарияның материалдық жағдайы, Кеңес билігінің орнауымен семинарияның оқу жүйесіне енген өзгерістер талданады. Бұл тарауда қалалық училищелер жанынан ашылған курстардағы мұғалімдер дайындау тарихы да баяндалған. Төртінші тарауда ХІХ ғасырдың екінші жартысы - ХХ ғасырдың бас кезеңіндегі мұғалімдер семинариясында бастауыш сыныптарға кәсіби педагогтарды дайындау тарихының эксперименті көрсетілген.

Қорытындыда диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы мен тұжырымдарын негіздеуге арналған теориялық және практикалық ұсыныстар нақтыланған.

1 XIX ҒАСЫРДЫҢ II ЖАРТЫСЫ – 1917 ЖЫЛДАРДАҒЫ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТАРИХЫНА ТАРИХНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ ТҮРҒЫСЫНАН ТАЛДАУ

1.1 Кәсіби педагогикалық білім беретін оқу орындарының тарихнамасы

Білім беру жүйесінің ең басты тұлғасы мұғалім. XIX ғасырда Ресей империясы бастауыш білім беретін оқу орындарына кәсіби маман даярлау мақсатында әрбір губернияда мұғалімдер семинариясы мен мұғалімдер мектебін ашты. Батыс-Сібір, Орынбор, Түркістан генерал-губернаторлығының оқу округтерінде де мұғалімдер семинариясы ашылды. Түркістан генерал-губернаторлығы оқу округіне бағынған аймақтағы бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау ерекшелігі, мұғалім мамандарын мұғалімдер семинариясы, гимназияның жоғары сыныптарында, қалалық училищелер жанынан ашылған бір жылдық педагогикалық курстарда дайындалды.

Отандық тарихнамада, педагогика тарихының тарихнамасында бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауды зерттеу тарихы, бірнеше кезең мен бірнеше бағытта дамыды. XIX ғасырдағы орыс тарихнамасында Ресейдегі педагогикалық білім беретін оқу орындарының тарихын әр түрлі аспектіде қарастырған зерттеулер болды. Бұл зерттеулердің ерекшелігі, белгілі бір аймақта емес, тұтастай Ресей империясындағы мұғалімдер дайындау тәжірибесін қарастырды. Мұғалімдер семинариясы, мұғалімдер мектебі, земстволық мектеп, педагогикалық курстарға арналған жеке-жеке зерттеулер бар. Бұл зерттеулерде мұғалім мамандарын даярлау тәжірибесінің қарама-қайшы жақтары да көрсетілді. Мұндай зерттеулер қатарында Раков Дм, Руднеев Я.А., Олейник Е.А. және т.б. авторлардың зерттеулерін атауға болады. Авторлар мұғалімдер семинариясының қалыптасу тарихы, семинарияға қатысты қабылданған Ережелер, оқу-тәрбие жұмысын қарастырған, «... егер де 1870-80 жылдары мұғалімдер семинариясында таңдаулы ұстаздар жұмыс жасаса, латын пәнінің мұғалімі психология мен педагогикадан сабақ беруі мүмкін бе еді» - деп жазады Дм.Раков [2]. Я.А.Руднеев Батыс Еуропа мен Ресейдегі мұғалімдер семинариясын салыстыра талдайды. Ресейдегі мұғалімдер семинариясының жалпы білім беру курсы 1872 жылғы Ережеге сәйкес құрылған қалалық училищелер бағдарламасынан ешқандай да айырмашылығы болған жоқ- деп сынайды [3] Е.А. Олейник мұғалімдер семинариясының бірінші сыныбында зоология, ботаника, минерология, ал екінші сыныпта анатомия өткендіктен қысқа уақыт аралағында шәкірттерге бұл пәндерді игеру мүмкін емес еді- деп көрсетеді [4]. Авторлар семинариядағы пән мұғалімдерінің жетіспеуін, дайындығы төмен шәкірттерге әр түрлі пәндерді оқыту тәжірибесінің қателігін және Ресей империясы мен Германиядағы мұғалімдерді дайындауды салыстыра отырып талдайды.

Чехов Н.В. өз зерттеуінде Ресейдегі мұғалімдер семинариясының ашылуы, мұғалімдер Одағының құрылуы, олардың жалақысына қатысты сұрақтарды

қарастырған. Автор шаруа балаларына арналған мұғалімдер семинариясын құру идеясын алғаш ұсынған Л.Н.Толстой болатын деп көрсетеді [5].

Мұғалімдер семинариясының тарихын зерттеудегі бір бағыт семинариялар жүйесіне арналған еңбектер болды. Олар Халық Ағарту министрлігіне бағынышты өкіметтік мұғалімдер семинариясы, земстволық және жеке меншіктегі оқу орындарын салыстыра отырып қарастырады. Мысалы, Н.А.Корф земстволық және өкіметтік мұғалімдер семинариясын салыстыра отырып, мұғалімдер даярлаудағы земстволық семинариялардың ролін жоғары бағалаған. Жалпы семинарияға түскен шәкірттер ішіндегі халықтық мектепті бітіргендердің семинария тәртібіне, педагогикалық білім алуға деген бейімділігін ерекше атап көрсетеді [6].

Революцияға дейінгі зерттеулерде Сырдария, Жетісу облыстарында құрылған мұғалімдер семинариялары туралы жазылған еңбектер санаулы ғана. Мұғалімдер семинариясына арналған зерттеулердің авторлары педагогикалық оқу орындарының директоры, инспекторы, мұғалім, хатшы болып қызмет жасап, семинарияның құрылу мен қалыптасуы тарихына араласқандар еді. Түркістан мұғалімдер семинариясының директоры болған Н.П. Остроумовтың семинария тарихының 25 жылдық тарихына қатысты [7], М.А. Миропиевтің 1879 жылдың 1 тамыздан - 1881 жылдың 1 тамызына дейінгі [8], тәлімгер Воскресенскийдің 1881 жылдың 1 тамызынан-1883 жылдың 1 тамызына дейінгі семинария тарихын баяндайтын жылдық есеп жинақтары бар [9]. Жинақтарда семинарияның ашылуы, оқу тәрбие жұмысы, Педагогикалық Кеңес хаттамалары, педагогикалық құрамның біліктілігі, шаруашылық жұмыстар, тәрбиеленушілер туралы статистикалық мәліметтер берілген. М.А. Миропиев Түркістан мұғалімдер семинариясының екі жылдық есебі, семинарияны ашудың мақсаты, құқықтық ережелері, тәлімгер, мұғалім, қызметкерлер құрамы, Педагогикалық Кеңестің қызметі, оқу-тәрбие жұмысы, семинарияның материалдық әлеуеті сынды мәселелерді қарастырған. Түркістан мұғалімдер семинариясының екі жылдық есебі туралы ол былай деп жазады: «Орыс билігі бұратаналарды орыстандырудың бір жолы мектеп арқылы жүретінін жақсы білгендіктен, шеткері аймақтарда ұлты мен дініне қарамастан мектеп ашты. Осындай тарихи міндетті жүзеге асырған мұғалімдер семинариясы болатын» [8, с. 4].

Н. Воскресенский 1881 жылдың 1 тамызынан 1882 жылдың 1 тамызына дейінгі бір жылдық есепте семинариядағы шәкірттердің ұлттық, діни, әлеуметтік құрамы туралы және шәкірттерді тәртіпке, ұқыптылыққа, шаруашылықты жүргізуді үйретуге қатысты мәліметтер береді [10]. Автордың екінші жинағында 1882 жылдың 1 тамызынан 1883 жылдың 1 тамызына дейінгі есеп берілген. Ол семинариядағы оқытылған пәндердің бағдарламасы, Педагогикалық Кеңес шешімдері, семинарияның күнделікті өміріне қатысты қызықты мәліметтерді енгізген.

Түркістан мұғалімдер семинариясының алғашқы директоры болған Н.П.Остроумовтың семинария тарихын қарастырған бірнеше зерттеу еңбегі бар. Түркістан генерал-губернаторы фон Кауфманға қатысты жеке естелік

зерттеуде, автор губернатордың өлкедегі орта оқу орындарын, мұғалімдер семинариясын ашудағы орасан зор еңбегін талдап көрсетеді. Генерал-губернатордың Түркістан мұғалімдер семинариясының алғашқы оқу жылының үш жылында Иркутск мұғалімдер семинариясының жарғысын қолданып, кейін семинарияның штаты өскен соң, өз жарғысын қабылдауына ұсыныс жасағандығын ерекше атап өтеді [11]. Н.П. Остроумовтың келесі зерттеуі семинарияның құрылу және қалыптасу тарихы, яғни 1879-1904 жылға дейінгі 25 жылдық тарихын зерттеуге арналған еңбек болатын. Оның еңбегінде семинариядағы мұғалімдер мен шәкірттер құрамы, оқу-тәрбие жұмысы, шәкірттердің міндеттері, педагогикалық Кеңес мәжілістері талданады. «Ресей империясының семинарияны ашудағы негізгі міндеті қазақ пен орысты біріктіру арқылы тұтас саяси-мемлекеттік организмге айналдыру болатын» деп көрсетеді [7, 25 б.].

В.В. Григорьевтің еңбегінде Түркістан мұғалімдер семинариясының, Орск-Орынбор мұғалімдер мектебінің тарихына қысқаша шолу берілген. Автор Түркістан мұғалімдер семинариясы мұғалімдер дайындаумен бірге жергілікті жердің тілі, салт-дәстүрі, өмірін білетін мамандар дайындап, Ресей өкіметі халық ағарту ісі арқылы түземдіктерді орыс тұрғындарымен жақындастыру нәтижесінде, өлкеге орыс азаматтығын енгізу мақсатын тұтынды деп анықтайды. В.В.Григорьев сонымен бірге, Орск-Орынбор мұғалімдер мектебінің салыну тарихына да тоқталады. Мектепті салудың негізгі мақсаты қазақтарды татарлар ықпалынан шығарып, орыс азаматтығын енгізу болатын - деп жазды [12].

Сырдария облысындағы халықтық училищелердің директоры, Верный мұғалімдер семинариясының директоры болған С.М. Граменицкийдің зерттеулерінде де семинария тарихына қатысты мәліметтер бар. Автор Түркістан генерал-губернаторлығында ашылған бастауыш білім беретін оқу орындары мен кәсіби орта оқу орындарының тарихы туралы жазды. Ол уездердегі орыс, түземдік училищелер жанынан ашылған интернаттардың бақылаушыларын да Түркістан мұғалімдер семинариясы даярлағандығын ерекше атап өтеді [13].

Түркістан өлкесіндегі бұратаналарға білім берудегі Н.И. Ильминскийдің қызметіне арналған П.В. Знаменский, Н.А. Спасскийдің зерттеулерінде Түркістан мұғалімдер семинариясының тарихы қарастырылған. П.В. Знаменский Түркістан мұғалімдер семинариясының ашылу мен қалыптасу кезеңіндегі Н.И.Ильминскийдің шәкірттері мен К.Кун арасындағы жағдайды талдап көрсетеді. Автор Түркістан мұғалімдер семинариясы генерал Кауфманның білім беру жүйесі мен талабының таңдауы бойынша ашылды -деп нақтылайды [14]. Түркістан мұғалімдер семинариясын ашудағы фон Кауфман, Н.И.Ильминскийдің қызметі Н.А. Спасскийдің еңбегінде де көрсетілген. Н.А.Спасский Түркістан мұғалімдер семинариясының құрылу тарихындағы Н.И.Ильминский және оның шәкірттерінің ықпалы күшті болғандығын, семинариядағы қазақ тілін оқытуға қатысты қазандықтырдың күресі туралы қарастырады [15].

XIX ғасырдағы оқу орындарының тарихына қатысты зерттеулерде басқа оқу орындарымен қатар мұғалімдер семинариясының тарихы да қарастырылған. А.В. Васильевтің еңбегінде Орск-Орынбор мұғалімдер мектебінің тарихы Орынбор генера-губернаторлығындағы ашылған басқа оқу орындарының тарихымен қатар баяндалады [16].

А.И. Добросмысловтың зерттеуінде Ташкент қаласында ашылған оқу орындарының қатарында Түркістан мұғалімдер семинариясының тарихы да көрсетілген. Автор мұғалімдер семинариясының 25 жылдық тарихында семинариядан 348 орыс, 54 қазақ, 9 сарт, 3 татар, 1 түркмен баласы білім алды-деп жазады [17]. Семинаридағы мұсылман ұлтынан шәкірттердің аз болу себебін ол, жергілікті халықтың өз балаларын мұсылмандық оқу орындарына көптеп беру себебімен түсіндіреді.

1908-1919 жылы Император Николай II тапсырмасымен сенатор, гофмейстор К.К.Пален Түркістан өлкесінде сенаторлық ревизия жасаған болатын. Сенаторлық тексеру өлкені басқару, уездік басқару, қалалық басқару, қоныстандыру, салық жүйесі, халықтық сот, тау-кен ісі және оқу ісіне қатысты жүрді. К.К. Пален өлкедегі орта оқу орындары қатарында ерлер, қыздар гимназиясы, коммерциялық училище мен Түркістан мұғалімдер семинариясындағы тексерістердің есебі жөнінде жазды [18].

С.В.Рожественскийдің зерттеуінде әрбір оқу округіндегі орта кәсіптік оқу орындарының тарихы және қабылданған Ереже, заңдар, білім берудегі басқару жүйесі сынды сұрақтар қарастырылған [19].

«Туркестанский сборник» жинағында Түркістан өлкесінде ашылған оқу орындарына, мұғалімдердің материалдық жағдайы, оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмысына қатысты мағлұмат беретін мақалалар бар. Е.Василевский, С.Граменицкий, В.Ошанин және тағы да басқа авторлардың зерттеулерінде өлкедегі оқу-ағарту ісі қарастырылған. Е.Василевский өлкедегі мұғалімдердің жетіспеуі туралы былай деп жазады: «Біріншіден арнайы кәсіби мұғалімдерге сұраныс жоғары, екіншіден семинарияның дайындап жатқан мұғалімдерінің саны бұл сұранысты қанағаттандыра алмады. Мұғалімдер жалақысы жоғары жұмыстар іздеді», - деп нақтылайды [20]. Е.Василевский мақаласынан бөлек және тағы да басқа осындай қысқа мазмұнда жазылған мақалаларда өлкедегі мұғалімдерге төленетін жалақының төмен болуына байланысты, зейнетке шыққаннан кейін де мемлекет тарапынан олардың материалдық-әлеуметтік құқының қорғалмауына байланысты, мұғалімдердің басқа қызметтерге ауысып кету фактілері жиі орын алатындығы туралы баяндалады. Мұғалімдер семинариясының шәкірті И.Бөкиннің орыс-қазақ және қазақ-орыс сөздігі де Түркістан жинағында жарияланды [21]. Түркістан жинағында өлкедегі мұғалімдердің жетіспеуіне байланысты ерлер, қыздар мұғалімдер семинариясы және мұғалімдер институтын ашу туралы бастама көтерген мақалалар да бар [22]. Түркістан жинағында өлкедегі мұғалімдер дайындау мәселесіне қатысты жарияланған мақалаларда кәсіби педагогтарды дайындаудың аймақта қалай жүзеге асып жатқандығы, оның жетістігі мен кемшіліктері де қарастырылған.

Мақала авторы Түркістан мұғалімдер семинариясының шәкірттері түземдіктерге мектеп ашу қажет деген түсінікті ұғындырды - деп жазады [23].

Семинарияның күнделікті өміріндегі оқу-тәрбие жұмыстарынан бөлек, сабақтан тыс уақытта жүргізілетін жұмыстар туралы С.Граменицкий, В.Ошанин мақаласында қарастырылған. Мақалада мұғалімдер семинариясындағы сабақтан тыс уақыттағы шәкірттердің өлке тарихы, табиғатымен таныстыру мақсатында арнайы экскурсияға шыққандығы ерекше аталып көрсетіледі. Авторлар 1884 жылы семинария шәкірттерінің Шиназ, Жызақ, Самарқант, Пенджакент, Заамин, Ұратөбе, Ходжентке жасаған экскурсиясы туралы баяндайды [24].

Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың мазмұны әр түрлі ресми мерзімдік педагогикалық журналдар «Журнал Министерство Народного просвещения» (ХАМ журналында) (1834-1917), «Русская школа» (1890-1917), «Народная школа» (1869-1889), «Русский начальный учитель» (1880-1911) журналдарында жарияланды. ХАМ журналында Халық Ағарту министрлігінің бұйрықтары, есептері, ресми материалдар жарияланған. Түркістан генерал-губернаторлығындағы оқу орындарының тарихы, әр түрлі дәрежедегі оқу орындарының күнделікті тыныс-тіршілігі жергілікті мерзімдік газеттер Туркестанские ведомости (1870-1917), Голос Семиречья (1919), Правда Семиречья (1919-1920) басылымдарында өте жақсы көрініс тапқан. Мұғалімдер семинариясы директорларының қызметке тағайындалуы, пән мұғалімдерін жұмысқа қабылдау, семинарияның күнделікті өмірінен хабарлар, семинария түлектерінің оқу орындарын аяқтағаннан кейінгі қызметі, семинариядағы пәндерді жүргізу әдістері, Түркістан педагогикалық үйірмесі, педагогикалық курстардың өткізілуіне қатысты жазылған мақалалар бар. Халық Ағарту министрлігі журналында мұғалімдер семинариясына қатысты деректерден бөлек зерттеу еңбектері де жарияланған. Халық Ағарту министрлігінің 1873 жылғы есебінде реалды училище, орта арнаулы оқу орындары, уездік қалалық училище туралы берілген есепте мұғалімдер семинариясы туралы да мәліметтер беріледі. 1874 жылы 45 өкіметтік семинария мен мектепте 2725 шәкірт оқыды, 1873 жылы барлық семинарияны ұстау шығыны 657.153 рубльді құрады -деп көрсетілген [25].

Халық Ағарту министрлігі журналының әрбір санында семинарияда негізгі оқытылатын оқулықтар мен оған түсініктеме берілді. Мысалы 1878 жылғы санында С.А.Бобровский құрастырған «Практикалық педагогикалық курсы» оқулығының мұғалімдер семинариясындағы басты оқулыққа айналғандығы көрсетілген [26]. Журналда пәндерді оқытудың әдістемесіне қатысты да зерттеулер бар. Я.Грузинцев шәкірттерге орыс тілін оқытуда әріптік, филологиялық, грамматикалық, стилистикалық талдау жасату қажет-деп жазады [27]. Пәндердің оқытылуына қатысты зерттеу еңбегінің бірі - С.Смирновтың мақаласы. Автор мұғалімдер семинариясындағы мұсылман дінінің оқытылуы туралы талдай отырып, мұсылман дінінің басқа семинариялармен салыстырғанда Закавказье мұғалімдер семинариясында жақсы жүйеге келтірілгендігін атап өтеді [28].

«Туркестанские Ведомости» газетінде жарияланған мақалаларды мазмұны бойынша бірнеше топқа бөлуге болады. Соның бірі мұғалімдер семинариясындағы пәндерді жүргізудің әдістемесіне қатысты. Түркістан мұғалімдер семинариясының мұғалімі Н.А.Беляевтің сарт, парсы тілін оқытуда Туссен мен Лангенштейд әдістеріне негізделген сабақтар өткізіп жүргендігі туралы мақаласы [29]. Газеттің арнайы «Жергілікті хабарлар» атты айдарымен жарияланатын бетінде семинарияның күнделікті өмірінен хабар беретін қысқаша мәліметтер әрбір санында жарияланды. «Жергілікті ақпараттар» айдарында жарияланған мақалаларда семинарияға қабылдау шарттары, семинарияның атаулы мейрамдары, кештер, ұйымдастырылған қайырымдылықтар, түлектердің қайда жұмысқа жіберілгені, семинарияға ұстаздарды қабылдау, олардың шендері, наградалары туралы ақпараттар, Ташкентте құрылған педагогикалық үйірмеге қатысты мәліметтер жарияланған. Мысалы, 1904 жылғы Туркестанский Ведомости газетінің 108 санында семинария түлектері А.Бреусовтың Прежевальск төрт сыныптық қалалық училищеге мұғалім көмекшісі, Г.Вяткиннің Пішпек қалалық училищеге мұғалім көмекшісі ретінде тағайындалғаны туралы ақпарат берілген [30].

«Семиреченские областные ведомости», «Голос Семиречья», «Правда Семиреченской области» мерзімдік басылымдарында 1913 жылы Верныйда ашылған мұғалімдер семинариясының күнделікті өміріне қатысты материал әрбір санында жарияланды. Мұғалімдер семинариясына қабылдау талаптары, мұғалімдердің қабылдануы, семинария басшылығы, педагогикалық курстар, 1917 жылғы революциядан кейінгі мұғалімдер семинариясында болған ішкі өзгерістерге қатысты мәліметтер берілген. Кеңестік жүйенің құрылуының алғашқы кезеңіндегі өзгерістер мақалаларда нақты көрініс тапқан. «Мұғалімдер халықтық мектеп үшін қызмет жасап, оқушылармен тығыз байланыста болуы қажет. Егер де кімде-кім мұндай еңбекке жарамсыз болса және социалистік құрылысты жақтамаса, кетуі қажет және жаңа өмірдің құрылуына кедергі жасамауы қажет» деген пікірлер де бар [31].

Қазақ газеті басылымында да мұғалімдер семинариясы жөнінде мақалалар жарияланды. Мысалы Орынбордағы мұғалімдер мектебі туралы Ығлан: «Орынбордағы қазақ-орыс мектебінің мұғалімдер семинариясына айналуы» жайында мақала жазған [32].

Кеңестік тарихнамада педагогикалық оқу орындарының тарихына және жекелеген Түркістан, Батыс Сібір, Орынбор оқу округіне бағынышты аймақтарда ашылған мұғалімдер семинариясының тарихына арналған бірде бір еңбек болмады. К.Д. Ушинскийдің ізбасары белгілі орыс педагогы, жазушы, географ, Кубан, Горий мұғалімдер семинариясының директоры болған Д.Д. Семеновтың педагогикалық шығармалар жинағында мұғалімдер семинариясы туралы қарастырылған. Автор Еуропа мен Ресейдегі мұғалімдер семинариясының ерекшелігін талдап, семинария интернаты, қабылданған контингент құрамы, оқытылған пәндер, үлгілі училище, Педагогикалық Кеңеске талдау жасайды. «Мұғалімдер семинариясына қабылдануға тиісті ең таңдаулы контингенттер халықтық мектепті бітірген село баласы болатын.

Бірақ бір өкініштісі олар халықтық мектепті 13-14 жасында аяқтады. Семинарияға қабылдау жасы 16 жас болғандықтан, олар екі үш жыл ішінде барлық оқығандарын ұмытып, оқуға деген қызығушылығы да басылатын. Сондықтан да, семинарияның міндеті, екі жылдық дайындық курсы ашуы қажет» - деп жазды [33]. Д.Д.Семенов мұғалімдер семинариясына қабылдау жүйесінің мектеппен байланыссыз құрылғандығын сынады.

Ф.Г.Паначин Ресейдегі педагогикалық білім мәселесін зерттеуде мұғалімдер институты, мұғалімдер семинариясы, діни педагогикалық оқу орындары, қыздар педагогикалық оқу орындары, педагогикалық экстернат, мұғалімдер съезі, мұғалімдер курсы, педагогикалық қоғамдарға тоқталады. Автор, «Ресейдегі педагогикалық оқу орындарының ішіндегі ең кеңінен тарағаны мұғалімдер семинариясы болды» - деп жазды. Семинарияларда біртұтас бағдарлама болған жоқ, Халық Ағарту Министрлігінің әр түрлі нұсқаулықтары шығып отырды. Семинарияда мұғалімдер институтымен салыстырғанда тілдерді оқытуға, тарих, география, көркем жазу мен Құдай заңы сабағын оқытуға көбірек көңіл бөлінсе, керісінше математика, жаратылыстануға көңіл бөлінбеді деп көрсетеді [34]. Мұғалімдер семинариясы мен мектептер халықтық училищелерге мұғалім дайындайтын оқу орны ретінде елу жылдан аса өмір сүрді. Барлық кемшіліктеріне қарамастан, ХІХ ғасырдың соңы-ХХ ғасырдың бас кезеңінде орыс педагогтары тарапынан әділ сыналғанымен, бірақ мұғалім мамандарын даярлауда және бастауыш білім беру әдістемесін жетілдіруде, Ресейдегі ағартушылықтың таралуына үлкен әсері болды, деп анықтай отырып, өз кезеңі үшін мұғалімдер семинариясының үлкен маңызы болғандығын ерекше атап көрсетеді [34, с. 96].

Мұғалім мамандарын дайындауда және олардың білімдерін жетілдіруде семинариядан бөлек, педагогикалық курстар мен мұғалімдер съезінің де маңызы зор болды. 1860 жылдан съезд-курстар, 1875 жылдан педагогикалық курстар өткізілді. Съезд, курстар мәселесі төңкеріске дейінгі тарихнамада, кеңестік тарихнамада да қысқаша баяндалған. Съездердің ерекшелігі, дидактикалық және әдістемелік сұрақтар қаралды. Алғашқы кезде мұғалімдер съезін өткізуге генерал-губернатор, немесе Халық Ағарту Министрі рұқсат берсе, 1888 жылдардан кейін мұғалімдер съезін өткізуге тыйым салынды.

Мұғалімдердің білімдерін жетілдірудің бір формасы педагогикалық курстар болатын. 1875 жылы Халық Ағарту Министрлігі педагогикалық курстарға арналған ереже қабылдады. Курсты өткізуге қатаң бақылау қойылды. ХІХ ғасырдың 90-жылдарына дейін курстар ұйымдастырылмағанымен, ХХ ғасырдың басында педагогикалық курстар жүйесі қайта қалпына келтірілді.

Төңкеріске дейінгі кеңестік тарихнамадағы халық ағарту ісіне арналған жұмыстың бірі К.Бержановтың еңбегі болатын. Оның зерттеуі халық ағарту ісіндегі орыс-қазақ ынтымақтастығына арналған, қазақ өлкесінде болыстық мектеп ашу мәселесімен қатар мектептерге мұғалімдер дайындау мәселесі баяндалады, автор Ы.Алтынсариннің қызметіне ерекше тоқталады. Ы.Алтынсариннің педагогикалық оқу орнын ашу бастамасын көтеруі, Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі И. Букиннің «Орыс-қазақ

сөздігі» кітабын Орынбор оқу округі мұғалімдерінің арасында насихаттауы, Орск мұғалімдер мектебін ашудағы Н.И.Ильминский, В.В.Катаринскиймен бірге белсене араласқандығын ерекше атап көрсетеді. Сонымен бірге, автор Түркістан мұғалімдер семинариясындағы қазақ тілін оқыту мәселесі, қазақ тілі оқулықтарының авторлары Я.Я.Лютш, И.Букиннің еңбектеріне қатысты мәселені де талдаған [35].

Кеңестік тарихнамадағы мұғалімдер семинариясының тарихына арналған бір ғана зерттеу жұмысы А.П. Герасимованың диссертациясы болатын. Автор Түркістан, Орынбор, Батыс-Сібір оқу округтерінде ашылған барлық мұғалімдер семинариясын тұтастай қарастырған [36]. Мұғалімдер семинариясындағы білім беру жүйесін, оқыту әдістері, тәрбиеленушілердің материалдық-тұрмыстық жағдайы және олардың революциялық қозғалыстарға қатысуына қатысты сұрақтарды талдайды. А.П.Герасимова оқыту әдістері шәкірттердің жас ерекшеліктеріне кедергі келтірсе де, тәрбиеленушілер болашақ бастауыш мұғалімі ретінде белгілі бір деңгейге сәйкес өз білімдерін жетілдіріп, толықтырды деген тұжырым жасайды [36,с. 16].

1865-1924 жылғы Түркістан өлкесіндегі халық ағарту ісінің тарихына арналған К.Е. Бендриковтың зерттеуінде бастауыш сыныпқа кәсіби мамандарды дайындау мәселесі қарастырылған. Автор мұғалімдер семинариясындағы тілдерді оқыту мәселесі, семинария директорларының ұстанымдарын талдай отырып, Мировиетті шовинизмнің көрнекті өкілдерінің бірі болды деп сынайды. Сонымен бірге, автор халықтық училищелерге мұғалімдерді дайындауда Түркістан мұғалімдер семинариясы мен оның жанынан ашылған үлгілі училищенің ерекше маңызы болғандығын атап өтеді [37].

Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында мұғалімдер семинарияларының құрылу тарихы толыққанды зерттелінбей келе жатқан тақырыптар қатарында. Негізінен зерттеушілер мұғалімдер семинариясын жеке зерттеу объектісі ретінде қарастырмайды, орыс-түземдік мектеп, қалалалық училище, гимназия, мұсылмандық оқу орындарының тарихын қарастыру барысында қосымша қарайды. Мұндай жұмыстар қатарында Г.М.Храпченков, В.Г. Храпченков, Қ.Т.Ыбырайымжановтың зерттеулерін атауға болады.

Г.М.Храпченков, В.Г. Храпченкованың еңбектерінде қазақ өлкесінде педагог мамандарды мұғалімдер семинариясы, мұғалімдер мектебі, гимназияның педагог сыныптарында дайындады деп жазады. Авторлар Түркістан мұғалімдер семинариясы, Орынбор мұғалімдер мектебі, Семей, Ақтөбе, Верный мұғалімдер семинариясына қысқаша тоқталып, 1883 жылы Орынбор (Орск) мұғалімдер мектебін Ы.Алтынсарин ашты деп қате көрсетеді [38].

Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Қ.Т.Ыбырайымжановтың Қазақстандағы бастауыш мектептердің қалыптасу мен дамуы (1861-1930) тақырыбындағы зерттеу жұмысы Қазақстандағы бастауыш мектептердің тарихына арналған. Ғылыми зерттеуде мектептер тарихымен қатар медресе, орыстандыру мақсатында құрылған

мектептерге мұғалімдер даярлау тарихы, педагогикалық курстар мен мұғалімдер семинариясы туралы қарастырылған. Автор жұмысында бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлау мәселесі деп арнайы қарастырмағанымен, бірақ Түркістан мұғалімдер семинариясына қысқаша тоқталып өтеді де, бірақ кәсіби маман дайындаудағы Верный, Семей, Ақтөбе, Орал мұғалімдер семинариясы, Орынбор мұғалімдер мектебінің маңызы мүлдем айтылмайды. Диссертациялық жұмыста біршама қателіктер де орын берілген. Мысалы, біріншіден, Түркістан мұғалімдер семинариясында қазақ тілі оқытылды деп көрсетеді, қазақ тілі 1879-1882 жылдары ғана оқытылып, кейін парсы, сарт тілі оқытылған болатын; екіншіден, Мағжан Жұмабаев Омбыдағы педагогикалық курсты аяқтады деп жазады, ақын Омбы мұғалімдер семинариясын бітірген болатын: үшіншіден, Алматы қалалық училищесі жанынан педагогикалық курстар ашылды, олар орыс мектептері үшін кандидаттар берді- деп жазады [39]. Соңғы қалалық училищеге қатысты мәліметте оқу орнының аты дұрыс көрсетілмеген. Бірақ мұндай кеткен кемшіліктеріне қарамастан Г.М.Храпченков, В.Г. Храпченкова, Қ.Т.Ыбырайымжановтың зерттеулері педагогика ғылымы бойынша мұғалімдер семинариясы туралы жазылған алғашқы зерттеулердің бірі болды.

Жекелеген аймақтардағы оқу орындарының тарихына қатысты зерттеулерде кәсіби мамандар дайындау мәселесі қарастырылды. Мұндай зерттеу қатарында М.Ә.Жолсейтова [40], И.Р.Халитова [41], Р.Л.Абдрахманованың [42] еңбектерін атауға болады. М.Ә.Жолсейтованың диссертациясында Верный мұғалімдер семинариясының 1913 жылы ашылуы мен оның басшылығы және 1913, 1914, 1916 жылы семинарияда білім алған шәкірттердің сандық мәліметі көрсетіледі. И.Р.Халитованың диссертациялық еңбегінде Торғай облысында ашылған екі, үш жылдық педагогикалық курстар көрсетілген. Автор Торғай облысында ашылған курстар мұғалім мамандарына сұранысты қанағаттандыра алмады деген тұжырым жасаған [41, с. 134].

Р.Л. Абдрахманованың зерттеуі 1841-1941 жылдардағы Батыс Қазақстандағы халыққа білім беру ісінің қалыптасу мен даму тарихын талдауға арналған. Автор Ақтөбе ер мұғалімдер семинариясы, Орал мұғалімдер семинариясы және педагогикалық сыныптардың тарихын қысқаша қарастырады. Диссертацияда аймақта ашылған мұғалімдер семинариясындағы шәкірттердің ұлттық, әлеуметтік, діни құрамы, оқытылған пәндер, кітапхана қоры талданады. Қазақстанда ашылған мұғалімдер семинариясында кәсіби мұғалімдерді дайындау мақсатында оқу-әдістемелік, тәрбие жұмысының барлық түрі жүргізілгенімен, бірақ қазақ шәкірттерінің саны аз болды. Ұлттық маман дайындау мәселесіне көп көңіл бөлінбеді. Ауыл мектебінің мұғалімдерін дайындау мақсатында Ақтөбе, Ішкі Орда, Орал облысының Илецк уезінде педагогикалық сыныптар ашылғандығын көрсетеді.

Алаш лидерлері Ж.Аймауытов Семей мұғалімдер семинариясының, М.Жұмабаев Омбы мұғалімдер семинариясының, Ахмет Байтұрсынов Орынбор мұғалімдер мектебінің түлектері болатын, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуында осы оқу орындарының маңызы зор болды. Алаштанушы М.Қ.Қойгельдиевтің еңбектерінде Алаш лидерлерінің

мұғалімдер семинариясы кезеңі де қарастырылады [43]. Автор Семей мұғалімдер семинариясының шәкірттері Ж.Аймауытов, Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан, М.Әуезов оқыған кезеңдегі оқиғаларға тоқталады. Қ.И.Сәтбаевтың семинарияда оқып жүрген кезде өз бетінше Чернышевский, Добросмыслов, Белинскийдің шығармаларымен танысқанындығын жазады [44]. Сонымен қатар мұғалімдер мектебінің түлегі Ахмет Байтұрсынұлы білімінің университет бітіргендерден кем болмағандығын ерекше атап көрсетеді [45].

Шетелдік жетекші профессор Р.Р. Исхакованың зерттеуі ХІХ ғасырдың екінші жартысы- ХХ ғасырдың бас кезеңіндегі Қазан губерниясындағы білім беру тарихын зерттеуге арналған. Автордың еңбегінде Қазан татар мұғалімдер мектебі, Қазан мұғалімдер семинариясы, Қазан мұғалімдер институты, педагогикалық білім берудегі Қазан земствосы, педагогикалық курстар мен съездер туралы жан-жақты қарастырады. Сонымен қатар Р.Р.Исхакованың соңғы зерттеулері Түркістан мұғалімдер семинариясындағы тілді оқыту мәселесіне арналған [46]. Мұғалімдер мектебі мен семинариялардың құрылуына қатысты мәселенің кейбір аспектілері отандық тарих саласында осы бағытта зерттеу жүргізген С.С. Сайфулмаликованың да жұмысында қарастырылады [47]. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Ж.Қ. Ибраимованың ғылыми зерттеуінде Шығыс Қазақстан аймағындағы 1917-1930 жылдардағы педагог мамандарды даярлау мәселесі қарастырылған. Автор өз жұмысында Семей мұғалімдер семинариясының тарихына қысқаша тоқтала отырып, 1917 жылдан кейін семинарияның үш жылдық педагогикалық курстар болып қайта құрылғандығын және оның алғашқы жетекшілері мен мұғалімдерін анықтаған [48].

Мұғалімдер семинариясына қатысты зерттеулердің бір қатарын семинария мұғалімдеріне және семинария шәкірттеріне қатысты зерттеулер құрайды. Мұндай зерттеулер қатарында Л.М.Файзрахимов [49], Г.С.Султанғалиева [50], Садвокасова З.Т. [51] және т.б авторлардың еңбектері.

Г.С.Султанғалиева, М.Е.Абдрахимнің мақаласында Түркістан мұғалімдер семинариясының директоры Н.П.Остроумов, семинария мұғалімдері В.П.Наливкин, Я.Я. Лютш туралы мәліметтер беріледі. З.Т.Садвокасова зерттеуінде Қазан мұғалімдер семинариясының шәкірті С.Меңдешовқа қатысты мәліметтер және семинарияда Құдай Заңы пәнін оқу міндеттілігі туралы көрсетілген. Садвокасова З.Т. [51, с. 111].

Соңғы жылдары Ресей ғалымдары да мұғалімдер семинарияларының құрылуы мен қалыптасу тарихы туралы жаза бастады. Өкінішке орай бұл зерттеулердің зерттеу аумағы Батыс, Шығыс Сібір аумағында ашылған Иркутск, Омск мұғалімдер семинариясының тарихы болғандықтан авторлар Семей мұғалімдер семинариясы туралы қысқаша баяндап өтеді. Мәселен, В.И. Полухин [52], О.А. Сумароков [53], О.В. Перованың [54], Рыгалова М.В. [55], мақалаларында Түркістан, Семей мұғалімдер семинариялары мен Орынбор мұғалімдер мектебі, Кузьменко И.А. [56] еңбегінде революцияға дейінгі

мұғалімдер семинариясында болашақ мұғалімдерді оқытудың кәсіби-педагогикалық бағыты туралы баяндалады. Ресейдегі педагогикалық білімге мемлекет пен қоғам тарапынан бақылауға қатысты П.В. Худоминский [57], Гончаров М.А. [58] және тағы да басқа авторлардың зерттеулерінде семинариялардың саны, мұғалімдер мектебі мен семинарияларды ашудың мақсаттары көрсетіледі. «Қазақ, татар, чуваш, неміс мектептеріне мұғалімдер қажет болатын. Міне осы мақсатпен мұғалімдер мектебі мен семинариялар ашылды, олардың мақсаты ұлттық бастауыш училищелерге мұғалімдер дайындау болатын» -деп жазады М.А. Гончаров [59].

М.С.Исакованың «Н.П.Остроумовтың А.Л.Кунға қатысты естеліктеріне қатысты» мақаласында Түркістан мұғалімдер семинариясының ашылуы мен қалыптасуы кезіндегі оқиғалар баяндалады. Автор Ташкент архивіндегі Н.П.Остроумовтың жеке қорына қатысты құжаттар негізінде оның Л.Н.Кунмен шиеленісті жағдайын талдайды [60].

Мұғалімдер семинариясының түлектері М.Жұмабаев, Н.Нұрмақовтарға қатысты зерттеулерде семинарияға қатысты мәліметтер келтірілген. Жангуттин Бауыржан Олжабайұлының М. Жұмабаевқа қатысты зерттеуінде ақынның Омбы мұғалімдер семинариясында оқып жүрген кезеңіндегі семинариядағы жағдай талданады. Мағжанның семинарияға түскендегі қандай емтихан сынақтарынан өткені, оның 1913-1914 оқу жылында дайындық сыныбына түсіп, 1917 жылы бітіргенін анықтаған. Семинарияда оқып жүргенде Мағжан Жұмабаев «Бірлік» қоғамының құрылуына қатысты -деп жазады автор [61]. С.С.Қасымованың Н.Нұрмақовқа арналған монографиясында Омбы мұғалімдер семинариясы туралы мәліметтер беріледі. Автор Н.Нұрмақовтың өмірінде семинариялық кезеңнің орны ерекше себебі, осында ол өзіне пікірлес, айнымас достар тапты- деп жазады [62].

Сонымен қатар, семинария түлектерінің жеке өмірлеріне қатысты зерттеулерде де семинарияға қатысты жекелеген мәліметтер береді деп көрсетуге болады. Мұндай зерттеулер қатарында С.К. Рүстемов [63], Х.М. Тұрсын [64], А.М. Ауанасованың [65], Ж.Қ. Айтенов [66], Н.Д. Нуртазина [67], Э. Әзіретбергенованың [68] еңбектерін атауға болады

Шетелдік басылымдарда жарияланған журналдарда да мұғалімдер семинариясының тарихына арналған мақалалар бар. Мысалы, Z.Muminkhodjaeva [69], Oybek Klichev [70] мақалаларында Түркістан мұғалімдер семинариясына қатысты мәселе қарастырылған. З.Муминходжаеваның мақаласында Түркістан мұғалімдер семинариясының құрылу тарихы талданады. Автор барлық оң және теріс жақтарына қарамастан, Түркістан мұғалімдер семинариясы ерекше мамандырылған орта оқу орны болды-деп бағалайды. О. Кличевтің зерттеуінде Бұхар әмірінің Түркістан мұғалімдер семинариясына шәкірт ақы тағайындағаны жөнінде мәліметтер берілген. Ол Өзбекстан архивынан алынған деректер негізінде Бұхар әмірінің бұхарлық жастарға Түркістан мұғалімдер семинариясында білім алуына араласқандығын әмірдің хаттары арқылы анықтаған.

Кәсіби педагогикалық білім берген оқу орындарының тарихына қатысты зерттеулерді талдай келе, мұғалімдер семинариясы, мұғалімдер мектебі, педагогикалық курстарға қатысты зерттеулердің негізгі бөлігінің бір жақты қарастырылғандығына, яғни оқу орындарының негізгі мақсаты орыстандыру саясатын жүзеге асыруды мақсат тұтынды деген тұжырымның басым болуы.

1.2 Кәсіби педагогикалық білім беретін оқу орындары тарихының деректері

Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі деректерін мұрағат құжаттары, Халық Ағарту Министрлігінің шешімдері, нұсқаулары, қабылданған заң актілері, өкімет жарғылары, статистикалық материалдар құрады. Мұрағат деректерінің негізгі бөлігі бұрын ғылыми айналымға түспеген құжаттар. Бұл деректер ғылыми зерттеу жұмысының шекарасы мен мазмұн ауқымын кеңейтуге мүмкіндік туғызды. Зерттеу жұмысы бойынша Ресей Федерациясы Татарстан Республикасының Ұлттық архивінің 93-қорын, Қазан мұғалімдер семинариясының (1872-1919 жж.) құжаттар қоры мен 968-қор, Ильминский Николай Ивановичтің (1855-1891 жж.) қорындағы құжаттар қаралды.

Қазан мұғалімдер семинариясының 93 қорында 1879 жылғы Түркістан халықтық училищесі инспекторының Қазан мұғалімдер семинариясының директорына жазған хаттары, 1881 жылы генерал-адъютант фон Кауфман бекіткен Түркістан мұғалімдер семинариясының Ережесі мен Қазан мұғалімдер семинариясының Ережесі қатар тіркеліп берілген. Құжатта Түркістан мұғалімдер семинариясы шәкірттерінің семинария басшылығы, тәлімгер, өз жолдастары алдындағы, семинарияның күнделікті өміріндегі, оқу ісіне қатысты, діни ұстанымға қатысты орындайтын міндеттері көрсетілген. Екі семинарияға қатысты Ереже тәртібін салыстыра талдау, Түркістан мұғалімдер семинариясының ішкі тәртібімен кеңінен танысып оны талдауға негіз жасады. Қордағы Түркістан мұғалімдер семинариясындағы қазақ, сарт, парсы тілдерін оқытуға байланысты Н.И. Ильминскийдің көзқарастары семинариядағы тілдерді оқыту мәселесін де жаң-жақты қарастыруға, объективті түрде бағасын беруге мүмкіндік берді.

Н.Ильминскийге арналған 968 қорда Қазан губерниясының оқу-ағарту ісімен қатар Орта Азия мен қазақ өлкесіне қатысты көп мәліметтер кездеседі. Қазан мұғалімдер семинариясының шәкірттері Н.Остроумов, М.А.Мироппев, Н.Воскресенский арасындағы хаттар және Түркістан мұғалімдер семинарияның алғашқы ашылған кездегі оқиғаларға қатысты құжаттар бар. Қордағы құжаттардан Н.Остроумов Н.Ильминскийдің жазған хаттарына ерекше мән берілді. Өйткені хаттарда Түркістан мұғалімдер семинариясының құрылу кезеңіндегі училищелердің бас инспекторы А.Л. Кун мен Н.Ильминский шәкірттерінің арасындағы шиеленісті жағдайды көрсететін құжаттар бар. Хат мазмұндарынан 1879 жылы семинария ашылған тұстан, 1885 жылға дейінгі аралықтағы тілдерді оқыту, дін мәселесіне қатысты жергілікті оқу басқармасы мен қазандықтар арасындағы пікір қайшылықтары болғандығы және осы

шиеленістің соңы, Н.Остроумовтың мұғалімдер семинариясы директорлығы қызметінен кетуге себеп болғандығына қорытынды жасауға негіз берді.

Түркістан, Верный мұғалімдер семинариясының тарихы, қалалық училищелерде ашылған педагогикалық курстар тарихын зерттеуде Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатындағы 127 қор, 90 қор, 134 қор құжаттарын ғылыми айнылымға түсіру өлкедегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауды талдап көрсетуге негіз жасады. Түркістан оқу округі Верный мұғалімдер семинариясының 127 қоры (1913-1920) Жетісу мұғалімдер семинариясының 1913 жылы құрылған кезеңінен, 1920 жылдардаға дейінгі тарихы туралы ақпараттық мәлімет беруімен құнды. Бұл қордағы мұғалімдер семинариясының оқу үрдісіне қатысты педагогикалық Кеңес хаттамалары, жылдық есеп, жеке нұсқаулықтар, мұғалімдер мен шәкірттер туралы құжаттар, оқу бағдарламасы, сабақ, емтихан кестелері, шәкірттерге берілген мұғалім куәліктері, семинария директорының Түркістан оқу округі басшылығына жазған хаттары бар. Әкімшілік-шаруашылық сипаттағы құжаттардан семинарияны ұстау шығыны, мұғалімдер жалақысы, шәкіртақыға қатысты құжаттар қаралды. Қордағы статистикалық сипаттағы құжаттарды зерттеу шәкірттердің саны мен әлеуметтік, діни құрамын да анықтауға мүмкіндік берді. Қордағы 1913 жылғы Верный мұғалімдер семинарияның ашылуына байланысты, Түркістан мұғалімдер семинариясынан ауыстырылған шәкірттер және оларға қойылған талаптарға қатысты құжаттарды талдау, жаңа қалыптасып келе жатқан семинарияның оқу-тәртібіне қатысты өзіндік ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік берді. 1917 жылғы қазақ өлкесіндегі Кеңес билігінің орнауы Жетісу мұғалімдер семинариясының оқу жүйесіне, мұғалімдер құрамына өзгеріс алып келген болатын. Мұрағат қорындағы құжаттарда осы өзгерістерге қатысты істер бар.

Жетісу облысы халық училищелер инспекциясының 90-қорынан (1879-1918 жж.) педагогикалық курстарға қатысты құжаттар қаралды. Қорда Верный үш сыныптық қалалық училище жанынан ұйымдастырыған педагогикалық курстың шығыны, оқытылған пәндер, сабақ жүргізген мұғалімдер, курсанттардың ұлттық құрамы, оқу-тәрбие ісі, Кеңес билігі тұсындағы арнайы ашылған міндетті курстар туралы мәліметтер бар.

Түркістан оқу округінің Верныйлық Колпаковский жоғары бастауыш сынып училищесі-134 қорында (1879-1918 жж.) оқу орнының құрылуы мен қалыптасу тарихына қатысты құжаттар тіркелген. Бұл оқу орнындағы мұғалімдерді дайындауға қатысты ашылған педагогикалық курстарға байланысты құжаттар қаралды. Құжаттарда педагогикалық курсқа қатысты қабылданған Ережелер, курсты ашудың негізгі міндеттері мен талаптары, оқытылған пәндер, курсистерге қатысты мәліметтер және 1917 жылдан кейінгі педагогикалық курстарға қатысты енген өзгерістерге байланысты құжаттар алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді. Қордағы педагогтардың білімін жетілдіруге қатысты ашылған курстарға байланысты құжаттар да қаралды.

Архив құжаттарынан бөлек жекелеген жинақтарда жарияланған әр түрлі деректер жинағы бар. Жарияланған деректер ішінен Ресей императорлары

Александр II (1855-1881), Александра III (1881-1894), Николая II (1894-1917) билігі кезіндегі Халық Ағарту министрлігінің шешімдері жинағындағы материалдар қаралды [71]. Ресей императорларының билігі кезіндегі оқу-ағарту ісіне қатысты бұл жинақтардан мұғалімдер семинариясына қатысты жарияланған құжаттар жұмысымызды жазуға негіз болды. Ресми деректе педагогикалық оқу орындары туралы жарияланған анықтама, ереже, жарғы, нұсқаулықтарға қатысты аутентикалық, статистикалық деректер ғылыми айналымға енгізілді. Халық Ағарту Министрлігінің Александр II тұсында (7 том), Александр III тұсында (8, 9, 10, 11, 12 томдар), Александр III пен Николай II тұсында (13 том), Николай II тұсында (14, 15, 16, 17 томдар) шығарылған заңнамалық, нормативтік сипаттағы деректер қарастырылды. Бірнеше томдық жинақтағы құжаттар мұғалімдер семинариясының жарғысын, құрылымын, қаржылық құрылымын, штат құрамын, оқу үрдісін талдауда құнды деректер ретінде маңызды болды. Халық Ағарту Министрлігінің бұйрықтарына қатысты құрастырылған алфавиттік көрсеткіштер жинағы оқу орындары бойынша барлық қабылданған Ереже, нұсқаулықтарды жинақтауға және жүйелеуге мүмкіндік жасады [72].

Педагогикалық оқу орындарына қатысты жарияланған деректерден «Мұғалімдер семинариясы туралы нұсқаулық» (1875), «Педагогикалық курстар туралы Ереже» (1875) құжаттар оқу орындарының бағытын анықтауға мүмкіндік берді. Мұғалімдер семинариясына қатысты жарғыларды талдау барысында, мысалы Түркістан мұғалімдер семинариясында Молодеченск мұғалімдер семинариясына қатысты қабылданған Ереже қолданылды деп көрсеткенімен, оның кейбір баптарына өлкенің ерекшелігіне қатысты өзгерістермен қолданылғанын анықтадық. Мұғалімдер семинариясының оқу бағдарламасына талдау жасау барысында Түркістан, Верный мұғалімдер семинариясында оқытылатын пәндердегі сағат сандарындағы өзгерістерді анықтадық.

Халық Ағарту ісіне қатысты алғашқы құжаттар жинағын Павел Абрамович Анин шығарған болатын. Ол құрастырып шығарған жинақ төрт томдық. Бұл жинақтың 4-томы 1880 жылғы 1 мамырға дейінгі ашылған мұғалімдер семинариясы, мектептер, педагогикалық курстарға қатысты қабылданған заң, нұсқаулықтардан тұрады [73]. Бұл жинақтардан бөлек мұғалімдер семинариясы мен мектептері туралы қабылданған заң, шешім, бұйрықтардан құрастырылған жинақтар да бар.

Ресейлік педагогикалық қозғалыстың көрнекті қайраткерлері, белгілі педагог В. Г. Фальборк, В. Чернолуцкий құрастырған Санкт-Петербург, Мәскеу, Харьков, Одесса, Киев, Виленск, Қазан, Орынбор, Кавказ, Батыс-Сібір, Рига оқу округтері мен Иркутск, Түркістан генерал-губернаторлығында ашылған мұғалімдер семинариясы мен мектепке қатысты қабылданған Ережелер жинағы жұмысты дәйектеуге үлкен негіз болды. Бұл жинақ ішіндегі Түркістан генерал-губернаторлығында ашылған семинарияға қатысты заң, нұсқау, бағдарлама, оқуға түсушілерге арналған анықтамалық мәліметтер Ресейдің орталық губернияларында ашылған педагогикалық оқу орындарын Түркістан, Батыс

Сібір, Орынбор оқу округтерінде ашылған мұғалімдер семинариясымен салыстыруға, оның ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік берді. В.Г.Фальборк, В.Чернолуцкийдің құрастырған бірнеше жинақтары бар, оның біреуі тек мұғалімдер семинариясына қатысты. Бұл жинақ мұғалімдер семинариясы мен мектептерге түсушілерге арналған нұсқаулық, қабылданған Ереже, бағдарлама, анықтамалық ақпараттардан құрастырылған [74]. В.Чернолуцкийдің келесі жинағында Ресей империясының бастауыш білім беруге қатысты қабылданған Заңдары, нұсқаулықтар, жарғы, анықтамалық ақпарат беретін құжаттар жинағының бірнеше томдығы [75].

Халық Ағарту ісіне қатысты құрастырылған жинақтың бірі Пругавиннің заңдар мен анықтамалық мәліметтер негізінде құрастырылған болатын. Жинақта мұғалімдер семинариясы мен педагогикалық курстар туралы анықтамалық мәліметтер жинастырылған [76]. Педагогикалық курстарға арналған өкіметтік нұсқаулықтардың жинағынан құрастырылған жеке жинақ та бар. Бұл кітапта 1872, 1875, 1885, 1897, 1898 жылғы педагогикалық курстарға қатысты заң жинақтары жарияланған [77].

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезеңіндегі «Московские Ведомости», «Дала уалаяты», «Туркестанские ведомости», мерзімдік басылым деректерінде мұғалімдер семинариясы мен мектептер туралы біршама материалдар бар. Ол материалдарды мазмұны бойынша бірнеше топқа бөлуге болады. Бірінші топтағы материалдарда мұғалімдер семинариясының ашылуы, қалыптасу тарихы баяндалады. Екінші топтағы материалдарда семинарияның күнделікті өмірі қарастырылған. Үшінші топтағы материалдарда семинария шәкірттерінің аймақтағы экскурсиялары мен Санкт-Петербург, Мәскеу қалаларына жасаған сапарларына қатысты қызықты деректер жарияланған. 1892 жылғы «Московские ведомости» газетінде Орынбор қазақ мұғалімдер мектебі шәкірттерінің Мәскеуге сапарлары баяндалады. 1892 жылы мұғалімдер мектебіне орыс шәкірттері қабылданғаннан кейін Мәскеуге экскурсия жасату жөнінде шешім қабылданғаны көрсетіледі. Шәкірттер Кремль, Третьяков галереясы, Қару жарақ Палатасы, Политехникалық музей, Румянцев музейі, Благовещенск, Архангельск, Успенск соборларында болды-деп көрсетіледі [78].

Мерзімдік баспасөз материалдарында жарияланған деректер Түркістан өлкесіндегі педагог мамандарды дайындауға қатысты қосымша ақпараттар берді. Бұл журналдардың ішіндегі ең бастысы Халық Ағарту министрлігінің басылымы. Жинақтың «Үкіметтік бұйрықтар» деген бөлімінде оқу орындарының ашылуы, қабылданған нұсқаулықтар және жаңа енген өзгерістер, бөлінген қаржы көздері, тағайындауларға қатысты ресми құжаттар беріледі. 1875 жылғы санында Халық Ағарту министрлігінің мұғалімдер семинариясына арналған нұсқаулығы жарияланды. Нұсқаулықта директор, Педагогикалық Кеңес, тәлімгерлер, шәкірттер міндеті, оқу бөлімі, пәндер бағдарламасы көрсетілген [79].

1875 жылғы басылымның бір санында педагогикалық курстарға қатысты (1875 жылғы 4 шілдедегі) Ереже жарияланған. Құжатта курстардың өткізу уақыты, курстағы практикалық, теориялық сабақтардың ерекшеліктері

көрсетілген [80]. Халық Ағарту министрлігінің келесі санында 1879 жылы 16 маусымдағы семинария шәкірттерінің басқа семинарияға ауысу тәртіптері жазылған [81]. Халық Ағарту министрлігінің журналдарында Түркістан мұғалімдер семинариясына қатысты қабылданған өзгерістер журналдарда жиі жарияланды. Осындай жарияланған заңның бірі, Түркістан мұғалімдер семинариясына және оның штатына 1880 жылы енген өзгерістерге қатысты қабылданған Уақытша Ереже баптары болатын [82]. 1894 жылғы санында Түркістан мұғалімдер семинариясына қатысты қабылданған жаңа өзгерістер көрсетілген [83].

Сырдария, Жетісу облыстарының статистикалық комитеттері шығарған облыстық шолу материалдарында да мұғалімдер семинариясында оқитын шәкірттер санына қатысты материалдар берілген. Сырдария облысының 1889, 1894, 1895, 1902, 1904, 1908-1913 жылғы шолуларында семинария, үлгілі училищедегі шәкірттер саны, кітапхана қоры, жұқпалы аурулар тараған кезеңдегі ауырған шәкірттерге қатысты статистикалық мәліметтер келтірілген [84].

1910 жылы Сырдария облысындағы халықтық мұғалімдер мен мұғалімдердің Ташкентте бірінші съезі өтті. Съезге халықтық училище, приходтық училище, орыс-түземдік училище мұғалімдері қатысты. Съездің хаттамалар туралы жарияланған құжаттарында Түркістан мұғалімдер семинариясындағы мұғалімдер дайындау мәселесі де қарастырылған. Облыстық халықтық училищелердің директоры Граменицкий Түркістан мұғалімдер семинариясы мұғалімдерінің съезге қатыспағандығын сынға алады [85].

Татарстан Республикасының Ш. Марджани атындағы тарих институты шығарған «Н.И.Ильминскийдің Еділ-Жайық халқына білім беру мен халық ағарту ісінің тарихына қатысты қолжазба қоры» деп аталатын жинағында Қазан мұғалімдер семинариясының директоры Н.И.Ильминский мен Қасиетті Синодтың обер-прокуроры К.П.Победоносцев арасындағы хаттарда да Түркістан өлкесіне қатысты мәліметтер жарияланған. 1883 жылы Түркістан генерал-губернаторы қызметіне Михаил Черняев тағайындалғаннан кейінгі оқу-ағарту ісі, Орскіден мұғалімдер семинариясының Орынборға көшірілу сынды сұрақтарға қатысты деректер бар [86].

Қазақтың зиялы қауымдарына қатысты шығарылған жекелеген жинақтарда да мұғалімдер семинариясына қатысты деректер жарияланған. Сондай жинақтың бірі, академик Қ.И. Сәтбаевқа қатысты шығарылған құжаттар жинағы мен материалдар жинағында, ғалымның Семей мұғалімдер семинариясындағы оқыған жылдарына қатысты оның сабақ үлгерімі, әкесінің семинария директорына жазған хаты тіркелінген [87]. Академик Қ.И.Сәтбаевтың Семей мұғалімдер семинариясы кезеңіне қатысты мәліметтер Әлкей Марғұланның естеліктерінде де баяндалады. Семинарияда оқыған Ж. Аймауытов, Қ.И. Сәтбаев, М.О. Әуезовке ағайынды А.Н. Белослюдов, В.Н. Белослюдов, Н.Я. Коншин, Н.П. Ильинский, Попов және т. б. мұғалімдердің сабақ бергендігі жөнінде баяндалады [88].

Кәсіби педагогикалық білім беру орындарының тарихына қатысты деректерді қорытындылай келе, мұғалімдер семинариясына қатысты деректердің толықтай ғылыми айналымға түспегендігін анықтадық. Түркістан мұғалімдер семинариясына қатысты негізгі деректердің Өзбекстан Республикасының архив қорында қатталуы және зерттеушілерге архивке кіруге рұқсаттың болмауы да бұл мәселені жан-жақты зерттеуге де көп кедергілер туғызатындығын айту қажет.

2 СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ ОРНЫ

2.1 Түркістан мұғалімдер семинариясының қалыптасуы және семинариядағы оқу-тәрбие жұмысы

Ресей империясында мұғалімдер семинариясы бастауыш сынып мұғалімдерін дайындайтын орта педагогикалық оқу орны болды. Ресейде мұғалімдер семинариясының бірнеше түрі ашылды: земстволық, Халық Ағарту министрлігіне бағынышты өкіметтік, Мемлекеттік мүлік министрлігіне және императрица Марияның ведомствосына қарайтын. Түркістан, Батыс-Сібір, Орынбор оқу округінде ашылған мұғалімдер семинариясының бір ерекшелігі, оқу орындары Халық Ағарту министрлігіне қарайтын өкіметтік семинариялар және жабық оқу орындары болды.

Ресейде алғашқы мұғалімдер семинариясы 1799 жылы Мәскеу университеті жанынан ашылған болатын. 1828 жылы неміс, эстовтарға арналған Дерпт мұғалімдер семинариясы, 1864 жылы Виленск губерниясында Молодеченск мұғалімдер семинариясы ашылды. 1872 жылы Ресей империясының еуропалық аймағынан бөлек Омск, Қазан, Иркутскіде мұғалімдер семинариялары, Уфа, Симферопольде татар мұғалімдер мектебі ашылды. 1872 жылы Ресей империясында мұғалімдер семинариясының саны - 25, 1876 жылы - 58, 1912 жылы-101, 1917 жылы -192-ге жеткен болатын [3, с. 11]. Мұғалімдер семинариясының көптеп ашылуы, XX ғасырдың бас кезеңіне сәйкес келді, яғни Романовтар әулетінің Ресей билігіндегі отырған 300 жылдық кезеңіне сәйкес аталып өтілуіне байланысты.

Ресейде мұғалімдер семинариясын қаржыландырудың негізгі үш көзі болды: 1) қазыналық, немесе басқа қаржы көздерінен қаржыландырылатын өкіметтік; 2) бұратаналарға арналған өкіметтік; 3) земство арқылы, немесе жеке меншіктегі оқу орындары. XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезеңінде ашылған Түркістан, Семей , Верный мұғалімдер семинариясы қазыналық және басқа қаржы көздерінен қаржыландырылса, Орск-Орынбор мұғалімдер мектебі бұратаналық мұғалімдер мектебі категориясында болды. Түркістан генерал-губернаторлығында земстволық, жеке меншіктегі оқу орындары ашылмады. Халық Ағарту министрлігіне бағынышты өкіметтік семинариялар 1870 жылы 17 наурыздағы жалпы Ережеге және 1875 жылы семинарияға қатысты қабылданған жалпы нұсқаулықтарға бағынды.

1870 жылы 17 наурыздағы жалпы Ережеге сәйкес православие дініндегі барлық сословие өкілдерінен шыққан жастарға мұғалімдер семинариясында оқуға мүмкіндік берілді. Ресейдегі мұғалімдер семинариясының ерекшелігі, барлық сословие өкілдерінен шыққан жастарға білім алуға мүмкіндік берумен бірге, олардың әлеуметтік мәртебесін көтеруге де жол ашты. Өйткені кедей отбасынан шыққандарға кадет корпусарында, гимназияда білім алуға шектеулер болатын. Кедей шаруа отбасынан шыққан шәкірттер семинарияны бітірген соң, мұғалім дәрежесін алып салық төлеуден босатылды, әлеуметтік мәртебесі көтерілді және әскери міндеткерлік атқарудан босатылды [89].

1871 жылғы 28 желтоқсандағы Ережеге сәйкес шаруа, мешан сословиесінен шыққан шәкірттер, семинарияны бітіргеннен кейін бастауыш училище мұғалімі куәлігін алып, селодағы училище мұғалімі қызметінде 12 жылға дейін қызмет жасағанда ғана жан басы салығынан босатылды. Егер де қызметін абыроймен атқарса құрметті азамат дәрежесіне өтіп, 1876 жылғы жан басы салығы туралы қабылданған Ереженің 317 бабына сәйкес, бұл салықты төлеуден мүлдем босатылды. Егер де шәкірт семинариядағы оқуын аяқтамаса, немесе 12 жыл мұғалім болып қызмет жасамаса, еңбек өтілімі 12 жылға жетпей құрметті азамат дәрежесіне өтпесе, семинарияға қабылдағанға дейінгі жан басы салығын төлеуге тиісті еді [90].

Шаруа отбасынан шыққандардың семинарияны бітіргеннен кейін жан басы салығынан босатылуы және әлеуметтік мәртебесінің көтерілуі мен әскери міндеткерліктерден босатылу мүмкіндігінің берілуіне байланысты, семинарияға түсуге олар барынша ұмтылды. Жалпы мұғалімдер семинариясы шаруа, мешан, казак отбасынан шыққандар үшін өте тиімді оқу орны болды. Семинарияға түсу сынағының қиындығы мен жалпы білім деңгейінің төмен болуына байланысты, олардың оқуға түсуге көбінесе мүмкіндіктері болмай қалатын.

1872 жылы Ресей империясында бірнеше мұғалімдер семинариясы ашылды. Қазан бұратана мұғалімдер семинариясы (1872), Омбы мұғалімдер семинариясы (1872), Уфимск-Орынбор татар мұғалімдер семинариясы (1872), Иркутск мұғалімдер семинариясы (1872) болатын. 1872 жылы Омск, Қазан мұғалімдер семинариясы ашылғаннан кейін, шалғайда жатқан аймақтарда да мұғалімдер семинариясын ашу қажеттігінің бірнеше себебі туындады. Біріншіден, XIX ғасырдың екінші жартысында Батыс Сібір, Орынбор, Түркістан генерал-губернаторлығында ашылған халықтық училище, приходтық бір, екі сыныптық ер, қыздар училищесі, екі-үш сыныптық қалалық училище, орыс-түземдік училищелерге мұғалімдер жетіспеді. Екіншіден, орыс миссионерлері бұратаналарды орыстандыру мектеп арқылы жүзеге асады деген ұстанымда болды, ал бастауыш мектептің басты тұлғасы мұғалім болғандықтан, орыстандыру үрдісін жүзеге асыратын тұлға ретінде мұғалімді дайындау қажет деген саясат негізгі мәнге айналды. Үшіншіден, 1853-1864 жылы оңтүстіктік аймақты жаулау барысында бекініс, форттарда орыс тілінде оқытатын алғашқы бастауыш мектептер ашылғанымен, сабақ бергендер шіркеу қызметкерлері мен Ресейдің әр түрлі оқу орындарын бітірген жастар болатын. Олардың педагогикалық білімі болмағандықтан, аталмыш оқу орындары өзінің алдына қойған мақсаттарына жете алмады, көбінесе шәкірттер мектепті бітірмей тастап кететін, немесе жабылып қалатын.

1867-1868 жылғы реформадан кейін, Түркістан генерал-губернаторлығының әрбір уезінде бір-екі сыныптық түземдік училищелер ашылғаннан кейін, кәсіби мұғалім мамандарына сұраныс қайта өсті. Ташкентте мұғалімдер семинариясын ашуға алғаш ұсыныс жасаған, Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы адъютант Н.П.фон-Кауфман болатын. 1874, 1877 жылдары фон-Кауфман Әскери Министрге, Халық Ағарту Министрлігіне өтініш білдіріп және жергілікті жердің ерекшелігін ескере отырып, ашылатын

семинарияға 1872 жылы 27 наурызда қабылданған Иркутск мұғалімдер семинарияның Жарғысын қолдануға рұқсат сұрады [11,с. 126].

Н.П.фон-Кауфман семинарияны ашумен бірге оны басқаруға қоятын адамды да өзі іздестіре бастады. Түркістан генерал-губернаторы білім беру ісінің маманы ретінде Н.И.Ильминскийді өлкеге шақыртуды жоспарлады. Өз мақсатын жүзеге асыру үшін, Халық Ағарту министрі Д.А. Толстойдан Н.И.Ильминскийді Түркістанға жіберуге өтініш білдіреді, алайда миссионер ғалым Ташкентке келуге келіспеді. Өйткені, Н.И. Ильминскийдің алдында екі таңдау жолы тұрды, Қазанда бастаған миссионерлік ісін жалғастыру, немесе өзіне белгісіз Түркістан өлкесінде миссионерлік істі жаңадан бастау. С.Граменицкий оның таңдауы жөнінде былай деп жазады: «Оңтайлы жағдай болғанымен, бірақ Ильминский Түркістан өлкесіне өз жүйесін енгізуден бас тартты» [91]. Қазан мұғалімдер семинариясы директорының Түркістан өлкесіне қатысты нақты өз жоспары болды. Ол Түркістан өлкесіндегі бас инспекторлық қызметке шәкірті Я.С.Ястребовты ұсынып, былай деп баға береді: «Діни білімі болғанымен фанат емес және миссионерлікті ағартушылықпен, дамыған өркениетпен байланыстырады, мен бұған кепіл бола аламын» [92]. Түркістан өлкесіндегі қазақтарға білім беру ісіне Ы.Алтынсаринді араластырмақшы болды. Оны екі жыл Қазанда миссияға дайындап Түркістанға аттандыруды жоспарлады, ол бірінші орыс алфавитіне негізделген мектеп ашып, кейін шәкірттері істі жалғастыруы тиіс болды [91,с. 164].

Қазан мұғалімдер семинариясын басқарып отырған Н.И.Ильминский өз шәкірттерін Ташкентке аттандыру арқылы, Түркістан өлкесіндегі білім беру жүйесін бақылауда ұстау жолын таңдаған еді. Фон Кауфман семинария мәселесіне байланысты Н.И.Ильминскиймен тығыз байланыста болды. Қазан қаласына арнайы Түркістан өлкесіндегі оқу ісі бойынша шенеулік А.Л.Кунды аттандырды. Фон Кауфманның негізгі мақсаты семинария директорына және мұғалімге лайықты адамдарды Қазаннан табу болатын. 1875 жылы Түркістан генерал-губернатордың өтінішіне байланысты Н.Ильминский шәкірті Николай Остроумовты семинария директорлығына ұсынады. Н.П. Остроумов туралы: «Қазан діни академиясын бітірген, татарша, арабша тілдер бойынша менің шәкіртім, мұсылман дінімен, Құранмен өте жақсы таныс, оның жаны да білімі де миссионер, бірақ сіз бұдан қорықпаңыз! Досым Н.П.Остроумов миссионерлікті адамгершілік тұрғысынан түсінеді, осы орынға одан артық лайықты адам жоқ» - деп жазды [92,с. 45-46]. Н.И.Ильминский Николай Остроумовты ұсына отырып, оның Қазандағы жағдайының өте жақсы екеніндігін де ескерте кетеді: «И.П.Остроумов академияда доцент дәрежесіндегі мұғалім, 2 мың жалақысы, өз үйі бар, Ташкентке көшу оған көп шығын әкелуі де мүмкін» - деп жазады [92,с. 45-46]. Қазан мұғалімдер семинариясы директоры Н.И.Ильминскийдің бір мақсаты шәкірті Николай Остроумов арқылы аймақта миссионерлік саясатты жүргізу болатын. Әрине, Н.П. Остроумов өз ұстазының алға қойған біраз жоспарларын жүзегі асырды, оның бірі, Библияны түземдік тілге аударуы болатын. Н.П.Остроумов семинариядағы мұғалімдікке Қазан Академиясының мұсылмандарға қарсы

миссионерлік бөлімінің шәкірттері М.Миропиев, И.Софийский, П.Позднеев, С.Агронов, Н.Воскресенскийді ұсынды, кейін олардың барлығы да, семинарияның құрылып, қалыптасуына өзіндік із қалдырған [93].

1877 жылы мұғалімдер семинариясын ашу ісі кейінге қалдырылуына байланысты, Ташкентке келген Н.П.Остроумов Түркістан өлкесіндегі халықтық училищелердің инспекторы қызметіне уақытша тағайындалады. 1879 жылы Түркістан мұғалімдер семинариясы ашылғаннан кейін, семинарияның директорлығы қызметіне ауысты.

1879 жылы 30 тамызда Түркістан мұғалімдер семинариясы салтанатты түрде ашылды. Салтанатқа Ташкенттегі діни қызметкерлер, қаладағы барлық оқу орындарының оқытушылары, қаланың құрметті азаматтары мен оқуға қабылданған шәкірттер және Жетісу облысының әскери губернаторы генерал-лейтенант Герасим Колпаковский, Сырдария облысының әскери губернаторы Виталий Троцкий, Түркістан училищелерінің бас инспекторы Александр Кун қатысты. Түркістан генерал-губернаторы фон Кауфман Ташкентте болмағандықтан салтанатқа қатыса алмады. Семинарияның ашылу салтанатында сөйлеген Николай Остроумов Түркістан өлкесінде екі ер гимназиясы, екі қыздар гимназиясы, бірнеше ер мен қыздар училищелері болғанымен, аталған оқу орындарының арнайы педагогикалық білім бермегенін баса айтты [7, с. 15].

1879-1880 жылы семинария алғашқы оқу жылын аяқтаған соң, оның бірінші есебі берілді. Алғашқы оқу жылы туралы Н.П.Остроумов былай хабарлады: «Түркістан мұғалімдер семинариясы өлкедегі Халық Ағарту ісіне қызмет жасады. Семинарияға 19 шәкірт қабылданды. Олардың дайындығының нашар болуына байланысты 13 шәкірт 2 сыныпқа көшті. Алтауы орнында қалдырылды, оларды меңгеріп кетеді деген үмітпен қалдырдық» - деп жазды [94]. Қабылданған шәкірттердің құрамы қалалық, уездік училище, прогимназия шәкірттері, бастауыш училищенің түлектері болатын, олардың білім деңгейі де әр түрлі болғандықтан, алғашқы оқу жылының көрсеткіші де төмен болған еді.

1881 жылы 30 тамызда семинария басшылығы жергілікті қоғамдарға оқу орнының екі жылдық қызметі туралы есеп берді. Есеп беру салтанаты мерекемен жалғасты. Салтанатқа Түркістан өлкесінің басшылығы, қалалық қауым өкілдері, оқу орнының басшылары қатысты. Жиналған қауым семинария сыныптарын, кітапхана бөлмелерін аралап танысты. Мереке соңында семинария шәкірттері жиналған қауым алдына Бортилицкийдің шығармалары бойынша концерт қойды - деген ақпарат беріледі «Туркестанские Ведомости» газетінде [95] Бірнеше жылдар бойы семинарияның ашылған күні, дәстүрлі түрде 30 тамызда салтанатпен аталып өтілетін.

Мұғалімдер семинариясының оқыту бағдарламасына, ішкі өміріне Түркістан өлкесінің әкімшілігі, фон-Куфманның өзі тікелей араласып отырды. Семинария ашылған тұстан-ақ, оның даму бағытына қатысты жергілікті әкімшілік билік екі жікке бөлінді, бір топ семинария бағдарламасын кеңейтуді ұсынса, екінші топ қарсы шыға отырып, мұндай оқу орнының үлгісі жоқ деп

шықты. Бірінші топты жақтаушылар қатарында К.П.фон Кауфман, Г.А.Колпаковский болса, екінші топта А.Л.Кун болды.

1880-1881 оқу жылында училищелердің бас инспекторы А.Л.Кун педагогикалық Кеңесте семинарияны басқа мұғалімдер семинарияларымен салыстыра отырып, Түркістан мұғалімдер семинариясында бөлінген сағаттарда өзгешеліктер көп деп сынады. Ол семинарияның қалалық, немесе приходтық училищелердің қайсысына маман дайындайтынын анықтап, апталық сабақты нақтылау қажет деп көрсетті. Семинарияның Педагогикалық Кеңесі де, А.Л.Кунға қарсы шығып, Түркістан өлкесіндегі халықтық училищелерде оқылатын барлық пәндерді енгізу қажет деп нақтылады.

1881 жылы көктемде барлық оқылатын пәндердің жоспарын жасаған Педагогикалық Кеңес Түркістан мұғалімдер семинариясына мұғалімдер институтының мәртебесін беруді сұрады. Семинария мұғалімдерінің барлығының жоғары білімі болғанымен, бірақ түскен шәкірттердің білімі мұғалімдер институтына түсетін шәкірттермен тең болған жоқ. Кеңестің осындай ұсыныс жасауының өзі қате болатын. Өйткені, семинариядағы бірнеше шәкірт уездік, қалалық училище, гимназия шәкірттері болғанымен, олардың негізгі бөлігі бастауыш училище түлектері болатын. Семинарияға түскен шәкірттердің барлығының білім деңгейі бірдей емес еді.

1881 жылы педагогикалық Кеңес семинарияға қабылданған екі шәкіртті мүлдем оқудан шығару туралы мәселе қойды. Жоғары басшылықтың араласуымен түземдіктер орнында қалдырылды. 1881 жылы Г.А.Колпаковскийдің семинарияда мұғалімдермен қатар аудармашылар дайындау туралы ұсынысы бойынша оқу орнында аудармашылар да дайындалды [96].

1883 жылы Түркістан генерал-губернаторы болған Михаил Черняевтің тұсында мұғалімдер семинариясының оқу жүйесін өзгерту туралы мәселе қайта күн тәртібіне қойылды. Оқу орындарының бас инспекторы Забелин Түркістан мұғалімдер семинариясын тарқатып, орнына шенеуліктер мен аудармашыларды дайындайтын оқу орнына айналдыру туралы генерал-губернатор М.Черняевке ұсыныс жасады. Семинария жанындағы үлгілі училищені жауып, орнына дайындық сыныбын ашуды жоспарлады. Түркістан генерал-губернаторы Забелиннің ұсынысын қолдай отырып, семинарияны жабу туралы Халық Ағарту министрлігіне ұсыныс қояды. Зерттеуші К.Е.Бендриков Түркістан мұғалімдер семинариясын жабуды тоқтатқан Н.И.Ильминский деп көрсетеді. «Сол кездегі Халық Ағарту Министрі Победонцевпен өте жақсы қарым-қатынаста болған Ильминскийдің кеңесімен оқу орны жабылған жоқ» - деп жазады [37,с. 148].

Семинария тарихында оның құрылымына өзгеріс енгізу мәселесі кейін де талқыланды. 1900 жылы өлкеде аудармашылар дайындау мәселесіне байланысты семинария жанынан аудармашылар бөлімін ашу туралы мәселе қайта көтерілді [37,с. 148]. Семинарияда 1881 жылдан мұғалімдермен қатар аудармашылар дайындалып жатқандықтан, жеке бөлім ретінде ашуға рұқсат берілмеді.

Түркістан мұғалімдер семинариясы жабық оқу орны болғандықтан семинария шәкірттері тәлімгерлердің қатаң бақылауында болса, тұтастай семинариядағы бүкіл оқу-тәрбие жұмысы Ресей империясының Халық Ағарту министрлігінің қатаң бақылауында болды. 1894 жылы Түркістан мұғалімдер семинариясында құпия кеңесші, Кавказ оқу округінің попечителі Кирилл Петрович Яновский, 1908-1909 жылы сенатор К.К.Паленнің сенаторлық ревизиясы да оқу орнында тексеру жұмыстарын жүргізді. Мұндай тексеріс жұмыстарын жүргізудің негізгі себептері де болды. 1897 жылы Түркістан мұғалімдер семинариясының түлектеріне қатысты, яғни халықтық училище мұғалімдерінің үстінен шағым түсті. Түркістан оқу округінің басшылығы семинарияның Педагогикалық Кеңесіне кемшіліктерді жоюға арнайы тапсырма берді. 1898 жылы 16 наурызда Педагогикалық Кеңес мәжілісінде (хаттама №5 - С.А.) бұл мәселе арнайы талқыланды. Педагогикалық Кеңес семинария түлектерінің халықтық училищеде тұрақтамауының себептеріне бірнеше түсініктеме берді: 1) жақсы өмір сүруге ұмтылыстары; 2) олардың барлығының шығу тегі село, ауыл балаларының болмауынан; 3) мәдени жайлылықты іздеуі; 4) жазғы демалыста олардың қалаға кету себебінен, шаруашылықтары, яғни мектеп жанынан ашылған бау-бақшаларының қараусыз қалатындықтары. Педагогикалық Кеңес мәселені талқылай келе мынадай ұсыныс қойды: 1) мұғалімдер семинариясында жаратылыстану пәні бойынша бастық тағайындауды; 2) семинариядағы оқу жылын 5 жылға созуды [97]. Құжаттар мазмұнынан, 1893 жылғы ХАМ-нің, түземдіктерді орыстармен жақындастыру негізіндегі барлық халықты орыс азаматтығына өткізу принципіне қатысты істің семинарияда жүзеге аспай жатқандығын сынға алғандығын көруге болады. Сонымен бірге мерзімдік басылым деректерінде семинария шәкірттері туралы жақсы пікірлер де келтіріледі. «Әулиеата уезінің Дмитревкадағы орыс түзем мектебінің мұғалімі Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі. Ол мектептің нық тұруына көп еңбек сіңірді. Қазақтың кішкентай балаларын жылы үйде отыруға үйретті. Олармен әр түрлі ойындар ойнап, кешке жақын граммофонда түрлі түземдік әндер тыңдатын, ал мұғалімнің әйелі кейде оларға кепкен жемістер сатып алып беретін. Мұғалімнің басқа жерге ауысатындығы туралы естіген шәкірттердің көңілі түсті, бірі жылады. Олар қазір жап-жақсы оқиды және жазады, кейбірі орыс балаларынан да жақсы оқиды» - деп жазды [98]. 1898 жылғы шағым және мерзімдік басылым деректеріндегі осындай мазмұндағы мәліметтерді салыстыра келе, негізінен шаруа отбасынан шыққан семинария түлектердің селолық мектептерге анағұрлым бейімді болғандығын тағы да нақтылай түседі. Түркістан мұғалімдер семинариясы өз жарғысын қабылдағанға дейін Иркутск мұғалімдер семинариясына қатысты қабылданған Ережеге бағынды. Иркутск мұғалімдер семинариясында үш тәлімгер белгіленсе, Түркістан мұғалімдер семинариясында алғашқы кезде бес тәлімгер белгіленгенімен, бірақ негізінен төрт тәлімгер болды, кейін бесіншісі бекітілді. Түркістан мұғалімдер семинариясы орта оқу орындары сатысына тіркелді. Семинарияға 42.700 рубль белгіленді, бұл мұғалімдер институтына бөлінетін қаражатпен бірдей болатын [96, с. 644]. Мысалы, Иркутск мұғалімдер

семинариясы алғаш ашылған жылы 60 шәкірт қазыналық шәкіртақыға қабылданып, семинария және оның жанындағы училищенің жылдық шығыны 38 мың рубль болатын.

Иркутск мұғалімдер семинариясына қатысты қабылданған жарғының 8 бабына сәйкес Түркістан мұғалімдер семинариясы Халық Ағарту Министрлігіне бағынды және Түркістан генерал-губернаторының, училищелер бас инспекторының қамқорлығында болды. Семинария директорын училищелердің бас инспекторы сайлап, Түркістан генерал-губернаторының ұсынысымен Халық Ағарту Министрлігі бекітті. Сонымен қатар, мұғалімдер семинариясы 1875 жылы 4 шілдеде Халық Ағарту Министрлігі қабылдаған нұсқаулыққа бағынды. Оқу орнының өз ішінде «Түркістан мұғалімдер семинариясындағы шәкірттерге арналған Ережелер (1880, 1895, 1990 жж)», «Сыныптық тәлімгер бақылаушыларға арналған нұсқау», «Тәлімгер кезекшілерге арналған нұсқау», «Кезекші тәлімгерлердің жазба кітаптары» деген ішкі тәртібіндегі бағынатын өз ережелері мен заңдары болды.

Семинария директоры басқа қызметкерлерге үлгі болуы тиіс еді. Директор семинария, үлгілі училищенің оқу бағдарламасын, жоспарын, тәлімгерлердің шәкірттерге берген үй тапсырмасын тексеріп, қандай оқулықпен оқитындығын қадағалап отырды. Тәлімгерлер арқылы шәкірттерді өз бақылауында ұстады. Шәкірттер кез келген уақытта директордан жеке басына қатысты істер бойынша көмек сұрауға да құқылы болатын. Олар семинарияны бітіріп кеткеннен кейін де, директор, тәлімгермен байланыста болып, ақыл кеңес алып отырды. Директор Педагогикалық Кеңес төрағасы болды және округ попечителіне семинарияға қабылданатын тәлімгер мен қызметкерлер туралы ұсыныс жасай алды. Ән, гимнастика, қол еңбегі мұғалімдерін қызметке алуды ғана өзінің шешу құқы болды [25, с. 67].

Ресейдің Орталық губернияларындағы мұғалімдер семинариясында оқу жылы үш жыл болса, Түркістан мұғалімдер семинариясында оқу төрт жылдық, училище бір, екі жылдық болды. Семинарияның дәрежесі мұғалімдер институтымен теңестірілілген еді. Оқу орнының негізгі мақсаты орыс, орыс-түземдік бастауыш мектептері, училищелерге мұғалімдер дайындау.

Семинарияға алғашқы төрт жылда барлығы 75 шәкірт қабылдау жоспарланды, алғашқы ашылған оқу жылының үш жылында жыл сайын 20 шәкірттен, төртінші жылы 15 шәкірт қабылдау қажет болатын. Қабылданатын 75 шәкірттің 50 орыс баласы болуы тиіс еді. Семинария жанынан екі үлгілі училище ашу жоспарланды. 1882 жылы семинарияның ашылғанына үш жыл өткеннен кейін, оның жанынан үлгілі училище ашылды. Училищеге 7-12 жас аралығындағы мүлдем сауаты жоқ балалар қабылданды. Екінші үлгілі училище 1885 жылы ашылғанымен, бірақ 1895 жылы жабылып қалды [13, с. 11].

1879 жылы семинарияның ашылуына 5000 рубль және 42.700 рубль қаржы бөлінді. Алғашқы шығын Ферғана облысының кірісі есебінен жүргізілді, кейін семинария шығыны Мемлекеттік қаржы мекемесі есебінен жүргізіліп, Түркістан өлкесінің сметасында көрсетілді [8, с. 4]. Семинарияның жеке ғимараты болмауына байланысты Ташкент қыздар гимназиясының ғимаратын

жылына 900 рубльге жалға алып отырды [99]. Семинария ғимараты 1881-1887 жылы полковник Тартовскийдің үйін қайта салу негізінде салынды. 1898 жылы архитектор А.Л.Бенуаның жоспарымен өз шіркеуі құрылды [100].

1882 жылы ашылған үлгілі училищенің шаруашылық шығыны үшін жылына 700 рубль қаражат бөлінді және оқитын орынға №1 флигель берілді. Балаларын училищеге беретін ата-аналар мұғалімдер семинариясының директорына баланың метркесі мен шешекке қарсы екпе салынғаны туралы анықтамасымен қабылданатын [101].

Семинария алғаш ашылған кезде, түземдіктер тарапынан балаларын семинарияға берушілердің саны аз болды. 1886 жылы 3 ақпанда Ташкент гимназиясы жанындағы бұратаналардың балалары үшін ашылған пәтерлер Түркістан мұғалімдер семинариясына берілді. Өйткені түземдік жастарды семинарияға тарту қажет болатын. Пәтерді жалпы ұстау шығыны 8982 рубль болды, шығын қазақ, сарттардың қоғамдық қоры есебінен қаржыландырылды. Жылына Сырдария облысы мен Зеравшан бөлімінен - 6048 рубль, Ферғана облысынан - 2934 рубль қаражат бөлінді [102]. Бұл пәтерлер 25 шәкіртке лайықталып жабдықталған болатын. Бөлінген қаражат шәкірттердің пәтерде тұру ақысынан бөлек, олардың дәрі-дәрмегі, канцеляриялық қажеттері, пәтерді жылыту, жарықтандыру және жөндеу мен қызметшілердің жалақысына да бөлінді. Пәтердің өз меңгерушісі мен көмекшісі болды. Меңгеруші қызметін атқаратын адамның жоғары, немесе орта білімі болуы талап етілді. Меңгерушіні Түркістан өлкесіндегі училищелердің бас инспекторы ұсынып, оны генерал-губернатор бекітті. Көмекшілер Түркістан мұғалімдер семинариясының толық курсын аяқтаған шәкірттер арасынан тағайындалды, оны училище инспекторы бекітті. Меңгеруші директорға бағына отырып семинарияның оқу-тәрбие ісіне араласты, шаруашылық бөлімді басқарды. Меңгеруші және оның көмекшісі Түркістан мұғалімдер семинариясының Педагогикалық Кеңестеріне қатысып отырды. Меңгерушіге жылына 1000 рубль, көмекшіге 600 рубль төленді [99, с. 317].

Пәтер алғаш ашылған жылы оның меңгерушісі Мәскеу Императорлық университетінің түлегі А. Е. Николаев, көмекшісі Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі С. М. Сычев болды. 1877-1888 жылдары меңгеруші Г.Голубев, 1888 жылы Егор Надерица мен семинария тәлімгері Василий Ошанин болған еді [103]. 1886-1893 жылдар аралығында пәтерде 20 түземдік шәкірт тұрды, оның 8-і курс аяқталғанша оқудан шығып кетсе, 7 шәкірт семинарияны аяқтап, қалғаны әлі де оқуын жалғастырып жатыр деген есеп берілді [102, с. 1262]. Өкінішке орай, 1895 жылы бұл пәтер Мемлекеттік Кеңестің ұсынысымен жабылып, шәкірттер қазыналық шәкіртақыға көшірілді [7, с. 37].

Зерттеуші К.Е.Бендриков семинария пәтеріндегі жағдайды және оның жабылуының негізгі себептері жөнінде былай деп жазады: «Мұсылмандарға қарсы атмосфера орнап және қазыналық формальдылыққа көбірек мүмкіндік берілді. Мұсылман шәкірттері үшін қиындықтар туындап жатты, олар ораза ұстаған кезде түнде тамақтануға мәжбүр болды, міне осы жағдайға байланысты

бір адам жұмыстан шығарылды [37,с. 155]. К.Е.Бендриков пәтердегі мұсылман және христиан дініндегі шәкірттер арасындағы қарым-қатынастың да шиеленісті болғандығын ерекше атап көрсетеді. Пәтерді ұстау шығынынның өзін-өзі ақтамауы, семинарияға түсуші түземдік шәкірттер санының көп болмауы, олардың семинария курсы толқ аяқтамай оқудан шығып кету мәселесіне байланысты пәтер жабылды.

Ресей империясының тарихындағы қайырымдылыққа қатысты құрылған әлеуметтік құрылым попечитель институты болды. Құрметті попечитель дәрежесі 1828 жылы гимназияға енді. Ресейде екі түрлі попечительдер болды: біріншісі, әкімшілік биліктегі оқу орындарының попечительдері, екіншісі қоғамдық құрметті попечительдер. Алғашқысы басшы ретінде араласса, екіншісі оқу орнына қайырымдылық іс-әрекет жасау арқылы оқу үрдісіне араласты. Түркістан өлкесінде ашылған оқу орындарының да құрметті попечительдері болды. Түркістан генерал-губернаторы фон Розенбах (1884-1889) Қазалыдағы 1 гильдия көпесі Н.Ивановтың семинарияға жыл сайын 500 рубль ақша көлемінде қайырымдылық жасауына байланысты, оны семинарияның құрметті попечитель (жанашыр – С.Ә.) лауазым тұлғасына қоюға ұсыныс жасады. Түркістан мұғалімдер семинариясында мұндай лауазымды тұлғаны тағайындаудың Жарғыда қарастырылмауына байланысты, генерал-губернатор лауазымдық қызметті семинарияға енгізуге ұсыныс жасайды. Түркістан генерал-губернаторы Ресейдің ішкі губернияларында семинарияларда попечитель лауазымның болуына байланысты Н.Ивановты тағайындаған еді. Фон Розенбахтың ұсынысымен Н.Иванов Халық Ағарту Министрлігінің попечитель үшін бекіткен барлық құқықтарды пайдалану мүмкіндігін алды [104].

Құрметті попечитель Н.И.Ивановтың Түркістан мұғалімдер семинариясына бөлген қаражаты басқа мұғалімдер семинариясының құрметті попечительдерінен көбірек болған болатын. Мысалы, титулярлық кеңесші құрметті попечитель Николай Сорокин Омбы мұғалімдер семинариясы үшін жылына 300 рубль қаражат бөлетіні жөнінде өзіне міндеттеме қабылдаған. 1884 жылы 14 маусымда Н.И. Иванов семинария курсы аяқтаған әрбір шәкіртке 30 рубльден, яғни бітірген 15 шәкіртке 450 рубль ақша бөлген болатын. Ол Жетісу облысына мұғалімдік қызметке аттанған 9 шәкірттің Ташкенттен Әулиеатаға дейін жету жол қаражатын да көтерді [105].

Ресей империясындағы қайырымдылықтың дамыған екінші түрі, мұқтаж шәкірттерге арналған көмек қоғамы болатын. Қоғам мүшелері Түркістан генерал-губернаторлығындағы оқу орындарында оқитын шәкірттерге қаржылай көмектесіп отырды. Бөлінген қаражат шәкірттердің оқу ақысын төлеу, оқу құралдарын сатып алып беру, киім, азық-түлік, медициналық көмек, ақшалай жәрдем көрсетуге жұмсалды. Мысалы, 1895 жылы Ташкент мұғалімдер семинариясының 3 шәкіртіне оқу құралдары, аяқ киімі және тағы да басқа қажеттері үшін 52 рубль, семинария жанындағы екі үлгілі училищеге 10 рубль бөлген [106].

Мұғалімдер семинариясының ішкі тәртібіндегі тағы да бір ерекшелігі, Император, Халық Ағарту Министрі, генерал-губернатар, оқу инспекторының портреттері сынып бөлмесінде ілінуі тиіс болды. 1880 жылы Түркістан мұғалімдер семинариясының акт залында Әскери министр генерал-адъютант граф Д.А.Милютиннің, бұрынғы Халық Ағарту Министрі, құпия кеңесші граф Д.А.Толстой, Түркістан генерал-губернаторы, генерал-адъютант фон Кауфманның портреттері ілінді [107].

Мұғалімдер семинариясында діни мейрамдар, императордың туған күндері мен таққа отыру салтанаттары, Екатерина II қайтыс болуының 100 жылдығы, Александр II, Александр II азаматтық жаназасы, М.И.Ломоносовтың 200 жылдығы арнайы атап өтілді. 1883 жылы 15 мамырдағы Мәскеуде өткен император Александр III таққа отыру салтанаты семинарияда ерекше салтанатпен өтті. Салтанаттың болатыны жөнінде хабар алған семинарияда дайындық бір апта бұрын басталды. Мейрам 16, 17, 18 күндері болды. 18 мамырда арнайы өткізілген кештің қонақтары училищелердің бас инспекторы, семинария попечителі отбасымен, Ташкент балалар үйінің попечительницасы отбасымен, Түркістан әскери округінің артиллерия бастығы А.Л.Михайловский болды. Кеште әндер орындалды, өлеңдер оқылды. «Бұл кештің шәкірттер жүрегінде мәңгілікке қалатындығына сенім білдіремін» - деп жазды Воскресенский жылдық есепте [9,с. 37].

«Туркестанский Ведомости» газетінің дерегіне сүйенсек, 1908 жылы Түркістан мұғалімдер семинариясының шіркеуінде хромдық мейрамдағы Құдайға құлшылыққа Түркістан генерал-губернаторының көмекшісі, генерал-лейтенант Кондратович, Сырдария облысының әскери губернаторы генерал-лейтенант Михаил Романов, училищелердің бас инспекторы Ф.М.Керенский қатысқан [108]. 1901 жылы 12 сәуірде семинарияда Түркістан генерал-губернаторы генерал-лейтенант Н.А.Иванов және бұрынғы Закаспий облысының бастығы А.А.Боголюбовпен 4 сыныптағы парсы тілі сабағына, 3 сыныптағы сарт тілінің сабақтарына қатысқан. Түземдіктердің орыс тілі дәптерлерін қарап, қол еңбегі пәнінің сыныбына, үлгілі училищеде, семинарияның жатын бөлмесі, шіркеуде, асханасында болады. Олар шәкірттерге берілетін тамақтың дәмін де көрді - деп жазылады «Туркестанские Ведомости» газетінде [109].

Мерзімдік басылым деректерінде осындай мазмұндағы жергілікті шенеуліктердің семинариядағы әр түрлі мейрамдарға, емтихандарға, сабақтарға қатысуы туралы хабарлар өте көп беріледі. Мұндай мағлұматтардың өзі Түркістан генерал-губернаторы, облыс губернаторы, оқу округі басшылығының семинариямен тығыз байланысты болғандығын дәлелдейді.

Түркістан мұғалімдер семинариясындағы оқитын шәкірттер саны Ташкенттегі басқа оқу орындарымен салыстырғанда азырақ болды. 1879 жылы Ташкент оқу орындарындағы шәкірттер санына бойынша: ерлер гимназиясында - 184, қыздар гимназиясында - 188, Ташкент қалалық училищесінде - 106, қыздар приходтық училищеде - 46, мұғалімдер семинариясында - 19 шәкірт оқыды [110], ал 1906 жылы бір реалды училищеде - 367 шәкірт, бес ерлер

гимназиясында - 1805 ер бала, бес қыздар гимназиясында - 1078 қыз, бір қолөнер училищесінде-83 ер бала, бір мұғалімдер семинариясында - 81 ұл бала оқыды [111]. Семинариядағы шәкірттердің басқа оқу орындарымен салыстырғанда азырақ болуының негізгі себептерінің бірі, семинариядағы бір шәкіртке бөлінетін қаражаттың жоғары болуымен байланысты болды. Добросмыслов бір шәкірттің шығыны ерлер гимназиясында - 83 рубль. 60 тиын, қыздар гимназиясында - 87 рубль 30 тиын, Ташкент кадет корпусында - 450 рубль, коммерциялық училищеде - 100 рубль, Түркістан мұғалімдер семинариясында 731 рубль 24 тиын болды деп көрсетеді [17,с. 232]. Сонымен бірге, Түркістан мұғалімдер семинариясындағы қазыналық шәкірт ақыға бөлінген орынның да аз болуы да семинарияға түсетін шәкірттердің санын шектеп отырды.

К.Е.Бендриков Түркістан мұғалімдер семинариясының түлектері орыс-түзем мектептеріне қызметке жіберілетін, семинарияның негізгі мақсаты бұратаналарға арналған училищелерге мұғалімдер дайындау болды. Түркістан өлкесінде білім беретін бастауыш орыс мектептеріне, әсіресе қаладағы мектептерге қыздар гимназиясының түлектері жіберілетін - деп анықтай түседі [37,с. 148]. 1879 жылдан Түркістан қыздар гимназиясының жоғары сыныптарында да мұғалімдер дайындала басталған болатын, бірақ олар қаладағы оқу орындарына ғана жұмысқа тұрғандықтан өлкедегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауға қатысты мәселені шешіп бере алмады.

Семинарияда оқытылған пәндер: Құдай Заңы мен шіркеулік славян тілі, жалпы және орыс географиясы, математика, физика, жаратылыстану, түземдік тіл, көркем жазу, сурет, сызу, ән, музыка, қол еңбегі. Кейбір мұғалімдер семинариясында ән, музыка міндетті емес пәндер қатарында болса, Түркістан мұғалімдер семинариясында бұл сабақтар міндетті пәндер қатарында болып, оның оқытылуына ерекше мән берілді. Бірінші оқу жылында ән айтуға, 1880 жылдан бастап 2 сыныпта скрипкада ойнауға үйретті [8,с. 31]. Мұғалімдер семинариясында скрипка сабақтарына шәкірттер жеке бөлек ақша төлеп оқитын.Семинарияда пәндерді оқытуда салыстырмалы түрде алғанда стандартты емес дербестік болды. Мысалы, Түркістан генерал-губернаторының бекітуімен педагогиканы бірінші сыныптан бастап оқыды [7,с. 111]. 1902 жылғы мұғалімдер семинариясына енген өзгерістерге байланысты, педагогика сабағы екінші сыныптан оқытылатын болды.

Алғашқы жылдары семинарияның 4 жылында аптасына төмендегідей сағаттармен сабақ өткізілді: (кесте 1)

Кесте 1 - Оқытылған пәндердің сағат сандары

Оқытылған пәндер	1 –сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып	Барлығы
1	2	3	4	5	6
Құдай Заңы	3	2	4	2	9
Училищедегі практикалық сабақ				1	1
Орыс тілі мен шіркеулік славян тілі	4	3	3	2	12

1 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Училищедегі практикалық орыс тілі	-	-	-	2	2
Педагогика	-	2	2	2	6
Арифметика	3	2	-	2	7
Практикалық сабақ	-	-	-	2	2
Геометрия	-	2	2	1	5
Отан тарихы	2	2	2	1	7
География	2	2	2	1	7
Жаратылыстану	4	2	2	-	8
Физика	-	-	2	-	2
Көркем жазу	2	2	1	1	6
Сурет	2	5	1	1	9
Сызу	2	2	2	-	6
Ән айту	2	2	2	2	7
Гимнастика	2	2	2	1	7
Қол еңбегі	4	4	4	4	16
Сарт тілі: теориялық шығыс каллиграфиясы және практика	1				
Парсы тілі: теория практика	-	2	3	2	7
	40	40	40	35	
Ескерту – Дереккөз [7,с. 74]					

Кестедегі бөлінген сағат сандарынан Құдай Заңы, орыс тілі мен шіркеулік славян тілі, қол еңбегі сабақтарына көп сағат бөлінгенін көреміз. Түркістан генерал-губернаторының семинарияға жүргізген тексеру нәтижелерімен де пәндердің жүргізілуі мен сағат сандарына өзгерістер еніп отырды. Фон Розенбахтың ұсынысымен қазақ тілінің орнына семинарияда сарт, парсы тілдері оқытылды. 1894 жылы семинарияға жүргізілген К.Яновскийдің тексеруінен кейін, орыс тілі мен географияның бағдарламасы қысқартылып, жалпы тарих Отан тарихы пәнінің бағдарламасына енгізілді және шәкірттердің балалар әдебиетімен танысуына ерекше мән берілетін болды [7,с. 145]. 1902 жылы мұғалімдер семинариясына қатысты қабылданған Заңға сәйкес «Құдай Заңы» - 12 сағат, орыс тілі мен шіркеулік славян тілі - 17 сағат, училищедегі практикалық сабаққа - 12 сағат, арифметика - 11 сағат, жаратылыстану - 10 сағат, физикаға - 6 сағат бөлініп сағат саны көбейсе, керісінше сызу, сурет, қол еңбегі сабақтарының сағаты қысқарды.

Жалпы барлық мұғалімдер семинариясында шәкірттердің каллиграфиясына, әдемі жазуына ерекше көңіл бөлінді, жақсы жұмыстарды марапаттап отырды. Мысалы, 1895 жылы шәкірттердің орыс тілі, математика, көркем жазудан жазбаша жұмыстары Нижний Новгородтағы көрмеге қойылған [8,с. 146].

Семинарияда қазақ тілін оқытуды Түркістан генерал-губернаторы фон Кауфман ұсынған болатын. Ол Халық Ағарту министріне жазған хатында қазақтардың интеллектуалдық қабілеті жағынан орыстарға жақындығы, қазақ балаларын орысша оқытуға тартудың маңыздылығын, қазақтарды мұсылман фанатизімінен шығарудың бір жолы орыс білімі арқылы ассимиляцияландыру жолын ұсынды [112]. Семинарияда 1881-1883 жылдары орыс транскрипциясына негізделген қазақ тілі оқытылды. Қазақ тілі сабағында қазақ тілінің құрылымы, грамматикасын танып, мақал-мәтелдер жаттап және қазақ тілінен орыс тіліне, керісінше аударма жасады. Семинариядағы алғашқы қазақ тілі пәнінің мұғалімі Я.Лютш 1880 жылдың 15 мамырынан 1 тамызына дейін қазақ тілімен жақынырақ танысу үшін арнайы Түркістан уезіне аттанды [8, с. 20]. 1883 жылы Ташкентте Я.Лютш дайындаған қазақ тілін оқытуға арналған «Қырғыз хрестоматиясы» басылып шықты [108, с. 142].

Түркістан мұғалімдер семинариясында қазақ тілін оқыту мәселесі бойынша арнайы комиссия құрылды. Оның құрамына А.Л.Кун, Н.П.Остроумов, С.М.Граменицкий, А.И.Левитский, Я.Я.Лютш кірді. Қазақ тілінің сөйлеу тілін тексеру мақсатында комиссия құрамына Сырдария облысынан екі, Торғай облысынан екі мұғалім қатыстырылды. Комиссия төрағасы А.Л. Кун Я.Я.Лютштың «Қырғыз хрестоматиясы» еңбегін өте жоғары бағалай отырып, Ы.Алтынсариннің транскрипциясына жүгіну қажеттігін атады. Я.Я.Лютштың «Қырғыз хрестоматиясы» еңбегіне Түркістан өлкесіндегі қазақ халқы ауыз әдебиеттінің үлгісінен мақал, жұмбақ, ертегі, әндері енді және хрестоматия Түркістан өлкесіндегі орыс-түзем мектептері үшін жазылған алғашқы оқу құралы болатын. Я.Я.Лютш хрестоматияны дайындау кезінде семинария шәкірттері және белгілі ақындарды тартты, семинария түлектері арқылы орыс-түзем мектептерінің оқу-тәрбие ісіне шығарманың кеңінен тарауына ықпал етті - деп көрсетеді Бержанов [35, с. 147].

Өкінішке орай, семинариядағы қазақ тілінің оқытылуы ұзаққа созылмады, 1883 жылы қазақ тілінің орнына сарт тілі, 1885 жылы парсы тілін оқытты. Араб тілін оқыту туралы сөз болғанымен, бұл жүзеге аспады. «Семинарияға түсушілердің барлығы да қазақ балалары болғанына қарамастан сарт тілі, кейін парсы тілі араб алфавиті негізінде оқытылды» - деп жазады өкінішпен Н.П. Остроумов [112, с. 142].

Н.И.Ильминский мен Н.П.Остроумов семинариядағы сарт пен парсы тілдерінің оқытылуына мүлдем қарсы болды. «Сарттардың сөйлеу тілі өзгеше, қоқандықтардың тілі ташкенттіктерге ұқсамайды, сарттардың сөйлеу тілінің де әдеби тілден айырмашылығы бар, міне осындай қиындықтарға байланысты қазақтарға сарт тілін оқыту көп қиындық туғызады. Қазақтар сарттарға қарағанда орыс тілін үйренуге, білім алуға қабілеттері жоғары» - деп жазды Н.И.Ильминский [113]. Н.И.Ильминский шәкірті Н.П.Остроумовқа жазған хаттарында орыс тілінің қазақтарға тікелей емес жанама сарт тілінде беріліп жатқандығына ренішін те білдірді. «Түркістан генерал-губернаторы Түркістан мұғалімдер семинариясының шәкірттеріне барлық жергілікті тілдер диалектілерінің кілтін беруді ойлаған болар, мүмкін бұл экономикалық

жағынан пайдалы болғанымен, бірақ оның орындалу жағына да мән беру қажет қой» - деп жазды [113,б. 5].

Түркістан генерал-губернаторы Н.А. фон-Розенбахтың ұсынысымен семинариядағы сарт, парсы тілдерін жүргізуге бұрынғы орыс офицері В.П.Наливкин шақырылды. 1884 жылы 9 желтоқсанда Ташкентте ашылған бірінші орыс-түземдік училищесінің меңгерушісі қызметіне тағайындалған В.П.Наливкин Түркістан мұғалімдер семинариясында сарт, парсы тілдерін жүргізді –деп жазады Н.Лукашова [114]. В.П.Наливкин Түркістан мұғалімдер семинариясында 1885-1890 жылдары қызмет жасады, ал 1898 жылы сарт тілін үйренуге арналған көмекші оқу құралын шығарды.

Түркістан өлкесіндегі кәсіби орта оқу орындары мен мектептерде орыс тілін оқытуда әр түрлі әдістермен үйрету тәжірибилері жүргізілді. Алғашқы жылдары семинарияда тілді аударма және грамматика, иллюстрация әдістері бойынша оқытылды. Жалпы осы әдістермен оқыту қатаң сынға алынып, өз нәтижесін бермеді деп көрсетілді. Тілді оқыту семинарияда В.П.Наливкин, Оракулов, Вольпер жазған оқулықтар бойынша оқытылды, кейін бұл оқулықтар да мектептің мақсаты мен талабына сәйкес келген жоқ деп сыналды. Мысалы, 1890 жылы М.Вольпер шығарған «Русская речь» оқулығы барлық бұратаналардың балаларын орыс тілін оқытуға арналған болатын. Бұл оқулық жөнінде «мәдениетті халықтар» неміс, эстон, латыштар үшін жарағанымен, қазақ балалары үшін жарамас - деп көрсетіледі [115]. Жалпы В.П.Наливкиннің практикалық нұсқаулығы Түркістан мұғалімдер семинариясынан бөлек, Верный мұғалімдер семинариясында да қолданылды. Семинариядағы сарт, парсы тілдерін оқытуда практикалық жағына көп көңіл бөлінгенімен, бірақ осы тілдерді оқытудың арнайы бағдарламасы болмағандығы сынға алынды.

С.М. Граменицкийдің түземдік училищелердегі орыс тілін оқытуға қатысты бірнеше жазылған оқулықтары тілдерді үйрету әдісіне біраз өзгерістер алып келді. Тілді енді жаңа әдіспен, яғни дыбыстық оқыту әдісі бойынша оқытылатын болды. Мұғалімдер семинариясында С.М. Граменицкийдің әдісінен бөлек шәкірттерге тілді оқытуда басқа да әдістер қолданылды. 1906 жылы Туссен мен Лангеншейдтің шет тілін оқыту әдістемесіне арналған И.А.Беляевтің сарт, парсы тілін оқыту әдісіне қатысты оқулығы шықты. Әдістің ерекшелігі, мәтін негізінде тілді бірте-бірте үйрету болатын. Мәтіндегі әрбір сөздің айтылуы, маңызы, оның грамматикалық категориясы, синтаксисі түсіндірілді. Сөзді оқиды және жаттайды. Сөздің ауыз екі тілде және жазбаша жұмыстарда қолданысы түсіндіріледі [116].

Семинария мұғалімдер дайындаумен бірге жаппай орыстандыру саясатын да жүзеге асыру мақсатын ұстанғандықтан орыстармен қатар түземдіктерді де қазақ тілінің орыс графикасы негізінде оқыту қажет деген Н.Ильминскийдің жүйесімен оқытты. Түземдік балалар Құдай заңы, шіркеулік славян тілінен босатылғанымен, бірақ ән сабақтарында барлық шәкірттерге бірдей шіркеулік орыс әндері үйретілді, орыс тілінде шіркеулік мәтіндерді аудартты және 1897 жылы семинарияның өз шіркеуі ашылды.

Семинариядағы енген үрдістің бірі, шәкірттердің тәлімгерлер жетекшілігімен оқулықтар шығаруы болды. Мысалы семинарияның алғашқы түлектерінің бірі, Е.Бөкиннің орыс-қазақ және қазақ-орыс сөздігі мен қазақтардың физикалық және ақыл-ой тәрбиесі туралы зерттеулері [117]. 1894 жылы Құдабай Қостанаевтың «Перовск, Қазалы уездері қазақтарының этнографиялық очерктері» зерттеуі [118], тәлімгер Воскресенскийдің басшылығымен төртінші сынып шәкірттерінің «Орыс-түземдік училищелерге арналған арифметикалық есептер жинағы» сынды оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруы болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейдің білім беру жүйесінде еңбек тәрбиесіне басымдылық берілді. И.Я.Яковлевтің концепциясы бойынша ақыл-ойды физикалық еңбекпен байланыстыру мақсатында, шәкірттерді ұсталыққа, ағаш жону, кәрзеңке тоқу, етік тігу, бау-бақшаны күтіп баптау істеріне де үйретті. Семинарияның өзінің етік шеберханасы да болды. Семинария шеберханасында бірінші жарты жылдың өзінде 18 шәкіртке екі ауысыммен сабақ өтуіне мүмкіндік берілді. Желтоқсан айында семинария фермасында жұмыс аяқталған соң, 32 шәкірт шеберханада жұмыс жасады, оларға екі ауысыммен сабақ жүрді. Шәкірттер бау-бақшаға 18 орындық, 3 буфет шкафын, 5 сынып тақтасын, 2 канцелериялық орындық жасаған. Шәкірттер өздеріне қажетті заттарды да жасады. Мысалы 12 шәкірт 71 әртүрлі зат жасаған [119]. Түркістан мұғалімдер семинариясында орташа алғанда жылына 32 шәкірт кәсіптік қолөнерге үйренеді. «Шәкірттер ағаш ұсталығының құпияларын терең оқыды, олар өздері үшін қажетті заттарды да жасады. Мысалы, 12 шәкірт өздеріне 71 зат жасаған - деп жазады З. Муминходжаева [69,р. 156].

Семинарияда шәкірттерді бау-бақша ісіне үйретуге де ерекше мән берілді. Олар бірінші сыныпта бақша дақылдарын, екінші сыныпта тамыр жемістілерді, үшінші сыныпта бақша дақылдарының ішіндегі асқабақ тұқымдасына жататын өсімдіктерді өсіріп, күтіп баптауға, жеміс ағаштарының жақсы өнім беруі үшін ағаштың бұтақтарын кесу әдістеріне де үйренді. Семинарияның алғашқы кезде Қойлықта бау-бақша жүргізуге арналған жер телімі болса, 1900 жылдан бастап қала бағының жанынан арнайы жер берілді [7,с. 26].1896 жылдан кейін семинариядағы ағаш жону, етік шеберханалары жабылды. 1900 жылдардан бастап қол еңбегі сабағы енгізілді. Әр сыныпта қол еңбегі сабағына төрт сағаттан бөлінді.

Мұғалімдер семинариясында діни-адамгершілік тәрбиеге ерекше көңіл бөлінді. 1880 жылы генерал-адютант Фон-Кауфман тұсында бекітілген семинария шәкірттеріне арналған Ережеге сәйкес діни орындалатын міндеттіліктер нақты көрсетілді. Православие дініндегі шәкірттердің таңертең ұйқыдан оянуы дұғадан басталып, түнгі ұйқысы да дұғамен аяқталуы тиіс болды. Таңертең әрбір сабақ та дұғамен басталып, дұғамен аяқталды.

Демалыс, мейрам, атаулы күндері православие дініндегі шәкірттер кезекші тәлімгермен бірге шіркеудегі құлшылыққа баруы тиіс болды. Діни мереке күндері шіркеулік уағыз, литургияға қатысты. Қол бос уақыттарда дінтанушы мұғалімінің басшылығымен діни мазмұндағы кітаптар оқыды [8,с. 5-6]. Құдай

заңы сабағы өтіп жатқанда түземдік шәкірттер қол бос мұғаліммен орыс тілін оқыды. Семинария шәкірттері кешкі құлшылыққа міндетті түрде баруы тиіс болды. Олар жаңбырлы, қарлы, аязды күндері ғана кешкі құлшылықтан босатылды [90,с. 272].

Шәкірттердің күн тәртібі қатаң түрде өз уақытымен бекітілген кесте бойынша қадағаланды. Барлық тәрбиеленушілер таңертең тұрып және кешкісін қоңырау соғылғанда жататын болған. Ауыз бекіту, шіркеуге бару жұмыстары тәлімгерлер мен қадағалаушылардың қатысуымен өтті. Олейник мұндай қатаң қадағалау әсіресе қазына шәкіртақысына оқитындарға қатысты болатын -деп жазады [4,с. 10].

Әрбір шәкірт сыныпта басшылық бекіткен орында отырды, орынды ауыстыруға рұқсат берілмеді. Сыныпта өте қатаң тәртіп сақталынды. Олар көктем, жазда сағат 6-да, көктем, қыста 6.30 тұруға тиісті болды. Жарты сағат ішінде өздерін ретке келтіріп, таңертеңгі дұғасын оқыды. Семинарияның педагогикалық кеңесінде семинаристердің физиологиялық дамуы оқу орнының қамтамасыз ететін басты міндеттерінің бірі деп көрсетілді, яғни, қоғамға рухани бай және дені сау ұрпақ тәрбиелеп өсіру. Халық ағарту министрі барон Николайдың 1881 жылы 5 мамырдағы №5562 бұйрығымен семинария тәрбиеленушілерінің сабақ кестесі бекітілді.

Семинария тәрбиеленушілері таңертең сағат 6:00-де ұйқыдан тұрып, таңертеңгілік дұғаларын оқып, ән айтады, содан кейін жеңіл дене жаттығуларын жасап, 7:00-де таңғы ас ішеді. Сабақ 8:00-де басталап 14:00 дейін болды. Сабақтың кестесі: 8:00-8:55 бірінші сабақ

9:00-9:55 екінші сабақ

10:00-11:00 үшінші сабақ

11:00- таңғы ас

11:25-12:20 төртінші сабақ

12:20-12:45-шәкірттер мұғалімнің бақылауымен

гимнастика жасады

13:05-14:00 бесінші сабақ

14:15:00 шәкірттер бау-бақшада, шеберханада жұмыс жасады, кейбіреулері ән сабағына дайындалады. 15:00 минутта тәрбиеленушілер түскі асын ішті. 16:00-17:00 сағатта музыкада оқитын шәкірттерге музыка сабағы жүрді. Түске дейін шеберханада жұмыс жасағандар бау-бақшада жұмыс жасаса, керісінше бау-бақшада жұмыс жасағандар шеберханада жұмыс жүргізді. Кешке жақын семинаристерде 19:00-19:30 кешкі ас уақыты. Олар 19:30-20:30 дейін үй тапсырмаларын орындады. 20:30-21:00-демалыс уақыты, хорда ән айтатындар ән айтты. 21:00-00 - 21:15-де кешкі дұғаларын оқып, жеңіл жаттығулар жасап ұйықтады [8,с. 13].

Түркістан мұғалімдер семинариясында алғашқы екіжылдық тәжірибиден кейін, шәкірттер жасының 16-20 жас аралығы болуын ескеріп, гимнастикалық жаттығулар жасау уақытын, таңғы жаттығуларды ұзартты. Таңғы, кешкі жаттығуларға кезекші тәлімгерлер, немесе семинария директоры қатысты. Жаттығулар жаз айларында далада жасалса, күннің суық күндері семинарияның

өз ішінде жаттықты. Сабакқа дайындалу кезекші тәлімгерлердің қатысуымен жүрді. Ұқыптылыққа үйрету мақсатында шәкірттерді шеберхана, ас үйдің жұмыстарына араластырылды. Базардан азық-түлікті тасуға көмектесу, шеберхананы тазалау сынды жұмыстарды атқарды [8, с. 36].

Семинарияда шәкірттердің білімі бес баллдық жүйемен бағаланды. Шәкірттердің тәртібіне де баға қойылды. Кез келген шалыс әрекеттері орынсыз мінез-құлық ретінде бағаланып жазаланды. Мысалы, құлшылық кезінде шіркеуден және мұғалімнің рұқсатынсыз сыныптан шығып кетсе, шіркеу ғибадаттарына бармаса, сынып жетекшісінің ескертуін ескермесе, мемлекет мүлкіне немқұрайлы қараса, үй иесінің рұқсатынсыз пәтерден шығып кетсе, пәтерге кеш оралса, көшеде және қоғамдық орындарда әдепсіз әрекет жасаса, рұқсат етілмеген жерде темекі шексе, жаман әдеттер көрсетсе және т.б. әрекеттері үшін тәртіпке қойылатын бағасы төмендетілді, немесе оқудан шығарылды. Мысалы, 1895 жылы екінші сыныптың екі шәкірті үлгерімі мен тәртібі үшін оқудан шығарылды, біреуі сыныпта өзін дұрыс ұстамағаны, екіншісі емтихан кезінде аударманы дұрыс жасамағаны үшін болатын [7, с. 741].

Мұғалімдер семинариясында жақсы оқыған және қайырымдылық жасаған, ерекше қабілетті шәкірттер марапатталды. 1895 жылы семинарияны өте жақсы бітірген Менщиков, Петиценің әрқайсысына 15 рубльден ақшалай сыйлық берілді. Педагогикалық Кеңестің шешімімен семинарияның 4 курс шәкірттері Щипков пен Подъечевтің сабақтан бос уақыттарда Ташкент балалар үйіндегі оқушыларға ән үйретіп және сабақтарға дайындағаны үшін Түркістан генерал-губернатордың қолдауымен күміс сағаттармен марапатталды [7, с. 147]. 1883 жылы 3 мамырда Педагогикалық Кеңес үшінші сыныптағы ән мен музыкаға ерекше қабілетті шәкірт Колчинді семинария қаражаты есебінен Санкт-Петербургтегі Капеллаға бір жылға музыкалық білім алуға ұсыныс жасаған [7, с. 115].

Мұғалімдер семинариясында оқу 7 тамызда басталып, 15 маусымда аяқталатын. Рождество, Пасха мейрамдарында екі аптадан демалыстар берілді. Бір сыныптан келесі сыныпқа өтуде емтихан тапсыруға екі аптадан уақыт, ал бітіру емтихандары үшін оқу жылының соңында төрт аптадан уақыт бөлінді. Оқу мерзімі жылына 38 аптаға созылды, мұның ішіне емтихан уақыты да енгізілді. 1892 жылғы дейін шәкірттер ән сабағы мен көркем жазу сабағынан бөлек барлық пәндерден емтихан тапсырды. 1 сынып оқушылары жазбаша орыс тілі, арифметикадан емтихан жазбаша, Құдай заңы, жалпы тарих, жалпы географиядан емтихан ауызша; 2 сынып оқушылары орыс тілі, арифметикадан емтихан жазбаша, орыс тілі мен шіркеулік славян тілі, жаратылыстану пәндерінен ауызша емтихан тапсырды. Бір сыныптан екінші сыныпқа өту емтиханына пән мұғалімі, ассистент және директор қатысты. Шешуші баға қою кезінде шәкірттің бір жылғы сабақтағы белсенділігі мен сынақ кезіндегі жауаптары ескерілді. Бітіру емтихандарына Педагогикалық Кеңес мүшелері, халықтық училище инспекторы қатысуы тиіс болды. Ауызша емтихан тапсырудан бөлек бітіруші түлектер орыс тілі, математикадан жазбаша жұмыс

жазып, бастауыш училищеде Педагогикалық Кеңес мүшелерінің қатысуымен сабақ өткізетін [74,с. 34]. Семинариядағы сабақтарға, емтихандарға жергілікті шенеуліктер қатысып отырды.

1880 жылғы 18 желтоқсандағы бұрыққа сәйкесі оқу орындарының шәкірттері 6 қаңтар, 2 ақпан, 25 наурыз күндері сабақтан босатылды [90, 249-б.].

Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауда практикаға ерекше көңіл бөлінді. Семинария жанынан ашылған екі сыныптық училищеге мүлдем сауаты жоқ балалар қабылданатын. Шәкірттер үлгілі училищедегі мұғалімдердің сабақтарына қатысып, кейін сабаққа лекция дайындап, өздері сабақ жүргізді. Олардың сабақтарына міндетті түрде мұғалім және өзінің жолдастары қатысып, кейін әр өткізілген сабақ талқыланды.

Мұғалімдер семинариясында тарихи-мәдени тәрбиеге және жаратылыстану сабақтарының жүргізілуіне үлкен мән берілді. Сабақ түрлерінің ішіндегі экскурсия сабағы жүргізілді. Экскурсия сабағының негізгі мақсаты аймақ туралы танымдық ақпарат берумен қатар, табиғат туралы диалектикалық-материалистік көзқарастарын қалыптастыру, қызығушылығын туғызып, сонымен бірге тәлімгер мен шәкірт арасындағы қарым-қатынасты жақындатуға бағытталды. Экскурсиялар қала ішіне, уез аумағында, облыс аумағына, Мәскеу және тағы да басқа қалаларға ұйымдастырылды [120].

1884 жылы Түркістан мұғалімдер семинариясының шәкірттері Шыназ, Жызақ, Самарқанд, Пенжакент, Заамин, Ұратөбе, Ходжент қалаларына экскурсияға шықты. Тәлімгер В.Ошанин экскурсия барысы туралы былай есеп берді: «Шәкірттер Түркістан өлкесінің біраз аймағын аралады. Табиғат құбылыстары туралы әр түрлі сұрақтар қойды, бүкіл сапарды жақсы көңіл күймен өткізді» [24,с. 109].

1899 жылы Ташкенттегі Түркістан мұғалімдер семинариясы, гимназия, реалды училище шәкірттері Мәскеу, Санкт-Петербург, Приволжье, Төменгі Новгородтағы жәрмеңкелерді аралап қайтты. Олардың Ресейге сапарларының бастамшысы және сапардың шығынын көтерген Түркістан генерал-губернаторы С.М. Духовский болатын. Жастарды апару жауапкершілігі Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі Сералы Лапинге жүктелді [121]. Генерал-губернаторлар семинария шәкірттерінің жан-жақты білім алуына ерекше мән берді.

Мұғалімдер семинариясында шәкірттер және мұғалімдер арасында патриоттық көңіл-күй мен Отан тағдырына жауапкершілік өте жоғары деңгейде сақталды. 1904-1905 жылғы орыс-жапон соғысы мен бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында семинария шәкірттері әр түрлі істерімен көмек көрсетті. Мысалы, жауынгерлерге сыйлық, ақша жіберді, концерттер, көрмелер ұйымдастырып түскен ақшаны жауынгерлерге жіберді. 1904 жылы Түркістан генерал-губернаторының рұқсатымен мұғалімдер семинариясы шәкірттерінің қол еңбегі сабағында дайындаған заттары сатылды. Жиналған ақша семинария шәкірттерінің қалауымен әскери флотты күшейтуге жіберілді [122]. Семинария

шәкірттерінің сатқан затынан түскен 92 рубль 87 тиын қайырымдылық қорына түсті [123].

Барлық мұғалімдер семинариясының кітапханасы екі бөлімнен тұрды: фундаментальді және шәкірттер үшін. Фундаментальді кітапханада тәлімгерлердің білім деңгейін көтеруге бағытталған кітаптар және сабақты жүргізуге арналған әдістемелік бағыттағы кітап, журналдардан тұрды. Семинариядағы шәкірттер кітапханасы оқытылатын пәндерге арналған ғылыми оқулықтар қорынан тұрды. Фундаментальді кітапхананың кітап қоры Халық Ағарту Министрлігі рұқсат етілген және Педагогикалық Кеңестің таңдауымен алынған кітап қорынан болды. Кітапхананы басқару Педагогикалық Кеңестің шешіміне байланысты тәлімгерлерге екі жылдан басқару міндет етілді [25,с. 75].

Семинарияның алғашқы ашылған жылы 1357 атаумен 2723 том кітап қоры болды [8,с. 29]. 1895 жылы семинария мен үлгілі училищеде 4878 атаумен 8340 том кітап болса, оның 193 физика, 76 жаратылыстану, ал 312 кітап басқа оқу құралдары болатын. [106,с. 168-169] 1904 жылы кітапхананың фундаментальді кітапханасында 4240 атаумен 6466 том, ал шәкірттер кітапханасында 1426 атаумен 2094 кітап қоры болған еді [7,с. 76]. Жалпы семинарияның кітап қоры өзімен қатар ашылған Орск-Орынбор мұғалімдер мектебінің кітап қорымен салыстырғанда толығырақ болды.

Түркістан генерал-губернаторлығында алғаш ашылған мұғалімдер семинариясы Сырдария, Жетісу, Самарқанд, Ферғана облыстары үшін, ал 1900 жылдан кейін Закаспий облысы үшін бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаған алғашқы кәсіби орта оқу орны болды. Сонымен қатар, семинария өлкеге аудармашыларды да дайындады. Семинария түлектері түземдік, орыс-түземдік мектептері мен училищелерінде, облыс, уездік басқармада аудармашы, шенеулік қызметтерін де атқарды. Мұғалімдер семинариясының шәкірттері түземдік мектептерден бөлек мұғалімдердің жетіспеуіне байланысты қалалық училищелерге де қызметке тұрды. Түркістан генерал-губернаторының өтінішімен 1898 жылы 57 бұйрыққа сәйкес Түркістан мұғалімдер семинариясын бітіргендер Түркістан өлкесіндегі қалалық училищелерде оқытушылардың көмекшісі қызметін жүргізу мүмкіндігін алды. 1872 жылы 31 мамырдағы қалалық училищелерге қатысты бекітілген Ережеге сәйкес қалалық училищелердің сынып мұғалімдеріне және оның көмекшілеріне мұғалімдер институтын бітіргендер ғана қабылдануы тиіс болатын. Түркістан генерал-губернаторы аймақтағы училищелерге мұғалімдер институтын бітіргендердің қызметке келмеуіне байланысты, бос орындарға мұғалімдер семинариясын бітіргендерді қызметке алу жөнінде Халық Ағарту Министрлігіне өтініш жасаған болатын, губернатордың өтініші қанағаттандырылып, семинарияның түлектері қалалық училищелерде оқытушылардың көмекшісі қызметіне де қабылдана бастады [124].

Түркістан генерал-губернаторлары семинария түлектерінің аудармашы, әр түрлі бастауыш оқу орындарына мұғалімдік қызметке тұруына үлкен мән берді. Генерал-губернатор фон Розенбах семинария жөнінде: «Бүкіл оқу-ағарту ісі

орыс тілі, орыс тарихы, орыс географиясын оқытуды өз төңірегіне шоғырландырған мұғалімдер семинариясы орыс халқының туын биік ұстады. Семинариядан шыққан орыс мұғалімдері мектеп арқылы өлкедегі орыс принциптерін, орыс әдет-ғұрпын және орыс тұрмысының әдебін меңгертудің ең сенімді нұсқаушысы болды. Түркістан мұғалімдер семинариясын өте жоғары бағалаймын және оны басқа мекемеге айналдыру ойымда болғанда да емес» - деп жазды [92,с. 24].

Түркістан мұғалімдер семинариясы Түркістан генерал-губернаторлығында бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаған алғашқы оқу орын болды. Семинарияды оқу-тәрбие жүйесі Ресей империясындағы білім жүйесі бойынша қабылданған нормативті-құқық Ережелері негізінде жүзеге асырылды.

2.2 Семинарияды оқытушылардың, шәкірттердің ұлттық, әлеуметтік құрамы

Түркістан мұғалімдер семинариясының педагогикалық ұжымы директор, пән тәлімгерлері, мұғалімдер, попечитель, эконоом, дәрігерден тұрды. 1870 жылы 17 наурыздағы мұғалімдер семинариясына қатысты қабылданған жалпы Ереженің §9 бабына сәйкес директорды өлкедегі училищелер бас инспекторының ұсынымен православие дініндегі, империядағы жоғары оқу орнын бітірген, педагогикалық тәжірбиесі бар адамды генерал-губернатордың ұсынысымен Халық Ағарту Министрі бекітті [125].

Ереженің §10 бабына сәйкес семинарияны басқаруда директорға Халық Ағарту Министрлігі ведомствосына бағынышты гимназия директорының құқы берілді [125,с. 1936]. Семинария директоры семинарияны және оның жанынан ашылған үлгілі училищені де басқарды. 1880 жылғы 26 қаңтарда қабылданған бұйрыққа сәйкес әрбір жартыжылдықта директор сынып журналының негізінде, сабақтан қалған мұғалімдердің сағат саны мен қалуының себебі туралы мәліметті, оқу округіне хабарлап отырды. Сабақтан қалған мұғалімді басқа мұғалім алмастыру үшін, тілдер және математика пәнінің мұғалімдері тоқсан соңында шәкірттер орындауға тиісті тақырыптарды директорға тапсырып отырды. Жиі сабақтан қалатын мұғалім ешқандайда да марапатқа ұсынылмады [126].

Түркістан мұғалімдер семинариясының алғашқы директоры Қазан Діни Академиясының дін ілімдерінен магистр дәрежесінде бітірген Николай Петрович Остроумов. Барлық семинария директорлары V дәрежедегі шенде болатын. Н.П.Остроумов семинария директорлығы қызметіне екі рет тағайындалды, алғашқы рет 1879-1883 жылдары, екінші рет 1901-1917 жылдар. Ол семинария тарихында ұзақ жылдар басқарған тұлға ретінде қалды. Семинарияны Н.П.Остроумовтан бөлек биолог, этномолог, географ В.Ф. Ошанин (1883-1884), Ю.Ф.Крачковский (1884-1888), М.А.Мироппиев (1888-1896), Н.А.Воскресенский (1896-1897) И.М.Софийский (1897-1900), А.И.Марков (1900-1901) басқарды. Түркістан мұғалімдер семинариясының ерекшелігі семинарияны негізінен Қазан діни семинариясының түлектері, яғни Н.П.Ильминиский мен И.П.Остроумовтың шәкірттері басқарған.

Қазан Діни семинариясы шәкірттерінің кейбірінің өмірі мәңгілікке Ташкентпен байланысты болды. Н.П.Остроумов 1879-1883, 1901-1917 жылдары Түркістан мұғалімдер семинариясын, 1883-1901 жылдары Ташкент ерлер гимназиясын басқарып, 1917-1921 жылдары Тамбовқа туған жеріне қайтса, 1921 жылы Ташкентке кері оралып, 1930 жылы осы жерде қайтыс болады. Қазан Діни семинариясының келесі түлегі, И.М.Софийский 1879 жылы Қаракөл қалалық училищесінде, 1883-1884 жылы Түркістан мұғалімдер семинариясында жұмыс істеді. 1884-1890 жылдары Орал, Қазан оқу округтерінде, 1893 жылы Красноярск мұғалімдер семинариясының директоры, ал 1896 жылдан өмірінің соңғы сәтіне дейін Түркістан мұғалімдер семинариясының директоры қызметін атқарды.

Түркістан мұғалімдер семинариясының директоры Н.П.Остроумовтың алғаш рет қызметтен кетуі, училищелердің бас инспекторы Александр Людвигович Кунмен қарым-қатынасының шиеленісуінен басталды. Н.П.Остроумов И.Н.Ильминскийге жазған хатында жағдайдың ушығуын А.Л.Кунның өз есебін жаздыртудан басталды деп хабарлайды [127]. Оқу инспекторы А.Л.Кунның Түркістан мұғалімдер семинариясына қабылданған барлық Қазан діни семинарияның түлектерімен қарым-қатынасы шиеленісті болды. Знаменский семинариядағы жағдай туралы: «Оқу инспекторы Н.И.Ильминскийдің шәкірттерінен құрылған семинариядағы өзіне қарсы топтың құрылуынан қорықты. Партиялық рух пен әр түрлі интригалар сол кездегі Ташкентке тән болатын» - деп жазады [14, с. 51]. Н.И.Ильминскийдің шәкірттерін Түркістан генерал-губернаторы фон Кауфман қолдағанымен, бірақ училищелердің бас инспекторы, белгілі тюрколог, шығыстанушы, арабист, «Түркістан альбомы» жинағының авторы А.Л.Кун қолдамады.

Жалпы А.Л.Кунның қазандықтарға қатысты әрекеті И.Н. Ильминскийдің К.П.Победоноцевке жазған құпия хаттарында да баяндалған: «Ол Остроумовты пәлеқор ретінде көрсеткісі келеді, оның жалпы қазандық түлектерге көзқарасы осындай, тек Миропиевке ғана басқаша. Гирс Остроумовты өте жоғары бағалайды, ал Миропиевті керісінше өте жеңілтек адам санайды» - деп жазады [128]. 1882 жылы Түркістан өлкесінде кешенді тексеру жүргізген құпия кеңесші Ф.К. Гирстің Н.Остроумовқа қатысты көзқарасын И.Н.Ильминский Қасиетті Синодтың обер-прокурорына хабарлай отырып, өз шәкіртін қолдаушылардың да бар екендігін жеткізген.

1882 жылы Түркістан генерал-губернаторы фон Кауфман қайтыс болғаннан кейін, генерал-губернатор М.Г.Черняевтің кезінде ішкі тартыс қайта шиеленсе түсті. 1884 жылы М.Г.Черняев И.П.Остроумовты семинария директорлығы қызметінен алып тастап, орнына Петербург теология Академиясының түлегі, бұрынғы Вильна мұғалімдер институтының директоры Юлиан Фомич Крачковскийді тағайындады. Өз шәкіртінің директорлық қызметтен кетуі және семинарияға жаңа басшысының тағайындалуына Н. И. Ильминский қатты наразы болды. 1884 жылы 25 сәуірде Ю. Ф. Крачковскийге қарсылығы туралы былай деп жазды: «Орта Азияға оны не алып келді? Мұсылманшылдықта оның мүдделері қандай? Өз аймағы үшін пайдалы болса,

Вильнада округтік инспектор болатын еді ғой, оған Ташкентке келу идеясын А.Л.Кун ұсынған болар. Н.П.Остроумов Қазанға қайта оралуы қажет, мүмкін бұл пайдалы да болар» [129].

Н.И. Ильминский шәкірті Остроумовқа былай хат жолдады: «Сізді семинариядан гимназияға ауыстырғаны туралы хат алған соң, Константин Петрович Победоносцевтен Қазан мұғалімдер семинариясының директорлығы қызметіне, яғни менің орныма қоюды ұсындым. Құдайдың көмегімен адал және ізгілікті атыңызды қайта қалпына келтіру қажет» [128,б. 69]. И.П.Остроумовтың кері Қазанға оралу туралы ойы болғанымен, бірақ ол кейін, Ташкентте қалу туралы шешім қабылдады. 1883 жылы наурызда Н.Остроумов ұстазы Н.И.Ильминскийге жазған хатында Крачковскийді білетін адамдардың, ол туралы өте жақсы пікірде екендігін хабарлаған [128,б. 58]. 1884 жылы Н.Остроумов Ташкент ер балалар гимназиясының директоры болып тағайындалады.

Ю.Ф. Крачковскийден кейін семинария директоры қызметін Н.П. Остроумовтың шәкірттері М. А. Миропиев, М. Софийский атқарды. 1901 жылы Н. П. Остроумов қайта өз қызметіне оралып, семинарияны он жеті жыл үзіліссіз басқарды. Жалпы Түркістан мұғалімдер семинариясын басқаруға қатысты ішкі шиленистер болғанымен де, негізінен Н.И. Ильминскийдің шәкірттері, Қазан діни семинариясының түлектері оқу орнын басқарған еді.

Түркістан мұғалімдер семинариясы туралы қабылданған Заңның 2453 бабына сәйкес Құдай Заңы, ғылыми ілімдер, сарт пен парсы тілі, көркем жазу, сызу, сурет сабағының мұғалімдерін, жергілікті тілдер бойынша практикантты, үлгілі училище мұғалімін, дәрігер, экономды 2392 бапқа сәйкес семинария директоры сайлағанымен, оларды училищелердің бас инспекторының ұсынысымен Түркістан генерал-губернаторы бекітті. Ән, музыка және гимнастика пәндерінің мұғалімдерін, жергілікті тілдің практиканты, экономды директор өз шақыртуымен қызметке алу құқы болды [74,с. 98]. Директор семинариядағы кейбір қызметкерлерді өзі алу құқы болғанымен де, бірақ бұл іске Түркістан генерал-губернаторының белсене араласып отырғандығын да көруге болады. Мысалы, «фон-Кауфман уақытша эконом қызметін атқаруды Педагогикалық Кеңеске жүктеп және Кеңес бұл істі атқаруға семинария шәкірттерін тартты» - деп жазады Миропиев [8,с. 8].

Ережеге сәйкес егер де тәлімгердің, немесе үлгілі училище мұғалімінің әнге қабілеті, сабақты жүргізуге деген қызығушылығы болса, қосымша жалақымен пәнді өткізуге мүмкіндік берілді [74,с. 11]. Мысалы, семинария алғаш ашылған жылдары Құдай заңы пәнінің тәлімгері А.Н.Воскресенский ән сабағын да жүргізді. Семинариядағы педагогика, дидактика пәндерін директордың өзі берді.

Директор Құдай заңының тәлімгерін Епархиялық басшылықтың келісімімен Діни академиялық білімі барлардан ғана сайлай алды. Ғылыми пәндер бойынша тәлімгерлер міндетті түрде христиан дініндегі, жоғарғы оқу орнының түлектері болуы қажет болатын. Алғашқы жылдары мұғалімдер семинариясының оқытушылар құрамында Діни академияны бітірген түлектер

көбірек болды, ал Орск-Орынбор мұғалімдер мектебінде керісінше негізінен университет түлектері болатын. Семинарияға әйел адамдар қызметке алынбады.

1900 жылы 1 қаңтардан бастап семинарияға қол еңбегі пәнінің мұғалімі дәрежесі енгізілді [74,с. 98]. Семинариядағы ән сабағының мұғалімі Х-шенде, көркем жазу, сызу, сурет пәндерінің мұғалімдері ІХ шенде болды, оларға 500 рубль жалақы, қазыналық пәтер, зейнетақы тағайындалды [7,с. 43]. Түркістан мұғалімдер семинариясындағы дәрігердің қызметтік құқы мен дәрежесі Халық Ағарту министрлігіне бағынышты гимназия қызметкерлерімен теңестірілді [74, с. 11].

Түркістан мұғалімдер семинариясының оқытушылар құрамында алғашқы кезеңде діни академияны бітірген тұлғалар басымырақ болды. Семинарияның тәлімгерлері: Құдай заңынан Қазан Діни Академиясын бітірген дін ілімі бойынша магистр, VIII шендегі Н. А. Воскресенский, кейін шіркеу қызметкері А.И.Марков, орыс тілінен Санкт-Петербург тарих-филология институтын аяқтап гимназия мен прогимназия оқытушысы дәрежесі бар, VIII шендегі ассесор Николай Петрович Знаменский, К.В.Аристов, И.М.Софийский, Н.А.Воскресенский, Ф.П.Егоров, математикадан Императорлық Мәскеу университетінің физика-математика факультетін бітірген, кандидат атағы және гимназия прогимназия оқытушысы дәрежесі бар VIII шендегі Н. К. Смирнов, А.М.Щулинский, Н.Ф.Воскресенский, И.А.Меркулов, тарих пен географияны Қазан діни Академиясын дін ілімі бойынша кандидат VIII шендегі М. А. Миропиев, Н.Ф. Воскресенский, П.А. Дьячков, Н.Г. Маллицкий, В.Я. Белоусов, М.А. Никольский, Н.И. Борисоглебский жүргізді. Түземдік тілдерді Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін шығыс тілдерінің кандидаты дәрежесінде бітірген VIII шендегі Я.Я. Лютшь, В.В. Фомин, Мәскеудегі Лазаревский атындағы шығыс тілдері институтының түлегі Г.А. Митропольский, әскери шығыстанушы В.П. Наливкин, В.С. Яковлев, А.А. Ломакин сабақ берді. Түземдік тілдердің практикалық сабағын семинарияның өз түлектері Х. Ибрагимов, М.С. Андреев, П.Е. Кузнецов, И.А. Сарымсақов жүргізді. Түркістан мұғалімдер семинариясында түземдік тілдерді оқытатын мұғалімнің шені мен дәрежесі Семей мұғалімдер семинариясы, Жетісу мұғалімдер семинариясымен салыстырғанда өте жоғары болды, өйткені олардың шені негізгі пәндерді оқытатын мұғалімдермен теңестірілді, жалақысы да жоғары болды. Түземдік тілдерді жүргізетін практикант мұғалімдердің құқы приходтық училище мұғалімдерінің құқымен теңестірілді. 1884-1890 жылдар аралығында семинариядағы парсы, араб тілдерін жүргізген орыс этнографы, кейін II Мемлекеттік Дума депутаты болған В.П. Наливкин бастамасымен шәкірттерді этнографиялық материалдар жинау үшін жаз айларында қышпақтарға аттандыру тәжірибиесі енгізілді [7,с. 128].

Жаратылыстану тарихы, бау-бақша, жер сабақтарының практикалық сабақтарын Петровск-Разумовск жер және орман Академиясын студент дәрежесінде бітірген, VIII шендегі П. Н. Ягодный кейін Н.Ф. Воскресенский, Н.А. Меркулович, Н.И. Борсоглебский жүргізді. Алғашқы кезде

көркем жазу және сызудан Сырдария облысының сызбашысы А.Сахаров берсе, ал 1880 жылы Строгонов Орталық училищесін суретші дәрежесінде бітірген, ІХ шендегі Е.П. Пустынин, И.Е.Никифоров жүргізді, ән сабағынан Н. А. Воскресенский, капитан Бутурлин, А.П. Мирон Ф.Лейсек, гимнастикадан Түркістан атқыштар баталионының штабс-капитаны М.Николаев, А.Федоров, Н.Куряжский, Ф.Куницкийлер сабақ берді. Семинарияның алғашқы дәрігері Дмитрий Самсонович Гинердің Императорлық дәрігер-хирургиялық Академиясын бітірген емші дәрежесі болды [130]. Кейін В.В.Покровский, фельдшер В.А. Катаев семинария дәрігері қызметін атқарды.

1882 жылы Түркістан мұғалімдер семинариясының төртінші оқу жылында оның жанынан үлгілі бастауыш училище ашылды. Училищеге 7-12 жас арасындағы хат танымайтын балалар қабылданды. Шыназ приходтық училищесінің мұғалімі Василий Колесинский үлгілі училищеге мұғалім болып тағайындалады. Ол 1882-1911 жылға дейін семинария училищесінде қызмет жасады. 1887 жылы 3 қарашада В.Колесинский коллежский регистратор шенімен және Александр ленталы күміс медальмен марапатталды [131]. 1911 жылы науқасына байланысты училищедегі қызметінен кетті. 1911 жылы училище мұғалімі қызметіне бұрынғы Бұхара ерлер приходтық училищесінің мұғалімі Федор Комаров тағайындалды. Екінші үлгілі училищенің мұғалімдері Л.Е. Смольников, В.Г. Подольский, Э.А. Гартвиг, Н.К. Тысячников болды.

Түркістан мұғалімдер семинариясы Ресейдің орталық губернияларынан алыста жатқандықтан тәлімгерлердің жалақысы да жоғары болды. Семинария директорының жалақысы 3000 рубль, дін сабағының оқытушысы 1800 рубль, ғылыми пәндер бойынша 5 оқытушының жалақысы 9000 рубль, сурет, сызу, көркем жазу оқытушысы 600 рубль, дәрігер 450 рубль, эконом 450 рубль, семинария жанынан ашылған училищедегі 2 оқытушының әрқайсысына 1800 рубльден төленді [7,с. 197]. Мысалы, 1890-1893 жылдары Орск-Орынбор бастауыш училищесінің мұғалімдер мектебінде мұғалім болған Берғали Бахтыгереев жылына 360 рубль жалақы алды, бұл коэффициент Түркістан мұғалімдер семинариясына қарағанда бірнеше есе төмен болатын [132].

Түркістан мұғалімдер семинариясының оқытушылары үшін жеңілдіктер де жасалды: а) 3 жылдан кейін 4 айлық демалыс алуға құқы болды; б) Түркістан өлкесінде қызметін қалдырып, басқа жерге қызметке ауысса да, яғни 5 жыл қызмет үшін жаңа жерге жеткенге дейінгі жол қаражатын алуға және соңғы қызметі бойынша жарты жылдық көлемде жалақы алуға құқы болды; в) зейнетке шыққанда Түркістан өлкесінде жасаған 5 жылдық қызметі 7 жылдық қызмет өтелімі ретінде көрсетілді [104,с. 1883].

Мұғалімдер семинариясының директоры мен оқытушылары тікелей міндеттерден бөлек, Түркістан генерал-губернаторының, училищелердің бас инспекторының тапсыруымен түрлі қызметтер атқарды. Түркістан мұғалімдер семинариясының тағы бір ерекшелігі - генерал-губернаторлар семинарияның ішкі өміріне белсене араласты. Генерал-губернатордың тағайындауымен директор Н. П. Остроумов Түркістан газетінің сарт тіліндегі редакторы болды. Семинарияның мұғалімдері «Түркістан ведомствосы» газетіне жиі мақалалар

жариялап отырды, және ғылыми еңбектер жазды, яғни мұғалімдік қызметпен қатар ғылыми ізденісте де болды. Олар жергілікті әкімшілік тарапынан берілген әр түрлі міндеткерліктерді де атқарды. Мысалы, оқу орындарының тексеру жұмыстарына қатысты.

Семинарияның ең жоғары органы Педагогикалық Кеңес болатын. Ереженің 2397 бабына сәйкес Кеңес құрамына директор төраға, Құдай заңы мұғалімі, тәлімгерлер мен бастауыш училище мұғалімі кірді [71,с. 12]. Кеңесте оқу-тәрбие жұмысына қатысты нұсқаулар, курсты бітірген шәкірттерге куәлік беру, сабақ жүктемесін тәлімгерлер арасында бөлу, шәкірттерді оқуға қабылдау, шығару, келесі сыныпқа көшіру, оқу-үлгерімі, тәртібі, оқу құралдары мен кітаптар, оқу бағдарламасы, тәлімгерлерге арналған нұсқаулар, шығындар, шаруашылыққа қатысты сұрақтар мен тағы басқа мәселелер талқыланды. Шешім көпшілік дауыспен қабылданады, егер де семинария директоры көпшілікпен келіспесе, істі шешу оқу округінің попечителіне берілді [74,с. 12]. Ереженің 2398 бабына сәйкес семинарияның оқу бағдарламасына қатысты мәселелерді округ попечителіне ұсынып, түпкілікті шешім қабылдау Халық Ағарту Министрлігінің құзырында болды [74,с. 12].

Тәлімгерлер оқу ісімен қатар тәрбие жұмысын да жүргізді. Олар семинария басшылығы мен Педагогикалық Кеңеске бағынды Өз пәндерін жүргізумен қатар тәлімгер бір сыныпты өз бақылауына алды. Тәлімгерлер үшінші сынып шәкірттерінің жүргізген ашық сабақтарына, оны талқылауға міндетті түрде қатысуға тиісті болды. Шәкірттердің сабақты жүргізуіне көмек көрсетті, сабақ жоспарын тексерді [25,с. 67]. Педагогикалық Кеңестің белгілеуімен кабинетті жүргізу, кітапхана ісі, хатшылық істі де атқаруға міндетті болды. Ауырып немесе басқа себептермен келмеген мұғалімдердің сабағын да жүргізді. Семинарияда кезекшілік міндеттер атқарды.

Дінтану мұғалімі шәкірттердің православие шіркеуі белгілеген қағидаттарды орындауын қадағалап отырды. Олардың ораза ұстауы, құлшылық жасауы, шіркеудегі құлшылыққа баруын қадағалады. Шіркеудегі жексенбі, мейрам күндерінің алдында жексенбілік Евангелия уағыздарын түсіндіруі тиіс болатын. Шәкірттермен бірге діни уағыздың ең таңдаулы кітаптарымен жұмыс жасады. 1897 жылы Түркістан мұғалімдер семинариясының өз шіркеуі ашылғаннан кейін, Құдай Заңы пәнінің оқытушысы шіркеудегі қызметті де қоса атқарды [25,с. 71].

Мұғалімдер семинариясының Ережесіне сәйкес Педагогикалық Кеңес айына бір рет шақырылды. Педагогикалық Кеңес отырысынан бөлек мәжілістер де өткізілді. Мәжілісті шақыру төрағаның міндеті болды, оны аптасына бір рет өткізді. Педагогикалық мәжілісте үшінші сынып шәкірттерінің жүргізген сабағы талқыланды. Бұл мәжіліске төраға, бір-екі тәлімгер, үлгілі училище мұғалімі мен үшінші сыныптың шәкірттері қатысуы тиіс болды [25,с. 71]. Бастауыш сынып мұғалімі куәлігін беруді Педагогикалық Кеңес шешті. Курсты аяқтау кезінде үлгерімі нашар шәкірттерге семинарияны бітіргендігін айғақтайтын куәлік қана берілді [25,с. 72].

Шәкірт ақыны тағайындау мәселесін де Педагогикалық Кеңес шешті, ол оқу үлгерімі мен тәртібі негізінде белгіленді. Әрбір жаңа оқу жылында тәлімгерлер Кеңеске пән бағдарламасын, оқулықтар мен оқу құралдарын талқылауға ұсынды. Педагогикалық Кеңес барлық бағдарламаны қарап, оқыту әдіс-тәсілдерін, жүргізілетін пәннің сағат көлемін қарап оқу округінің попечителіне бекітуге берді [25,с. 73].

Баға бес баллдық жүйемен қойылды. Семинария тәлімгерлері барлық шәкірттерді әрбір пән бойынша екі айда бір рет аттестациялап отыруы тиіс болды және бұл Кеңес мәжілісінде талқыланды. Педагогикалық Кеңес құзырына сабақ кестесін жасау, тәлімгерлердің кезекшілігін белгілеу, емтихан сынақ күндерін белгілеу міндеті де кірді [25,с. 74].

Семинарияда оқу материалдары қатаң қадағаланды. Мұғалімдер оқу жылының басында күнтізбелік-тақырыптық жоспарды директорға көрсетіп, кейін педагогикалық Кеңесте талқыға салды және оны оқу округінің попечителі бекітті. Сабақ кестесін де попечитель бекітті [133].

1902 жылы «Мұғалімдер семинариясының Жарғысына» сәйкес Ресейдегі барлық мұғалімдер семинариясы үш жылдық курстан төрт жылдыққа өткенімен, бірақ семинарияның оқу бағдарламасына өзгеріс енгізілмеді. Құдай заңы, шіркеулік славян тілі, ән сабағы пәндерін семинарияда оқыту ең бірінші орында тұрды. Бұл пәндерді оқытуда тәрбиеленушілердің сабаққа қатысуы, сабақ үстіндегі тәртібі қадағаланып, тәртіпке бағынбағандар үшін қатаң жаза қолданды және семинариядан шығарып жіберуге дейін барды. Діни-монархиялық тәрбие беретін оқу орындары үлгілі оқу орны болып табылып, жоғары бағаланды.

Басқа оқу пәндермен салыстырғанда «Құдай заңы» пәніне көбірек сағат берілді. Орыс әдебиеті, тарих, география, жаратылыстану пәндерін оқыту Министрлік бекіткен оқу құралдарымен оқытылды. Құдай заңы, шіркеулік славян тілі пәндеріне оқу жүктемесінің 13,5%-ы бөлінді. Орыс әдебиеті Пушкин, Гоголь оқуларымен аяқталғанымен, көптеген семинаристер кейінгі дәуір әдебиетімен де таныс болды. Семинария шәкірттері орыс ақыны, прозаик М.Лермантовтың «Бородино» «Три пальмы», «Когда волнуется желтеющая нива» өлеңдері, орыс жазушысы, драматург И.А.Крыловтың «Квартет», «Ворона и лисица», «Мартышка и очки», «Свинья под дубом», «Зеркало и обезьяна», «Лисица и виноград», «Лебедь, щука и рак», «Демянова уха» мысалдарын, орыс ақыны А.Пушкиннің «Цыганы» поэмасын, «Зимняя дорога», «Туча», «Бесы», «Из детства» шығармаларын, орыс ақыны А.В.Кольцовтың «Что ты спишь, мужичок», «Крестьянское пирушка», А.Н.Майковтың өлеңдерін, орыс ертегілерінен Л.Толстойдың «Детство», С.Т.Аксаков, А.П.Чеховтан «Степь. История одной поездки», «В рождественскую ночь», «На страстный неделе» шығармаларын оқыды [134].

Семинариядағы пәндер Халық Ағарту Министрлігінің бекіткен оқулықтарымен жүргізілді. Тарих пәні белгілі монархист, орыс тарихшысы, публицист Д.И.Иловайскийдің оқулығы бойынша оқытылды. Оның еңбегінде тарихи оқиғалар монархиялық қағидамен баяндалатын. Оқулықтың ерекшелігі,

мұғалімге шәкірттер бойында Отанға деген адалдық пен махаббатты арттыратын фактілерді оқытуға міндеттеді. Тарих пәнінің оқу бағдарламасы шәкірттерге Құдайдың табиғат пен адамды жаратудағы күшіне таңырқауға тәрбиелеуге бағыттады. 1914 жылы 18 мамырда Халық Ағарту Министрлігінің Департаменті Романовтар әулетінің 300 жылдық мерекесіне қатысты шыққан «Государя из Дома Романовых 1613-1913» атты екі томдық еңбегі әдебиеттер ішіндегі ең таңдаулы кітап ретінде таңдалып, жоғары сыныптың шәкірттеріне оқытуға және жақсы оқытындарға марапат ретінде беріп отырды [135].

Халық Ағарту министрлігі оқулықтарды оқуға ұсынумен бірге оқу бағдарламасынан алып тастап та отыратын. 1914 жылы 7 қаңтарда ХАМ-нің Оқу комитеті профессор Р.Ю.Виппердің «Краткий учебник истории средних веков», «Краткий учебник Новой истории» оқулығын орта оқу орындарында оқыту жарамсыз деп тауып, оқытуға тиым салды [135,б. 10]. Жыл сайын ХАМ семинарияның басқа да пәндері бойынша оқулықтарды жарамды, жарамсыз деп бөліп, кейбір оқулықтарды оқу бағдарламасынан алып отырды. 1914 жылы 1 маусымда Оқу округінің попечителі Верещагиннің «Сборник арифметических задач для средних учебных заведений» оқулығын барлық оқу орындарында оқытуға рұқсат берілмеуіне байланысты, оқулықты пайдалануға тиым салды [135,б. 156].

Педагогика пәнінің бағдарламасында С.А.Рачинскийдің діни-идеологиялық көзқарасына басты орын берілді. С.А. Рачинский бастауыш сынып мұғалімі шаруаның тұрмысына жақын болғандықтан бірнеше қол өнерінің түрін игеруі тиіс деп көрсеткен болатын. Семинарияда Н.Н.Пирогов, К.Д.Ушинскийдің педагогикалық көзқарастары оқытылғанымен, бірақ олардың прогрессивті тұрғыдағы педагогикалық ойлары көрсетілмеді. Педагогика бағдарламасында «Христиандық дәуір», «Ежелгі орыстық шіркеулік-діни педагогика және оның қайнар көздері», «Тәрбиедегі христиандықтың маңызы», «Шіркеу және олардың қызметтерінің тәрбиелік маңызы» деген тараулармен оқытты. Семинариядағы педагогиканы оқыту жүйесі де дінмен байланысты болды. Н.Н.Пирогов адамгершілік тәрбиенің негізі христиан дінінде деп көрсетсе, К.Д.Ушинский де адамгершілік тәрбиенің негізі дінде деп анықтаған болатын.

Дидактика бөлімінде оқу үрдісі, оның мақсаты және ережесі, бастауыш училищеде оқытудың мазмұны, оқу жұмысын ұйымдастыру, оқу үлгерімі туралы оқытылды. Оқыту әдісінде мұғалімнің ауызша сөйлеуі, әңгімелесуі, оқулықпен, кітаппен жұмысы, жазбаша және графикалық жұмысы үйретілді. Лабораториялық, экскурсия әдісі, шығармашылық, жазбаша жұмыстар орындалды. Мұғалімдер семинариясы алғаш ашылған кезде орыс тілі, шіркеулік славян тілі, арифметика, көркем жазу, эн, гимнастика сабақтарының әдістемесі оқытылса, ал ХХ ғасырдан бас кезеңінен геометрия, тарих, география, жаратылыстану пәндерін оқыту әдістемесі де оқу бағдарламасына енгізілді.

Түркістан мұғалімдер семинариясы алғаш ашылған кезден-ақ, орыс тәрбиеленушілерімен бірге түземдіктердің шоқынған және шоқынбаған

балалары оқытылады деп көрсетілді. Семинарияның алғашқы үш жылғы оқу жылында жыл сайын 20 шәкірттен қабылданып, 4-ші оқу жылында 15 шәкірт қабылдануы тиіс болды. Мұғалімдер семинариясына оқуға түсу үшін мынандай талаптар қойылды: 1) семинарияға қабылданушылардың жасы 16-18 жас аралығында болуы және төменгі сословиеден шығуы құпталды, 1881 жылы 1 тамыздағы Түркістан генерал-губернаторының шығарған бұйрығына сәйкес, егер де шәкірт бітірген жергілікті училище басшылығы, ата-аналардың өтініші дәлелді деп тапса, 15-16 жас аралығындағы жеткіншектер де қабылданатын болды; 2) денсаулығының кемістігі жоқ, яғни талма, жұқпалы ауру, құлағынан қатты бұлақ ақпайтындай шілделік ауруының болмауы, тіл мүкістігі, көкірек ауруының болмауы, көру және есту қабілеттерінің төмен болмауы шарт болды; 3) ХАМ-ға қарайтын Түркістан өлкесіндегі приходтық училище бағдарламасының курсына қанағаттанарлықтай деңгейде білу және қабілеттілігімен, зеректігімен ерекшеленуі тиіс еді; 4) семинарияға түсушілер жақсы мінезімен, қайырымдылығымен ерекшеленуі және халық училищесі инспекторының, немесе приходтық училищедегі шіркеу қызметкерінің, лауазымды тұлғаның берген мінездеменің болуы; 5) өз ата-ана, туыстарының, жетім болса қамқоршыларының қолхаты; 6) семинарияға түсу үшін тамыздың 1-нен қалмай Ташкентке өзінің, немесе қауым қаражаты есебінен жетіп, сынақтан өтпесе өз қаражатымен қайтуы тиіс болатын. Семинарияға түсетін приходтың училищенің ең таңдаулы шәкірттерінің жол қаражатына мемлекеттік қазынадан ақша бөлінді [90, с. 335-336]. Шәкірттер семинариядағы оқу кезеңінде әскери міндеткерліктен босатылды.

Семинарияға негізінен 16 жасқа толған балалар алынды. Белгілі себептерге байланысты, өте сирек жағдайда 16 жасқа толмаған балалар да қабылданды. Мысалы, 1881 жылы отставкадағы Григорий Халкиннің 16 жасқа толмаған баласы семинарияға өз қаражаты есебінен оқуға қабылданды, ол жылына 200 рубль төлеуге міндеттілігі [126, б. 166].

1879 жылы семинарияның бірінші сыныбына 20 шәкірт, 1880 жылы 19 шәкірт қабылданды. 1879-1880 жылы қабылданған балалардың 21-і Жетісу облысынан, 17-і Сырдария облысынан болды. Әлеуметтік тегі бойынша 17-казак, 5-солдат, 5-мещан, 1-шенеулік, 1 дворян отбасынан, 2-уі некесіз туылған - деп көрсетілді [8, с. 12]. 1883 жылғы оқу жылындағы оқып жатқандардың әлеуметтік құрамы жағынан алғанда 23-і Жетісу казактарынан, 9-солдат, 1-офицер, 6-дворян, 1-шаруа, 2-уі некесіз туылған болса, оқуға қабылданғандардың әлеуметтік құрамы бойынша 5-шенеулік, 1-діни, 1-көпес, 5-мещан, 1-шаруа, 11-солдат отбасыларынан болған [9, с. 8-9]. Ресейдің орталық губернияларында мұғалімдер семинариясына түсетіндер қатарында шаруа отбасынан көп болса, Түркістан мұғалімдер семинариясында керісінше, негізгі бөлігі казак және мещан отбасынан шыққандар еді.

Алғашқы төрт жылда семинарияға түсушілердің қатарында Түркістан өлкесіндегі 30 бала бастауыш, қалалық училище, 1 бала уездік училище, 6-бала прогимназия, 1- бала әскери гимназиядан қабылданған болатын [8, с. 12].

Түркістан мұғалімдер семинариясының алғашқы түлегі, қазақ баласы Бөкин Есмұхаммед Ташкент ерлер гимназиясынан қабылданды.

Мұғалімдер семинариясында оқыған шәкірттердің басым бөлігі славян, православие діні отбасынан шыққандар еді. 1880 жылы шәкірттердің 31 православ, 7 мұсылман, 1883 жылы 30 православ, 11 мұсылман, 1893 жылы 48 православ, 6 мұсылман, 1906 жылы 75 православ, 12 мұсылман болды. Семинария жанындағы үлгілі училищеде 1886 жылы оқитын 98 шәкірттің, 90 христиан, 8 мұсылман [136]. 1893 жылы қабылданған 94 шәкірттің 91 православ, 1 рим-католик, 2 мұсылман. [137] 1893 жылы үлгілі училищеге қабылданған балалардың әлеуметтік тегі бойынша 27 бала дворян, 17 бала қалалық сословие, 1 бала село сословиесінен шыққандар болды [106,с. 168-169] Түркістан мұғалімдер семинариясы жанындағы үлгілі училищеде балалардың басым бөлігінің дворян және қаладағы әр түрлі әлеуметтік топтардан шыққандығы көрсетілген.

Жалпы семинарияға алғашқы қабылданған мұсылман балаларының барлығы да қазақ шәкірттері болды. 1880 жылы қабылданған қазақ балаларының ішіндегі 2-уі Перовскі уезіндегі Елекей Қасымұлының балалары, яғни Кіші жүз ханы Әбілхайырдың ұрпақтары Қасымов Исмайыл, Қасымов Жүсіп, ал қалғандары уездегі қарапайым қазақ отбасыларынан шыққандар. 1879-1880, 1880-1881 оқу жылында семинарияға қабылданған қазақ балалары Баймұратов Есмұхаммед -3,1, Күсібаев Құлман -3,1, Қасымов Исмайыл - 3, Қасымов Жүсіп - 3,1, Бөкин Достмұхаммед - 3,1 баллмен алғашқы оқу жылын аяқтады [8,с. 11]. Екінші оқу жылының қорытындысы бойынша Баймұратов Есмұхаммед - 4,3, Бөкин Достмұхаммед - 3,4 балдық көрсеткішпен бітірді. Бірінші сыныпты бітіруші Стародубов, Седельников, Күсібаев Құлман келесі сыныпқа көшірілмеді, өйткені Күсібаев Құлманның орыс тілі, математика пәндерінен қорытынды бағалары екі болғандықтан орындарында қалдырылды [8,с. 26]. 1881 жылы Күсібаев Құлман бірінші сыныпты қайта оқып математика, орыс тілінен 5 балл алып, оқуды - 4,3 өте жоғары баллмен аяқтап шықты. 1881 жылы бірінші сыныпты бітіруші Қасымов Исмайылдың математика, тарих сабақтарынан оқу үлгерім бағалары екі болуына байланысты оны оқудан шығару мәселесі тұрды [8,с. 26]. Ол да бірінші сыныпты екінші жылы қайта оқып, семинарияны 1885 жылы бітіріп шығады.

Семинарияда алғашқы кездері орыс және қазақ баласын қатар отырғызып қойып оқыту көп қиындықтар туғызды. 1879-1881 жылғы семинарияға қатысты берілген есепте М.Мирописев бұл жөнінде былай деп жазады: «Олардың арасында достық қарым-қатынас болмады. Кейін екі тарапқа да түсіндіру жұмыстары жүргізілгеннен кейін ғана арадағы кикілжіңдер саябырсыды» [8,с. 35].

А.И. Добросмысловтың көрсетуі бойынша Түркістан мұғалімдер семинариясында 1879-1904 жылдар аралығында 415 шәкірт оқыса оның ішіндегі орысы 348 - 83,9%, қазағы 54 -13%, сарты 9 -2,2%, татары 3 - 0,3% және 1 түрікмен- 0,2% болған, олардың ішіндегі семинария курсы толтық

аяқтағаны 254 шәкірт (61,2 %) болды деп көрсетеді. [17,с. 231]. 1879-1904 жылдар аралығында семинарияда сегіз шәкірт қайтыс болған [138].

1879-1904 жылдар аралығындағы семинарияны бітіргендер саны А.И.Добросмысловтың мәліметтері бойынша: 1883 жылы-10, 1884 жылы -15, 1885 жылы -10, 1886 жылы -12, 1887 жылы -12, 1888 жылы- 5, 1889 жылы-16, 1891 жылы-11, 1892 жылы -10, 1893 жылы -19, 1894 жылы-10, 1895 жылы-16, 1896 жылы-14, 1897 жылы-6, 1898 жылы-11, 1899 жылы -8, 1900 жылы-14, 1901 жылы-12, 1902 жылы- 14, 1903 жылы -13, 1904 жылы -16 шәкірт бітіріп шыққан. 1886-1887 оқу жылында бала қабылдамағандықтан, 1890 жылы бітірушілер болмаған. Жоғарыдағы көрсеткіштерден, бітірушілер санының ең көп болғаны 1889 жылы 16 шәкірт, ал ең азы 1897 жылы 6 шәкірт бітіргенін көреміз.1883 жылы семинарияны алғаш бітірген 10 шәкірттің бірі Бөкин Есмұхаммед болды. Ол 1883-1904 жылға дейін Перовскідегі қалалық училищеде, түземдік мектепте мұғалім болып, қызмет жасаған және бауырлары Достмұхаммед пен Баймұхаммедтің де Түркістан мұғалімдер семинариясына түсуіне ықпал етеді (кесте 2) [139].

Кесте 2 - 1879-1904 жылдары Түркістан мұғалімдер семинариясын бітірген қазақтар

Жылдар	Фамилия, аты-жөні	Қызметі
1	2	3
1883	Бөкин Есмұхаммед	қайтыс болған
1884	Қасымов Жүсіп	аудармашы
1885	Бөкин Досмұхаммед	мұғалім
1885	Қасымов Ысмайыл	мұғалім
1883	Күсібаев Ысмайыл	қайтыс болған
1886	Қасымов Ерғали	аудармашы
1886	Құлбаев Жүсіп	мұғалім
1887	Құдайбергенов Райым	мұғалім
1889	ИтбасовӘдбірахман	аудармашы
1889	Сералы Лапин	аудармашы
1891	Кішкенбаев Оразбай	аудармашы
1892	Калинин Әлиасқар	мұғалім
1892	Қасымов Осман	аудармашы
1893	Жоламанов Жайзақ	аудармашы
1894	Қостанаев Құдабай	мұғалім
1895	Көрпебаев Жанмұхаммед	аудармашы
1896	Балтабаев Маткәрім	мұғалім
1896	Өтегенов Садық	мұғалім
1899	Әділбеков Қарабас	мұғалім
1899	Нұрходжаев Әділ	мұғалім
1900	Садықов Рахматулла	мұғалім
1900	Қасымов Ибраһим	мұғалім
1901	Жанғалиев Омар	мұғалім
1901	Қасымов Асқар	мұғалім
1902	Айзулов Сегізбай	мұғалім

2 – кестенің жалғасы

1	2	3
1902	Байшымыров Құрбанбай	мұғалім
1902	Хусайынов Камалиддин	мұғалім
1904	Қожықов Қоңыр	мұғалім

Жоғарыдағы кестеден қазақ шәкірттерінің мұғалімдік қызметтен бөлек аудармашы қызметтерін де атқарғандығын көруге болады. 1881 жылы семинарияда Колпаковскийдің бастамасымен жыл сайын 5 орыс баласы аудармашылыққа оқуға қабылданды. Түркістан генерал-губернаторы мұғалімдер семинариясында аудармашылар дайындау жергілікті әкімшілік пен халыққа үлкен ауыртпалық түсірмейді деп санай отырып, олар болашақта семинарияны бітірген соң, жергілікті өлкеге өз пайдасын тигізеді деген жоспармен осындай арнайы бөлім ашқан болатын [90,с. 167-168].

Алғашқы жылдары аудармашыларды даярлауға 2500 рубль бөлінді. Семинария директоры Н. Остроумов курсты аяқтаған шәкірттерге бірінші коллежский регистор шенін беру жеткілікті деп санады [140]. Түркістан мұғалімдер семинариясында қазақ балаларын аудармашылық бөлімге қабылдамағанымен, бірақ олар семинарияны бітіргеннен кейін мұғалімдік жұмыстан аудармашылық қызметке ауысып отырды.

Алғашқы кезде семинарияда екі түрлі шәкірт ақы төленді: қазына белгілеген, уезд тұрғындары бөлген. Кейін жергілікті қоғам, мекеме, жеке адамдар атынан, өз қаражатына оқитын пансионерлер, жартылай пансионерлер мен келіп оқитын шәкірттер болды. Мұсылман шәкірттері бөлінген қазыналық шәкіртақының 3/1 бөлігіне ғана қабылдануы тиіс еді. Семинарияда қазыналық шәкіртақыға оқығандар, оқуды бітірген соң, приходтық немесе бастауыш училищеде 6 жыл мұғалім болып жұмыс жасауға тиіс болды. Мұғалімдер семинариясына қатысты қабылданған Ереженің 2404 бабының 1 қосымшасына сәйкес семинарияны бітіргеннен кейін мұғалімдік қызметке тұрудан бас тартса, қазыналық шәкіртақыға оқығандар алған шәкірт ақы құнын кері қайтаруы тиіс еді. Ауыр науқасына байланысты мұғалімдік қызметті атқара алмаған жағдайда ғана олар шәкіртақыны кері қайтарудан босатылды [74,с. 15]. Ереженің 2404 бабына сәйкес, қазыналық шәкіртақыға оқығандар курсты аяқтамай семинарияны тастап кетсе де, төленген шәкіртақыны толығымен кері қайтаруы тиіс болатын [74,с. 14].

Семинария алғаш ашылған кезде әрбір шәкіртке төленетін қазыналық шәкіртақы көлемі-50 рубль 2 тиын болса, 1881 жылы қазыналық шәкіртақы 140 рубльден - 190 рубльге жетті [90,с. 211]. 1910 жылдан кейін шәкірт ақы 240 рубль.

1903 жылы семинариядағы қазыналық шәкіртақы саны 40-тан 50 шәкіртке көтерілді. 40 қазыналық шәкіртақыға 190 рубльден-7500 рубль бөлінсе, 50 шәкіртке 190 рубльден-9500 рубль бөлінетін болды [7,с. 42]. Семинариядағы қазыналық шәкіртақы саны 1903 жылдан кейін өскен жоқ. 1906 жылы

семинарияда 80 шәкірт оқыса, оның 50 қазыналық шәкіртақыға оқыды [119,с. 436].

Жыл сайын қазыналық шәкіртақыға оқуға құжат тапсырушылардың саны өсіп отырды. 1913 жылы Прежевальск 4 сыныптық қалалық училище шәкірті Иван Яременко өзінің Түркістан мұғалімдер семинариясына қалай түскендігі туралы былай деп жазады: «Семинарияға түсу үшін Ташкентке келдім. Қазыналық шәкіртақыға 65 шәкірт тапсырғандықтан, оқуға түсе алмағандым, мақсатымды жүзеге асыру үшін өз қаражатыма оқуға шештім, болашақта қазыналық шәкіртақы алуға үмітім де болды. Ата-анама хат жазып, 120 рубль несие алуға өтініш жасадым, олар үлкен қиындықпен қарызға ақша алған еді және бұл оқу жылының жарты ақшасы ғана болатын» [141]. Міне осындай И.Яременко сынды жастар жыл сайын оқуға келетін, олардың мақсаты семинарияның қазыналық шәкіртақысына іліну болатын, түспеген жағдайда несиеге оқуға үміттенді. 1913 жылы Верный мұғалімдер семинариясы ашылған соң, И.Яременко Ташкент мұғалімдер семинариясынан Верыйдағы қазыналық шәкіртақыға өтуге мүмкіндік алады.

1913 жылдан бастап Түркістан мұғалімдер семинариясына бөлінетін қаражаттың барлығы да Верный мұғалімдер семинариясына бөлінетін болды.

Сырдария облысының қазақ балалары облыс тұрғындарының Түркістан мұғалімдер семинариясына аударған ақша есебінен оқыды. 1885 жылы 1 қаңтарда Сырдария облысы Перовскі уезінің тұрғындары 7631 рубльді Ташкент облыстық қазынасына құйды. Осы капиталдың өсімінен император ІІ Александр атындағы шәкірт ақы тағайындалды және бұл семинарияның жеке меншігі болып саналды. Шәкірт ақы туралы қабылданған Ережеге сәйкес Педагогикалық Кеңестің шешімімен Перовск уезінен шыққан екі қазақ баласына тағайындалды. Шәкірт ақыға қатысты талаптар қазыналық шәкіртақыға оқитындардың талаптарымен бірдей болды. Шәкіртақы семинарияға қабылданғаннан оқуды бітірген кезеңге дейін тағайындалды, бірақ үлгерімі төмен, тәртібі нашар болса Педагогикалық Кеңес шешімімен шәкіртақидан айырды. Босаған шәкіртақы туралы мәлімет жергілікті басылымдарда жарияланды. Қазыналық шәкіртақидан, бұл шәкіртақының ерекшелігі, олардың алдында мектепте алты жыл еңбек ету міндеттілігі болмады [142]. Түркістан мұғалімдер семинариясындағы оқыған шәкірттердің негізгі бөлігі Перовскі уезі тұрғындарынан бөлінген қаражатқа оқыды. Олар С.Лапин, Е.Бөкин, Д.Бөкин, Б.Бөкин, Ж.Қасымов, Ы.Қасымов, И.Қасымов, О.Қасымов, Қ.Қожықов, С.Қожанов және т.б. болатын.

1904 жылы Ферғана облысы Андижан уезінен генерал-адъютант А.Н.Куропаткин атындағы шәкіртақы тағайындалды. Капитал қоры-6300 рубль болатын [143]. Ферғана облысының Андижан уезінен бөлек Қоқан, Маргелан уездерінің тұрғындары атынан да бір-бірден шәкірт ақылар тағайындалды. 1879-1911 жылдары Жетісу облысының оқу басқармасы жыл сайын арнайы 5 шәкіртке шәкіртақы тағайындап отырды [7,с. 44]. О. Кличев Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінің дереккөздеріне сүйене отырып, Түркістан мұғалімдер семинариясында Бұхар әмірлігі жастарының да

оқығандығын көрсетеді. Автор 1914-1918 жылдар аралығында Бұхар әмірінің құсбегісі мен Ресейдің Бұхарадағы саяси агенттігі арасындағы ресми хат алмасу негізінде шәкіртақыға ақша аударылғандығын анықтаған. 1915 жылы М. Атамұрадов, М. Сайджоновтардың мұғалімдер семинариясында білім алғандығы және оларға ғылыми ілімді орысша меңгеру көп қиындықтар туғызғандығы - туралы жазды [70, с. 70].

1911 жылғы мәліметке сүйенсек бір тәрбиеленушіге бөлінетін шәкіртақы көлемі жылына 240 рубльге жетті. Семинарияда 50 шәкірт қазыналық шәкіртақыға, жеке шәкіртақыға Перовскіден-2, Ферғана облысынан – 3, Жетісу облысынан – 9, Закаспий облысынан 5 шәкірт оқыған [144]. 1911 жылғы мәліметке сүйенсек, облыстардан бөлінетін шәкірт ақы санының өскенін көреміз. Мысалы, 1879 жылдары Жетісу облысы 5 шәкірт ақы тағайындаса, 1911 жылы бұл көрсеткіш 9 шәкіртақыға жеткен. 1898 жылы Закаспий облысы Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына қосылғаннан кейін, аталған облыстан да семинарияға шәкірт ақыға орындар бөлінді. Семинария жанындағы үлгілі училище шәкірттеріне де қазыналық шәкіртақы тағайындалды. 1903 жылы 40 шәкірттің әрқайсысына 120 рубльден- 4800 рубль жұмсалған [103, с. 26-27]. Түркістан мұғалімдер семинариясына оқуға түсуде жыл сайын қазыналық шәкіртақыға құжат тапсырушылардың саны артып отырды. 1913 жылы Верный мұғалімдер семинариясы ашылғаннан кейін, облыстан Түркістан мұғалімдер семинариясына бөлінетін қаржы тоқтады.

Семинарияда өз қаражатына оқитындар да болды. 1903-1904 оқу жылында өз қаражатына оқитындар саны 4-еу болған. 1915 жылы семинариядағы 65 шәкірттің 50 қазыналық шәкіртақыға оқыса, 15 өз қаражатына оқыған [145]. Өз қаражатына және қазыналық шәкіртақыға оқитындар басқа семинарияға ауысқысы келсе мынадай талаптарды орындаған жағдайда ғана ауысуға рұқсат берілді: 1) шәкірт өзінің ауысу себебін көрсетіп, оның өтініші Педагогикалық Кеңес талқысына салынды; 2) Ауысу себебі көрсетіліп, қабылдайтын семинариямен келісім жасалды; 3) Екі жақ та келісім беруі қажет болды; 4) семинария басшылығы ауысатын шәкірттің оқу үлгерімі, тәртібі, мінез-құлқы туралы ақпарат беруі тиіс болатын [74, с. 13]. Бір семинариядан екінші семинарияға ауысу оқу жылының басында жүзеге асты. Қабылдайтын семинарияның Педагогикалық Кеңесі 4 баллдық көрсеткішпен аяқтаған шәкірттен емтихан қабылдауға құқылы болды [74, с. 14].

Семинариядан оқудан шыққандарға қатысты қатаң Ереже баптары сақталынды. Мысалы, Ереженің 2401 бабының екінші қосымшасына сәйкес шәкірт өз өтінішімен, не ата-анасының өтінішімен оқудан шыққан жағдайда қайта оқуын жалғастыруға мынадай жағдайда ғана рұқсат берілді: 1) өз өтінішімен, не ата-анасының өтінішімен шықса; 2) семинариядан шығып қалған уақыты 1-2 жыл болуы; 3) 1 сыныпта оқу үшін жасы 18 жастан, 2 сыныпқа 19 жастан, 3 сыныпқа 20 жастан аспауы қажет болды; 4) денінің сау болуы шарты [74, с. 13].

Ереженің 2407 бабына сәйкес мұғалімдік бос орындарға бірінші кезекте қазыналық шәкіртақыға, кейін қоғамдық шәкіртақыға бітіргендер орналасты.

Ереженің 2407 бабының қосымшасына сәйкес қазыналық шәкіртақыға бітіргендердің жол қаражатына да ақша бөлінді [74,с. 19]. Ережедегі 2406 бапқа сәйкес семинарияны бітірген шәкірттерге бастауыш мұғалімі куәлігі берілді, олар мұғалімдік қызметте барлық міндеткерліктерден босатылды [74,с. 17].

Мұғалімдер семинариясының алғашқы кездегі өз ғимаратының болмауы, гигиеналық нормалардың сақталынбауы, сабақ жүктемесінің ауыр болуы, кей жылдары қаладағы тараған індет салдарлары шәкірттер денсаулығының кері әсерін тигізіп отырды. 1884 жылы мамырда дәрігер Гиннер ғимараттың гигиеналық талапқа сай болмауы және сабақтың шәкірттер денсаулығына салмақ түсіруіне байланысты 2 сынып шәкірті Назаровтың цынгамен ауырғанын Педагогикалық Кеңесте талқыға салды. Кеңес шәкіртті Қапалдағы анасына емделуге жіберуге және жол қаражатына 50 рубль бөлу жөнінде шешім қабылдады [7,с. 117].

1892 жылғы Түркістан мұғалімдер семинариясында дәрігердің есебі бойынша бір жылда 38 шәкірт ауырған, оның ішіндегі жазылып шыққаны 37, жұқпалы ауру желді шешекпен-1, қызуының көтерілуімен-8, дифтериямен-1, қызылшамен-2, өкпе қабынуымен-1, фолликулдық ангинамен-8 шәкірт ауырған. Жедел түрде оқшаулау арқылы желді шешек пен дифтерияның таралмауының алдын алдық- деп есеп береді семинария дәрігері [146].

1894 жылы ақпанда Педагогикалық Кеңесте шәкірттердің денсаулығын семинария дәрігері қатаң сынға алды. «Шәкірттер күнделікті 14-16 сағат сабақ оқып, 6-7 сағат демалатын басқа оқу орнын білмеймін. Оларға таза ауада ойындар өткізу қажет»-деген талап қойды [7,с. 140]. Жалпы семинария шәкірттерінің арасында жүйке жүйесінің жұқаруы және жұқпалы ауру салдарынан оқуларын жалғасыра алмай шығып кеткен шәкірттер саны көп болды. Шәкірттер өкпе ауруына шалдықса, қояншықпен ауырса да оқудан шығарылды. 1890 жылы бірінші сынып шәкіртіндегі тұтықпа ауруының күшеюіне байланысты оқудан шығарылған [7,с. 129].

Осындай қиындықтарға қарамастан, Түркістан мұғалімдер семинариясы өлкеде бастауыш білім беруде кәсіби-педагогикалық мамандарды даярлау жүйесінің негізін қалаған оқу орны болды. Семинарияны аяқтаған шәкірттер арасынан танымал тұлғалар шықты, олар шығыстанушы, иранист, этнограф, лингвист Андреев Михаил Степанович (1893), қоғам қайраткері, шығыстанушы Серәлі Лапин (1889), археолог, тарихшы-шығыстанушы, Ұлықбек обсерваториясына қазба жұмыстарын жүргізген Василий Лаврентьевич Вяткин (1889), қоғам қайраткері, ағартушы Қоңырқожа Қожықов (1904), мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, публицист Сұлтанбек Қожанов (1917) және тағы да басқалар болатын.

3 ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ ОРНЫ

3.1 Верный мұғалімдер семинариясының қалыптасуы, оқу-тәрбие жұмысы

Жетісу облысында Верный мұғалімдер семинариясы ашылғанға дейін аймақ үшін мұғалімдер Түркістан, Омбы мұғалімдер семинариясында, қалалық училище жанынан ашылған бір жылдық педагогикалық курстарда дайындалды. Сонымен бірге қыздар гимназиясының сегізінші қосымша сыныбында қалалық училищеге қыздар мұғалімдік қызметке дайындалды. 1911 жылы Верный қыздар гимназиясының V сыныбын бітірген 1 қыз үй тәлімгері, 11 қыз үй мұғалімі дәрежесін, ал Верный ерлер гимназиясында сырттан келіп сынақ тапсырушылар қатарындағы 1 ер бала үй мұғалімі, 2 бала село мұғалімі дәрежесін алған [147].

Облыста орысша білім беретін бастауыш мектептер саны өсті. 1884 жылы Жетісу облысындағы екі сыныптық 1 ерлер училищесінде - 56 шәкірт, 2 қыздар училищесінде 211 қыз, бір сыныптық 22 ерлер училищесінде - 868 ер бала, 5 қыздар училищесінде 292 қыз оқыған болатын [148].

Облысқа орыс, ұйғыр, дүнгендердің қоныстандырылуы халықтың санын өсірді. 1911 жылы Жетісу облысында екі сыныптық ерлер, қыздар, бір сыныптық ерлер мен қыздар училищесінің саны 124-ке жетсе, ал ондағы білім алушы 6917 ер бала, 2510 қыз бала болды. Бір, екі сыныптық ер, қыздар мектебінің саны - 59 болды, аталған оқу орындарында 1634 ер бала, 1879 қыз бала оқыса, екі сыныптық 3 түземдік мектепте - 144 ер бала, бір сыныптық 14 мектепте - 550 ер бала, 683 қыз бала оқыды [147, с. 99]. Салыстыра алғанда 1884-1911 аралығында екі, бір сыныптық училищелердің және бір сыныптық мектептер санының көбейіп, білім алатын бала санының да өскендігін көреміз.

1898 жылы Жетісу, Закаспий облысының Түркістан генерал-губернаторлығы құрамына берілуі Түркістан мұғалімдер семинариясына бес облысқа мұғалімдер даярлау міндетін қойды, ал оқу орнының материалдық әлеуеті бұл жағдайға дайын емес болатын. Түркістан мұғалімдер семинариясы өлкедегі мұғалімдерге деген сұранысты қанағаттандыра алмады, сондықтан да жергілікті оқу әкімшілігі билікке Жетісу облысы басшылығына мұғалімдер семинариясын ашу туралы ұсыныс қойды. 1896 жылы оқу ісінің инспекторы П. И. Яковтың семинария ашу туралы өтініші қанағаттандырылмады. 1904 жылы Халық Ағарту Министрлігі Верный қалалық училище жанынан бір жылдық педагогикалық курс ашуға ғана рұқсат берді. 1909 жылы 11 шілдеде Верный қалалық Думасында мұғалімдер семинариясын ашу туралы мәселе қайта қаралып, Халық Ағарту Министіріне өтініш жасау керек деген шешім қабылданды. 1912 жылы 19 мамырда Түркістан генерал-губернаторы Халық Ағарту Министірінен, Жетісу облысында Верный мұғалімдер семинариясын ашуға және семинарияға мемлекеттік қазынадан 32 990 рубль қаражат бөлуді сұрады [149].

1912 жылы жаңа қабылданған Оқу ережесіне сәйкес, бастауыш оқу орындарының әр сыныбының жеке мұғалімдері болу қажет деген талап қойылды. Облыстағы барлық мектептерді жаңа талапқа сай мұғалімдермен қамтамасыз ету мүмкін емес болатын. Жетісу облысы халықтық училищелер инспекторы Түркістан өлкесі училищелерінің бас инспекторына былай деп жазды: «Лепсі, Жаркент уезіндегі училищелерге мұғалімдер жетіспейді, екі мұғалім ғана жұмыс жасайды. Жаркент қалалық қоғамы училищені қайта құруға 300 рубль қаржы бөлуге келіскенімен, мұғалім болмағандықтан, істі жүзеге асыра алмай отыр» [150].

Жетісу облысында семинария ашу ұсынысын жыл сайын көтеретін облыстық оқу ісінің инспекторы П.Я.Яков, 1911 жылы отставкаға кетті. Өлкеде бастауыш училище, орыс-түземдік мектептер саны өскендіктен мұғалімдердің жетіспеу мәселесі кезек күттірмейтін мәселеге айналды. 1911 жылы П.И. Яковтың орнына қызметке келген А.А. Соловьев мырза да, семинария құру туралы өтінішін қайта жасады. Мұғалімдер семинариясын ашуды Жетісу облысының губернаторы М.А. Фольбаум да қолдады [151]. Бірнеше түскен өтініштен кейін, Халық Ағарту министрі Түркістан мұғалімдер семинариясын мысалға ала отырып, Верный мұғалімдер семинариясының ашылуына да осындай талаптар қоятындығы жөнінде былай деп жазды: «50 шәкірті бар Түркістан мұғалімдер семинариясының жылдық шығыны 41 000 рубльді құрайды. Бұл шығынға директор мен оқытушылардың пәтері (18700 руб.), 50 шәкірттің шәкіртақысы 240 рубльден-12000 рубль, кітапхана, кеңсе заттары, ғимарат жарығы, жылуы, қызметшілер жалақысы, еңбек пәніне керек құрал жабдықтар, шаруашылық шығыны 9200 рублі бар. Семинарияның өз ғимараты болғанымен де, оның жылдық шығыны 50 000 рубль - деп көрсетілді хатта [149, б. 4]. Халық Ағарту министрі Түркістан мұғалімдер семинариясының шығынын мысалға келтіре отырып, Верный мұғалімдер семинариясына да осындай талаптар қойылатынын көрсеткен еді.

Түркістан генерал-губернаторы Самсоновтың өтінішінен кейін, 1913 жылы Халық Ағарту Министрі Верныйда мұғалімдер семинариясын ашуға рұқсат беріп, оған мынадай талаптар қойды: оқу ғимараты, өз шіркеуі болуы қажет және семинария басшысы мен оқытушылар құрамының толық құрамда алынуы. Қала басшылығы оқу орнына тегін ғимарат пен шаруашылықты жүргізуге, бау бақша өсіруге ыңғайлы жер беруі қажет және ол жердің оқу ғимаратынан екі шақырым қашықтықта болуы талабы қойылды [149,б. 4]. Өкінішке орай, Верный мұғалімдер семинариясының құрылуы тарихында бұл талаптардың негізгі бөлігі орындалмады.

1913 жылы шілдеде Верный мұғалімдер семинариясы өз жұмысын бастады деп көрсетілгенімен, 1-15 қыркүйекте жергілікті бұқаралық ақпарат беттерінде семинарияға қабылдау талаптары жарияланып, барлық қалалық училищелерге таратылды. Семинария салтанатты түрде 1913 жылы 5 қазанда князь Алексей Николаевичтің құрметіне ашылды [149,б. 3]. Сондықтан да, семинарияның ресми түрде ашылғанын осы күннен бастайды, бірақ, бұл күн семинария тарихында ешқандай шіркеулік мерекемен байланысы болмады. Мұғалімдер

семинариясының директорлығына Жетісу облыстық халықтық училищелердің инспекторы С.С.Светлов тағайындалды [152].

Семинарияның ашылу құрметіне Жетісу облысының әскери-губернаторы М.А.Фольбаум, вице-губернатор П.П.Осташкин, округтік сот төрағасы А.Р. Геевский, сот прокуроры П.С.Исвенко, уезд бастықтары, қалалық училищелердің мұғалімдері, жалпы саны 80-ге жуық адам қатысты. Семинарияның ашылуына Қапал қаласы тұрғындары атынан староста Терентьев, Жаркент қаласы тұрғындары атынан Миловский, Қапал станциясының тұрғындары атынан Сидоров және т.б. атынан құттықтаулар түсті. Мұндай құттықтау Қапал, Жаркент, Лепсі қалалық училище атынан, Қапал мұғалімдерінің атынан, Ташкент мұғалімдер семинариясының Педагогикалық Кеңесі мен оның директоры Остроумов атынан да түсті [153].

Семинарияның ашылу құрметіне қонақтарға таңғы ас берілді. Салтанатқа Түркістан мұғалімдер семинариясының алғашқы түлектері қатысты. Олар Түркістан мұғалімдер семинариясы ашылғанда, Остроумовтың Жетісу өлкесіне келіп шәкірттер жинағанын және семинарияның алғашқы шәкірттері де Жетісу өлкесінен болғанын ерекше атап өтті. Түркістан мұғалімдер семинариясына түскен Жетісу шәкірттерін генерал Г.А.Колпаковскийдің үлкен қошеметпен қарсы алғанын баяндады. Барлық жиналған қонақтар таңғы астан кейін суретке түсті - деген ақпарат берілді жергілікті мерзімдік басылым беттерінде [151, с. 6].

Верный мұғалімдер семинариясы ашылған тұстан екі үлкен қиындық туындады: біріншіден, попечитель; екіншіден мұғалімдер табу қиын болды. 1916 жылы 24 шілдеде семинария директоры В.А.Светлов Владимир Яковлевич Кузнецовқа былай деп жазды: 1915 жылы өз атымнан Сібір сауда банкісіне Верный мұғалімдер семинариясына попечитель болу міндетін қабылдауыңызды сұраған едім. Банк басқармасынан жауап келмеді. Верныйдағы қоғамдық және коммерциялық қызметкерлер арасынан сізді ғана, семинарияның құрметті попечителі болуға лайықты санаймын. Сібір сауда банкісінің Верныйдағы өкілі ретінде, Верный мұғалімдер семинариясының құрметті попечителі болуға өтінемін [154]. Келісім берсеңіз, Верный қала бастығына бекітуді хабарлаймын. Сібір сауда банкісінің басқармасына өз өтінішімді айтамын [154, б. 3]. В.Я.Кузнецовтың өз келісімін бергендігі жөнінде құжат жоқ.

Алғашқы кезде Түркістан мұғалімдер семинариясы түземдік, орыс-түзем мектептері, бір, екі сыныптық халықтық училищелерге мұғалімдер дайындаса, Верный мұғалімдер семинариясы орыс-түземдік училищелерден бөлек, жәдидтік мектеп, медресеге де мұғалімдер дайындады [155]. 1915 жылы Верный семинариясы жанындағы училище 3 бөліммен ашылды. Семинарияның шешілмеген түйінді мәселесінің бірі, өз ғимаратының болмауы болды. 1913 жылы қалалық басқарма семинария үшін қаланың орталығындағы діни қызметкер (священник) О.Смыкаловтың үйін үш жылға 700 рубльге жалға алады [155, б. 2]. 1915 жылы семинария алты ғимаратты, ал жыл соңында сегіз ғимаратты жалға алды. Ғимараттарды жалға алу шығынының 3425 рублін Халық Ағарту министрлігі, ал қалған бөлігін Верный қалалық басқармасы қаржыландырды.

1916 жылы семинария 10 үйді жалға алды, оның ішінде, екі үй Вараксин, үш үй А.А.Шахворостов, екі үй Болдырев, бір үй Семенов, бір үй Огородниковтың және бір үй Шендриковтің мұрагерлігінде болатын [156].

Жоғарыда аталған үйлердің жылдық ақысы 3680 рубльді құрады, оның 2900 рублін Халық Ағарту министрлігі есебінен қала төледі, ал қалған 780 рублін семинария өз қазынасынан төледі [157]. Өйткені 1916 жылы қалалық басқарма соғыс жағдайына байланысты шығынның көбеюіне орай семинарияны қаржыландырудан бас тартқан болатын [158]. Сонымен бірге жалдаған үйлердің сатылуы да семинарияға қиындықтар туғызды. 1916 жылы мамырда жалға алынған С.О.Дворников үйінің сатылуына байланысты семинария ғимаратты беруге мәжбүр болды. Семинария қазына есеп кредиті есебінен, отставкадағы шенеунік почта телеграфы ведомствасының титулярлық кеңесшісі А.А.Семеновтың үйін жалға алып, жылына 180 рубль төлейтін болды. А.Семеновтың үйі жатын бөлме қызметін атқарды. Үйдің бес бөлмесінде 20 тәрбиеленуші орналасты. Бұл үйдегі шәкірттерді бақылау Гаврил Тихонов пен жоғарғы сынып оқушысы И.Вдовцевқа жүктелді. А.Семеновтың үйі жылы әрі құрғақ болғанымен кең болмады және ең қолайсыздығы оқу сыныптарынан қашықты орналасуы болатын [157,б. 3-4]. Қаланың әр шетінде орналасқан үйлерден семинарияға келу шәкірттерге көп қиындықтар туғызатын. Архив деректеріне сүйенсек, қолайсыз ауа райында пәтерге жете алмаған шәкірттер сыныптың едендеріне жатып қонып қалуға мәжбүр болған. Қыс, күздің суығында, көктемнің жаңбырлы күндерінде қаланың бір шетінен екінші жеткен шәкірттер жиі салқындап ауырып қалатын, ал бұл оқу үрдісіне кері әсерін тигізіп отырды [157,б. 4].

1917 жылғы революциялық оқиғалар және билікке большевиктердің келуі бұрынғы империя аумағында саяси, экономикалық өзгерістерге түбегейлі өзгерістер алып әкелді. Бұрын мұғалімдер семинариясы Халық Ағарту министрлігі мен қала қаражатынан қаржыландырылатын, ғимараттарды жалға алу тоқтатылды. 1918 жылы мұғалімдер семинариясы қыздар гимназиясының 8 бөлмелі ғимаратына орналасты (4 сынып, мұғалімдер бөлмесі, кітапхана, сурет салу бөлмесі мен канцелерия болатын-С.Ә.). Қол еңбегі сыныптары бұрынғы ерлер гимназиясына, ал үлгілі училище бұрынғы Архиерейлік үйге көшірілді. 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейінгі Уақытша өкіметтің құрылуы білім жүйесіне өзгерістер алып келген болатын, өйткені Верныйдағы ерлер, қыздар гимназиясы жабылды. Мемлекеттік комитет пен Жалпыресейлік мұғалімдер Одағының реформа жасау әрекеттері сәтсіз аяқталды. Білім беру жүйесін революцияға дейінгі қалыпта сақтау немесе Уақытша өкімет кезіндегідей анархияда ұстау бағыты білім беру жүйесін толығымен күйретуге алып келу қарсаңында тұрды [159]. Мәскеудегі Жалпыресейлік мұғалімдер Одағының Үлкен кеңесінде білім беру жүйесіндегі реформа туралы мынадай шешім қабылданды:

1) Жергілікті басқару органдары орта, бастауыш жоғары оқу орындары, барлық шіркеулік-приходтық мектептерді өз басқаруына алуы тиіс;

2) Мемлекеттік комитеттің нұсқауына сәйкес Халық Ағарту комитеттерін құру, оның құрамына Жалпыресейлік мұғалімдердің алтыншы делегаттарының съезіне сәйкес мұғалімдерден өкілдер қатыстыру;

3) Мемлекеттік комитеттің заңдық жобасына сәйкес бастауыш, жоғары бастауыш училище, орта оқу орындары мен мұғалімдер семинариясына өзін-өзі басқару құқын беру;

4) Оқу жоспарларын өзгерте отырып, біртұтас мектеп жүйесін құру, жаңа типті мектептер ашу [136, с. 60]. 1917 жылы күздегі Мәскеудегі жалпы Ресейлік мұғалімдер съезі жасаған құжатқа сәйкес, Верный мұғалімдер семинариясының Педагогикалық Кеңесі өз реформасының жобасын ұсынғанымен, көптеген қателіктер бар деп қабылданбады.

1918 жылы 14 қаңтарда Өлкелік Кеңес бюросына Вонсовский, Граменицкий, Загрубский, Кузьменко, Меркулович, Милованов, Топольский, Троицкий қатысты. Мәжілісте мұғалім Кузнецовтың хабарламасы талқыланды. Интернационалист мұғалімдер большевиктік платформаны қолдай отырып, мектепке радикалды реформалар жасауды талап етті.

1918 жылы 29 қаңтарда Өлкелік Кеңес бюросы мен Ташкент Одағы бюросының біріккен кеңесі өтті. 1917 жылдың аяғында - 1918 жылдың басында Ленин шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден бөлу туралы Жарлық қабылдаған болатын. Шіркеуді мемлекеттен бөлу декретіне байланысты барлық оқу орындарынан Құдай заңы пәнін оқыту алынып тасталды. Мұғалімдер Одағы жұмысшы, солдат, шаруа депутаттар Кеңесі белгілеген Халық комиссарлар билігін мойындауға мәжбүр болды, Жалпыресейлік мұғалімдер Одағының платформасы бойынша мектеп ісіне қатысты іспен келісімге келе отырып әрекет етуі тиіс болды [159, с. 57].

1918 жылдың күзінде барлық оқу орындарын социалистік негізде құру үшін реформа жасалды, бірақ мұғалімдер семинариясы бұрынғы жүйемен қалдырылды. Педагогикалық Кеңес бастауыш мұғалімі дәрежесін алу үшін білім беру шектілігін орта оқу орындарының аттестатын алу деңгейіне жеткізді. Қабылданған шешімге сәйкес семинарияның алғашқы үш оқу жылында оқу сыныбының бағдарламасы орта оқу орындарының бағдарламасына сәйкестендіріп, төртінші сыныпта педагогикалық білім беру мәселесі тұрды, бірақ түпкілікті реформа Ташкенттен түсетін нұсқаумен байланысты қабылдануы тиіс болатын. 1918 жылы 7 қыркүйектегі Ташкенттегі Халық Ағарту Комиссарының нұсқауы бойынша бастауыш оқу орындары мен мектепке дейінгі мекемелердің басшыларын дайындау училищелерде жүреді деген реформа Верный мұғалімдер семинариясының талқысына салынды. Бұл реформаның жаңа бір ерекшелігі, училищеді бастауыш сынып мұғалімдерімен қатар мектепке дейінгі мекемелердің басшыларын қатар дайындау міндеті тұрды. Сонымен бірге реформаға мынадай өзгеріс енуі тиіс болды.

1) Реформаға сәйкес училище тыңдаушылары нағыз және еркін тыңдаушылар деп бөлінеді.

2) Нағыз тыңдаушылар қатарындағы ұл, қыз балалардың орта білімі болуы қажет;

- 3) Еркін тыңдаушылардың қатары 16 жастан кіші ұл, қыз балалар болуы;
- 4) Еркін тыңдаушылар барлық пәндерге жазылуға, немесе өз таңдаулары бойынша кейбір пәндерді таңдауға құқы бар;
- 5) Еркін таңдаушылар барлық пәнге жазылып, білім беру шектігінен өткен соң нағыз тыңдаушылар қатарына өтуге мүмкіндіктері бар;
- 6) Нағыз тыңдаушыларға жатақханадан орын беріліп, шәкіртақы тағайындалады;
- 7) Училищенің Педагогикалық Кеңесі Халық Комиссарлар Кеңесіне шәкірттерге шәкіртақыны тағайындау мен жатақханадан орын беруге ұсыныс қоя алады-деп көрсетілді [160].

Бұл жобаға қатысты Верный мұғалімдер семинариясының Педагогикалық Кеңесі мынадай ұсыныстар жасап және кемшіліктерін көрсетті:

1) Семинарияның жеке өз ғимараты салынғанға дейін оған ыңғайлы орын дайындау. Реформаның жүргізілуіне байланысты семинария пайдаланып отырған коммерциялық жиналыстың ғимараты жұмыс жасауға қолайсыз. Семинарияға жалпы пайдаланатын, үшінші деңгейде оқитын ұл, қыздарға жеке сынып бөлмелері, химия сабағы үшін жеке бөлмелер қажет;

2) Бірінші дәрежедегі мұғалімдер дайындау үшін 5 негізгі педагогикалық сынып ашу қажет;

3) Балабақша мекемелерінің басшысын дайындау үшін бір сыныптық 1 жылдық курс ашу;

4) Жоғары бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау үшін екі жылдық курспен бір сынып ашу;

5) Педагогикалық оқу орнына өте тәжірбиелі мұғалімдерді қабылдау ұсыныстарын қойды [160,б. 7].

1918 жылы бірінші сатыдағы мектептерге реформа жүргізілуіне байланысты, яғни бұрынғы төртжылдық мектептер жетіжылдық оқу жүйесіне ауыстырылды, енді мұғалімдер семинариясының бұрынғы бағдарламасы жаңа оқу жүйесіне сәйкес келмей қалған болатын. Өйткені семинария бағдарламасы бірінші саты талабына ғана сәйкес келді. Екінші сатының білім бағдарламасы гимназия бағдарламасына сәйкес болатын. Семинарияның педагогикалық Кеңесі 5 сыныпты қосу жөнінде ұсыныс жасады. Семинарияның 1, 2, 3 сыныптары мектептің 2 сатысына дайындап, 4, 5 сыныптар педагогикалық болуы қажет еді [161].

1918 жылы Верный мұғалімдер семинариясының Жаңа Ережесі қабылданды. Ереженің 1-бабына сәйкес Верный мұғалімдер семинариясы үкіметтік арнаулы оқу орны болды және бірінші сатыдағы мектеп мұғалімдерін дайындады. Ереженің 2 бабына сәйкес Верный мұғалімдер семинариясы 5 негізгі сыныптық негізде ашылуы тиіс болды. Педагогикалық оқу орындарының жетіспеуіне байланысты семинария жанынан курстар ашуға рұқсат берілді, курстардың ерекшелігі жалпы ережелерге сәйкес мектепке дейінгі мекемелердің басшыларын және екінші сатыдағы мұғалімдерді дайындады.

Ереженің 3 бабына сәйкес шәкірттердің практикалық сабақтары үшін, семинария жанынан бірінші дәрежелі үлгілі мектеп-училище ашылды. Сонымен бірге қажет болған жағдайда семинарияның жанынан бала-бақша мен екінші сатыдағы мектепті ашуға да мүмкіндік жасалады - деп көрсетілді. Бала бақша мен екінші сатыдағы мектептің ашылуы педагогикалық курстардың ашылуымен байланысты болды [160,б. 7].

Ереженің 4-бабына сәйкес мұғалімдер семинариясы Облыстық бөлімнің білім беру басқарамасына бағынып, қаржыландыру көзі мемлекет есебінен жүрді. Семинарияның штат құрамы Педагогикалық Кеңес төрағасы, төраға орынбасары, міндетті пән мұғалімдері мен канцелерия қызметкерлерінің тұрды [160,б. 13]. Мұғалімдер семинариясында міндетті болуы қажет: 1) кітапхана; 2) химия, жаратылыстану, география, тарих кабинеттері; 3) сурет сыныбы; 4) педагогикалық музей мен оқу құралдарының шеберханасы; 5) қол еңбегі кабинеті; 6) гимнастикалық сынып; 7) киім формасы. Кітапханашының міндетін семинария мұғалімі атқарды. Музей меңгерушісі музейді, оқу құралдарының шеберханасын ұйымдастырыру міндеті жүктелді және оған көмекші бекітілді.

Семинарияның жаңа қабылданған Жарғысына сәйкес бұрынғы сынып тәлімгері дәрежесі жойылып, мектеп комитеті институты, жолдастық сот, оқушылардың жалпы жиыны мен сынып старосталарының жиыны енді [160,б. 10].

Мұғалімдер семинариясы, үш сатылы ерлер мен қыздар мектебі, Жетісу орта ауыл шаруашылығы училищесінің шәкірттері бірігіп «Жолдастық этика мен мектеп өмірінің Жарғысын» дайындады. Бұл жарғыны осы үш оқу орнының шәкірттері өздері дайындап, шәкірттер арасында талқыланып қолданысқа енгізді. Жаңа Ережеге сәйкес шаруашылық комитет тарқатылып, оның функциясы Педагогикалық Кеңес Президиумның құзырына өтті. Кеңес құрамында төраға, жолдас, хатшы болды.

Семинарияға реформа жүргізілгенімен өз ішіндегі жағдай шиеленісті болып қалды. Мұның нақты көрінісі семинария директорларының ауысуында, мұғалімдер арасындағы қарым-қатынастан нақты көрініс тапты. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейінгі саяси жүйенің өзгерісімен мұғалімдер семинариясының әкімшілік басқару құрылымы, оқу бағдарламасы өзгерді, зайырлы білім беру жүйесі жойылды, еңбек тәрбиесіне көбірек көңіл бөлінетін болды.

1913 жылы Верный мұғалімдер семинариясы ашылған кезде зайырлы білім мен рухани білім қатар өзара бірлікте оқытылды. Семинарияда дін сабағына ерекше көңіл бөлінді. 1902 жылы 11 наурыздағы Заңға сәйкес семинарияда Құдай заңына 10 сағат бөлінген болатын, яғни дайындық сыныбында-4 сағат, бірінші сыныпта 4 сағат, екінші сыныпта 2 сағат. Ережеге сәйкес семинарияда Құдай Заңына 10 сағат бөлінуі тиіс болғанымен, бірақ Құдай заңына 12 сағат бөлінді, дайындық сыныбында - 5 сағат, екінші сыныпта - 4 сағат, үшінші сыныпта – 3 сағат. Верный мұғалімдер семинариясындағы дін сабағына қатысты өзгерісті Құдай заңы пәнінің мұғалімі енгізген болатын. Ол өзі

енгізген өзгерісті былай түсіндірген: біріншіден, семинариядағы Құдай заңына ерекше көп көңіл бөлетіндігі, екіншіден, шәкірттердің түсу емтихандары кезінде пәннен нашар білім көрсетуі. «Құдай Заңы» пәні мұғалімінің Ережеге бағынбай, өзгеріс жасауының өзінің бірнеше себептері болды. Біріншіден, алғаш семинарияның штатында екі мұғалім ғана болды, бірі директор, екіншісі Құдай Заңы пәнінің мұғалімі. Екіншіден, 1909 жылы Қасиетті-Синод Санкт-Петербургте Құдай Заңын орта оқу орындарында оқыту туралы мұғалімдердің Бүкілресейлік съезін өткізген болатын. Съезд: 1) оқу бағдарламаларының ескіргендігін, 2) бағдарламаның элеуметтік және мәдени өзгерістерге жауап бере алмайтындығын 3) шәкірттер білімінің нашар болғандықтан бағдарламаға Қасиетті жазбаларды енгізу туралы ұсыныстар қойған болатын [162]. Осы съезден кейін Құдай заңын оқытуға ерекше мән берілді. Мұғалім осындай жағдайларды ескере отырып сағат санына өзгеріс енгізген еді. Семинариядағы «Құдай Заңы», ән сабағы және уақытша славян тілі сабағын Верный-Покров шіркеуінің діни қызметкері Гаврил Тихонравов жүргізді. Ережеге сәйкес орыс тілі мен шіркеулік ән сабағына аптасына 12 сағат бөлінуі тиіс болатын. Мұғалім бұл пәндерді де 14 сағатқа бөліп жүргізген [163].

1902 жылы 11 наурыздағы Заңға сәйкес орыс тілі мен шіркеулік славян тіліне 14 сағат бөлінуі тиіс болса, семинарияда 12 сағатпен оқытылды, яғни бөлінген сағаттан аз көлемде. Мұғалім екі сағатты Құдай заңына бөлген. Ол өзінің сағат бөлудегі әрекетін Түркістан мұғалімдер семинариясы штатындағыдай жасаған едім деп түсіндірген. Педагогикалық Кеңес мұғалімнің сағаттарды бөлу әрекетін қате деп тауып, Заңға сәйкес өтуі қажет деген шешім қабылдады [163,б. 17].

Семинарияның алғашқы ашылған кезеңінде бөлінгеннен сағатты өзгеру әрекеті басқа пән мұғалімдер тарапынан да байқалды. Арифметикаға 8 сағат бөлінуі тиіс болса, 9 сағатпен оқытылған. Бір сағаттың артық берілуіне қатысты мұғалім, шәкірттер дайындығының нашар болуымен түсіндірген. Ережеге сәйкес геометрия 6 сағат, тарих 6 сағат, география 6 сағатпен өтуі тиіс болатын. Педагогикалық Кеңес оқуға түскен шәкірттердің білім деңгейінің талапқа сәйкес келмеуіне қарай тарих, география пәндеріне де бір сағаттан қосты. Түркістан мұғалімдер семинариясында педагогиканы бірінші сыныптан оқыту тәжірибиесі Верный мұғалімдер семинариясына да енді, пәнге 6 сағат бөлінді. Бірінші сыныпта үш сағат, екінші сыныпта үш сағат. 1902 жылғы Заң бойынша педагогика екінші сыныпта 3 сағатпен өтуі тиіс болатын. Педагогикадан артық сағат шәкірттердің үлгілі училищедегі сабағымен байланысты енгізілді [158,б. 18]. Қосымша сағат қосу негізінде педагогикалық психология, дидактика, логика, педагогикалық ілімдердің тарихы оқытылды.

Пәндерге сағат бөлуде, Ережеден ауытқу гигиена сабағына да қатысты болды. 1914 жылғы 10 қаңтардағы Халық Ағарту Департаментінің ұсынысына сәйкес гигиена сабағына бірінші сыныпта бір сағат бөлінді [158,б. 18]. Жетісу облысы бас инспекторының ұсынысымен гигиена пәні міндетті пән ретінде оқытылды [164].

1913-1914 оқу жылында семинарияда түземдік тіл оқытылмады. Лазаревск шығыс тілдері институтын бітірген, шығыс тілдерінің маманы Роман Павлович Белоусов семинария тәлімгері болып жұмысқа қабылдануға өтініш білдіргенімен, семинарияда сарт тілін жүргізуге штат бөлінбегендіктен қабылданбады [152,б. 53]. 1915-1916 оқу жылынан бастап, семинарияда сарт, парсы тілі оқытылды. Семинарияда түземдік тілдерді Лазаревск институтының шығыс тілдері факультетінің түлегі, Верный ерлер гимназиясының мұғалімі Н.Г.Мацигаров, ал тілдердің практикалық сабағын Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі В.И.Шабельниковке оқытты. Семинарияда сарт тілін оқытудың нақты бағдарламасы болмады. Тілдер шәкірттерге аудару әдісі арқылы оқытылды. Олар орысша сөз тіркестері, әңгіме, жұмбақтарды түземдік тілге аударды. Сарт тілінің мұғалімі Верный мұғалімдер семинариясының директорына тілдің оқытылуы жөнінде былай ақпарат береді: «Наливкиннің практикалық нұсқаулығындағы материалдар дәйектілікпен беріледі және қосымша грамматикалық мәліметтер оқытылады, сарт тіліндегі сөздерді сөйлеу тілінде пайдалануға, көмекші сөздерді орыс тіліне немесе керісінше аударуға, сөз тіркестерін құру мен осы шақта құруға ерекше мән беріледі. Семинарияда аударма жасау мұғалімнің қадағалауымен өтеді, шәкірттерге үй тапсырмалары көбірек беріледі. Аударма жасағанда және материалды таңдағанда оның дәйектілігіне ерекше көңіл бөлінеді» деп көрсете отырып семинариядағы тілдің оқытылуындағы кемшіліктерді де көрсеткен. «Уақыттың аз болуына байланысты шәкірттер еркін сөйлей білуді меңгере алмайды, бұған ұзақ практика қажет»-деп жазады [165]. Мұғалім есебінен түземдік тілдерді оқытуда аударма әдісіне көбірек көңіл бөлгендігі көрсетілген. Жалпы түземдік тілдерді оқытуда аудару арқылы оқыту әдісі тиімсіз деп саналып, көп оқу орындары көрнекілік әдіске көшкен болатын. Көрнекілік әдіспен оқытуға алғашқы кезде Түркістан мұғалімдер семинариясының Педагогикалық кеңесі де қарсы болды. Семинарияның бұрынғы директоры Миропиев және орыс тілінің мұғалімі Воскресенский ұстаздары Н.И.Ильминскийдің әдісі бойынша оқытқан болатын. Кейін ғана көрнекілік әдіспен оқыта бастады. Верный мұғалімдер семинариясында да осы қателіктер болды, кейін ғана көрнекілік әдіспен оқыта бастады.

Сарт, парсы тілдерін оқытудың бағдарламасы болмаса, кейбір пән мұғалімдері семинарияда пәнді жүргізуге өз бағдарламасын ұсынды. Өз бағдарламасын ұсынғандардың бірі, сурет сабағының мұғалімі Н.Г. Хлудов болатын. Суретші семинариядағы сурет сабағын жүргізудің аса қажеттігін басқа елдермен салыстыра отырып көрсетеді: «Франция, Англия және тағы да басқа мәдени елдерде мектептегі сурет сабағына құрметті орын берілген. Сурет сабағы міндетті сабақ және аптасына бірнеше сағат бөлінеді. Бұдан олар ұтылып отырған жоқ, олар ғылым, өнер, техника, финанс саласынан алға кетті, керісінше Ресей артта қалды» - деп жазды [166]. Н.Г Хлудовтың сурет сабағының бағдарламасында сабаққа бөлінген сағат, сурет сабағының материалдары, шәкірттерді орыс және дүниежүзі суретшілерінің туындыларымен таныстыру, өнер туралы кітап оқыту, шәкірттерді сурет

көрмесіне апару, сабақтан тыс уақытта қаладан тыс жерде сурет салдыру сынды жұмыстары оқу жоспарында нақты көрсетілген болатын.

Мұғалімдер семинариясында тарихи-мәдени тәрбиеге, жаратылыстану пәндерін оқытуға ерекше көңіл бөлінді. Сабақтан тыс уақыттарда тарих, география, жаратылыстану пәндерінен экскурсиялар ұйымдастырылды. 1916 жылы 1 мамырда Верный мұғалімдер семинариясының дайындық, 1 сыныптың шәкірттері Кіші Алматы аңғарына экскурсияға шықты. Оларға ботаникадан климаттық өзгеріске байланысты өсімдіктердің тік орналасуы (таулық белдеудегі өсімдіктер), өсімдіктердің географиялық орналасуына топографиялық жағдайдың ықпалын байқау; гербарийге өсімдіктер жинау және пайдалы өсімдіктерді тануға қатысты тапсырма берілген. Олар географиядан таулы аймақтағы өзендер, тау жыныстарының морт сына бастауы, таудағы сейсмикалық жағдайға қатысты бақылаулар жүргізуі тиіс болған. Зоологиядан сауысқанның ұясы, ала тышқан үнгірі, улы сұр жылан, жабайы ешкі, қырғауыл туралы мәліметтерді табиғат аясында жүріп салыстыруға тапсырма берілген болатын [167]. Шәкірттердің табиғат аясында жүріп тапсырмаларды орындауының ғылыми-танымдық, тәрбиелік жағынан да маңызы зор болды.

Н.Г. Ильминскийдің жүйесімен өзін-өзі қаржыландыру мақсатында семинария 1800 кв. сажын жер телімін 3425 рубльге сатып алған болатын. Семинария қосымша мещанин С.Т.Тихоновтың жерін жалға алды. 1915 жылы бау-бақша егілген жердің көлемі 3600 кв, сажын жерге жетті. Ферма бақшасында картоп, қияр, қызанақ, сәбіз, пияз, қырыққабат, жүгері, қарбыз егілді. Семинарияның фермадан 1916 жылғы табысы 488 рубль 81 тиын, ал 1919 жылғы жалпы пайда 3039 рубль 81 тиын болған [168]. Жер телімін жыл сайын тәжірибелі мамандар басшылығымен шәкірттер өңдеуге қатысып отырды. Ферманың өнімі шәкірттердің дастархандарына және сатылымға шықты. Түскен ақша семинарияның депозитіне түсетін [169].

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында семинарияда жастарды славян мәселесімен таныстыруға ерекше көңіл бөлінді. Өйткені соғыс жылдарында славяндарды біріктіру идеясы мен орыс-славян қарым-қатынасы деген мәселе өткір тұрды. Барлық орта оқу орындарының жоғарғы сынып шәкірттеріне мынадай тақырыптар оқытылуы қажет болды: 1) Австрия және славян халықтары; 2) Ресей тарихындағы Шығыс мәселесі; 3) Оңтүстік славян халқының еркіндік үшін күресі (1805-1917), Орыс славянофильдері [135,б. 178].

Соғыстың қиындықтары семинарияның оқу үрдісіне көп қиындықтар туғызумен бірге өзгерістер де алып келді. Қол еңбегі пәнінің мұғалімін әскерге шақыруға байланысты, 1916 жылдан қол еңбегі, ән сабақтары мүлдем жүргізілмеді. 1918 жылы семинарияға қыздар оқуға қабылданғаннан кейін, қыздарға қол өндірісі сабағының орнына қол еңбегі сабағы жүргізілді. Ғимараттарды жалдау құнының, азық-түлік бағасының өсуі семинарияның күнделікті өміріне көп қиындықтар туғызды [170].

1892 жылдан бастап барлық семинарияда бірінші сынып оқушылары орыс тілі, арифметикадан ауызша, жазбаша емтихан, Құдай заңынан ауызша, жалпы тарих, жалпы географиядан ауызша емтихан; екінші сынып оқушылары орыс

тілі, арифметикадан жазбаша, ауызша емтихан, орыс тілі мен шіркеулік славян тілі, жаратылыстану пәндерінен ауызша емтихан тапсырды. Бір сыныптан екінші сыныпқа өту емтиханына пән мұғалімі, ассистент және директор қатысты. Шешуші баға қою кезінде шәкірттің бір жылғы сабақтағы белсенділігі мен сынақ кезіндегі жауаптары ескерілді. Бітіру емтихандарына Педагогикалық Кеңес мүшелері, халықтық училище инспекторы қатысуы тиіс болды. Ауызша емтихан тапсырудан бөлек бітіруші түлектер орыс тілі, математикадан жазбаша жұмыс жазып, бастауыш училищеде Педагогикалық Кеңес мүшелерінің қатысуымен сабақ өткізетін [74,с. 34].

Осы емтихан сынағына қатысты шарттардың барлығы да Верный мұғалімдер семинариясында орындалды. Шәкірттердің бір сыныптан екінші сыныпқа өту емтихандарына, бітіру емтихандарына, сабақтарға жергілікті оқу орындарының басшылығы, уез бастығы, генерал-губернаторлар да қатысып отырды. 1916 жыл 15 қазанда Түркістан генерал-губернаторы генерал-адъютант А.Н.Куропаткин, Жетісу облысының әскери губернаторы, генерал-лейтенант Фольбаум (М.А. Соколов-Соколинский) Жетісу мұғалімдер семинариясына келді. А.Н.Куропаткин сабақ кестесімен танысып, екінші сыныптағы әдебиет сабағының тәлімгері В.Н.Орловтың сабағына қатысты. Сынып журналын қарап, шәкірттерден өнер, оның түрлері, поэзия және оның түрлері, романның повестен ерекшелігі, тарихи романның ерекшелігі, орыс әдебиетінің тарихына қатысты сұрақтар қойып, шәкірттер жауабына риза болған [167,б. 21].

Қоңыраудан кейін А.Н.Куропаткин директордың кабинетіне кіріп, 3 сынып шәкірттерінің педагогикадан жазбаша жұмыстарын оқып, олардың жұмыстарына көңілі толады. Шәкірттердің әнін тыңдап, ән сабағының мұғалімі протерий Тихонравовқа екі рет алғысын білдіреді. Өлкенің негізгі басшысы шәкірттерге ақыл-кеңесін айтып, семинариядан кетті. 17 қазандағы құлшылыққа қаладағы барлық оқу орындарының шәкірттері сабақтан босатылып, өз тәлімгерлерімен ғибадатханаларға жиналуын сұрады-деген мәлімет беріледі архив деректерінде [167,б. 21].

Мұғалімдер семинариясының шәкірттері уезд басқармасының әр түрлі ұйымдастырған іс-шараларына да араласып отырды. Верный мұғалімдер семинариясының шәкірттері қаланың статистикалық материалдарын жинауға қатысқан.

Патша билігі құлатылғаннан кейін Уақытша үкімет білім беру ісіне қатысты реформалар жасаған болатын, бірақ бұл реформалар аяқсыз қалды. Реформаның негізгі мазмұны оқу бағдарламаларының мәртебесін арттыруға және жетілдіруге бағытталған болатын. Келесі өзгеріс Ресейдегі большевиктердің билікке келуімен байланысты болды. Кеңес өкіметі біртіндеп өзінің араласу шеңберін кеңейте бастады. Күрделі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдай Верныйдағы оқу орындарының жұмыстарына да жаңалықтар алып келді. 1918 жылы қабылданған Верный мұғалімдер семинариясының Ережесі семинарияның оқу-тәрбие жұмысына өзгертті. Ережеге сәйкес семинарияда педагогика, дидактика училище тану, педагогикалық ілімдер тарихы, жалпы және балалар психологиясы, логика,

жалпы және балалар гигиенасы, балабақша тәрбиесінің негіздері, педагогикалық сурет салу мен жапсыру, гимнастика және ойындар, қол еңбегі сабағы, сурет салу, ән, саяси экономика және социология, орыс тілі, жергілікті тіл, тарих, математика, физика мен космография, жаратылыстану, ал әдістеме пәндерінен: орыс тілі, арифметика мен геометрия, жаратылыстану, тарих, географияның әдістемесі оқытылды. Ереженің 7 бабына сәйкес Педагогикалық Кеңес сабақтардың санын сыныптар бойынша өзгертуге, сабақтар санын қысқартуға немесе көбейтуге құқы болды.

1918 жылы 29 қаңтардағы Ташкент Одағының Мұғалімдер Одағымен біріккен Бюро мәжілісінде шіркеудің мектептен бөлу Декретіне байланысты барлық оқу орындарынан Құдай Заңы пәнін алып тастау мәселесі қаралды. Бюро Құдай Заңын міндетті пән ретінде оқытуды алып тастауды ұсынды [158, б. 59]. 1918 жылдан кейін семинарияда Құдай Заңы пәні оқытылмады.

Верный мұғалімдер семинариясына ер, қыз балалар қатар қабылданатын болды. Семинарияға түсу емтихандары да өзгерді, енді орыс тілі, математика, география, сурет салудан тапсырды. Семинарияның әрбір сыныбындағы оқушы саны 30-дан аспауы қажет болды. Барлық мұғалімдер семинариясына 100 шәкіртақы алу қажет деп белгіленеді. Шәкіртақы тағайындауды Педагогикалық Кеңес шешті (кесте 3) [161, б. 14].

Семинария жанынан ашылған үлгілі училище мұғалімдер семинариясының Педагогикалық Кеңес төрағасына бағынды. Училищенің оқу-тәрбие жұмысын жүргізу училищенің Педагогикалық Кеңес міндетінде болды. Училищенің Педагогикалық кеңесі құрамына училищенің меңгерушісі, мұғалімдер семинариясы мен училищедегі практикалық сабақтарға жауапты әдіскер кірді. [160, б. 17]. Үлгілі училищенің ішкі тәртібі училищенің Педагогикалық Кеңес жасаған нұсқаулығына сәйкес реттеледі [160, б. 18]. Үлгілі училищедегі шәкірт саны 20-дан аспауы қажет болды. Жаңа қабылданған Ережеге сәйкес Верный мұғалімдер семинариясындағы оқытылған пәндер мен бөлінген сағат сандары.

Кесте 3 - 1918-1919 жылғы оқытылған пәндерге бөлінген сағаттар

Пәндер	Пәндер өтеді	Осы пәнді оқытатын	I жарты жылдық	II жарты жылдық	Абсолютті зачет	Оқудан шығарылғандар		1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
						7	8				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Орыс тілі	I, II, III, IV	79		61	61			20	24	9	8
Тарих	I, II, III, IV	79		37	37			13	9	7	8
Алгебра	I, II, III, IV	79		56	56			21	18	9	8
Геометрия	I, II, III, IV	79		55	55			20	18	9	8
Тригонометрия	III, IV	23		18	18					10	8
Зоология	III	15		4	4			-	-	4	-

3 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Физика	I, II, III, IV	79		62	62			21	24	9	8
Космография	II, IV	23		17	17					14	8
қазақ тілі	I, II, III, IV	79		60	60			18	22	12	8
француз тілі	I, II, III	24		24	24			8	10	6	
неміс тілі	I, II, III	10		10	10			10			
қол еңбегі	I, II, III	71		сынақ тапсырмайды							
Сурет	I, II, III, IV	79		сынақ тапсырмайды							
Сызу	I, II, III, IV	79		сынақ тапсырмайды							
Ән	I, II, III, IV	79		сынақ тапсырмайды							
Музыка	I, II, III, IV			оқушылар саны шексіз							
ағылшын тілі	I, II, III	2		1	1				1		
География	I, II, III	71		27	27			12	15		
орыс тілі әдебиеті	IV			8				8	8		
арифметиканың әдістемесі	IV			8				8	8		
географияның әдістемесі	IV			8				8	8		
тарихтың әдістемесі	IV			8				8	8		
жаратылыстану әдістемесі	IV			8				8	8		
Педагогика	IV			8				8	8		

Кестеден Құдай заңы, шіркеулік әндер, көркем жазу пәндерінің оқу бағдарламасынан алынып тасталғанын көреміз. Орыс тілі, алгебра, геометрия, физика, қазақ тіліне бөлінген сағат саны көбейген. Сонымен бірге бұрын оқытылмаған пәнде де бар. Мысалы, тарихтың әдістемесі, географияның әдістемесі, француз, неміс тілдері, космография пәндері.

Верный мұғалімдер семинариясы алғашқы ашылған кезде өз ғимараты болмай жалға алғанымен, бірақ семинарияның жақсы жабдықталған сыныптары, өз кітапханасы болды. Семинарияның кітапхана қоры және кабинеттердің фундаментальді кітапханасында 1916 жылдың қаңтарында 1459 атаумен 1459 дана кітап және 3988 том болса, шәкірттердің кітапханасында оқу құралдары мен нұсқаулар 187 атаумен 1907 дана кітап, 1011 том болды. Кітапхана қоры жеке адамдардың қорға кітап өткізу есебінен де толығып отырды. 1916 жылы 5 наурызда бұрынғы Түркістан әскери медициналық инспекторының көмекшісі, құпия кеңесші Николай Александрович Лебедевтің жесірі Александра Михайловна Леведеева 15 наурыз күні семинарияның кітапханасына қайтыс болған күйеуінің кітапханасынан сыйлыққа 108 атаумен кітап, 108 дана және 478 том кітап өткізді. Педагогикалық Кеңес кітап құнын 223 рубль 40 тиынға бағалады [167,б. 15].

Верный мұғалімдер семинарияның өз оқу-тәрбиелік ғимараты болды; фундаментальді және оқу кітапханасы, жаратылыстану кабинеті (физикалық, химиялық лаборатория), жаратылыстану-химиялық коллекция, қол еңбегі кабинеті. Физикалық кабинетте 299 прибор, химиялық лабораториялық кабинетте - 116 материал болды, жалпы жаратылыстану кабинетінің шығыны - 4397 рубльді құрады. Жаратылыстану-тарих кабинетінде тарих, география, медицина, гигиенадан таблица, карталардың 24 түрі, құны 170 рубльмен жабдықталды [158,б. 5]. Жаратылыстану-ғылыми кабинет минерология, ботаника, зоология және тағы да басқа жаратылыстану ғылымдарына қажетті 152 түрлі әр түрлі құралдармен жалпы құны 1009 рубльге жабдықталды [158,б. 5]. Бұл кабинетке құны 143 рубль тұратын ағаш үстелдер сатып алынды [158,б. 5]. 1915 жылы Жетісу Қоныстандыру басқармасының жол технигі Г.Г.Шавкунов 300 Орал тастарынан жинақталған жалпы құны 200 рубльдік коллекциясын семинарияға сыйға тартты [158,б. 5].

1916 жылы химия кабинетіне шәкірттердің тәжірибе жасауы үшін бензин, күкірт қышқылы, тұз қышқылы сатып алынды. 1916 жылы жаратылыстану-тарих кабинетінде 67 сабақты өткізуге арналған жабдықтар болды, оның ішінде тарих, география, медицина, гигиена пәндерін өткізуге арналған карта, таблица, сызбалары болатын [158,б. 5]. Қол еңбегі сыныбында 1915 жылы 195 еңбек құралдары мен әр түрлі заттардан тұрған сыныптың құны 1432 рубльге бағаланды. Қол еңбегі кабинетінің өз жоңғыш білдегі болды [158,б. 5]. 1918 жылы семинарияның жаратылыстану-ғылыми кабинеті (физика, химия, ботаника, зоология, минерология) Халық Ағарту ісінің облыстық бөлім бастығының бұйрығымен Верный халықтық университетіне берілді. Бұл жерде ерлер, қыздар гимназиясының бұрынғы кабинеттері ортақ пайдалану мақсатында біріктірілген болатын [166,б. 26].

Қорыта келе, Верный мұғалімдер семинариясы арнайы қабылданған Ережелермен жұмыс жасады. Семинария алғаш ашылған кезде және 1917 жылғы Кеңес билігінің орнауынан кейінгі оқу-тәрбие жұмыстарына өзгерістер болғанын көреміз. Діни пәндер оқу бағдарламасынан алынып, жаратылыстану мен қоғамдық ғылымдарға және еңбек тәрбиесіне көбірек көңіл бөлінді.

3.2 Семинариядағы оқытушылардың, шәкірттердің ұлттық, әлеуметтік құрамы

Түркістан мұғалімдер семинариясы алғаш ашылған кезде толық мұғалімдер құрамымен құрылса, Жетісу мұғалімдер семинариясының штатында екі адам ғана болды, директор мен бір тәлімгер, қалған мұғалімдер уақытша, немесе уақытша қызметке алынғандар болатын. Семинарияның алғашқы директоры, Мәскеу діни академиясын дінтанушы магистр дәрежесінде бітірген, стат кеңесшісі Василий Андреевич Светлов болды. Ол семинария директорлығы қызметіне келгенге дейін, 1889 жылы шіркеулік-приходтық училищеде, 1889-1891 жылдары Архангельск Епархиялық қыздар училищесінде, 1891-1909 жылдары Епархиялық училищенің мұғалімі болды. 1909-1913 жылдары Жетісу облыстық 1-ші халықтық училищелердің

инспекторы қызметін атқарды [171].Семинария директоры өз қызметінен бөлек міндеткерліктер де атқарды: Верный сотының құрметті мировой соты, Софийск станицасындағы Жетісу казактарының құрметті ақсақалы, Жетісу облысы балалар үйі попечителінің құрметті мүшесі, Сарқанд қайырымдылық қорының құрметті мүшесі, Түркістан Епархиялық училищесі Кеңесінің құрметті мүшесі және тағы да басқа ұйымдар мен қоғамдардың мүшесі [172].

1914 жылы бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы, 1917 жылғы Ақпан төңкерісі мен Қазан төңкерісі семинарияның саяси құрылымдық, басқару жүйесі мен мұғалімдер құрамының қалыптасуында өзіндік із қалдырды. 1917 жылы 12 шілдеде В.А.Светловтың еңбек демалысына шығуының соңы, директорлық қызметтен кетуіне алып келді. Орыс тілінің тәлімгері Орлов семинария шәкірттерінің көмегімен семинария директорының қызметіне келмекші болды. Орловтың келуіне семинария мұғалімдерінің негізгі бөлігі қарсы шықты. Верный мұғалімдер Одағы Уақытша өкімет комиссары Шкапскийге өз шешімін жіберді. Шешім бойынша Орлов пәлекор деп жарияланып, тарих пәнінің мұғалімі Тишкеевичті Одақтан, екі тәлімгерді семинариядан шығару жөнінде шешім шығарылды. Попечителдік Комитет семинарияның директоры қызметін уақытша жүргізуді Верный ерлер гимназиясының директоры Акимовқа жүктеді [173].

1917 жылы қыркүйекте Педагогикалық Кеңес семинария директорлығының қызметіне И.Л. Брызгаловты ұсынды, ол семинария директоры болуға өз келісімін берді [174]. Бірақ И.Л.Брызгалов семинария басшылығының қызметінде ұзақ тұрақтамады, семинария директорлығына В.Д.Городецкий бекітіледі. 1918 жылы 8 қазанда семинария директорының қызметін уақытша атқарған В.Д.Городецкий халықтық университетті құру жұмыстарына байланысты директорлықты уақытша атқарудан бас тартты [175]. 1917-1918 жылғы семинарияға жүргізілген қайта құруларға байланысты семинария директоры қызметі Педагогикалық Кеңес төрағасы деген қызметпен ауыстырылды.

1918 жылы 12 қазан – 16 қазанда аралығында Педагогикалық Кеңес төрағасы қызметін уақытша П.И. Шебалин атқарған болатын, 16 қазанда ол денсаулығына байланысты Кеңес төрағасы қызметінен өзін босатуды, бұл қызметке П.А.Степановты қоюды сұрады [175,б. 23]. 1918 жылы қарашада Педагогикалық Кеңес төрағасы В.Д.Городецкий болды.

Дендородолог, археолог, библиограф Владимир Дмитриевич Городецкий Императорлық Новороссийск университетін бірінші дәрежелі дипломмен бітірген, 1906 жылы Ташкент қыздар гимназиясының оқытушысы, 1912 жылы Сырдария облысының үшінші аудандағы халықтық училищелердің инспекторы, 1914 жылы Мерв реалдық училищесінің оқытушысы, 1915 жылдан Верный мұғалімдер семинариясының тәлімгері болған еді.

Верный мұғалімдер семинариясындағы директордың ұзақ тұрақтамауы мәселесімен бірге алғашқы ашылған тұстан-ақ, мұғалімдердің жетіспеу мәселесі өткір тұрды. 1913 жылы семинария алғашқы ашылған кезде тәлімгер Г. П. Тихонравовтан басқа штатта мұғалім болмады, негізгі пәндерді Верный

қаласындағы гимназия, қалалық училище мұғалімдері жүргізді. Алғашқы орыс тілін, шіркеулік славян тілін жүргізген В.Гальдобиннің негізгі қызмет орны, Верныйдағы Александровск жоғары бастауыш училищесі болатын. Ол училищеде 20 сағатпен сабақ жүргізетіндіктен, семинария сабақтарын қолы босаған кезде ғана жүргізді [176]. В.Гальдобиннің орыс тілі, шіркеулік славян тілінен сабақ беру тәжірибиесі болмағандықтан көптеген қателіктер жіберді. Шәкірттердің жазбаша жұмыстарын тексермей, әкімшіліктен бірнеше ескерту алды, нәтижесінде директор шәкірттердің жұмыстарын өзі тексеріп, пәнді жүргізуге басқа мұғалім қабылдауға мәжбүр болады [176,б. 39].

Г.П.Тихонравов Саратов діни семинариясының түлегі, он бес жылдай Саратов губерниясының Петровск діни училищесінде қызмет жасаған, Түркістан Епархиясының пасторы, 1906 жылдан Түркістан діни консисториясының мүшесі, Жаркент қалалық үш сыныптық училищеде, Үлкен Алматы үш сыныптық қалалық училищеде Құдай Заңы сабақтарының мұғалімі болды [177]. Г.П.Тихонравов қысқа уақыт аралығында семинариядағы шәкірттерден шіркеулік әндерді орындайтын хор құрды. Семинарияда көркем жазу сабағын жақсы жүйеге келтірді. Ол семинарияда Құдай заңы, шіркеулік әндер, көркем жазу пәндерін жүргізді [178].

Семинария штатындағы мұғалімдер құрамын директордың өзі жасақтады, Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазанның жоғары оқу орындарына, Түркістан, Семей мұғалімдер семинариясынан, Верныйға мұғалімдік жұмысқа келуге ниеті бар адамдар туралы ақпараттарды жинай бастады.

Семей мұғалімдер семинариясының орыс тілі пәнінің мұғалімі В.Васильев жөнінде семинария директоры В.А.Светловқа жазылған құпия хатта мынадай ақпарат беріледі: Тәлімгер В. Васильев Петербург мұғалімдер мектебін, институтын бітірген. Петербург, Варшава оқу округінің оқу орындарында қызмет жасаған. 1901 жылы Приамурск өлкесінің халық училищелерінің инспекторы, 1908 жылы тамызда Семей мұғалімдер семинариясының орыс тілі пәнінің тәлімгері болып бекітілді. Семинарияда тәлімгер Васильев орыс тілін өте терең білетіндігін көрсетті, педагогикалық тәжірибиесі бар. Семинария жанындағы үлгілі училищедегі орыс тілінің практикалық сабақтарын басқарды, ұқыпты түрде сабақтарға барды [177,б. 19].

Васильев оқытушы ретінде жақсы, бірақ тәрбиеші ретінде өзін көрсете алмады. Оның әлсіз тұсына бірнеше рет көңіл аудардым және мұны сізге де ескерткім келеді. Қазір ол халық училищелерінің инспекторы қызметіне, кейін Батыс-Сібір оқу округіндегі басқа оқу орнына ауысу жоспары бар. Тәлімгер Васильевтің сіз басқарып отырған семинарияға ауысуына кедергі жасағым келмейді. Бір жерден екінші жерге ауысу оған пайдалы болмауы да мүмкін. Сонымен бірге, оның қызметінің аяқталуы мерзімі 1916 жыл - деп жазды Семей мұғалімдер семинариясының директоры [177,б. 19].

Семинария директорына орыс тілі тәлімгерлігіне В.Васильевтен бөлек тағы да екі кандидатурадан ұсыныс түсті. Біріншісін, Қазан Императорлық Діни Академиясының директоры Түркістан мен Ташкент епископы Иннокентий арқылы, Академия курсының түлегі Николай Аркадьевич Предтеченскийді

Верный мұғалімдер семинариясына жұмысқа қабылдау жөнінде өтініш жазды. Епископ Иннокентий (Андрей Григорьевич Грисюк) өз шәкірті жөнінде былай жазды: Өте білімді, ең таңдаулы магистранттардың бірі, орташа баллы 4,82, діни ұстанымы өте жоғары, құдайға адал құлдардың бірі. Оның кандидатурасы орыс тілі пәнін жүргізуге өте лайықты. Академияда орыс тілі, әдебиетін оқымаса да өзіне берілген міндетті атқарып шығады, керемет, шебер жазады, курстық жұмысы ежелгі славян тіліне арналды. Оқу орнының әкімшілік – оқу бөлімінде қызмет жасағандықтан, педагогикалық қызметке дағдысы да бар. Материалдық жағдайы ауыр болғандықтан, семинарияға мұғалім болып бекітілсе, оның жол қаражатын төлеулеріңізді сұрар едім [179].

Екінші өтінішті Мәскеу императорлық Діни Академиясының 4 курс студенті Василий Николаевич Орлов жазды. Семинария директоры В.Васильев, Н.А.Предтеченский, В.Н.Орловтың кандидатураларын талқылай келе, 1914 жылы 1 қыркүйекте орыс тілі пәнінің мұғалімі міндетін атқаруға дін тану бойынша бірінші дәрежелі дипломмен аяқтаған В. Н. Орловты қабылдап, 6 ай сынақтан кейін, тұрақты орыс тілін беруге қабылдайды. 1914 жылы 3 қыркүйектегі В.Н.Орловтың жалақысы – 1800 рубль, пәтерақыға – 450 рубль, бесжылдық үстемақыға – 400 рубль, кітапхананы басқаруға – 180 рубль, қымбатшылыққа қатысты қосымша үстем ақыға – 606 рубль, тәлімгерлік үшін – 600 рубль, яғни барлығы 4036 рубль төленді [179,б. 3]. В.Н.Орловтың жалақысы және қосымша төленген үстеме ақы көлемінен семинария мұғалімдері жалақыларының өскендігін көруге болады.

Семинарияға жұмысқа тұруға өтініш білдірген мұғалімдер қатарында кейін қызметке келмей қалғандар да болды. Мысалы, 1915 жылы 1 шілдеден 27 тамызға дейін өз өтініші бойынша тәлімгерлік қызметке Петроградтан келуі тиіс болған Петр Боголовскийдің келмеуіне байланысты оның өтініші қабылданбады [171,б. 10].

1913-1915 жылдардағы семинария директоры В.А. Светловтың Ресейдің ішкі аймақтарындағы оқу орындарының басшыларына жазған өтініш хаттарының негізінде семинарияда мынадай мұғалімдер құрамы жасақталды: Құдай заңы, музыка- ән сабағын Саратов діни семинариясын студент дәрежесінде бітірген, Верный шіркеуінің қызметкері Г. П. Тихонравов, математика пәнін Мәскеу Императорлық университетінің физика-математика факультетін II дәрежелі дипломмен бітірген А.В.Бутин, Императорлық Новороссийск университетін I дәрежелі дипломмен бітірген, Мерв реальды училищесінің мұғалімі В.Д. Городецкий, орыс тілін Мәскеу Діни Академиясын дінтану кандидаты-магистрі дәрежесінде бітірген В.Н.Орлов, тарих пәнін Омск мұғалімдер семинариясын бітірген, уезд мұғалімі дәрежесі бар Н.А.Иванов, Императорлық Мәскеу университетін 2 дәрежелі дипломмен бітірген Н.А.Тишкеевич, түземдік тілдерді Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі В.И.Побольников, тілдердің практикалық сабағын Верный екі сыныптық орыс-түзем училищесінің мұғалімі, Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі В.И.Шабельников жүргізді.

Алғашқы кезде уақытша қол еңбегі пәнін Үлкен Алматы қалалық училищесінің мұғалім инспекторы А.В. Виноградский жүргізсе, кейін Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі, Ресейлік қол еңбегі курсынан өтіп, жалпы білім беретін мектептің қол еңбегі пәнінің мұғалімі дәрежесін алған В.А.Ерещенко, ән сабағын А.П.Миров, сурет сабағын Н.Г.Хлудов, көркем жазу сабағын Верный бір сыныптық приходтық училищенің мұғалімі В.К. Берштейн, гимнастика сабағын Түркістан атқыштар полкінің поручигі М.Н. Кукон-Ясмопольский, кейін оның майданға алынуына байланысты В.А.Черныйға жүктелді [151,с. 2].

Жетісу облысындағы қалалық училище, мұғалімдер семинариясына мұғалімдер жетіспеуінің бірнеше себептері болды: біріншіден шалғайда жатқан Верныйға келуге қызығушылық танытпады, екіншіден семинария мұғалімдерінің жалақысы гимназия мұғалімдерінің жалақысымен теңестіріліп және жеңілдіктер жасалса да, келуге ниет білдірушілердің санын арттырмады; үшіншіден семинарияның ашылуы мен қалыптасу қиын кезеңге сәйкес келген болатын, яғни бірінші дүние жүзілік соғыстың басталуына байланысты мұғалімдер майданға шақырылып, кәсіби мамандарға деген сұраныс өсті. Жетісу облысындағы гимназия, семинария директорлары жоғары білімі барларды кейде жұмысқа алмай, керісінше уездік, қалалық училище мұғалімдерінің ең таңдаулыларын гимназияның жоғары сыныптарына, мұғалімдер семинариясына қызметке алып, оларды сабақ беруге білімдері жетеді деп бағалап отырған. Өйткені кейде жоғары білімі бар мұғалімдер талапқа сәйкес келмей жатты, олар ғылыми-педагогикалық әдебиеттермен танысуға, өз білімдерін көтеруге құлықсыз болғандықтан, сыннан өтпей қалатын. Мысалы, Верный мұғалімдер семинариясының директоры 1913-1914 оқу жылында орыс тілінен сабақ беруге қалалық училище мұғалімі Н.А.Ивановқа таңдау жасаған, оның тек уездік училище мұғалімі деген атағы ғана болған еді [180].

Семинарияда өз қызметін өте жоғары жауапкершілікпен атқарған мұғалімдер болды. Семинария директоры тәлімгер О.Тихонравов жөнінде былай деп жазды: «Ең таңдаулы шіркеу қызметкерлерінің бірі. Қысқа уақыт ішінде семинария шәкірттерінен үлгілі шіркеулік әндерді орындайтын хор құрды. Шәкірттер шіркеулік мәтіндерді, апостол оқуды, діни уағыз айтуды, ғибадат жасауды үйренді. Ол семинарияның оқу-тәрбие, шаруашылық жұмыстарын жүргізудегі - менің басты көмекшім. Тихонравовтың шәкірттерге беретін тәрбиесі де жоғары болды. Сабақтан тыс уақыттарда шәкірттермен дін, қоғамдық өмір туралы әңгіме жүргізетін. Нұсқау бойынша ол кезекшілік атқаруға тиісті емес болса да, тәлімгерлермен бірге кезекшілікте қалып, семинариядан кетпей шәкірттердің қасында қонып та қалатын. Құдай заңы, шіркеулік әндер, көркем жазу сабағын өте жоғары деңгейде жүргізді - деп бағалаған семинария директоры [178,б. 2].

Сурет сабағының мұғалімі Н.Г.Хлудов туралы семинария директоры былай деп жазды: Семинариядағы үлгілі мұғалімдердің бірі және семинарияға Мәскеу Митрополиті әулие Алексейдің иконасын, Мәскеу Діни

Академиясының ректоры А.А.Горскойдың, Жетісу губернаторы Г.А.Колпаковскийдің портреттерін сыйға тартты [178,б. 3].

Мұғалімдер өздерінің сабақ жүргізу міндеттерінен бөлек, семинариядағы хатшылық, кітапхана жұмыстарын да атқарды. Мысалы, Бутин семинариядағы хатшылық пен кітапхана ісін қосымша атқаруға міндетті болды [155,б. 48]. Сонымен бірге, семинария мұғалімдері қала әкімшілігінің тапсырған жұмыстарын атқарып, қаланың мәдени өміріне араласты, әртүрлі ұйымдарға қатысып және қосымша басқа оқу орындарында да қызмет жасады. Тәлімгер Тихонравов Верный қаласындағы Қасиетті - Алексеевск әскери шіркеуінің, әскери дружинаның шіркеу қызметкері, Епархиялық училищелер Кеңесінің мүшесі, Қасиетті Крест миссионерлік қоғамының мүшесі, Епархияның ағартушылық мекемесінің мүшесі болды. Тәлімгер Орлов прапорщиктер дайындау мектебінде орыс тілі курсы оқытты [158,б. 11].

Семинария директорының ұсынысымен Верный қаласының дәрігері Вилькенштейн семинария дәрігері болып бекітілді. В.А.Светлов оның жалақысын Түркістан мұғалімдер семинариясы дәрігерімен теңестіру жөнінде Түркістан өлкесінің бас инспекторына өтініш жасады [155,б. 1]. Вилькенштейн дәрігер ретінде шәкірттердің денсаулығы бойынша мәселемен Педагогикалық Кеңес мүшелігіне де кірді [155,б. 5].

Семинария жанындағы үлгілі училищенің меңгерушісі Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі И.М. Яшков, ал мұғалімдері Т.И. Погребинское, Е.И. Гусеева болды.

1914 жылы бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты Жетісу облысындағы оқу орындарының тәлімгер, мұғалімдердің майданға алынуы өлкедегі кәсіби мұғалім мамандығының тапшылығын туғызды. 1914-1915 оқу жылында семинария тәлімгері А.В.Бутин майданға алынған соң, жаратылыстану пәнін 1-15 қарашада семинария директоры В.Светлов, 16 қарашадан оқу жылының аяғына дейін Верный гимназиясының мұғалімі П.И.Богаев, физика сабағының 4 сабағын, ал геометрия мен алгебраның 6 сабағын орыс тілінің тәлімгері В.Орлов жүргізді [164,б. 20]. Қиын кезеңде мұғалімдер жетіспегендіктен, олар басқа да ғылыми пәндерді жүгізуге мәжбүр болған.

1917 жылғы Ақпан, Қазан төңкерістері нәтижесіндегі патша билігінің құлатылуы, Уақытша өкіметтің, кейін большевиктер партиясының билікке келуі, Түркістан генерал-губернаторлығындағы оқу-ағарту ісіне, басқару жүйесіне және аймақтағы бастауыш білім, орта білім беретін оқу орындарына да түбірлі өзгерістер алып келді. 1917-1918 оқу жылында семинарияның мұғалімдер құрамы да өзгерді. Бұрын Верный мұғалімдер семинариясында ер адамдар жұмыс жасап келсе, енді семинарияға қыз балалардың қабылдануына байланысты әйел мұғалімдері де жұмысқа қабылданды.

1919 жылы 27 қаңтардағы Орталық Революциялық комитеттің бұйрығы бойынша Кеңес билігін мойындағандар ғана семинариядағы жұмыста қалдырылды. 1917-1918 оқу жылында семинариядан И.Л.Брызгалов, А.В.Бутин, В.Я.Кузнецов, В.Н.Орлов, В.А.Светлов, Б.Ф.Большакова, дәрігер

Валькенштейн кетті. Аркадий Бутин Верный мұғалімдер семинариясына қызметке кірген күннен бастап, Пішпекке ауысу туралы өтініш берген болатын, 1918 жылы тамызда өз өтініші бойынша Пішпек ерлер гимназиясына мұғалімдік қызметке ауысты [181]. Семинария директоры В.А.Светлов өте тәжрибиелі мұғалім ретінде педагогикалық курстарда өз қызметін жалғастырды.

1918 жылы тамызда семинария қызметінде қалған Н.Г.Хлудов өзі туралы былай деп жазды: Саяси сұрақтар туралы білімім жоқ және 68 жасымда оны игере де алмаймын. Уақыт талабына қарай Кеңес билігін және Халықтық Еңбек басқармасын қолдаймын. Графикалық білім беруде, еңбек білімінің принциптерін ұстанамын, өйткені шәкірттерді мұғалімдікке тәрбиелеймін, эстетикалық талғамын дамытамын, олар халық арасында қол еңбегін дамытады. Мұғалімдер семинариясында сызу, сурет сабақтарын жалғастырғым келеді, арнайы педагогикалық білімді 1872-1874 жылдары Одесса училищесінде және Петербургтегі жеке меншік мектептегі суретші шеберлерден алдым [182].

1917-1918 оқу жылында семинариядан өз қалауымен кеткендер және басқа оқу орындарына ауысқандармен қатар, семинарияға жұмысқа алынғандар да болды. 1917-1918 жылы семинариядағы мұғалімдікке Қазан университетін агрономия, технология мамандығы бойынша бітірген Александр Александрович Калачев, Мәскеу университетінің тарих-филология факультетін бітірген Никита Тишкевич, Петроград университетінің физика-математика факультетін бітірген Петр Федорович Рогов және Ксения Васильевна Ющенко, П.С.Браженцова, Ю.М.Мирославова, Л.О.Любимов, Е.В.Смирнов қабылданды. Семинария жанындағы үлгілі училищедегі мұғалімдікке Верный қыздар гимназиясының түлегі Елена Тусеева алынды.

Мұғалімдер семинариясында бір отбасының мүшелеріне қызмет жасауға тиым салынған болатын. Мысалы, Таисия Погребанский екі жыл соғыс майданында болып, Верный мұғалімдер семинариясын бітірген соң, Петроградтағы психоневрологиялық институттың педагогика факультетінің тыңдаушысы болып тіркеледі, 1917-1918 жылдары семинарияның жанындағы училищеде орыс тілі және оның әдістемесінен сабақ берген, ешқандай партия қатарында жоқ болатын. 1918 жылы 15 маусымда Халық Комиссарының Декретіне сәйкес әкесімен қазыналық бір мекемеде жұмыс жасауына рұқсат берілмейтіндіктен басқа училищеге қызметке ауысуға мәжбүр болады [179,б. 41].

Кеңес билігінің орнауымен мұғалімдер семинариясының құрылымы толығымен өзгерді. 1818 жыл 30 қазандағы Облыстық Халық Ағарту комиссариаты қаулысының шешімі бойынша, семинарияда мектеп меңгерушісі деген қызмет жойылып, педагогикалық Кеңес төрағасы деген қызмет енді, төраға семинария жанындағы училищені де басқарады. Педагогикалық Кеңес төрағасы аптасына алты рет қана сабақ беруі тиіс болды. Хатшы міндетін Педагогикалық Кеңестің таңдауымен оның құрамындағы бір мүшесі атқарды, оған айына 100 рубль жалақы төленді. Педагогикалық Кеңес төрағасы, хатшы

жыл сайын сайланып отырды [183]. Жаңа қабылданған Жарғыға сәйкес бұрынғы сынып тәлімгері қызметі де жойылды (кесте 4) [184].

Кесте 4 - 1920 жылғы Верный мұғалімдер семинариясының мұғалімдер құрамы

Оқу орны	Семинария, училище	Ер мұғалімдер	Әйел мұғалімдер	Шәкірттер саны	Мұғалім дәрежесі барлар	Мұғалім дәрежесі жоқтар
Верный мұғалімдер семинариясы	1	13	6	19	9	10
Үлгілі училище	1	2	1	3	3	-
	2	15	7	22	12	10
Ескерту – Дереккөз [185]						

Жоғарыдағы кестеден 1920 жылғы семинариядағы мұғалімдер құрамынан жыныстық құрамы мен білім дәрежесі жағынан үлкен өзгерістерді көруге болады. 1918 жылға дейін Верный мұғалімдер семинариясында әйел мұғалімдерге жұмыс жасауға рұқсат берілмесе, кестедегі мәліметтерден 1920 жылдан кейін олардың қатары жетеуге өскенін көреміз, яғни алтауы семинарияда, біреуі үлгілі училищеде жұмыс жасады. 1917 жылға дейін семинарияда мұғалім дәрежесі барлардың қатары көп болса, енді керісінше, кестедегі мәліметке сәйкес, мұғалім дәрежесі жоқтардың санының артып, 10-ға адамға жеткенін, яғни олардың санының басым болғандығын көреміз (кесте 5).

Семинария тарихындағы бұрын болмаған жағдай, шәкірттер санының өте аз болуы, кестедегі мәліметке сүйенсек Верный мұғалімдер семинариясында 19 шәкіртке 19 мұғалім, үлгілі училищеде 3 шәкіртке 3 мұғалімнен келген.

Кесте 5 - 1919 жылғы Верный мұғалімдер семинариясының штат құрамы, жалақысы

Семинария басшысы, пән мұғалімдері	Штат бойынша адам саны	Жеке адамның жалақысы	Бір айға		Бір жылға	
			рубль	Тиын	рубль	тиын
1	2	3	4	5	6	7
Педагогикалық Кеңес төрағасы	1	850	850	-	10200	
Орыс тілі	2	850	1700		20400	
Педагогикалық пәндер	2	850	1700		20400	
Мәдениет тарихы	2	850	1700		20400	
Математика	2	850	1700		20400	
Физика, космография	1	850	850		10200	
Жаратылыстану, география	3	850	2525		30600	
Сурет, сызу	1	850	850		10200	

5 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Педагогикалық музей, көрнекі құрал шеберханасының меңгерушісі, қол еңбегі пәнінің мұғалімі	1	850	850		10200	
Кітапханашы	1	850	850		10200	
Музей меңгерушісінің көмекшісі	1	850	850		10200	
Іс-қағаз жүргізуші	1	750	750		9000	
Шаруашылықты басқарушы	1	750	750		Кеңес9000	
Машинистка	1	675	675		8100	
Күзетші	5	610	3050		39000	
Барлығы			19875		238.500	
Ескерту – Дереккөз [160,б. 20]						

Кестедегі мәліметтерден семинарияның Кеңес төрағасы, мұғалімдердің жалақыларының теңестірілгенін көреміз. Семинарияның штат құрамының өскенін, жаңа штатта кітапханашы, музей меңгерушісі, оның көмекшісі, машинистка дегендер қызметтер болды.

Жаңа ереже семинария мұғалімдері мен қызметкерлерінің жалақыларына да өзгерістер алып келді. Семинарияға жақсы, тәжірибиелі мұғалімдерді тарту үшін, олардың еңбегіне жалақы төленеді: а) пән мұғалімдері: математика, сурет пен сызу, қол еңбегі, саяси экономика, гигиена, жергілікті тілдер, гимнастика, ән, география пәндеріне аптасына 18 сағатқа; б) пән мұғалімдері: орыс тілі, мәдениет тарихы, физика мен космография және жаратылыстану аптасына - 12 сағатқа; в) педагогикалық арнаулы пәндер: психология, педагогика, дидактика, педагогикалық ілімдер тарихы, педагогикалық сурет пен тапсырма, мектептегі пәндер әдістемесі аптасына - 6 сағатқа [160,б. 14]. Мұғалімдердің жүктемесіндегі сағат сандары бірдей болмады, математика, сурет, сызу сабақтарының жүктемесі 18 сағатқа, педагогиканың арнаулы пәндерінің жүктемесі 6 сағат болды.

Батыс-Сібір, Орынбор, Түркістан оқу округтеріндегі ашылған семинарияларда көбінесе ер азаматтар жұмыс жасаса, Верный мұғалімдер семинариясында 1916 жылдан кейін қызметке әйел мұғалімалар да алынды және олардың саны қысқа уақытта өсті. Түркістан мұғалімдер семинариясы алғаш ашылған кезде мұғалімдердің басым бөлігі діни Академияны бітірген болса, 1915 жылы Верный мұғалімдер семинариясында аралас болды, яғни діни Академия, университет, мұғалімдер институты, мұғалімдер семинариясы, үй мұғалімдері болды. Семинария мұғалімдерінің негізгі бөлігін орыстар мен православ діндегілер құрады.

Верный мұғалімдер семинариясына қабылданған шәкірттер арасында да басым бөлігі орыс ұлтынан және православ діндегілер болды. 1913-1914 оқу

жылында Верный мұғалімдер семинариясына қабылдау емтиханы кеш басталғандықтан, алғашқы жылы дайындығы төмен шәкірттер қабылданды. Семинарияға түсу үшін шәкірттер орыс тілі, арифметикадан ауызша, жазбаша, Құдай заңы, тарих, география, жаратылыстану, славян тілдерінен сынақ емтихандарын тапсырды. Семинарияға түсуге 30 бала өтініш беріп, оның 20-сы қабылданды, олардың 10-ы емтихан сынағынан өткенімен, 10 шәкірт бір, екі сабақтан қанағаттанғысыз баға алса да қабылданды [176,б. 40]. Қазан айында Түркістан мұғалімдер семинариясының 1-ші сыныбының шәкірті Аркадий Юрченко Верный семинариясына өз қаражатымен оқуға қабылданып, нәтижесінде семинария 21 шәкіртпен алғашқы оқу жылын бастады. Қабылданған 21 шәкірттің 20-сы қалалық училищенің толық курсы аяқтаған, 1-уі Тоқмақ орыс-түзем училищесінің түлегі болатын. Шәкірттердің діни сенімі бойынша православие дініндегі-20, мұсылман дінідегі-1 бала болды. Әлеуметтік тегі бойынша: офицер отбасынан-1, шенеулік отбасынан-3, мешан, цех қызметкерлері отбасынан - 8, казак, солдат отбасынан - 3, шаруа отбасынан - 5, түземдіктер отбасынан – 1-еу болды. Ұлттық құрамы жағынан 20 орыс, 1 татар баласы болатын [186]. 1913-1914 оқу жылының соңында қабылданған 21 шәкірттің 20-сы келесі сыныпқа көшсе, 1-уі Семей мұғалімдер семинариясына ауысты [134,б. 3].

Семинарияға алғашқы қабылданған шәкірттердің білім деңгейі өте төмен болды. Педагогикалық Кеңес Прежевальскі қалалық училищесін өте жақсы бағаға бітірген Юрченко, Юрьев, Сапожниковтың өз алған бағаларына лайықты білім көрсете алмағанын сынады. Олар туралы Педагогикалық Кеңесте пән мұғалімдері былай деп айтқан болатын: «Шіркеулік-славян тілі бойынша мүлдем оқи алмайды, таңбаларды білмейді. Славянша оқу дағдысы мүлдем қалыптаспаған. Синтаксистен мүлдем хабары жоқ. Ресей географиясынан кейбір сұрақтарға жауап бергенімен, жалпы географияны білмейді. Ендік пен бойлықты ажырата алмайды. Жалпы тарихтан хабары жоқ. Ресей тарихынан білім деңгейлері төмен. Шәкірттер оқиғаны бір ізділікпен баяндауды білмейді. Сұрақ қойып жетелеп отырмаса айта алмайды. Юрченконың барлық бағалары бес және мұғалім-инспектор, Құдай заңы пәнінің мұғалімі семинария директорына ерекше қолдау хатында оның өте жақсы шәкірт екендігін көрсеткен. Осы жерде мынадай сұрақ туындайды. Ең таңдаулы шәкірттің дайындығы осындай деңгейде болса, қалған шәкірттердің дәрежесі қандай?, Пішкек қалалық училищесі де өзінің ең таңдаулы шәкірттерін жіберген, бірақ бұл жерде де орыс тілінің нашар оқытылатыны байқалды деп көрсетілді [165,б. 54]. Педагогикалық Кеңес Жетісу облысынан түскен шәкірттер білімін талдай келе мынадай қорытынды шығарды: училищеде акроаматикалық әдіске (acroamaticкий метод) көңіл бөлінбеген, керісінше эротематикалық әдіске (эротематический метод) көбірек көңіл бөлінген. Арифметикада жай бөлшектерді механикалық тұрғыдан меңгермеген, түсінбейді [165,б. 32]. Мұғалімдер семинариясында түскен шәкірттердің білім деңгейіне осындай талдау жасау арқылы уездегі училищелердегі білім сапасының берілуіне де бақылау жүргізетін болды.

1913-1914 оқу жылында семинарияға түсуде қатаң талаптар сақталынды. 1914-1915 оқу жылында семинарияға түсетін талапкерлердің саны 1913 жылғымен салыстырғанда төменірек болды. Семинарияға тапсырған 22 талапкердің, 15 қалалық училище, 3 екі сыныптық приходтық училище, 5 қалалық училищені толық аяқтамағандар болатын. Дайындық сыныбына 15 талапкер түсті, олардың 14 қалалық училище, 1 екі сыныптық приходтық училище түлегі еді. Түскен шәкірттердің барлығы да қалалық училище түлектері болатын. Олар діни құрамы бойынша, 13 православ, 2 мұсылман дінінде болды. Мұсылман шәкірттердің 1 татар, 1 қазақ ұлтынан болатын [155, б. 131]. 1914-1915 оқу жылының ерекшелігі, семинарияның екінші сыныбын бітірген Түркістан мұғалімдер семинариясының 4 шәкірті емтихан тапсырып Верный мұғалімдер семинариясына қабылданды. Олар Федор Понамарев, Иван Яременко, Иван Башкирцев, Кашафаддин Мужаваров болатын. Түркістан мұғалімдер семинариясының шәкірттері Верный мұғалімдер семинариясының бірінші сыныбына қабылданды. 1914-1915 оқу жылында бірінші сыныптағы шәкірттер саны 20 шәкіртке жетті.

1914-1915 оқу жылының аяғында дайындық сыныбынан 1 сыныпқа 20 шәкірт қабылданды, оның 12 емтихансыз, 8-і бір-екі емтихан тапсырды. Бірінші сыныптан екінші сыныпқа 18 шәкірт өтті, оның 15 емтихансыз, 3 емтихан арқылы [158, б. 20]. Түркістан мұғалімдер семинариясынан ауысып келген Иван Башкирцев оқу үлгерімі бойынша бірінші сыныпқа қайта оқуға қалдырылды. Жалпы семинария бағдарламасын меңгере алмағандарды бір жылға орындарында қалдырды, келесі жылы барлық емтихан сынақтарын жақсы, өте жақсыға бітіргендер ғана келесі сыныпқа көшірілді.

1914 жылы семинариядағы 41 шәкіртке арналған пансион ашылды. Семинарияның өз ғимараты болмағандықтан пансион жалға алған үйлердің бірінде болды. 1914-1915 оқу жылының бірінші жарты жылдығында семинарияның интернатына 20 шәкірт орналасса, екінші жартыжылдықта барлық 41 шәкірт интернат үйінде болды, олардың 4-уі түземдіктер болатын. Барлық шәкірттер тәлімгерлер И.А.Тишкевич, В.И. Орловтың бақылауында еді [164, б. 18].

1915-1916 жылы семинарияның дайындық сыныбына түскен 19 шәкірттің 18 қалалық училище, 1 шәкірт Семей мұғалімдер семинариясы жанындағы үлгілі 2 сыныптық училище шәкірттері болды [164, б. 35].

Семинарияның оқу жүйесіндегі тағы бір ерекшелігі, оқу басталып кеткеннен кейін де емтихан тапсырып оқуға түскендер болатын. 1915 жылы 26 қазанда Педагогикалық Кеңестің шешімімен белгіленген емтиханды тапсырғаннан кейін, Верныйдағы Александровск жоғары бастауыш сынып училищесінің түлегі Габитулла Хасанов, 8 қарашадағы Педагогикалық Кеңестің шешімімен белгіленген емтиханнан кейін, дайындық сыныбына Үлкен Алматы жоғары бастауыш сынып училищесінің түлегі, шығу тегі казак Виктор Елизаров қабылданды [158, б. 21]. Верный мұғалімдер семинариясына түскендер қатарынан қалалық училище шәкірттерінің басымырақ болғанын, өте сирек жағдайда семинария жанындағы училище шәкірттерінің де түскенін

көреміз. Сонымен қатар уездік училище шәкірттерінің білім деңгейлері емтихан сынағынан өтуге жарамай қалып отырды.

1915 жылы қаңтарда дайындық сыныбының шәкірті Александр Юрьев, ақпанда Валентин Сапожников сабағының төмен баллына сәйкес, Александр Солгуб денсаулығына, мамырда Николай Рыжков отбасылық жағдайына байланысты, қыркүйекте Виктор Калашников, желтоқсанда бірінші сынып шәкірттері Иван Башкирцев, Баки Гилманов оқудан шығарылды [158,б. 20]. Шығарылғандар қатарындағы Баки Гилманов жасының 24 толуына байланысты әскерге шақырылуына орай кеткен болатын [158,б. 20]. Жыл сайын Педагогикалық Кеңесте оқу үлгерімі төмен шәкірттердің мәселесіне қатысты аймақтағы училищелердің білім сапасы мен оқуға түскен талапкерлердің мәселесі арнайы қаралды. 1914 жылы Ақмола облысы, Петропавл уезі, Преснегорьковск станциясынан келген Григорий Афанасьевич Шоврин семинарияға қабылданып, 1915 жылы бірінші, 1916 жылы екінші сыныпта оқыды. 1916 жылы 26 қазандағы өз өтініші бойынша және семинариядағы сабақтарды меңгере алмауына байланысты семинариядан шығарылды. Оның үлгерім бағалары Құдай Заңы -2, орыс тілі мен шіркеулік славян тілі – 2, арифметика-3, геометрия-2, жаратылыстану - 3, физика - 2, тарих - 2, география - 3, педагогика - 2, сурет, сызу, көркем жазу - 3, шіркеулік әндер - 2, қол еңбегі – 2 бағасы қойылған [166,б. 29]. Педагогикалық Кеңес оның семинариядағы қазыналық шәкіртақыға оқуына байланысты 210 рубль төлеуге тиісті деген шешім қабылдады [166,б. 29].

1915-1916 оқу жылының тағы бір ерекшелігі, мұғалімдер семинариясының жанынан үлгілі училище ашылды. Училищенің бірінші бөліміне-22 бала, екінші бөлімге-20, үшінші бөлімге - 18 шәкірт қабылданды. Барлығы 60 шәкірт болатын [158,б. 23]. Училищені Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі И.М.Яшков басқарады. Ол училищенің бірінші бөлімінде сабақ жүргізді. Екінші бөлімде қол еңбегі пәнінің мұғалімі Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі В.А.Ерещенко болды. Үшінші бөлімді И.М.Яшков, В.А.Ерещенко жүргізсе, ал Құдай Заңы сабағын Г.Тихонравов берді [158,б. 23].

1916 жылы Жетісу облысындағы көтерілістің басталуы және аймақта ерекше жағдайдың жариялануы семинарияның оқу үрдісіне қиындықтар туғызды. 1916-1917 оқу жылында семинарияға шәкірттер қабылдау және күзде сыныптан сыныпқа көшу емтихандары кеш басталды. Семинарияға түсу емтихандары қыркүйектің екінші жартысында, Прежевальск, Пішкек уезінің шәкірттері қазанның бас кезінде ғана түсу емтихандарын тапсырды. Сонымен бірге, оқитын шәкірттердің семинарияға жетуіне де қиындық туғызды. Прежевальск уезінің шәкірттері Верныйға үлкен қиындықпен жеткен. Жол сапарында Анатолий Колодкин сүзек, Нұрғазы Қапалов өкпенің іріңді қабынуымен ауырған. Колодкин қалалық емханада бір ай жатып жазылып шықса, Н.Қанаев әлі күнге дейін емханада жатыр, оның жазылып шығуына үмітіміз аз. Семинария шәкірттері Юров, Романов, Яременко, Иванов, Дегтерев, Баракин, Васильев Верныйға облыстың жазалаушы әскерімен жетті. Жолда көтерілісшілермен атыс та болған-деп жазылды есептерде [167,б. 106].

1916 жылы семинарияда оқитын шәкірттердің саны 79 болды, оның ішінде дайындық сыныбында – 23, бірінші сыныпта – 19, екінші сыныпта – 18, үшінші сыныпта – 19 шәкірт болатын. Олардың әлеуметтік құрамы бойынша, 27 шәкірт мещан отбасынан, 15 шаруа отбасынан, 15 казак отбасынан, 9 солдат отбасынан, 6 шенеулік отбасынан, 1 мұғалім отбасынан, 2 шіркеу қызметкері отбасынан, 1 көпес отбасынан, 1 фельдшер отбасынан, 2 қазақ отбасынан болды [167,б. 59]. Мұғалімдер семинариясы алғаш ашылған жылы мещан, шаруа отбасынан шыққандардың қатары кем болса, 1916 жылғы шәкірттер қатарынан олардың санының өскендігін көреміз. Жалпы Верный мұғалімдер семинариясының негізгі әлеуметтік құрамы шаруа, мещан, казак отбасынан шыққандар құрады. Барлық семинарияға түсушілердің қатарында мұғалімдер отбасынан шыққандардың тапсыруы өте сирек кездесетін, кейбір жылдары ғана кездесетін және бір-екі адамнан аспады.

Мұғалімдер семинариясында ұлтына, дініне байланысты кейбір шектеулер сақталынды. 1916 жылы семинарияға түсуге молокан Закаспий облысы Асхабад уезі Обручев селосынындағы шаруаның баласы, жоғары бастауыш училище түлегі Моисей Тихонов өтініш білдірген [167,б. 97]. Оқуға құжат тапсыру кезінде Моисей молокан сектасынан екендігін айтпаған. Емтихан сынақтарында барлық пәндерден қанағаттанғысыз баға алуы және молокан сектасынан болуына байланысты қабылдау комиссиясы оның семинарияға түсу өтінішін қабылдамаған [167,б. 97]. Жетісу облысында сектанттарды оқуға қабылдаса, ал еврей балаларына шектеулер болды.

1917-1918 оқу жылында Верный мұғалімдер семинариясына түсуге емтихан тапсырған бала саны - 50 жетті. Бұл Верный мұғалімдер семинариясының тарихындағы ең көп өтініш түскен жыл болды. Олардың ішіндегі 25 бала қалалық жоғары бастауыш училище, 12 бала үш сыныптық приходтық училище мен орыс-түзем училищесі, 10 бала әр түрлі жоғары бастауыш училище, 3 талапкер үйден білім алғандар болатын. Түсу емтиханының нәтижесінде семинарияға 30 бала қабылданды. Оның 23-уі қалалық жоғары бастауыш училище, 2-уі үш сыныптық приходтық училище мен орыс-түзем училищесі, 4-уі әр түрлі жоғары бастауыш училищесін, 1-уі үйден білім алған шәкірт болатын [158,б. 105]. Семинариядағы шәкірттер санының артуының өз себептері де болды, мұғалімдер семинариясының бірінші сыныбына қыздар қабылданды. Олар жоғары бастауыш сынып училищесін аяқтаған, қыздар гимназиясының 4 сыныбынан емтихан тапсырған, мұғалімдік құқы бар, Үлкен Алматы станциялық шіркеулік-приходтық училищесінің курсы аяқтағандар болатын [187]. Семинарияға келіп емтихан тапсырғандардың саны 50 болды және олардың барлығы да емтихан сынағынан өтті. Үлкен Алматы шіркеулік –приходтық мектебі приходтық училищелерге мұғалімдер даярлаған оқу орны болатын. 1917 жылы училищедегі мұғалімдер сыныбының жабылуына байланысты, семинарияның Педагогикалық Кеңесі бірінші сыныпқа мұғалімдер сыныбының шәкірттерін қабылдауға шешім қабылдады. Педагогикалық Кеңес бірінші сыныпқа 50 адам қабылдауға және семинарияда параллельді сынып ашу үшін қазынадан 20 шәкіртке қосымша

қаражат бөлуді сұрады [187,б. 3]. Уақытша өкіметтің төрағасы Шкапский қыздарды өз қамқорына алған Педагогикалық Кеңестің шешімін қолдай отырып, екінші паралелді сынып ашуға рұқсат берді. 1917 жылы Педагогикалық Кеңестің шешімімен семинарияда параллельді сынып ашылып, оған мұғалима ретінде Башмакова бекітіледі [187,б. 4]. Семинарияда паралелді сынып ашылғанымен, бірақ бұл сыныпты Халық Ағарту министрлігінің бекітпеуіне байланысты, Педагогикалық Кеңес Үлкен Алматы шіркеулік-приходтық училищенің қыздарды оқытуға бөлген 1500 рубль қаражатына ала алмағандықтан, оларды семинарияның қаражатына оқытуға мәжбүр болған.

1917 жылғы Ақпан революциясы, Қазан революциясы семинарияның оқу үрдісіне, қабылданушы шәкірттер құрамына да өзгерістер алып келді. 1918-1919 жылғы оқу жылының ерекшелігі, кейбір оқу орындарының жабылуына байланысты шәкірттер басқа семинарияға ауысты. 1918-1919 оқу жылында семинариядағы жалпы шәкірттер саны 79 -ға жетті, бірінші сыныпта – 24 шәкірт, екінші сыныпта – 32 шәкірт, үшінші сыныпта – 15 шәкірт, төртінші сыныпта -8 шәкірт болды. Діни құрамы бойынша 78 православие, 1- мұсылман. Жыныстық құрамы бойынша 52 ұл бала, 27 қыз бала. Бірінші сыныпқа қабылданған 24 шәкірт емтихан сынағынсыз қабылданды. Үлгілі училищеге-37 шәкірт қабылданған болатын оның – 25 ұл бала, 12 қыз бала болды [184,б. 12]. Училишенің бірінші бөлімінде-6 шәкірт, екінші бөлімінде-10 шәкірт, үшінші бөлімінде - 12 шәкірт оқыды [188]. 1919 жылы семинарияны 8 шәкірт бітірді, олардың жасы 19 бен 24 жас аралығында болатын [166,б. 26]. Семинарияны бітіруші шәкірттер жасының өте ересек болуы бірінші дүниежүзілік соғыспен байланысты болды. 1915 жылы 5 тамыздағы бұйрыққа сәйкес семинария шәкірттері әскери міндеткерлікті атқару құқы жағынан орта оқу орындарындағы әскери міндеткерлікті атқару құқымен теңестірілді. Семинария шәкірттерінің оқу жасының қойылған талаптарға сәйкес келмеуі, яғни жастарының ересек болуына байланысты, оларға соғыс жағдайына қарай оқу орындарын аяқтап, кейін соғыс майданына алуға рұқсат берілген болатын. 1916 жылы семинария түлегі 24 жастағы Георгии Иванов, бітірген сәттен әскерге алынды [166,б. 17].

1918-1919 жылы оқу жылында семинарияның құрылымына өзгерістер енді. Семинария курсы мектептің бірінші сатысына теңестірілді, 1919-1920 оқу жылында семинарияларға жүргізілген реформа негізінде жалпы білім беретін пәндердің саны орта білім беретін оқу орындары есебінен көбейді. 1919-1920 оқу жылында Верный мұғалімдер семинариясына түсуге жеті адамнан өтініш түскенімен, кейін екеуі басқа оқу орнына түсуге құжаттарын алып кетті. Сынақ тапсырған 5 адамның біреуі ғана семинарияға қабылданды [188,б. 7]. 1917 жылғы Қазан революциясы, Кеңес өкіметінің билікке келуі, Жетісу аймағының кейбір аймақтарындағы Кеңес билігінің құлатылуы мен өлкедегі саяси жағдайдың шиеленісуі аймақтағы оқу орындарындағы саяси ахуалға үлкен әсері болды. Бұл семинариядағы басшылықтың тұрақтамауынан, мұғалімдер құрамының өзгеруінен, семинарияға түсуге құжат тапсырушылардың санының сиреуінен нақты көрінді.

1919-1920 жылы семинарияда оқитын шәкірттердің саны кеміді. Кемуінің бірнеше себептері болды, біріншіден аймақтағы саяси ауалдың шиеленісуі, екіншіден семинарияға шәкірттердің қабылданбауы, үшіншіден шәкірттердің сынақ емтихандарын тапсыра алмауы мен күзгі екінші сынаққа мүлдем келмеуі. 1919 жылы көктемде семинарияда оқитын 71 шәкірттің 16-сы ғана сынақ тапсыра алды. Күзгі сынаққа 55 шәкірттің 23-і келді. Күзгі сынақта үшінші сыныптан 4 сыныпқа өтушілердің біреуі де сынақтан өтпеді. Екінші сыныптан үшінші сыныпқа Барагина, Кондратенко, Полумисков, Плотников, Скрианникова, А.Черкашкина, Чурляева, Шимкина, ал бірінші сыныптан екінші сыныпқа Гребенкин, Чебат қана көшірілді [188,б. 7].

Семинария жабылу қарсаңында тұрды. Педагогикалық Кеңесте П.И.Шебанин, А.А.Колачев семинарияны уақытша жауып, орнына педагогикалық курстар ашуды, В.Д.Городецкий қосымша дайындық сыныптарын ашып, жоғары бастауыш сынып оқушыларын емтихан сынағынсыз қабылдауды, ал Ю.И.Мирославова реформа жасалынға дейінгі жүйемен семинарияны сақтап қалуды ұсынды, яғни 1892 жылғы Ережеге сәйкес қалдыру [188,б. 7]. Педагогикалық Кеңес Ю.И.Мирославованың ұсынысымен қалдыруға шешім қабылдады.

1919-1920 жылында мұғалімдер семинариясына түсудің талабы өзгерді. Екінші сыныптық үш сатылы мектептің бірінші немесе екінші сыныбын бітіргендер қабылданды. Олардың емтихан тапсыруын Педагогикалық Кеңес шешсе, үшінші сыныпқа міндетті түрде сынақ тапсырды. Оларға түсу емтихандарына мынадай талаптар қойылды: орыс тілінен жазбаша шығарма тапсыру. Орыс тілінен ауызша емтихан тапсырғанда қабылдаушының таңдауы бойынша орыс авторының бір шығармасының мазмұнын баяндады. Сонымен бірге шығарманы мәнерлеп оқып, синтаксистік талдау жасады. Арифметикадан, алгебра, геометрияның жоғары бастауыш сынып бағдарламасы негізінде тапсырды. Географиядан бастауыш училище бағдарламасы негізіндегі білімін көрсетуі тиіс болатын [160,б. 14]. Бұрын шәкірттер емтихан тапсырғанда Құдай Заңы, шіркеулік әндерге басымдылық берілсе, енді емтиханда орыс тілі мен математика сабақтарына ерекше көңіл бөлінген болатын. Емтихан сынақтарына қойылатын талаптар семинарияға тапсырушылардың санын азайтты.

Мұғалімдер семинариясындағы өзекті мәселенің бірі, шәкіртақы мәселесі болатын. Семинарияға тапсырушылардың негізгі бөлігінің әлеуметтік тегі шаруа, мещан, казак отбасынан шыққандар болғандықтан, олар қазыналық шәкіртақыға оқуға тырысты. Верный мұғалімдер семинариясында шәкірттер қазыналық шәкіртақы, қалалық шәкірт ақы және өз қаражаттарына оқыды. Семинария ашылғанға дейін, облыстағы шәкірттерді Түркістан семинариясына оқыту мақсатында арнайы қаражат бөлініп келді. 1913 жылға дейін Түркістан мұғалімдер семинариясына бөлінген қаражат, енді Верный мұғалімдер семинариясына бөлінетін болды. Түркістан семинариясына бөлген Жетісу облысының 9 земстволық шәкіртақы мен жаңадан белгіленген 6 земстволық шәкіртақы, яғни 3600 рубль Верный семинариясының қорына құйылды. Шәкіртақы уездер бойынша бөлінді: Верный қаласына - 10 шәкіртақы,

Пішкекке - 3 шәкіртақы, Қапал, Жаркент, Лепсі уездерінің әрқайсысына - 2 шәкіртақыдан, Үлкен Алматы станицасына – 2 шәкіртақы, Кіші Алматы, Қаскелең, Үржар станицаларының әрқайсысына - 1 шәкіртақыдан. Қалалар мен станцияларға- 24 шәкіртақы берілді. Барлық земстволық шәкіртақы – 39 болды, жылына 9360 рубль болатын [151,б. 6].

Семинарияның қазыналық, земстволық шәкіртақысына оқыған шәкірттер семинарияны бітірген соң міндетті түрде 6 жыл бастауыш сыныпта мұғалім болып қызмет жасауы тиіс болды. 1917 жылы Василий Кислицинге бастауыш сынып мұғалімі куәлігі берілді, ол қазыналық шәкіртақыны 4 жыл алғандықтан бастауыш сынып мұғалімі ретінде 6 жыл қызмет жасауы қажет болды. Егер де қызмет жасамаса қазынаға 720 рубль ақшаны кері қайтарауы қажет еді [151,б. 5]

1912 жылғы 18 мамыр Верный қалалық Думасының журналында Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуының 100 жыл толуына байланысты болашақта ашылатын Верный мұғалімдер семинариясына Александр Благословный атында - 5, Кутузов-Смоленский атында – 3, Бородино атында – 2 шәкіртақыға орын берілгені көрсетілген [149,б. 30]. Семинария ашылғанға дейінгі бұл белгіленген шәкіртақының шәкірттерге берілгендігі жөнінде бірақ мәлімет жоқ.

1914 жылы семинариядағы қазыналық шәкіртақыға - 17 шәкірт (41,76%), қалалық - 8 (19,60%), земстволық - 11 (26,40%), казактардың - 4 (9,80%), өз қаражатына - 1 шәкірт (2,44%) оқыды [164,б. 34]. 1914 жылы Верный қалалық Думасының шешімі бойынша Жетісу облысының земстволық шәкіртақысына В.Сокло, И.Сидоренко, Г.Попов, Г.Быков, И.Верещагин қабылданды [164,б. 23]. Жетісу казак басқармасы Ключников пен Приезжаевты Қаскелең, Үржар станицасының шәкіртақысына қабылдау жөнінде ұсыныс жасаған болатын [164,б. 25]. 1914 жылы Ф.Понамарев Пішпек қаласынан, Иван Яременко Жетісу казактарынан, Василий Кулкин Верный қаласының шәкіртақысына оқуға қабылданды [164,б. 29]. 1914 жылы Тоқмақ сауда қоғамы Верный мұғалімдер семинариясына 2 шәкіртақы тағайындау жөнінде шешім қабылдады. Шәкіртақы көлемі 240 рубль болатын. Бұл сауда қоғамының мүшелері мұсылмандар болатын, сондықтан да кандидаттыққа мұсылмандардан 2-3 кандидат ұсынылды. Қоғамның шәкіртақыға қатысты шешімі, облыстық басқармаға ұсынылып, оны генерал-губернатор бекітті [177,б. 30].

Қазыналық шәкіртақыға оқитындар интернатта жатты, тамақ, киім, оқу құралдарымен қанағаттандырылды, ауырса семинария дәрігерінің, фельдшердің бақылауында болатын, қатты науқастанса қалалық емханаға жатқызылды [164, б. 18]. Семинария директорының ұсынысымен қазыналық, атаулы жеке шәкіртақыға оқитындардың жазғы демалыстағы ата-анасына бару шығыны да шәкіртақы шығынына енгізілді [164,б. 25].

Қазыналық шәкіртақыға оқитындар сабақ үлгерімдері мен тәртіптері нашар болса Педагогикалық Кеңестің шешімімен шәкіртақыдан алынды. 1914 жылы сабақ үлгерімі мен тәртібі бойынша А.Юрьев, Н.Тимофеев шәкіртақыдан қағылды. А.Юрьевтің шәкіртақысы дайындық сыныбының шәкірті Иван Нижниковке берілді [164,б. 23]. Н.Тимофеев оқушылар Ережесін бұзуына

байланысты Педагогикалық Кеңестен 2 рет ескерту алды, 1914 жылы 31 қаңтарда қазыналық шәкіртақыдан қағылып, кейін ата-анасының өтінішімен оқудан шығарылды [164,б. 36]. 1914 жылы 24 желтоқсанда Александр Сологуб, Александр Юрьев, Валентин Сапожников спирт ішімдігін ішіп көзге түскен болатын. 1915 жылы Педагогикалық Кеңестің шешімімен үшеуі де шәкіртақыдан қағылды [164,б. 36]. Шәкіртақыдан қағылғандар өз қаражаттарына оқуы тиіс болды. Валентин Сапожниковтың қазыналық шәкіртақыдан қағылуына байланысты семинария директоры оның ата-анасынан семинариядағы жартыжылдық оқу қаражаты үшін 120 рубль төлеуін талап еткен [163,б. 2].

1915 жылы Жетісу казак басқармасынан Қапал станицасы атаманы семинария директорынан 4 шәкіртті қамқорлыққа алу жөнінде өтініш білдірді, оның ішіндегі 2 шәкіртті станицаның есебінен оқыту туралы [189]. Қапал станицасының атаманы екі шәкіртті өз қамқорлықтарына алғанымен, екі шәкіртті қазыналық шәкіртақыға қабылдауға өтініш білдірген болатын.

1917 оқу жылында шәкірттердің 26-қазыналық, 13-қалалық, 13-земстволық, 4- казактардың, 5- уі өз қаражаттарына, 1 - селолық-1, 6 - келіп оқитындар қатарында болды [158,б. 19]. Барлық шәкірттердің шәкіртақысы - 10800 рубльді құрады, яғни әрбір шәкіртке 180 рубльден келді. Педагогикалық Кеңес шәкірттерге 180 рубль шәкіртақының жетпейтінідігі жөнінде мәселе көтерді. Олар семинариядағы бір шәкірттің шығыны-240 рубль болуы қажет деген талап қойды [158,б. 35]. Педагогикалық Кеңестің шәкіртақыға қатысты талаптары дұрыс болатын, өйткені XIX ғасырдың аяғында семинарияларда шәкіртақы көлемі 180 рубль болды, бірінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейін азық-түлік, пәтер ақының қымбаттауына байланысты Түркістан, Семей мұғалімдер семинариясында шәкірттердің шәкіртақы көлемі 240 рубль жетті. Сонымен бірге, 1915 жылы қалалық Дума семинарияға үйлерді жалға алуға 1200 рубль және 240 рубльден бес шәкіртке шәкірт ақыға ақша бөлген [164,б. 16]. Бұл мәліметтер семинариядағы шәкірт ақы көлемінің бірдей болмағандығын анықтайды.

1917 жылғы Ақпан революциясының негізінде Уақытша өкіметтің құрылуы, Қазан революциясының нәтижесіндегі Кеңес билігінің орнауымен семинарияның оқу-тәрбие үрдісіне өзгерістер алып келді. 1918 жылы Жетісу семинариясына қатысты қабылданған Ережеде шәкірт ақы мәселесі де көрсетілді. Шәкіртақы туралы Ережеге сәйкес оның көлемі мен санын үкімет билігі бекітті. Педагогикалық Кеңес өз шешімімен шәкіртақыны тағайындады және одан айырды. Шәкіртақы алған адам, халықтың ақшасына оқып жатқандықтан, өз ісіне есеп беріп отыруы қажет болды. Сабақтан қалмау, уақытылы сынақтарды тапсыру, тәртіпті болу. Егер де сынақтарын тапсыра алмай, тәртіпсіздіктер көрсетсе, Педагогикалық Кеңес, мектеп ұйымының шешімімен шәкірт ақыдан айырды [160,б. 32].

Шәкіртақы берілді: 1) тұл жетімге, жартылай жетімге; 2) ата-анасы бар, бірақ материалдық жағдайы төмен отбасынан шыққандарға, басқа қаладан келгендерге [160,б. 32]. Шәкіртақы алған оқушы бір жыл және шәкіртақы үшін

1 ½ жыл мұғалім болып жұмыс жасауы қажет болды [160,б. 40]. Ресей империясы кезеңінде мұғалімдер семинариясының шәкірттері қазыналық шәкірт ақыға оқығаны үшін, 6 жыл жұмыс жасауы тиіс болса, енді бұл шарт өзгерді, ол 1,5 жыл жұмыс жасаса жеткілікті болатын.

1919 жылы 1 қаңтарда семинарияда 79 шәкірт оқыды, оның 8-і төртінші сыныпта, 15 - і үшінші сыныпта, 32 - сі екінші сыныпта, 24 - і бірінші сыныпта болатын. Шәкірт ақыға оқитыны -76, шәкірт ақыға оқымайтыны – 3 болды [166, б. 26].

1919 жылы 5 қаңтарда Верный мұғалімдер семинариясының шәкірттері айына берілетін 200 рубль шәкіртақыны 350 рубльге көтеру жөнінде өтініш жасады. Өйткені пәтер ақы, азық-түлік бағасы өте қымбат болды. Педагогикалық Кеңес шәкірттердің талабы дұрыс деген мәжілісте шешім қабылдай отырып мынадай шешім қабылдады: «Верныйдағы азық-түлік бағасының қымбаттығын ескеріп, шәкірт ақыны 200 рубльден – 350 рубльге көтеру, бұрын 100, 150 рубль шәкіртақы алатындардың шәкіртақысын 175 рубльден 237 рубльге жеткізу [166,б. 42].

1920 жылы мұғалімдер семинариясында шәкіртақы алатын 67 шәкірт болды. Оның бірінші сыныптағысы - 19, екінші сыныптағысы - 16, 3 сыныптағысы - 14, 4 сыныпта - 8 шәкірт болатын. Әрбір шәкірт 350 рубль көлемінде шәкірт ақы алды [185,б. 38].

Қорыта келе, Верный мұғалімдер семинариясындағы оқитын шәкірттердің негізгі құрамы православие дініндегі орыс шәкірттері болды. Мұсылман дініндегі шәкірттердің саны он баладан да аспады, олардың ұлттық құрамы, татар, қазақ, қырғыздардан болды. Семинария алғаш ашылған жылы ұл балаларға арналған мұғалімдер семинариясы болса, 1917 жылдан бастап қыз балалар да қабылданып жыныстық құрамы жағынан аралас болды. Мұғалімдер семинариясындағы қазыналық шәкірт ақы, земстволық шәкірт ақы және жекелеген қоғамдар да өз шәкірттерін оқытты. Баланың барлық шығынын сол қоғам көтерді. Верный қалалық Думасы да шәкірт ақы мәселесіне араласып, шәкірт ақы тағайындап отырды.

3.3 Педагогикалық курстардағы мұғалімдерді дайындау тәжірибесі

Ресей империясында педагогикалық курстарда мұғалімдер дайындау тәжірибесі мұғалімдер семинариясы, мұғалімдер мектебі ашылғанға дейін жүзеге асырылды. Түркістан генерал-губернаторлығында бұл тәжірибие керісінше, мұғалімдер семинариясы ашылған соң ғана іске асты. 1860 жылы Халық Ағарту Министрлігі Санкт-Петербург, Мәскеу, Қазан университеттері жанынан педагогикалық курстар ашты. Педагогикалық курстарға арналған «Окруткік педагогтік курстар туралы Ереже» (1860), «Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың қысқа мерзімдік курстары туралы Ереже» (1872), «Педагогикалық курстар туралы Ереже» (1875) және 1900, 1907, 1914 жылдары арнайы Ережелер қабылданып, осы ережелер негізінде педагог мамандар дайындалды.

Түркістан генерал-губернаторлығында бастауыш сынып мұғалімдеріне деген сұраныстың жылдан-жылға өсуіне байланысты өлкеде гимназиялардың, қалалық училищелердің жанынан 1900 жылдардан кейін курстар ашылды. Курстар екі мақсатта ашылды: біріншіден, бастауыш сыныпқа білім беретін мектептерге мұғалімдер дайындау; екіншіден халықтық училище мұғалімдерінің білімдерін жетілдіру. Бірінші мақсатта ашылған курстардағы оқу мерзімі бір, екі жылдық, екінші курстарда оқу бір айдан үш айға дейін созылды. Үш айлық курстарға халықтық училищелердің мұғалімдері мен мұғалімалары шақырылды. Мұғалімдердің білімдерін көтеру мұғалімдер съездері арқылы да жүргізілді.

Бір-екі жылдық педагогикалық курстарда қалалық, уездік, діни училище және тағы да басқа оқу орындарының түлектерінен бастауыш сынып мұғалімдерін дайындады. Оларға бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауға қатысты теориялық, практикалық білім берілді. Курсистерге педагогикалық практика өткізу үшін курс жанынан үлгілі училище ашылды, оған сауаты жоқ балалар қабылданатын. Курсистерге күніне 6 сағат сабақ өтті, таңертеңгі үш сағат теориялық сабаққа, түстен кейінгі үш сағат практикалық сабаққа арналды.

1872 жылғы Ережеге сәйкес қалалық училищелердің жанынан ашылған педагогикалық курстарға жалпы бақылау жасау халықтық училищелердің инспекторына, ал басшылық жасау қалалық училище инспекторына жүктелді. 1872 жылғы Ережеге сәйкес қалалық училищені бітірген, жасы 16-дан асқан ұл балалар емтихан сынағынсыз педагогикалық курстарға қабылданды. Ерекше жағдайларда жасы 15-тен асқан жастар қабылданғанымен, бірақ оларға бастауыш сынып мұғалімі куәлігі, жасы 17 –ден асқан кезде ғана берілді. Педагогикалық курстарға тыңдаушыларды қабылдау оқу жылының басында жүзеге асырылды. Сабақ 20 тамызда басталып, 1 маусымда аяқталатын. Курстағы оқу мерзімі бір, екі жыл болды.

1896 жылы 26 наурыздағы Халық Ағарту Министрлігі бекіткен бағдарламаға сәйкес курсты бітіруші түлектерге бастауыш сынып мұғалімі дәрежесін алу үшін мамырда сынақ емтихандарын тапсырды. Емтиханды қанағаттанарлық бағаға тапсырған курсистерге халық училищелері инспекторының хаттамасымен халықтық училище мұғалімі деген куәлік тапсырылды, ал сынақтан өтпеген курсистер екінші оқу жылына қайта қалдырылды [190].

Курсистердегі оқу пәні теориялық және практикалық деп бөлінеді. Теориялық пәндер: а) жалпы білім беретін оқу пәндерін қайталау мен меңгеруге бағытталды; б) бастауыш білім берудің дидактикасы мен әдістемесінің негізгі мәліметтерін меңгеруге және халықтық мектептердің басты оқу құралдары мен нұсқауларымен танысуға көп көңіл бөлінді.

Практикалық пәндерде олар: а) қалалық училищенің бірінші, екінші сыныптарының төменгі буынындағы мұғалімдердің сабақтарына қатысып және қысқаша есеп берді, немесе күнделік жазды; б) курсистер өздері сабақ жоспарын жасап, ашық сабақ өткізді және сабақты мұғалім, курсистердің қатысуымен талқылады [190, б. 2].

Теориялық курстың бағдарламасында оқытылды: жалпы білім беретін пәндер, педагогика мен дидактика, жалпы білім беретін училище курсындағы пәндердің әдістемесі, Отан тану, жаратылыстану, беллетристика. Сонымен бірге олар педагогикадан кітаптардың тізімімен танысып, көрсетілген деректер бойынша шығарма жазды [190,б. 7]. Практикалық пәннің бағдарламасы бойынша: үлгілі сабақтарға конспект жасады, өткізілген сабақтарды талдады, оқушылардың жазбаша жұмыстарын жөндеп, қолөнер пәнімен танысты [190,б. 12].

Қалалық училищенің бірінші сыныбы болмаса, немесе курс жанынан үлгілі училище ашылмаған жағдайда, курсистер практикалық сабақты инспектордың таңдауымен және училищенің келісімі бойынша қаладағы училищелердің бірінде өткізді. Курста жалпы білім беретін пәндерге аптасына 10 сағат, бастауыш сыныптың дидактикасы мен әдістемесіне, практикалық сабақтарға 12 сағат бөлінді [190,б. 2]. Курстарды ұйымдастыру Ережесін жасау, теориялық және практикалық сабақтарды бөлу, пәндердің бағдарламасын жасау қалалық училищенің педагогикалық Кеңесі, халықтық училище инспекторының қатысуымен және оқу округі попечителінің бекітуімен жүзеге асты [190,б. 2].

Қалалық училище жанындағы педагогикалық курстар Халық Ағарту Министрлігінің қаржысымен қаржыландырды, әрбір адамға жылына 1000 рубль, жалпы білім беретін пәндерді жүргізетіндерге – 10 рубль, сабаққа – 300 рубль, курсты басқаруға – 120 рубль, дидактика мен әдістеме, практикалық сабақтарға басшылық ету- 480 рубль, оқу құралы, шаруашылық үшін және канцеляриялық шығын үшін- 100 рубль бөлінді. Курстағы сабақ тегін болды, жағдайы төмен курсистерге жәрдемақы берілді, бірақ оның көлемі жылына 50 рубльден аспауы қажет болатын [190,б. 2].

Педагогикалық курстар қыздар прогимназиясы мен гимназиясы жанынан да ашылды. Оларға прогимназия немесе гимназияның төменгі 3 сыныбында 6 айлық практикадан өткеннен кейін мұғалім куәлігі берілді. Курстарда мынадай шарттар сақталуы қажет болатын: а) гимназия немесе прогимназияның педагогикалық кеңес құрамына және сабақ жүргізу құқында халық училищелері инспекторының бір мүшесі кірді; б) практикалық пәндерді жүргізу үшін қаладағы қыздар училищесінің бірі таңдалып алынды; в) курсты аяқтаған соң тексеру сынағынан өтуге мүмкіндік берілді. Сынақтан соң бағалары жазылған куәлік беріледі [190,б. 2].

1901 жылы 27 қаңтарда Түркістан өлкесі училищелерінің бас инспекторы Ф.М.Керенский Жетісу облысы халық училищелерінің инспекторына педагогикалық курстарды өткізуге қатысты мынадай талаптар қойды: 1) курсистерге белгіленген сабақтардағы оқу материалының көлеміне емес, курсистердің оны меңгеруіне назар аудару; 2) Кеңестің орыс тілі, арифметика, геометриядан енгізген қосымша бағдарламасын міндетті етудің қажетсіздігі; 3) курсистермен өтілетін сабақтарда жаратылыстану мен физикаға, бау-бақша сабағына аса көңіл бөлу қажеттігі, өйткені бұл пәндерден алған білімнің дамытушылық маңызы болатын; 3) ән сабағы міндетті пән болуы керек; 4) қалалық училищелердің жалпы білім беретін пәндері бойынша кеңейтілген

бағдарламаның қажетсіздігі; 5) Кешкі сабақтар курсистерге өте ыңғайсыз және қолайлы емес, өйткені курсистер күні бойы практикалық сабақтармен және училищедегі кезекшілікпен айналысады; 6) кешкі сабақтарды күндізгі уақытқа ауыстыру [190,б. 56].

1902 жылы шілдеде Ф.М. Керенский Түркістан оқу округінің попечителіне жазған хатында 1900 жылғы 31 наурыздағы педагогикалық курстарға қатысты Ереженің 4, 9, 12, 14 баптарына өзгертулер мен толықтырулар енгізуді ұсынды: 1) 1872 жылғы училищелерге қатысты Ережеге сәйкес қалалық училищелерді бітірмегендер курсыға тапсырғанда қайта қосымша емтихан тапсыруы қажет; 2) Курс тыңдаушыларының арасында оқу округінің попечителі белгілеген адам санына сәйкес православие дінінде еместер де қабылдана алады. Мұндай тыңдаушылар бұратана мектептеріне қызметке баратын болғандықтан шіркеулік-славян тілінен босатылды; 3) Жағдайы өте төмен тыңдаушылар үшін берілетін жәрдемақы көлемі кей жағдайда 100 рубльге көбейтіледі; 4) Қазынадан берілген жәрдемақыны алған тыңдаушылар курсты аяқтаған соң екі жыл мұғалім, мұғалима болып жұмыс жасайтындығы жөнінде міндеттеме алды; 5) Педагогикалық курстарды Маринскі әйелдер училищесінде де ашу жоспарланды. Жоғарыдағы Ф.М.Керенскийдің енгізген ұсыныстарына Оқу Ағарту Министрі генерал-лейтенант Вановский қол қойып бекітті [191].

Түркістан генерал-губернаторлығында педагогикалық курстар 1900 жылдардан ашыла бастады. 1900 жылы 31 наурызда мұғалімдер дайындауға арналған педагогикалық курстардың Ережесі бекітілді. Ережеде педагогикалық курстарды ашудың негізгі мақсаттарына мынадай анықтама берілді: а) бастауыш сыныпты бітірген жастар арасынан бастауыш училище мұғалімі атағын алу үшін сынақтан өткізу; б) бастауыш білім берудің теориясы мен практикасымен таныстыру.

1900-1901 оқу жылында Верный үш сыныптық қалалық училище жанынан педагогикалық курстар ұйымдастырылды. 1900 жылы 1 қыркүйекте сабақ басталды. Курсистерге П.Д.Масленников, А.А.Шавров, В.Ф.Семенов, И.А.Иванов, Н.П.Горбачев, И.А.Аксенов сабақ жүргізді.

Жалпы курстың сағат саны - 288 сабақ болатын. Практикалық сабақ бойынша: өзара сабаққа қатысу – 80 сағат, курсистердің өткізген сабағына – 40 сағат, оның ішінде орыс тіліне – 26 сағат, арифметикаға – 14 сағат бөлінді. Әрбір курсист орыс тілінен – 5 сағат, арифметикадан – 3 сағаттан сабақ өткізуі тиіс болды. Сабақты талқылау 7 рет болды. Курстарда оқытылған пәндер: арифметика, орыс тілі, тарих, география, геометрия, жаратылыстану тарихы, қазақ тілі, педагогика, география, Құдай заңы, ән, орыс тілінің әдістемесі, арифметиканың әдістемесі, бақылау сабағы.

Алғашқы кезде арифметика мен орыс тілінің әдістемесі мен педагогикасынан 2 ай теориялық сабақ өтті. Педагогикалық Кеңестің шешімімен қазан айынан бастап арифметика және емле (грамматика) сабақтарын курсист Н.Ахминов, К.Воробьев, Г.Денякин, С.Корчмарк, В.Логачев, Ф.Негаев, В.Николенко, Н.Позднеков, Д.Филиппов, П.Шенеткин, Ш.Александров жүргізе бастады [190,б. 46].

Курсистердің практикасын өткізу үшін 1901 жылдың қарашасында училищеге мүлдем сауатсыз балаларды оқу ақысын төлетпей-ақ қабылдады. Бұл қабылданған балалар келесі жылы емтихансыз Верный қалалық училищесінің бірінші бөліміне қабылдануы қажет болатын. Күнде қабылданған оқушылармен курсистер сабақ өткізді, сабақтың барлығы да практикалық сабаққа жауапты адамның бақылауында еді.

Педагогикалық Кеңестің шешімімен практикант-курсистер өздері өткізетін сабақтың бағдарламасын жасап, сабақ өткізгенге дейін 2-3 күн бұрын пән методисіне көрсетуі қажет болатын [190,б. 47]. Методист жөндеп, ескерткеннен кейін, олар жөнделген бағдарлама бойынша сабаққа дайындалып өткізді. Байқау сабағына пән мұғалімдері, училищенің мұғалім-инспекторы, барлық курсистер қатысуы қажет болды. Сабақты талқылау кезінде мұғалім инспектор ескертулер айтып кеңестер берді және міндетті түрде 2 курсист сабақ жөніндегі өз ескертпелерін айтуы қажет болатын [190,б. 47]. Курсистердің тағы да бір міндеті, балаларға үйге берілген өзіндік жұмыстарды орындауға көмектесуге тиісті болды [190,б. 48].

Әр аптаның дүйсенбі күндері кешке конференция ұйымдастырылды. Конференцияда курсистердің бір аптада жүргізген байқау сабақтары талқыланады. Сабаққа қатысқан мұғалімдер конференцияға міндетті түрде қатысуы тиіс болатын. Сабақтың кемшілігі мен жетістігі туралы курсистер өз ойларын ортаға салды. Барлық курсистерге өз пікірін айтуға мүмкіндік берілді. Барлық курсистердің өткізетін байқау сабағының кестесі қараша, желтоқсан айларында жасалды. Мысалы, бірінші жартыжылдықта Аршинов 7, 23 қарашада орыс тілінен, 11, 19 желтоқсанда, арифметикадан, Филиппов 8, 24 қараша орыс тілінен, 13, 21 желтоқсанда арифметикадан сабақ өткізді.

1900-1901 жылғы курстың кемшілігі туралы былай деп көрсетілді, курсистер күні бойы практикалық сабақ өткізді, училищедегі кезекшілік міндеттерді атқарды, уақыт тығыз болғандықтан кейбір сабақтар кешке жақын өтетін [190,б. 56]. Сонымен бірге, курсистерге сабақ берген мұғалімдерге жалақы төлеуге қатысты да қиындықтар туындады. 1901 жылы наурызда қалалық училищенің мұғалім-инспекторы Масленников Жетісу облысы Халық училищелерінің инспекторына былай деп жазды: «Самарин мырзаның курсистерді бау-бақша ісіне, Горбачевтің ән сабағын жүргізуге үйреткені үшін және жалпы білім беретін пән мұғалімдеріне педагогикалық курстар Ережесіне сәйкес жалақы төлеу көздерін іздестіруін сұраймын. Өйткені, Самаринге 100 рубль, Горбачевке айына 10 рубль, шіркеу қызметкері Шавровқа, оқытушының көмекшісі Ивановқа да төленуі қажет болатын. Жалақы көздерін өлкенің бас инспекция қорынан, немесе облыстық инспекцияның қаржы көздерінен, немесе курсистерге берілетін жәрдем ақйдан алу қажет шығар. Училище өз қаржысын жаратуға мәжбүр болып отыр [190,б. 55].

1902 жылдан педагогикалық курстарға қазақ тілі сабағы енгізілді. Қазақ тілін жүргізуге Жетісу облыстық басқармасының шенеулігі Құрманбаев өз келісімін берген. Ол орыс орта оқу орнын бітірген соң, Қапал, кейін Зайсан ауыл шаруашылығы мектебінде регист мұғалім болған еді [192]. 1904-1905 оқу

жылының 22 тамызында Верный үш сыныптық қалалық училищесінің Педагогикалық Кеңес Хаттамасына сәйкес училищенің толық курсы аяқтаған 8 шәкірт педагогикалық курсқа қабылданды. Курсистердің теориялық білімінің өте жақсы екенін ескеріп, Педагогикалық Кеңес 1 қарашадан бастап практикалық сабақты енгізуге шешім қабылдады. Бірінші қарашада ашылған дайындық бөліміне қабылданған сауат аспаған балаларға курсистер сабақ жүргізе бастады. 1900-1901 жылы қабылданған курсистермен салыстырғанда сабақ жоспарына, тәрбие жұмысына қатысты өзгерістер енгізілген болатын. Педагогикалық Кеңесте курсистердің тәртібіне баға қойылып, жетістіктер талқыланды. Курсистердің тәртібіне қатысты журналға қойылған балл бойынша қараған Педагогикалық Кеңес жақсы деп бағалап, оларды оқу жетістігі бойынша 3 топқа бөлді. Бірінші топтағылар барлық талаптарға сай, теориялық біліммен практикалық сабақтарды жүргізу талапқа сай курсистер. Олар Зламаков Василий, Орлов Александр, Пономарев Илья, Тихонов Владимир, Шахворостов Иван болатын. Екінші топтағы курсистер практикалық сабақтан қанағаттанарлық баға алғанымен, бірақ теориялық сабақтардан бағалары қанағаттанғысыз болған. Педагогикалық кеңес оларға қатысты мынадай шешім шығарды: Велижанин Николай мен Одинцов Георгий оқу жылының соңына дейін оқуын жалғастырғанымен, бірақ оларға ескерту қажет. Негізгі пәннен алған нашар бағаларын түзетпеген жағдайда, Халық мұғалімі дәрежесін алуға сынақ емтихандарына жіберілмейтіндігі. Үшінші топтағы курсистер теориялық және практикалық пәндерден де қанағаттанғысыз баға алғандар. Педагогикалық Кеңес курсистер Береснев Михаил, Григорев Роман, Чудинович Апполиаринді курстағы сабақтарға қатыстырмау жөнінде шешім қабылдады. Оларды училищеде келесі оқу жылына қайта қалдыру. Олардың төртінші тоқсанда өткізуге тиісті сабақтары курсистерге бөліп берілді [191,б. 42]. Жетісу облысы халық училищелері инспекторының талабы бойынша курсистер Верный дүнген мектебіндегі сабақ жүргізу әдісімен танысу тиіс болатын. Олар дүнген мектебіндегі мұғалімнің әдістемесімен таныса бастағанымен, бірақ сынып бөлмесінің тар болуына байланысты, жұмадан бөлек барлық күндерде үш курсистен сабаққа қатысып отырды [191,б. 42]. Курсистер бітіру кезінде Құдай Заңы, орыс тілі және әдістемесі, арифметика және әдістемесі, педагогика, география, тарих, жаратылыстану мен медицина, геометриядан сынақ емтихандарын тапсырды [193].

1904-1905 жылы курсист В.Зламаков, А. Орлов, Г.Одинцов, И.Пономарев, В.Тихонов, И. Шахворостов, Н. Велижанин бастауыш училище мұғалім дәрежесін алуға сынаққа қатысып, Кеңестің шешімімен бастауыш сынып мұғалімі куәлігін алған болатын [191,б. 60]. 1905 жылы революциядан кейін Ресей империясында педагогикалық курстардың саны артқан еді, бірақ шеткері аймақтарда бұл үрдіс керісінше болды, жыл сайын оқитын курсистердің саны кеми бастады. 1906-1907 жылғы оқу жылында Верный қалалық училищесіндегі педагогикалық курсқа 5 курсист қабылданды. Олар: М.Береснев, Р.Григорьев, И.Жабский, Д.Литвинов, П.Шахворостов болатын. Олардың әлеуметтік тегі 4 мешан, 1 төменгі әскери шендегі отбасынан шыққандар еді [133,б. 8].

1908-1909 оқу жылында педагогикалық курсқа 8 курсист сынақсыз қабылданды. Олар П.Кончиков, Н. Бабкин, С.Треногин, Л. Коклегин, А. Денекин, Е.Михайленков, С.Моноитов, В. Красетко болатын. Верный үш сыныптық қалалық училищесінің толық курсы аяқтаған Алексей Биндиков курсқа сынақсыз қабылданды [133,б. 8]. Қабылданған шәкірттерге инспектор П.Д. Масленников, В.М. Соколов, Н.А. Иванов, И.П. К.В.Путковский сабақ жүргізді. Курсистердің практикалық сабақтарына басшылық жасау арнайы пән оқытушылары И.В. Тугарин мен Ивановқа жүктеледі [133,б. 7].

1909-1910 оқу жылында педагогикалық курсқа 6 курсист қабылданды. Олар Г.Власов, А.Галяпин, И.Новиков, А.Паклин, Г.Полумисков, М.Хоцницкий болды. Курсистерге орыс тілінен мұғалім-инспектор С.Г.Волковский, арифметика, геометрияны И.М.Соколов, жаратылыстану, физика, сурет, сызуды Н.А.Иванов, география, арифметика, геометрияны А.В.Мухлин жүргізді. Барлық жылдары қабылданатын шәкірттер талапқа сай болмады, әсіресе 1909-1910 жылы қабылданған курсистер туралы алғашқы мәліметтерден-ақ, олардың тәртіптері жөнінде мұғалімдер арасында өте нашар көзқарас қалыптасқандығын көруге болады. 1909 жылы 30 қазанда Педагогикалық кеңес курсистердің тәртібі қанағаттанғысыз, олардың сабаққа дұрыс қатыспайтындығы жөнінде мәселе қарады. Түскен курсистердің жалпы білім беретін пәндерден дайындығы және білім деңгейі өте төмен болды. Педагогикалық кеңес Г. Власов, А. Белетин, И. Новиков, А. Паклин, Г.Полмисков, А. Хворовтың тәртібіне төрт деген баға қоя отырып, қайталанған жағдайда оқудан шығарылатын ескертті. Бреускин Сергей үш апта себепсіз сабаққа келмегені үшін бірден курстан шығарылды [133,б. 47]. Өкінішке орай, Педагогикалық Кеңес курсистерге қатысты мұғалімдер мен инспектор тараптарынан сын ескертпе айтылғанымен, бірақ өз нәтижесін бермеді. Мысалы, курсист А. Хворов училищедегі және практикалық сабақта карта ойнағаны үшін училищеден шығарылды. Курсист Галенин оқытушы Ивановқа дәрекілік танытқаны үшін Педагогикалық Кеңес шешімімен тәртіпсіздік қайталанған жағдайда екінші жылға қалатыны ескертіліп, қатаң сөгіс жарияланады (кесте 6) [133,б. 55].

Кесте 6 - Педагогикалық курстағы белгіленген сабақ төмендегідей кестемен жүргізілді

Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
Орыс тілінің әдістемесі	Педагогика	Орыс тілінің әдістемесі	Бақылау сабағы	География	Орыс тілінің әдістемесі
Жаратылыстану	Арифметика	География	Тарих	Арифметика	Бақылау сабағы
Орыс тілі	Арифметиканың әдістемесі	Орыс тілі	Педагогика	Орыс тілі	Бақылау сабағы
Қазақ тілі	Бақылау сабағы	Бақылау сабағы	Қазақ тілі	Бақылау сабағы	Қазақ тілі
Ән				Қазақ тілі	Құдай Заңы
Ән сабағы					
Ескерту – Дереккөз [133,б. 48]					

Сабақ кестесінен бір аптада бақылау сабағына - 5 сағат, қазақ тіліне - 4 сағат, орыс тіліне - 3 сағат, орыс тілінің әдістемесіне - 3 сағат, географияға - 2 сағат, педагогикаға - 2 сағат, ал қалған пәндерге - 1 сағаттан бөлінгенін көреміз. Сонымен бірге әрбір жылы шақырылған курсистердің сабақтарындағы оқытылған пәндердегі өзгерістер болып отырған. Мысалы, 1904-1905 жылдары курсистерге жаратылыстанумен бірге медицина оқытылған.

1909-1910 жылы курсты Г.Власов, А.Галенин, И.Новиков, Г.Полумисков, М.Хоцницкий бітіріп шықты. Бітіргендердің әлеуметтік тегі бойынша 2 әскери, 2 мешан, 1 шаруа, 1 мұғалім отбасынан болатын. Курсистер арасындағы А.Галяпин, А.Паклин курсты жақсы бітіріп шықты [193].

1909-1910 жылғы бітірген курсистерден кейін Верный қалалық училищесіндегі бір жылдық курстарды жабу мәселесі тұрды. 1913 жылы 28 тамызда Түркістан өлкесі училищесінің бас инспекторына Халық Ағарту департаментінен түскен нұсқау бойынша Верный қаласындағы бір жылдық педагогикалық курстарға түсетін оқушылар санының аз болуына байланысты, бұл курстарды жауып және оған жұмсалатын 1000 рубль көлеміндегі ақшаны Әулиеата қаласынан курстар ашуға жұмсаудың дұрыстығы туралы нұсқау түсті. 1914 жылы Ташкенттегі курсқа 3000, Әулиеатадағы курсқа 2000 рубль бөлінді. 1915 жылдан бастап жыл сайын олардың әрқайсына 4000 рубль қаржы бөлінді [194].

Педагогикалық курстарда мұғалімдер дайындау тәжірибиесімен қатар бастауыш сынып мұғалімдерінің білімдерін көтеру бағытында бір-үш айлық курстар ұйымдастырылды. 1914 жылы 26 шілдедегі Түркістан өлкесі бас инспекторының нұсқауымен Верныйда қысқа мерзімдік Жетісу өлкесінің бастауыш сынып мұғалімдері мен мұғалімаларына арналған курс ашылды. Курс бағдарламасы 1875 жылғы 5 тамыздағы Ережеге сәйкес құрылды. Верныйда ұйымдастырылған курсқа 90 курсист қатысты. Педагогикалық курстарды басқару кеңесші Есютинге тапсырылды. Курста сабақ жүргізуге Верный жоғары бастауыш училищесінің оқытушысы И.В. Тугарин, (мәнерлеп оқу мен жазу), Верный 3 сыныптық қалалық училищесінің мұғалімі К.Я. Яковлев (арифметика), титулярлық кеңесші Н.А. Иванов (грамматикаға үйрету), Қапал қалалық училищесінің мұғалімі М.К. Трофимов (түсіндіріп оқыту, оқытуға үйрету) діни қызметкер Иоанн Соколов (Құдай Заңы пәнінің әдістемесі), Верный ерлер гимназиясының мұғалімі К.О. Пистопириус (дене тәрбиесі) белгіленді [195].

Курсқа жалпы бөлінген сағат саны -146 сағат, орыс тіліне-90 сағат, арифметикаға-30 сағат, Құдай Заңы-10 сағат, ән-11 сағат, дене тәрбиесі-5сағат [196, 57-б.]. Жалпы курсты ұйымдастыруға 1500 рубль бөлінді, оның ішінде курсистердің Верныйға жетуіне-210 рубль, тыңдаушылардың шығынына-360 рубль, экскурсия ұйымдастыруға-100 рубль бөлінген болатын [196]. Қысқа курстарға енген өзгерістердің бірі, 1913 жылдан бастап, Халық Ағарту Министрлігі қысқа мерзімдік мұғалімдер курстарынан жалпы білім беретін пәндерді қысқартып тастаған [197].

Курстарды ұйымдастыру тәжірибиесінде оны ұйымдастыру ісін жүргізетін және пәндерді жүргізетін мұғалімдер жетіспеді. Осы кезеңдегі жағдай жөнінде училищелердің бас инспекторы былай деп жазды: «Курсты басқаратын адамды таппай, гимназия мұғалімдері, институт мұғалімдері арасынан іздеу салып, курсты басқаруға қалалық училищенің көмекшісі И.В. Тугаринді шақырдық. Ол мұғалімдер семинариясын бітірген, оның уездік училище мұғалімі деген дәрежесі болмады, ал керісінше тыңдаушылар арасында гимназияның шәкірттері де болатын. Жалпы кез келген адамның білім деңгейін оның бітірген оқу орны көрсете алмайды. Мұғалімдерді бағалауда жеке басының қасиетін де ескеру қажет. Верный қаласында жоғары бастауыш училище мұғалімдері үшін курсты өткізу мүмкін емес деп санаймын» [180,б. 9].

Қалалық училище жанындағы бір жылдық курс, 3-4 айлық курстардан бөлек, жекелеген пәндерге қатысты да курстар ұйымдастырылды. 1895 жылы Жер және Мемлекеттік мүлік министрлігі мұғалімдер мен мұғалімдер семинариясының түлектеріне ауыл шаруашылығы курстарын өткізу жөнінде ұсыныс жасады. Бұл курстың мақсаты халықтық мектеп арқылы, тұрғындарға ауыл шаруашылығын дұрыс жүргізуге үйрету болатын. Курста бау-бақша ісін, бал омартасын ұстауға және т.б. шаруашылықтарды жүргізуге үйретті. Курс 4 аптаға созылды. Қол еңбегінен сабақтар Шведский слайд жүйесімен, Цируль, Касаткиннің бағдарламасымен өтті. Бағдарлама 9-12 жастағы ер балаларды ағашпен жұмыс жасауға үйретуге бағытталған болатын [198]. Ресейдегі қол еңбегі жүйесінің негізін қалаушылар К.Ю. Цируль мен Н.Касаткин болды. Олар француз, швед жүйесін зерттеп, кейін ресейлік қол еңбегі жүйесін енгізді. Міне осы қол еңбегіне негізделген ресейлік қол еңбегі жүйесі мұғалімдерді дайындау үшін де енгізілген болатын.

1914 жылы Ташкентте қалалық училище, жоғары бастауыш училище мұғалімдеріне арналған 1 шілде мен 15 тамыз аралығында педагогикалық курстар ұйымдастырылды. Курсқа уездік училище мұғалімдері мен үй мұғалімі дәрежесі бар мұғалімдер шақырылды, ал мұғалім көмекшілері өз қаражатына баруы тиіс болды. Жетісу облысынан училище мұғалімдері Богомолов, Иванин, Волковский, Ананин, Гридников, Иванов курстан өтті [196,б. 90].

Ресей империясында мұғалімдердің кәсіби деңгейлерін көтеруде педагогикалық съездер, педагогикалық үйірмелердің де ролі зор болды. 1884 жылы Түркістан өлкесіндегі орта оқу орындары мұғалімдерінің Ташкентте съезі өтті. Съездің мақсаты орта оқу орындарының мәселесін талқылау болатын. Съезде адамгершілік-тәрбие сипатындағы сұрақтар, пәндерді оқыту мәселесі, дене тәрбиесі, мектептің қажеттері, мұғалімдік қызметке қыздар гимназиясының шәкірттерін дайындау мәселесі талқыланды [199].

1917 жылы патша билігінің құлауымен Уақытша өкімет пен жұмысшы, солдат шаруа депутаттары Кеңесінің құрылуы білім беру жүйесіне қатысты алғашқы өзгерістерді енгізген еді. 1917 жылы 8-15 мамырда Ташкентте Түркістан Өлкелік мұғалімдер Одағының III съезі өтті. Съезге Түркістан өлкесінен 200 мұғалім мен мұғалималар қатысты. Түркістан Комитетінің

уақытша өкіметінің мүшесі А.Л.Липовский құттықтау сөзбен ашты. Съезде мынадай мәселелер талқыланды:

- 1) Кеңес билігіне қатынас;
- 2) Өлкедегі оқу ісін басқару;
- 3) Мектеп автономиясын өмірге енгізу;
- 4) Өлкелік Одақтық жұмыс-журналы, педагогикалық музей, мұғалімдерге арналған курстар, өзі ара көмек қоры және т.б.;
- 5) Мектепке және мектепке дейінгі білім беруге реформа;
- 6) Мұғалімінің еңбек ақысы;
- 7) Одақтың жергілікті аймақтардағы қызметі;
- 8) Бюроның есебі және Попечительдік комитеттегі Одақ делегациясы;
- 9) Кассаның жұмысы туралы ревизиялық комитеттің есебі;
- 10) Өлкелік Бюроға сайлау;

Мектепке реформа мәселесін талқылау мақсатында секциялар құрылған болатын. Біріншісі біртұтас мектеп үш секцияға бөлінеді: 1) бірінші саты, екінші саты, үшінші саты; 2) мектептен тыс білім беру мен халықтық университет. Секцияның негізгі мақсаты біртұтас мектептің жоспары мен бағдарламасын жасап, ескі мектептен жаңа мектепке өтудің жоспарын дайындау [159, с. 64].

1917 жылы патша билігінің құлауынан кейін білім беру жүйесіне өзгеріс енді. Өзгерістердің басталғандығын Ресейдің өзінде және әрбір аймақта өткен мұғалімдер съездерінің құжаттары айқындайды. Осы кезеңдегі ең өткір қойылған сұрақ мектепке қатысты және мұғалімдерді дайындауға қатысты реформа жасау қажет деген көзқарас қалыптасты.

Ресей тарихында білім беру саласында құрылған ұйымдардың бірі педагогикалық үйірмелер болды және мұндай ұйымдар империяның барлық аймақтарында құрылды. Педагогикалық үйірмелер мұғалім мамандарын дайындамаса да, бірақ білім беру саласында өзіндік із қалдырған ұйым болды деп айтуға болады. 1903 жылы Ташкентте Түркістан педагогикалық үйірмесі ашылды. Үйірменің 200 ден аса мүшесі болды және үйірменің төрайымдары Түркістан генерал-губернаторларының әйелдері болатын. Үйірме түскен жарнадан, жеке адамдардың қорға аударған ақша есебінен қаржыландырылды. 1904 жылы үйірме қорына 525 рубль ақша түсті. Үйірмеге марқұм Түркістан генерал-губернаторы Н.А.Иванов (1901-1904) өте көп қолдау көрсетті, өз қаражатынан жыл сайын 500 рубль ақша аударып отырды [200].

Үйірменің негізгі мақсаттары мынадай:

- 1) Оқыту мен тәрбие жұмысының дамуына ықпал жасау;
- 2) Әр түрлі ұстанымдағы педагогтарды жақындастыру және тәжірибиеде кездесетін түсініспеушіліктердің жолын реттеу;
- 3) Педагогтарды ата-аналармен, жалпы тәрбие ісімен айналысатын адамдармен өз ара жақындастыру;
- 4) Жалпы білім беретін пәндер бойынша және ересектерге тілдерді үйретуге қатысты арнайы лекциялар мен курстар өткізу;

5) Гимнастиялық жиын, әр түрлі ойындар мен серуендер арқылы балалардың физикалық дамуына ықпал ету [200,с. 575].

1904 жылы 28 тамызда педагогикалық үйірменің жалпы жиналысында 1903 жылғы есеп талқыланды. Үйірме жұмысының тағы бір бағыты, шәкірттерді оқу орындарының сынағына дайындады. Үйірменің бірнеше секциясы болды. Үйірменің бірінші секциясының бағдарламасы екі топқа бөлінді. Бірінші топ гимназияның жоғары сыныптарының шәкірттері үшін, ал екінші секция село мұғалімі мен дәріхана көмекшісіне емтихан тапсыратындар үшін ұйымдастырылды. Бірінші секциясының сабақтары 8 наурыз - 20 желтоқсан аралығында өтті, алғашқы кезде шәкірт саны 16 болса, кейін 7-уі қалған. Оқу ақысы айына 10-15 рубль болды. Екінші топта алғашқы кезде 9 шәкірт болса, кейін олардың қатары 16-ға жетті. Олар 9 сабақтан сынақ тапсырды, оқу ақысы айына 5 рубль болатын [200,с. 575].

Аймақтағы оқу орындарына Түркістан генерал-губернаторының бақылауында болса, ал генерал-губернатордың әйелдері педагогикалық үйірмелердің төрайымдары болды. Мысалы, Түркістан педагогикалық үйірмесінің төрағасы У.А.Тевяшева село мұғалімдерін дайындау секциясының емтихандарына қатысып отырған [201].

Екінші секцияның ерекшелігі жалпы білім беретін пәндерге дайындады. 1903 жылы 11 лекция оқылып, оған 1000 адам қатысқан. Үшінші секция арнаулы білімдер бойынша курстар өткізді, мысалы педагогикалық музей, кітапхана құру ісіне қатысты. Төртінші секцияда балабақша ашу ісіне қатысты сұрақтар талқыланды. Алтыншы секция қыздарды орыс-түземдік мектептеріне тарту мәселесімен айналысты. Оқушылардың назарын тиімді істерге жұмсау үшін Педагогикалық үйірме оларға лаун-теннис, экскурсия ұйымдастырды, спектакльдер қойып, лекциялар өткізді [200,с. 575].

1911 жылы қаңтарда Ташкентте Түркістандағы орта оқу орындары мұғалімдерінің съезі өтті. Съез өткізудің негізгі мақсаты мұғалімдер арасында орта оқу орындары бойынша пікір алмасу деп көрсетілді. Съезде 1) адамгершілік-тәрбие сипатындағы сұрақтар; 2) пәндерді оқытуға қатысты; 3) физикалық тәрбие; 4) мектептің қажеттілігі бойынша; 5) қыздар гимназиясын бітірген мұғалімдердің педагогикалық біліктілігін көтеру туралы мәселе қаралды. Съездегі басты көтерілген сұрақ Ташкентте педагогикалық жоғары оқу орнын ашу және әрбір қалада мектептер қатарын көбейту болатын [202]. Қазан төңкерісіне дейін мұғалімдер семинариясынан бөлек әрбір уезд орталықтарындағы гимназияның жоғары сыныптарында, қалалық училищелерде педагогикалық училищелерден бөлек өткізілген съездер мен педагогикалық үйірмелердің аймақтағы білім беру жүйесіне нақты араласқандығын көрсетеді. 1917 жылғы Қазан революциясынан кейін педагогикалық курстардың жүйесіне түбірлі өзгерістер енді. Мұғалімдер семинариясында, педагогикалық курстарда Кеңес билігін мойындаған мұғалімдерге ғана жұмыс жасауға мүмкіндік берілді. Мұғалімдердерді дайындау жүйесімен қатар мектеп жүйесі де өзгерді. Халықтық мектептердің барлық сатысында мұғалімдер жетіспегендіктен және жалпы білім беру

мақсатында, мұғалімдер семинариясын бітіргендердің санының аз болуына байланысты 1918 жылы бірінші Жетісу облыстық съезіне қатынасқан халық өкілдері курстар ашу жөнінде шешім қабылдады. 1918 жылы 15 қазандағы №1373 бұйрыққа сәйкес Халық ағарту коллегиясының шешімімен педагогикалық курстарды ұйымдастыру Верный жеті жылдық мектебінің Педагогикалық Кеңес төрағасының міндетіне жүктеледі. Курсқа жоғары бастауыш училище және әртүрлі оқу орындарын бітірген, бұрынғы 4 сыныптық орта оқу орнын бітірген ер, қыз балалар қабылданды. Курс алты айға жоспарланды, сабақ кешкі 5-тен 8-ге дейін болды. Курс төрағасы және арнайы лекторлар Педагогикалық Кеңеске бағынды. Курсты аяқтап ауызша, жазбаша емтихан сынақтарын тапсырған шәкірттер Педагогикалық Кеңестің шешімімен мұғалім атағы бар аттестат алды, немесе жеті жылдық мектептің бірінші сатысындағы мұғалім дәрежесін алды [203].

Жеті жылдық мектептің төменгі сыныптарындағы мұғалімдер үшін барлық пәндер жалпы және міндетті болып бөлінеді. Сондықтанда курстағы пәндер мынадай бағдарлама бойынша жүргізілді: А) педагогикаға психология, логика, дидактика кірді; б) орыс тілінің әдістемесі. Бұрынғы Ресей империясы кезеңіндегі педагогикалық курстардан бұл курстардың өзіндік ерекшелігі болды. Біріншіден, тыңдаушылар педагогиканың тарихи бөлімдерімен таныстырылды, мысалы, оқытудың әдістерін талдау (американдық әдіс); Екіншіден қоғамтану пәндеріне ерекше көңіл бөлінді. Шәкірттер сонымен бірге оқыды: в) арифметикалық дүниетану, географияны оқытудың әдістері; д) әлеуметтану мен саяси экономика (қоғамтану); е) сурет салу, көркем мүсіндеу; ж) мектепке дейінгі тәрбие жұмысымен таныстыру; д) ғылыми экскурсия жасаудың практикасымен таныстыру [203, с. 2].

Негізгі педагогикалық білімді бұрынғы Верный мұғалімдер семинариясының директоры, тәжірибиелі педагог А.Светлов жүргізді. Ол педагогика, дидактика, арифметиканы оқытудың әдістемесі бойынша тыңдаушыларға жоғары деңгейде дәрістер оқыды, тыңдаушылар оған өте жақсы баға берді. Орыс тілінің әдістемесін П.И.Зятинчиков, Е.Н.Комаров, дүниетануды И.И.Минкевич, қоғамтануды В.И.Петров, көркем жазу, сурет, мүсіндеу сабақтарын бұрынғы ерлер гимназиясының мұғалімі В.И.Пури жүргізді [203, с. 2].

Өтініштердің көп түсуіне байланысты сыныпты екіге бөлді: негізгі және параллельді Курста негізгі және параллельді сыныптардағы арнаулы пәндер бойынша- 484 лекция, 12 үлгілі сабақ, 84-байқау сабағы, 84-конференция сабағы (әрбір сабақты талқылау), 2 ғылыми экскурсия өтті. Экскурсия лектор, курсистер мен үлгілі училище шәкірттерінің қатысуымен жүрді.

Халық ағарту комиссариаты курстың 7 айлық шығыны үшін 45 мың рубль бөлді. Олар жұмсалды: 1) лекторлар мен басшылыққа (мұның ішінде лекция, үлгілі сабақ, конференция, байқау сабағы, жетекшілік жасау 25 рубль), курстың әкімшілігі, қызметкерлерге, ғылыми экскурсия және типографиялық жұмыс 30.043 рубль 70 тиын.; 2) оқу құралдарына, шаруашылық қажеттіліктер, жарықтандыруға – 4118 рубль 58 тиын.; 3) 1919 жылы 1 ақпанда Халық ағарту

облыстық комиссары шеберхана үшін – 10.000 рубль бөлді. Барлығы 48 212 р. 28 тиын. Халықтық мектепке бір курсантты дайындау шығыны 979 рубль 80 тиынға түсті [203,с. 2].

Курс басталған кезде 82 курсант түссе, үш айдың ішінде 40 адам қалған, алты айлық курсты толық аяқтағаны 39 адам болды. Курсты 27 ер, 12 қыз бітірді. Сабақ беру жүйесі лекция түрінде жүрді, әрбір тыңдаушы лекцияның қысқаша мазмұнын жазып алуы қажет болатын. Апта сайын лектор тыңдаушылардың білімін ауызша тексеріп отырды. Әрбір курсант әрбір бөлімді өткен соң ай сайын жазбаша, ауызша сынақ тапсырды. Мұндай жүйе тыңдаушыларды іріктеуге мүмкіндік беріп, кездейсоқ келгендер курсты тастап кетіп жатты. Кейбіреулері бірнеше рет сынақ тапсырғанымен, бірақ сынақтан өтпегендіктен педагогикалық білімін аяқтай алмады. Сондықтан да, алғашқы кезде түскендердің саны көп болғанымын курсты оның тең жартысы ғана бітірді. Курсты бітіргендердің ішіндегі 4 сыныптық гимназия және жоғары бастауыш училищесін бітіргендер – 24 адам. Гимназияның 5-6 сыныптарын бітіргендер – 8 адам, 8 сыныбын бітіргендер – 4 адам. Ал 3 адам ерікті тыңдаушылар болатын. Олардың жасы 16 мен 38 жас арасында болды. Педагогикалық курсты бітіргендердің 36-сына халықтық мектептің 1 сыныбына сабақ беру құқы бар аттестат берілді [203,с. 2].

Ерікті тыңдаушылар: М.И.Колесников, М.Г.Михаилова, М.И.Белаковтардың жалпы білім беретін цензі болмағандықтан курс тыңдаушылары деген куәлік беріледі. Курсты бітірушілер арасындағы ерекше білімге құлшыныс танытқан, село мектебін бітірген М.И.Колесников болатын. Оны ұқыпты, тиянақты тыңдаушы болғандығы және бірде-бір рет сабақтан қалмағаны туралы ерекше аталып өтілді [203,с. 2].

1918 жылы Ташкент білім беру Кеңесінің шешімімен бастауыш сынып мұғалімдерін дайындайтын училище ашылды. Оқу жылы үш жыл. Училище шәкірттері нағыз және еркін тыңдаушылар деп бөлінеді [160,б. 7] Орта білімі бар ер, қыз балалар қабылданады. Еркін тыңдаушылар қатарын 16 жастан кішілер де қабылданды. Еркін тыңдаушылар барлық сабақтарға және өз таңдаулары бойынша да қатыса алатын. Нағыз тыңдаушыларға жатахана және шәкірт ақы тағайындалады [160,б. 7].

1920 жылы 23 сәуірдегі Жетісу облыстық білім беру бөлімінің бұйрығына сәйкес 1 мамырдан бастап 6 айлық міндетті қазақтарға арнайы дайындық педагогикалық курстар ашылды. Курс 100 адамға арналған болатын, олар конкурс бойынша қабылданды. Ашылу салтанатына Кеңес үкіметінің өкілдері, мұғалімдер мен оқуға түсушілер қатысты. Курсқа басшылық жасаған Б.Аполов, ал курстағы мектептің педагогикалық практикасын ұйымдастырушы В.А.Светлов болды [204]. Курстар екі түрлі формада өтті; біріншісі мұғалімдер дайындау; екіншісі мұғалімдердің білімдерін жетілдіру (кесте 7).

Кесте 7 - Курсқа бөлінген орындар

Уездер	Дайындық курсы үшін уезге бөлінген орындар	Қайталау курстары үшін уезге бөлінген орындар
Верный	5	15
Пржевальск	10	10
Жаркент	25	15
Қапал	20	10
Нарын	25	30
Пішкек	5	10
Лепсі	10	10
	100	100

Мұғалім мамандарын дайындау курсына 100 орын бөлінгенімен, оқуға келгендердің саны 12 шәкірт болды. Мұғалімдерге арналған қайталау курстарына 40 тыңдаушы келді [205].

Мұғалімдер дайындау курсына сабақтар студиялық және студиялық емес деп бөлінеді. Олар студиялық сабақтарда математика, физика, химия, жер шаруашылығын жүргізу, астрономиялық тәжірибе, биология, дүниетану, мәдениет тарихы, ана тілі мен Кеңестік Конституция негіздерін оқыды. Әлеуметтік саяси бөлімде белгіленген курстар бойынша социализм тарихы, Ресейдегі таптар күресі мен революциялық қозғалыстар, буржуазиялық және әлеуметтік революция тарихы оқытылды. Жалпы педагогикалық бөлімде Батыс пен Еуропадағы мектептердің эволюциясымен байланысты педагогикалық білімдер тарихы: мектептегі эстетикалық тәрбие және еңбек мектебінің практикасы туралы білім алды. Студиялық сабақтарда курсанттар жетекшінің басшылығымен әлеуметтік-саяси, жалпы педагогикалық және жалпы ғылыми мәселелерді талқылады.

Студиялық емес сабақта курста өзіне-өзі қызмет жасауға еңбек ету және өндірістік қызметке үйрену (шеберхана, бақша және т.б.) және педагогикалық практика сабақтары өтті [205,с. 212].

Мұғалімдерге арналған қайталау курсы бірнеше бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімдегі курсанттарға эволюциялық теория, мәдениет тарихы, буржуазиялық және социалистік революция, социум тарихы, Ресейдегі таптар күресі мен революциялық қозғалыстар тарихы, педагогикалық білімдер тарихы (мектеп тарихымен байланысты) еңбек мектебінің теориясы мен тәжірибиесі оқытылды.

Екінші бөлімдегілер үш бағытты таңдады: физика-математикалық, биологиялық (мұның ішіне енгізілген курс – Түркістан өлкесінің табиғаты мен оның ерекшелігі) және әлеуметтік (оның ішінде тілтану, XIX-XX ғ. орыс әдебиетінің тарихы, жаңа дәуірдегі батыс-европалық мәдениеттің дамуының басты кезеңдері болды) [205,с. 212].

Сонымен XX ғасырдың бас кезеңінде кәсіби бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау мұғалімдер семинариясынан бөлек педагогикалық курстарда да жүргізілді. Курстардың басым бөлігі қалалық училище жанынан ашылды, оқуға түсушілердің негізгі құрамы қалалық училищенің түлектері,

гимназия шәкірттері болды. Курстарды ұйымдастыруда көптеген қиындықтар туындады, біріншіден, курсқа сабақ беретін мұғалімдер штаттағы мұғалімдер емес, орта оқу орындарының мұғалімдері болатын. Екіншіден, мұғалімдер семинариясына түсушілермен салыстырғанда курсқа келушілердің қатары аз болды, үшіншіден, барлығының білім деңгейлері бірдей дәрежеде болмады, төртіншіден курсистердің жауапкершілігі мұғалімдер семинариясы шәкірттерімен салыстырғанда төменірек болатын және олардың қатарында кездейсоқ келгендер де болды. Педагогикалық курсты өзін-өзі ақтамаған жүйе болды деп сынаған адамдардың қатары да көп болды.

4 «XIX ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ ХХ ғ. БАС КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ ОРЫНДАРЫНА МАМАНДАР ДАЙЫНДАУ ТАРИХЫ» МӘСЕЛЕСІН ОҚЫТУДЫҢ ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫҚ ЖҰМЫСЫ

4.1 «Бастауыш білім беретін оқу орындарына мамандар дайындау тарихы» бойынша тәжірибелік-эксперименталды жұмыстарды ұйымдастыру мазмұны

XIX ғасырдың екінші жартысында Батыс Сібір, Орынбор, Түркістан генерал-губернаторлығында ашылған халықтық училище, приходтық бір, екі сыныптық ерлер, қыздар училищелері, екі-үш сыныптық қалалық училищелер, орыс-түземдік училищелер, түземдік училищелерде мұғалімдер жетіспеді. Өлкеде бастауыш білім беретін оқу орындарына мұғалімдер дайындау қажеттігі туындады. 1872 жылы Ресей империясына бірнеше мұғалімдер семинариясы ашылды. Қазан бұратана мұғалімдер семинариясы (1872), Омбы мұғалімдер семинариясы (1872), Уфимск-Орынбор татар мұғалімдер семинариясы (1872), Иркутск мұғалімдер семинариясы (1872), Түркістан мұғалімдер семинариясы (1879). 1883 жылы Орскі қаласында қазақ мұғалімдер мектебі ашылып, 1889 жылы Орынборға көшірілді. 1890 жылы Орынбор мұғалімдер мектебінде оқыған 35 шәкірттің барлығы да қазақ жастары болатын, ал мектеп жанынан ашылған училищеде де қазақ балалары оқыды. 1892 жылдан бастап оқу орнына орыс балалары қабылданды. 1903 жылы Семей мұғалімдер семинариясы екі сыныптық училищесімен ашылды. 1912 жылы Ақтөбеде ер мұғалімдер семинариясы, 1913 жылы Верный, Орал мұғалімдер семинариясы ашылды. XIX екінші жартысы ХХ ғасырдың басында ашылған мұғалімдер семинариясы кәсіби мамандарға қатысты сұранысты қанағаттандыра алмады. Сондықтан да бастауыш сынып мұғалімдері қалалық училищелер жанынан ашылған педагогикалық курстарда да дайындалды. Мұғалімдер гимназияның жоғары сыныптарында ашылған педагогикалық сыныптарда да дайындалған еді, бірақ олардың негізгі бөлігі қаладағы училищелерге мұғалім болды, немесе үй мұғалімі дәрежесін алды. 1917 жылы Кеңестік билік жүйесі орнағаннан кейін, мұғалімдер семинариясының кейбірі жабылып, ал кейбірі педагогикалық курстар мен педтехникумдарға, институттарға айналды. Жалпы кәсіби мұғалімдерді дайындау тарихы осы мұғалімдер семинариясы мен мектептерден басталды.

Диссертация нәтижелері бойынша эксперимент жүргізу бірнеше кезеңнен жүрді.

1-кезең. Зерттеу тақырыбының теориялық мәселесімен таныстық, ғылыми әдебиеттер мен архив құжаттарын зерттеп, пәннің негізгі зерттеу нысанын, мақсаты мен міндеттерін, зерттеу болжамын анықтадық.

2-кезең. Екінші кезең тәжірибелік-эксперименттік кезең. Зерттеу жұмысының негізгі ережелерін анықтап, XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың бас кезеңіндегі педагог мамандарды дайындау моделі әзірленді, оны тәжірибиеде тексеру бойынша ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Экспериментте студенттердің кәсіби дайындық сапасының динамикасына зерттеу жасалды.

3-кезең. Ғылыми-әдістемелік кезең. Эксперимент нәтижелерін теориялық тұрғыдан түсіну жұмыстары, зерттеу жұмыстарының материалдарын жинақтау, сипаттау мен қорытындыны рәсімдеу жұмыстары жүргізілді.

Болашақ педагог мамандарды даярлауда педагогикалық оқу орындарының тарихын оқыту өте маңызды деп бағалаймыз. XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезеңіндегі кәсіби педагогтарды дайындау тарихының айқындаушы экспериментіне және оның базасына 2016-2017, 2017-2018 оқу жылында Тараз қаласының Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжінің 0105013 - «Бастауыш білім беру мұғалімі» мамандығының 2 курс студенттеріне «Қазақстандағы бастауыш білім беретін оқу орындарына мамандар дайындау тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы-1920 жылдарға дейін) тақырыбында арнайы курс даярлап оқыттық. 2016-2017 оқу жылында арнайы курсқа Б-1-15 тобынан 23 студент, Б-2-15 тобынан 21 студент, 2017-2018 оқу жылында Б-1-16 тобынан 25 студент, Б-2-16 тобынан 25 студент қатысты. 2021-2022 оқу жылындағы эксперимент бойынша қорытынды жұмыстары жүргізілді. Бір топ эксперименттік, екінші топ бақылау тобы ретінде алынды, жоспар, таңдалған әдіс бойынша диагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Арнайы курстың мақсаты Ресей империясындағы кәсіби педагог мамандарды дайындау тарихы мен тәжірибесімен таныстыру болатын. Мұғалімдер семинариясының құрылымы, оқу жоспары, бағдарламасы, емтихан тапсырудағы ерекшеліктер, оқытылған пәндер, қазақ тілінің оқытылуы, семинарияның өз ішкі тәртіп ережесінің қатаң сақталынуы, мұғалімдер мен шәкірттер құрамы туралы терең мағлұмат беру негізгі мақсатымыз болды.

Таңдалған модель: «Қазақстандағы бастауыш білім беретін оқу орындарына мамандар дайындау тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы-1920 жылдарға дейін)». Модельдің мақсаты: педагогикалық білім беру тарихын көрсете отырып, төңкеріске дейінгі мұғалімдер семинариясы мен педагогикалық курстардағы білім беру үрдісін талдау. Педагогикалық оқу орындарының тарихына қатысты жалпы білім беру негізінде, теорияны практикамен ұштастыра білуге үйрету.


Модельдің міндеттері:

1) Ресей білім беру жүйесіндегі орта арнаулы оқу орындарының орны және маман даярлаудағы рөлі туралы білім жүйесін қалыптастыру;

2) Мұғалімдер семинариясындағы педагогикалық пәндерді оқытудың әдістемесі мен технологиялары бойынша білім, білік және дағды жүйесін қалыптастыру;

3) Орта арнаулы оқу орындарында оқу-тәрбие процесін модельдеу және құрастыру білу;

Басым факторлары: Оқу-танымдық күзiреттiлiк, ақпараттық күзiреттiлiк, зерттеушiлiк күзiреттiлiк, жалпы ғылыми күзiреттiлiк, кәсiби күзiреттiлiк. Студенттерге бастауыш оқу орындарының тарихын оқыту үшiн төмендегiдей модель жасалынды (сурет 1).



Сурет 1 - Бастауыш білім беретін оқу орындарына мамандар дайындау моделі

Арнайы курстың оқыту бағдарламасында тақырыпты оқытуға 15 сағат лекция, 15 сағат семинар сағаты бөлінді. Арнайы курстың негізгі материалдарын Татарстан Республикасының мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві, Ресей империясының Халық Ағарту министрлігінің шығарған заңнамалық, нормативтік нұсқаулық сипаттағы құжаттары, семинария, педагогикалық курстар үшін арнайы қабылданған Ереже, нұсқаулықтар, анықтамалық мәліметтер мен төңкеріске дейінгі мерзімдік басылым материалдары құрады. Курс негізінен кәсіби педагог мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындары мен бастауыш сынып мұғалімдерін дайындайтын педагогикалық колледждердегі курстарға оқытуға арналған. Арнайы курста студенттер кәсіби педагог дайындаған Орынбор мұғалімдер мектебі, Омбы, Түркістан, Верный, Семей, Ақтөбе, Орал мұғалімдер семинарияларының тарихы және бір жылдық, үш айлық курстардағы бастауыш оқу орындарына мұғалімдер тарихымен таныса отырып, оны игерту болды. Студенттерге мұғалімдер семинариясының құрылуы мен қалыптасу тарихы, семинариядағы оқытылған пәндер, оқу-тәрбие үрдісі мен семинарияны бітірген қазақ зиялылары туралы толыққанды мәлімет берілді.

Экспериментті дайындау және жүзеге асыру барысында эмпирикалық және теориялық әдістер қолданылды (кесте 8).

Кесте 8 - Арнайы курсқа арналған дәрістің тақырыбы мен сағат саны

Тақырыптар	Лекция	Семинар
Кіріспе. Арнайы курс бағдарламасының мақсаты, міндеттері, мазмұны	1	1
Қазақ өлкесіндегі педагог мамандарды дайындау тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы-1920 жылдарға дейін)	1	1
Мұғалімдер семинариясына қатысты қабылданған Ережелер	1	1
Түркістан мұғалімдер семинариясы	1	1
Омбы мұғалімдер семинариясы	1	1
Орск-Орынбор мұғалімдер мектебі	1	1
Семей мұғалімдер семинариясы	1	1
Ақтөбе мұғалімдер семинариясы	1	1
Верный мұғалімдер семинариясы	1	1
Орал мұғалімдер семинариясы	1	1
Педагогикалық курстар	1	1
Мұғалімдер семинариясының директорлары мен инспекторлары	1	1
Мұғалімдер семинариясындағы оқу-тәрбие жұмысы	1	1
Мұғалімдер семинариясындағы педагогика, тарих пәндерінің оқытылуы	1	1
Семинариядағы шәкірттердің күнделікті өмірі	1	1
	15	15

Күнтізбелік жоспардағы дәрістер мен семинар сабақтары, студенттердің өзіндік жұмыстарға берілген тапсырмалар мұғалімдер семинариясы мен

педагогикалық курстардағы бастауыш сынып мұғалімдерінің дайындау тарихын білуге, шығармашылық ізденістерін дамытуға бағытталды.

Модель бағдарламасына қарай лекция сабақтарының мазмұны:

1-тақырып: Кіріспе. Арнайы курс бағдарламасының мақсаты, міндеттері

Жоспары

1) Кіріспе

2) Қазақ өлкесіндегі педагог мамандарды дайындау тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы-1920 жылдарға дейін)

Сабақтың мақсаты мен міндеті: Студенттерді XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезеңіндегі кәсіби педагогикалық орта оқу орындарының құрылуы мен қалыптасу тарихымен таныстыру.

-Бастауыш білім беретін оқу орындарына мұғалімдер дайындау жүйесінің тарихын талдату;

-Мұғалімдер семинариясын ашудың негізгі мақсаттары және педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тарихи тәжірибиесімен таныстыру;

- Ресей империясы кезеңіндегі мұғалімдерді дайындау тәжірибиесін қазіргі кезеңмен салыстыра отырып талдау;

Сабақтың мазмұны. Мұғалімдер семинариясына қатысты негізгі деректермен жұмыс жасай отырып, сыни тұрғыдан талдау. Болашақ мұғалім мамандарына оқу орындарының тарихы туралы білімдерін қалыптастыра, дамыта отырып педагогикалық жүйе мен тәрбиенің бағыттары туралы білім беру.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивтік тақта. Сабақты өткізу тәртібі:

1. Жеке жұмыс

2. Қорытындылау

3. Бағалау

Бақылау сұрақтары:

1.Түркістан мұғалімдер семинариясының бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудағы рөлі.

2.Түркістан мұғалімдер семинариясындағы оқу-тәрбие жұмысы

3.Түркістан мұғалімдер семинариясын бітірген алғашқы қазақ жастары

Сабақ тақырыбына сәйкес СӨЖ тапсырмалары

1.Түркістан мұғалімдер семинариясы шәкірттерінің шығарған оқу құралдары

2.Түркістан мұғалімдер семинариясының алғашқы ұстаздары

2-тақырып: Қазақ өлкесіндегі педагог мамандарды дайындау тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басы)

Жоспары

1) «Қазақстандағы бастауыш білім беретін оқу орындарына мамандар дайындау тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы-1920 жылдарға дейін)»

Қазақ өлкесіндегі педагог мамандарды дайындау тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басы) пәнінің мақсаты мен міндеттері.

2) Педагог мамандарды дайындау мәселесінің тарихнамасы.

3) Педагог мамандарды дайындауға қатысты деректер.

Сабақтың мақсаты мен міндеті: XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ өлкесіндегі педагог мамандарды дайындау тарихына қатысты зерттеулермен және деректермен студенттерді таныстыру. Ғылыми еңбектер мен ғылыми көзқарастарды талдау. Осы мәселеге қатысты теориялық жағынан талдау жасау дағдысын қалыптастыру.

Сабақтың мазмұны. Педагог мамандарды дайындау тарихына қатысты зерттеулер мен деректердің мазмұны. Ғылыми зерттеу жұмыстары, әрбір кезеңдегі мәселеге қатысты зерттеулер мен оны талдау.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивтік тақта.

Сабақты өткізу тәртібі: 1)Топтық жұмыс; 2)Жері байланыс; 3) Бақылау сұрақтары:

1)XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезеңіндегі халық ағарту ісі Т.Т.Тәжібаевтың зерттеулерінде.

2)А.П.Герасимованың зерттеулеріндегі мұғалімдер семинариясының тарихы.

3)1870 жылы 17 наурызда мұғалімдер семинариясына қатысты Ережені талда.

Сабақ тақырыбына сәйкес СӨЖ тапсырмалары:

1)Мұғалімдер семинариясының тарихына қатысты зерттеулерге презентация жасау.

2)Мұғалімдер семинариясы визуалды деректерде.

3)Түркістан мұғалімдер семинариясының тарихы Н.П.Остроумов, М.А.Мироппев, Н.Воскресенскийдің жылдық есептерінде.

3-тақырып: Бастауыш сынып мұғалімдерді дайындаудағы мұғалімдер семинариясы.

Жоспары

1) К.Д.Ушинскийдің мұғалімдер семинариясына арналған жобасы.

2) 1875 жылы 1 шілдедегі ОАМ-не бағынышты мұғалімдер семинариясына арналған нұсқаулық.

3) Молодечненск мұғалімдер семинариясын басқаруға арналған Ереже.

4) Иркутск мұғалімдер семинариясына арналған Ереже.

5) 1902 жылы 11 наурыздағы «Мұғалімдер семинариясы туралы Ережеге».

Сабақтың мақсаты мен міндеті: бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудағы семинарияларға арналған ережелермен, нұсқаулықтармен таныстыру. К.Д.Ушинскийдің мұғалімдер семинариясына арналған жобасын, 1902 жылы 11 наурыздағы «Мұғалімдер семинариясы туралы Ереже» жайлы мағлұмат беру.

Сабақтың мазмұны. 1875 жылы ХАМ-нің «Мұғалімдер семинарияларына арналған нұсқаулығындағы» негізгі баптар. Молодечненск, Иркутск мұғалімдер семинариясына арналған ережелермен танысу және талдау.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивтік тақта.

Сабақты өткізу тәртібі: Жеке жұмыс; Қорытындылау; Бағалау

Бақылау сұрақтары:

1.Д.Ушинский мұғалімдер семинариясын ашуға қатысты жобасы.

2.1870 жылы 17 наурызда қабылданған Молодечненск мұғалімдер семинариясына қатысты Ереже баптары.

3.1875 жылы тамыздағы «Уақытша педагогикалық курстар туралы Ереже».

Сабақ тақырыбына сәйкес СӨЖ тапсырмалары:

1)Мұғалімдер семинариясына арналған Ережелер туралы реферат дайындау.

2)Молодечненск, Иркутск, Түркістан мұғалімдер семинариясын салыстыр.

3)Семинария директоры және педагогикалық Кеңестің міндеттері.

4-тақырып: Түркістан мұғалімдер семинариясы

Жоспары

1)Түркістан мұғалімдер семинариясының ашылуы, семинария директорлары.

2) Түркістан мұғалімдер семинариясына қатысты қабылданған Ережелер.

3) Түркістан мұғалімдер семинариясының шәкірттер құрамы.

4) Семинариядағы оқу-тәрбие жұмысы.

5) Семинария түлектері: С.Лапин, В.Л.Вяткин, Қ.Қожықов.

Сабақтың мақсаты мен міндеті: Түркістан мұғалімдер семинариясының ашылуы, қалыптасуы және семинарияға қатысты қабылданған Ереже туралы түсіндіру. Семинариядағы мұғалімдердің, шәкірттердің ұлттық, әлеуметтік құрамын көрсету және оқу-тәрбие жұмысын талдау.

Сабақтың мазмұны. Түркістан мұғалімдер семинариясының өлкеге шәкірт дайындаудағы рөлі.Семинарияның оқу-білім бағдарламасы, оқу-тәрбие жұмысы туралы талдау.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивтік тақта.

Сабақты өткізу тәртібі:1) Жеке жұмыс; 2) Қорытындылау; 3)Бағалау

Бақылау сұрақтары:

1)Түркістан мұғалімдер семинариясы ашылуы мен қалыптасуы

2)Мұғалімдер семинариясындағы аудармашылар дайындау тәжірибиесі

3) Семинариядағы оқытылған пәндер

Сабақ тақырыбына сәйкес СӨЖ тапсырмалары:

1)Түркістан мұғалімдер семинариясын бітірген қазақ жастары туралы реферат жұмысын жазу.

2)Ағартушы, ғалым, қоғам қайраткері Қ.Қожықов.

3)Мұғалімдер семинариясындағы Құдай Заңы пәнінің оқытылуы.

5-тақырып: Омбы мұғалімдер семинариясы

Жоспары

1) Омбы мұғалімдер семинариясының ашылуы, семинария директорлары.

2) Омбы мұғалімдер семинариясына қатысты қабылданған Ережелер.

3) Омбы мұғалімдер семинариясындағы шәкірттер құрамы.

4) Семинариядағы оқу-тәрбие жұмысы.

5) Семинария түлектері: М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Н.Нұрмақов.

Сабақтың мақсаты мен міндеті: Омбы мұғалімдер семинариясының құрылуы, семинарияда білім алған шәкірттер мен мұғалімдердің құрамын, семинарияға қатысты қабылданған Ережелерді талдап түсіндіру.

Сабақтың мазмұны. 1872 жылы 25 сәуірде Омбы мұғалімдер семинариясының құрылуына қатысты деректер. Семинарияның мұғалімдері мен шәкірттердің ұлттық, діни, әлеуметтік құрамы және оны талдау. Семинария директорлары Н.И.Вирен (1782-1879), М.А.Водяников (1879-1898, 1902-1906), Н.А.Седельников (1917-1918).М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Н.Нұрмақов оқыған кезеңдегі семинария тарихы.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивтік тақта.

Сабақты өткізу тәртібі: 1) Жеке жұмыс; 2) Қорытындылау; 3) Бағалау

Сабақты өткізу тәртібі:

Бақылау сұрақтары:

1) Омбы мұғалімдер семинариясының ашылуы мен қалыптасуы.

2) Мұғалімдер семинариясына арналған Ережедегі пәнді оқытуға қатысты талаптар.

3) Мұғалімдер семинариясындағы шәкірттерді жазалау түрлері.

Сабақ тақырыбына сәйкес СӨЖ тапсырмалары:

1)Семинария түлектері М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Н.Нұрмақов жайында презентация жасау.

2)Омбы мұғалімдер семинариясы. Эссе жазу.

3)Омбы мұғалімдер семинариясының директоры Н.А.Седельников.

6-тақырып: Орск-Орынбор мұғалімдер мектебі.

Жоспар

1) Орскідегі мұғалімдер мектебінің құрылуы.

2) Мұғалімдер мектебінің Орынборға көшірілуі.

3) Мұғалімдер мектебінде оқытылған пәндер.

4) Орынбор мұғалімдер мектебінің шәкірттері.

Сабақтың мақсаты мен міндеті: 1883 жылы Орскі-Орынбор мұғалімдер мектебінің ашылуы, мектептің мұғалімдер дайындаудағы рөлін көрсету. Орынбор мұғалімдер мектебіндегі мұғалімдердің, шәкірттердің ұлттық, әлеуметтік құрамына талдау жасау. Мектептегі мұсылман діні сабағының оқытылуы туралы баяндау

Сабақтың мазмұны: Мектептің Орскіден Орынборға көшірілуі, Орск-Орынбор мұғалімдер мектебіндегі оқу-тәрбие жұмысы, мектепке қазақ, орыс балаларының қабылдануы.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивтік тақта.

Сабақты өткізу тәртібі:1)Жеке жұмыс; 2) Қорытындылау; 3) Бағалау

Бақылау сұрақтары:

1)Орскі қаласында қазақ мұғалімдер мектебінің ашылуы.

2)Орск-Орынбор мұғалімдер мектебінің мұғалімдері.

3)Мұғалімдер мектебіндегі гигиена курсының оқытылуы.

Сабақ тақырыбына сәйкес СӨЖ тапсырмалары:

1)Мұғалімдер мектебіндегі попечительдің рөлі.

2)1892 жылы мұғалімдер мектебіне орыс балаларының қабылдануы.

3)Орск-Орынбор мұғалімдер мектебі визуалды деректерде.

7-тақырып: Семей мұғалімдер семинариясының құрылуы мен қалыптасуы

Жоспары

1) Семей мұғалімдер семинариясының ашылуы.

2) Мұғалімдер семинариясының ұстаздары, шәкірттер құрамы.

3) Семинариядағы оқу-тәрбие жұмысы.

4) Семинария түлектері: Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Ғ.Сәтпаев.

Сабақтың мақсаты мен міндеті: Семей мұғалімдер семинариясының құрылуы мен қалыптасу тарихын оқыту негізінде өлкедегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың тарихи тәжірибиесін көрсету. Семинариядағы қазақ тілінің оқытылуы, материалдық әлеуетінің ерекшелігін айқындау.

Сабақтың мазмұны:1903 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясының екі сыныптық училищесімен ашылуы. Семинарияның бөлімдері. Қазыналық шәкіртақыға қатысты енген өзгерістер.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивтік тақта.

Сабақты өткізу тәртібі: 1)Жеке жұмыс; 2)Қорытындылау; 3) Бағалау

Бақылау сұрақтары:

1)Семинарияда оқытылған пәндер, қазақ тілінің оқытылуына қатысты талаптар.

2)Мұғалімдер семинариясының мұғалімі Нұрғали Құлжанов.

3)Мұғалімдер семинариясының мұғалимасы Нәзипа Құлжанова.

Сабақ тақырыбына сәйкес СӨЖ тапсырмалары:

1)Мұғалімдер семинариясындағы Абайға арналған кеш.

2)Мұғалімдер семинариясының материалдық жабдықталуы.

3)Мұғалімдер семинариясындағы Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев оқыған кезең.

8-тақырып: Ақтөбе ер мұғалімдер семинариясының құрылуы мен қалыптасуы

Жоспары

1) Ақтөбе ер мұғалімдер семинариясының ашылу тарихы.

2) Семинариядағы мұғалімдер: білімі, дәрежесі, материалдық жағдайы.

3) Семинариядағы оқу-тәрбие жұмысы.

Сабақтың мақсаты мен міндеті: Ақтөбе ер мұғалімдер семинариясының құрылуы мен қалыптасу тарихын көрсету. Семинария тарихындағы 1914 жылы басталған дүниежүзілік соғыстың қиындықтары, үлгілі училищенің жабылуы, қол еңбегі сабағының өткізілмеуі сынды мәселелерге тоқталу.

Сабақтың мазмұны: Ақтөбе ер мұғалімдер семинариясының ашылуы және оның Великие Сорочинцы мұғалімдер семинариясы үшін бекітілген ережеге бағынуы, семинариядағы шәкірттер құрамы.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивтік тақта.

Сабақты өткізу тәртібі: 1)Жеке жұмыс; Қорытындылау; 3) Бағалау

Бақылау сұрақтары:

1)Великие Сорочинцы мұғалімдер семинариясына арналған Ереже.

- 2)Семинариядағы қол еңбегі сабағы
- 3)Ақтөбе ер мұғалімдер семинарияның мұғалімдері

Сабақ тақырыбына сәйкес СӨЖ тапсырмалары:

- 1)Бірінші дүниежүзілік соғыс және мұғалімдер семинариясы.
- 2)Семинарияда оқытылған пәндер.
- 3)Семинария шәкірттерінің майданға алынуы.

9-тақырып: Верный мұғалімдер семинариясының құрылуы мен қалыптасуы

Жоспары

1)Верный мұғалімдер семинариясының ашылуы, қалыптасуы.

2)Семинарияның мұғалімдер, шәкірттер құрамы: ұлттық, діни, әлеуметтік құрамы.

3)Семинариядағы оқу-тәрбие жұмысы.

Сабақтың мақсаты мен міндеті: Верный мұғалімдер семинариясының Жетісу облысындағы бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудағы рөлі. Семинарияның материалдық жағдайы, 1917 жылы Кеңес билігі орнағаннан кейінгі семинарияның оқу жүйесінің өзгеруі.

Сабақтың мазмұны: 1913 жылы семинарияның ашылуының қиындығы, оқу ғимаратының болмауы, мұғалімдердің жетіспеуі, 1916 жылдан кейінгі семинарияға қыздардың қабылдануы. 1917 жылы Құдай заңы мен шіркеулік ән сабағының оқу бағдарламасынан алынуы.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивтік тақта.

Сабақты өткізу тәртібі: 1)Жеке жұмыс; 2)Қорытындылау; 3)Бағалау

Бақылау сұрақтары:

1)1913 жылы Верный мұғалімдер семинариясының салтанатты ашылуы.

2)Бірінші дүниежүзілік соғыстың мұғалімдер семинариясына туғызған қиындықтары.

3)Верный мұғалімдер семинариясы визуалды деректерде.

Сабақ тақырыбына сәйкес СӨЖ тапсырмалары:

1)1917 жылы Кеңес билігі орнағаннан кейінгі Верный мұғалімдер семинариясы.

2)Верныйдағы мұғалімдер семинариясы үшін жалға алынған пәтерлер.

3)Мұғалімдер семинариясы өміріндегі атаулы мерекелер.

10-тақырып: Орал мұғалімдер семинариясының құрылуы мен қалыптасуы.

Жоспары

1) Орал мұғалімдер семинариясының ашылуы, қалыптасуы.

2) Семинариядағы мұғалімдер мен оқушылар: ұлттық, діни, әлеуметтік құрамы.

3) Семинариядағы оқу-тәрбие жұмысы.

Сабақтың мақсаты мен міндеті: Романовтар әулетінің 300 жылдық билігі құрметіне арнайы ашылған мұғалімдер семинариясының ашылу ерекшелігін көрсету. Орал мұғалімдер семинариясының ашылуы, қалыптасуы. Семинариядағы мұғалімдердің, шәкірттердің ұлттық, әлеуметтік және діни құрамын талдату.

Сабақтың мазмұны: Семинарияның дайындық сыныбы мен үш сыныптық құраммен ашылуы. Бірінші дүниежүзілік соғыс семинария тарихында.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивтік тақта.

Сабақты өткізу тәртібі: 1) Жеке жұмыс; 2) Қорытындылау; 3) Бағалау

Бақылау сұрақтары:

1) Мұғалімдер семинариясының Орал облысындағы бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудағы рөлі.

2) Семинариядағы жаратылыстану пәндерінің оқытылуы.

3) Орал мұғалімдер семинариясын бітірген түлектер.

Сабақ тақырыбына сәйкес СӨЖ тапсырмалары.

1) Семинариядағы ән және музыка сабағының оқытылуы.

2) Орал мұғалімдер семинариясын Ақтөбе мұғалімдер семинариясымен салыстыру.

11-тақырып: Қалалық училище жанынан ашылған педагогикалық курстардағы мұғалімдерді дайындау тәжірибесі.

Жоспары

1) 1875 жылғы «Педагогикалық курстар туралы Ереже».

2) Қалалық училище жанынан ашылған курстар.

3) Мұғалімдер білімдерін жетілдіруге арналған курстар.

Сабақтың мақсаты мен міндеті: бастауыш сынып мұғалімдерді дайындаудағы қалалық училище жанынан ашылған педагогикалық курстар тарихын оқыту. Курстардағы жалпы білім беретін пәндер, оқытудың әдістемесі және оның оқу тәрбие үрдісінде қолдану мүмкіндігі. 1875 жылғы педагогикалық курстарға қатысты қабылданған Ережеге.

Сабақтың мазмұны: Курстардағы теориялық және практикалық пәндер, оқу курсы жүргізудегі попечительдің қызметі, курс жанынан ашылған үлгілі училище.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивтік тақта.

Сабақты өткізу тәртібі: 1) Жеке жұмыс; 2) Қорытындылау; 3) Бағалау

Бақылау сұрақтары:

1) 1875 жылы педагогикалық курстарға қатысты қабылданған Ереже.

2) Курстағы педагогика, психология, дидактиканың оқытылуы.

Сабақ тақырыбына сәйкес СӨЖ тапсырмалары:

1) Педагогикалық курстағы курсистерге қойылған талаптар.

2) Пән мұғалімдеріне ұйымдастырылатын педагогикалық курстар.

12-тақырып: Мұғалімдер семинариясының директорлары мен инспекторлары.

Жоспары

1) Түркістан мұғалімдер семинариясының директоры Н.П. Остроумов.

2) Орск-Орынбор мұғалімдер мектебінің инспекторлары.

3) Омбы мұғалімдер семинариясының директоры Александр Никитич Седелников.

Сабақтың мақсаты мен міндеті: мұғалімдер семинариясын басқарған директорлар мен инспекторлардың негізгі атқарған қызметтері мен міндеттерін

көрсету. Мұғалімдер семинариясына қатысты қабылданған ережелердегі директорлар мен инспекторларға қатысты арнайы баптарды талдау.

Сабақтың мазмұны: Мұғалімдер семинариясының ашылу, қалыптасу тарихындағы директорлар мен инспекторлардың қызметі. Жергілікті әкімшілік билік пен семинария директорлары, инспекторлары, тәлімгер, мұғалімдер арасындағы қарым-қатынас.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивтік тақта.

Сабақты өткізу тәртібі: 1) Жеке жұмыс; 2) Қорытындылау; 3) Бағалау

Бақылау сұрақтары:

1) Түркістан мұғалімдер семинариясының ашылу, қалыптасу тарихындағы Н.П.Остроумовтың қызметі.

2) Верный мұғалімдер семинариясының директорлары.

3) Түркістан мұғалімдер семинариясының құрылу тарихындағы фон Кауфманның ролі.

Сабақ тақырыбына сәйкес СӨЖ тапсырмалары:

1) Н.И.Ильминский және мұғалімдер семинариясы.

2) Түркістан мұғалімдер семинариясын Қазан мұғалімдер семинариясымен салыстыр.

13-тақырып: Мұғалімдер семинариясындағы оқу-тәрбие жұмысы.

Жоспары

1) Мұғалімдер семинариясындағы оқу үрдісі.

2) Мұғалімдер семинариясындағы тәрбие жұмысы.

3) Мұғалімдер семинариясындағы шәкірт ақы.

Сабақтың мақсаты мен міндеті: Ресей империясында ашылған мұғалімдер семинариясындағы педагогикалық Кеңес, қабылданған Ереже, емтихан, сабақ кестесі, семинария жанынан ашылған үлгілі училищелердегі оқу-тәрбие ісіне қатысты мәселелерді талдау.

Сабақтың мазмұны: мұғалімдер семинариясы мен мектебі, оқу орындарының Халық Ағарту Министріне бағындырылуы, жергілікті әкімшіліктің бақылауы, семинариядағы шәкіртақы, бір сыныптан екінші сыныпқа көшудегі талап ережелер.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивтік тақта.

Сабақты өткізу тәртібі: 1) Жеке жұмыс; 2) Қорытындылау; 3) Бағалау

Бақылау сұрақтары:

1) Семинария тарихындағы педагогикалық Кеңес.

2) Семинариядағы күн тәртібі.

3) Семинариядағы адамгершілік және діни тәрбие.

Сабақ тақырыбына сәйкес СӨЖ тапсырмалары:

1) Семинариядағы оқытылатын пәндерге қойылатын талаптар.

2) Семинария жанындағы үлгілі училищелер.

14-тақырып: Мұғалімдер семинариясындағы педагогика, тарих пәндерінің оқытылуы.

Жоспар:

1) Мұғалімдер семинариясындағы педагогика, тарихтың оқытылуы.

2)Педагогика, тарихы бойынша оқулықтар.

3)Мұғалімдер семинариясындағы педагогикалық практикаға қойылатын талаптар.

Сабақтың мақсаты мен міндеті: мұғалімдер семинариясындағы педагогика, психология және педагогикалық практиканың жүргізілуі. Педагогика, тарихқа қатысты оқытылатын негізгі оқулықтар, педагогика және тарих пәндерінің оқу бағдарламалары.

Сабақтың мазмұны: Педагогикалық теория мен педагогикалық практиканың өз ара байланыста жүруі. Семинария шәкірттерінің практикалық сабақтары, олардың білімін тереңдетудегі әдеби педагогикалық тақырыптардағы шығармалардың жаздырылуы. Тарих бағдарламасындағы ғылым, білім, тәрбие тарихына қатысты мәселелер.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивтік тақта.

Сабақты өткізу тәртібі: 1)Жеке жұмыс; 2)Қорытындылау; 3)Бағалау

Бақылау сұрақтары:

1)Мұғалімдер семинариясындағы педагогика пәнінің оқыту ерекшелігі.

2)К.Ельницкийдің педагогикаға қатысты оқулықтары.

3)К.Д.Ушинскийдің педагогикалық көзқарастары.

4)Семинариядағы тарихтың оқытылуы.

Сабақ тақырыбына сәйкес СӨЖ тапсырмалары:

1)ХАМ-нің тарих пәніне қатысты бекітілген оқулықтары.

2)Педагогика тарихындағы дін мәселесі.

15-тақырып: Семинариядағы шәкірттердің күнделікті өмірі.

Жоспар:

1) Семинариядағы күн тәртібі.

2) Семинариядағы діни уағыздар, шіркеулік әндердің орындалуы.

3) Семинарияның күнделікті өміріндегі атаулы мерекелер мен мейрамдар.

Сабақтың мақсаты мен міндеті: мұғалімдер семинариясындағы күнделікті өмірдің Ережеге сәйкес жүруі. Семинариядағы адамгершілік, діни, эстетикалық, еңбек тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінуі. Шәкірттердің тәртіптері мен сабақтарына қойылатын талаптар, бағалар.

Сабақтың мазмұны: семинариядағы қатаң тәртіп, діни адамгершілік тәрбие, тәлімгерлер мен қадағалаушылар, семинария шәкірттеріне бақылаулары. Семинариядағы қол еңбегі сабағы.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивтік тақта.

Сабақты өткізу тәртібі: 1)Жеке жұмыс; 2)Қорытындылау; 3) Бағалау

Бақылау сұрақтары:

1)Мұғалімдер семинариясындағы шіркеу, дұға оқуға қатысты қатаң талаптар

2)Семинариядағы шәкірттерді бағалау үрдісі

Сабақ тақырыбына сәйкес СӨЖ тапсырмалары

1)«Туркестанские ведомости» газетінде жарияланған семинария шәкірттерінің күнделікті өмірі.

2)Семинарияның күнделікті өміріндегі шәкірттердің бау-бақша, асхана, шеберханадағы еңбегі.

Студенттердің ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру мақсатында, жеке өзіндік ізденіс жүргізу үшін реферат жазу тапсырылды. Рефератқа «Қазақстандағы бастауыш білім беретін оқу орындарына мамандар дайындау тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басы)» курсы бойынша мынадай тақырыптар ұсынылды:

1. Семей мұғалімдер семинариясының шәкірті М.Әуезов
2. Түркістан мұғалімдер семинариясының шәкірті С.Лапин
3. Мұғалімдер семинариясындағы тарих пәнінің оқытылуы
4. Мұғалімдер семинариясындағы педагогика пәннің оқытылуы
5. Түркістан мұғалімдер семинариясының директоры Остроумов
6. Мұғалімдер семинариясына қатысты қабылданған Ережелер
7. Мұғалімдер семинариясындағы еңбек тәрбиесі
8. Мұғалімдер семинариясындағы діни тәрбие
9. Омбы мұғалімдер семинариясының түлегі С.Сейфуллин
10. Омбы мұғалімдер семинариясының түлектері
11. Түркістан мұғалімдер семинариясының түлектері
12. Орынбор мұғалімдер семинариясының түлектері
13. Семей мұғалімдер семинариясының мұғалімдері
14. Түркістан мұғалімдер семинариясының мұғалімдері
15. К.Д. Ушинский мұғалімдер семинариясы туралы
16. XX ғасырдың бас кезеңіндегі жәдидтік мектептер
17. XIX екінші жартысы мен XX бас кезеңіндегі қалалық училищелер
18. Педагогикалық курстар
19. Семей мұғалімдер семинариясының түлегі М.Жұмабаев
20. Орынбор мұғалімдер семинариясының түлектері

Студенттердің элективті курсты оқу барысында алатын дағдылары:

-Мұғалімдер семинариясы, мектебі туралы теориялық білім;

-Ресей империясындағы бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау тарихы мен қазіргі мұғалімдер дайындау үрдісін салыстыра отырып талдауға, ой қорытуға үйренеді;

-Деректермен жұмыс істеуге, талдауға үйренеді, мәселенің объективті, субъективті жақтарын анықтайды, сыни көзқарасы қалыптасады.

Қорыта айтқанда «Қазақстандағы бастауыш білім беретін оқу орындарына мамандар дайындау тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басы)» курсының оқыту мұғалімнің алдына үлкен жауапкершілік жүктейді, өйткені оқу орындарының тарихына қатысты зерттеу әдебиеттерінің қол жетімді болмауы, мысалы, семинария тарихына қатысты шыққан деректердің, кейбір зерттеу, есептердің жарияланғандығына жүз жылдан аса уақыттың өтуі. Студенттерге семинария тарихына қатысты деректермен жұмыс жасатуға баса назар аударылды, сабақтарға арнайы дайындалған архив, мерзімдік басылым деректерінің жинағы оларға берілді.

4.2 Мұғалімдер семинариясы бойынша тәжірибелік-эксперименталды жұмыстарды ұйымдастырудың нәтижелері

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезеңіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау мәселесі жоғары оқу орындарының жаңартылған білім бағдарламасында, мектеп оқулықтарында, ЖОО оқулықтарында да арнайы қарастырылмаған. Кейбір оқулықтарда ғана тақырып оқу орындары тарихымен бірге бір сөйлеммен ғана аталып өтіледі. Қазақ зиялыларының бір шоқ жұлдызын қалыптастырған оқу орындарының тарихына қатысты зерттеулер жоқ десе де болады. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты шығарған Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінгі дейін. Бес томдық жинағының үшінші томының бір тарауы «Қазақстанның XX ғасыр басындағы мәдени өмірі» деп аталады. Бұл тарауда XIX ғасыр- XX ғасырдың бас кезеңіндегі ашылған Орынбор, Омбы кадет корпусы, кәсіптік техникалық білім беретін оқу орындары, ауыл шаруашылық мектептері, гимназиялар туралы туралы мәліметтер берілгенімен, мұғалімдер семинариясы, мектептер, педагогикалық курстар тарихы мүлдем жазылмаған [206].

Жалпы білім беретін мектеп оқулықтарында да мұғалімдер семинариясына қатысты мәліметтер өте аз. 2012 жылы Ж.Қ.Қасымбаевтың «Қазақстан тарихы» 8-сыныпқа арналған оқулығында орта оқу орындары қатарында мұғалім семинариясына қатысты қысқаша мағлұмат бар. Автор тұңғыш қазақ мұғалімдер мектебі 1883 жылы Орынбор губерниясы Орск қаласында ашылды. 1879 жылы Ташкентте ашылған мұғалімдер институты да Ресей орта оқу орындары жүйесінің бір бөлігі - деп, мұғалімдер дайындаудағы екі оқу орнының маңызын ерекше атап көрсеткен [207]. Өкінішке орай, оқулықта мұғалімдер мектебі мен семинариясына қатысты фактологиялық жағынан қателіктер де бар. Орск-Орынбор мұғалімдер мектебі бір жерде 1883, бір жерде 1888 жылы ашылды деп көрсетілген, бұл техникалық қателіктер болар (Қараңыз, 180-б, 187-б). Оқулықта Орск-Орынбор мұғалімдер мектебінің басшылығында Ы.Алтынсарин болды деп көрсетіледі. Оған басшылыққа және Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне, ағартушы Ы.Алтынсарин тағайындалды деп жазылған. Бірақ мына жағдайды ескеру қажет, Ы.Алтынсарин инспектор болғанымен бірақ, ол мұғалімдер мектебінің басшысы болған жоқ. Түркістан мұғалімдер семинариясына қатысты қателіктер де бар, автор семинарияны институт деп жазады. Дұрысы, Ташкентте ашылған Түркістан мұғалімдер семинариясы болуы қажет.


З.Е.Қабылдинов, Ж.Н.Қалиев, А.Т.Бейсембаеваның «Қазақстан тарихы (XVIII-XIX) жалпы білім беретін мектептің 8(7) сыныбына арналған оқулығында 1872 жылы Омбыда мұғалімдер семинариясы ашылды. Ол іс жүзінде бүкіл Қазақстан үшін мұғалім кадрларын даярлайтын орталыққа айналды. Онда бастауыш училищелер үшін мұғалімдер даярланды –деп жазылған [208]. Бұл оқулықта да қателіктер бар. Біріншіден, Омбы мұғалімдер семинариясы бүкіл Қазақстанға мұғалімдер дайындамады. Өйткені, бүкіл қазақ өлкесіне мұғалімдерді Орск-Орынбор мұғалімдер мектебі, Түркістан, Семей, Верный, Ақтөбе, Орал, Қазан мұғалімдер семинариясы және көптеген

қалалалық училищелер жанынан ашылған педагогикалық курстарда дайындалғанын атап өткен жөн. Оқулықта семинария сөзіне де қате түсініктеме берілген. Мысалы, семинария-мұғалімдер даярлайтын кәсіби оқу орындарының бір түрі –деп жазған [208,б. 174]. Кез келген анықтамалықта семинарияға мынадай түсініктеме беріледі. «Семинария (лат. «seminarium» — ошаған; тұқым себу «semen» — тұқым, «тұқым») - христиан дінбасыларын дайындауға арналған оқу орны». Авторлар семинарияның бірнеше түрі бар екендігіне анықтама беріп, діни семинария мен мұғалімдер семинариясының айрмашылығын көрсету қажет еді. Мұндай кеткен кемшіліктерге қарамастан қазіргі таңдағы барлық мектеп оқулықтарының ішіндегі мұғалімдер семинариясы туралы жазылған бірден-бір оқулықтар екенін атаған дұрыс болар.

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезеңіндегі кәсіби тұрғыдан мұғалімдер даярлаған және қазақ зиялыларының бір үлкен шоғырын қалыптастырған мұғалімдер семинариясы мен мектебінің тарихы туралы мектеп оқулықтары, Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты шығарған бес томдық жинақта берілмеуінің өзі, мәселенің зерттелмегенін нақты айғақтай түседі.

Қазақ өлкесіндегі кәсіби мұғалім мамандарын дайындаудың алғашқы негізін қалаған мұғалімдер семинариясы, мұғалімдер мектебі мен педагогикалық курстар тарихы педагогикалық жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледждердің оқу бағдарламасына енгізілуі қажет деген ұсыныс жасаймыз. Сонымен қатар ЖОО оқулықтары, оқу құралдары, мектеп оқулықтарына семинария тарихы туралы дидактикалық материалдар, хрестоматия, электрондық ресурстар да дайындалуы керек.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезеңінде мұғалімдер семинариясында теория мен практика қатар жүрді. Әрбір ашылған мұғалімдер семинариясы мен педагогикалық курстар жанынан үлгілі училищелер ашылды. Училищеде міндетті түрде сауатын ашпаған балалар қабылданатын. Семинария шәкірттерінің практикалық сабақтары осы үлгілі училищеде жүрді. Олар бірінші сыныпта пассивті практикаға барса, екінші сыныптан бастап активті практикаға қатыса алатын (сурет 2).



Сурет 2 - Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаған оқу орындары

Халық Ағарту министрлігіне бағынған мұғалімдер семинариясының бағдарламасында Құдай заңы, орыс тілі, шіркеулік славян тілі, әдебиет, арифметика, жаратылыстану, физика, тарих, география, сызу, ән айту, педагогика, орыс тілі мен арифметиканың әдістемесі оқытылды. Семинарияда педагогикалық шеберлікті дамытуға көп көңіл бөлінді. Шәкірттер педагогикалық шеберлікке үйрену үшін үлгілі училищедегі сабақтарға қатысты және өздері де сабақ жүргізді. Ушинский педагогтің екі мақсаты бар деп көрсетті. «Бірінші мақсат формальді, ол шәкірттің қабілетін, есте сақтау қасиетін, қиялын, пайымын дамыту қажет. Игерген біліммен бірге тағы да танымдық білім беру қажеттігін есте сақтауы қажет, сонымен бірге мұғалім шәкірттің өздігінен білім алу қабілетін дамытуы қажет», - деп жазды [209].

Семинарияда педагогика пәні міндетті пәндердің қатарында болды, Түркістан мұғалімдер семинариясына педагогика пәні бірінші сыныптан бастап оқытылды. Педагогика пәнінде психология, логика, дидактика, әрбір пәндерді оқыту әдістемесі бірге оқытылды. Педагогикадан ең таңдаулы оқулықтар ретінде Н.К.Ельницкий, П.Евстафиев, М.И.Демков, И.В.Бунаков, И.Скворцов, А.Мальцев оқулықтарымен оқытылды.

П. Естафьев тәрбие мен оқытуда жетістікке жету жолы ғылыми мәліметтерді білумен шектелмей, осы білімді тәрбие мен оқыту объектісіне, яғни тәрбиеленуші мен шәкіртке пайдалана білу қажет - дей отырып, адамға көрегенділік, бақылай білу, тактиканы дұрыс таңдау, тәжірибе, техника, туа біткен қасиет пен өнерлілік қажет - деп көрсеткен болатын [210].

Жалпы мұғалімдік шеберлікке шәкірт семинария жанынан ашылған үлгілі училищеде үйренді. Практиканттар сабақтарын мұғалім және өз жолдастарының сабаққа қатысуымен өткізді. Сабақ барысында кез келген шәкірт өз сабағы және жолдастарының сабақтарына әдістемелік жағынан

талдау жасауға үйренді. Соңғы педагогикалық практикада, яғни қорытынды конференцияда олар өздерінің жұмыстарына ғылыми-әдістемелік жағынан талдау дағдысын үйренгендігін көрсететін.

Қазіргі педагогикада оқыту технологиясына баса назар аударылса, мұғалімдер семинариясындағы педагогика энциклопедиялық білім берді. Шәкірттерге дидактика, психология, оқыту әдістемесі, діни, еңбек тәрбиесінен де білім берді (сурет 3).



Сурет 3 - Педагогикада оқытылған бағыттар

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері үшін ХІХ ғасырдың екінші жартысы ХХ ғасырдың бас кезеңіндегі педагог мамандарды дайындау тарихымен танысу, мұғалімдер семинариясы, педагогикалық курстардағы оқу-тәрбие үрдісі, оқытылған пәндер, педагогика пәнін оқытудағы практикаға бағытталу ерекшелігі, педагогикалық практиканы ұйымдастырылу барысымен танысу, семинарияның жетістігі мен кемшін тұстарын анықтауға және оларды педагогикалық қызметке дайындауға негіз жасайды деп бағалаймыз.

Зерттеу жұмысының қалыптастыру кезеңінің эксперименті болашақ педагогтардың зерттеушілік және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруы тиіс. Қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманизация үрдісі болашақ педагогтың бойында кәсіби педагогтық құзыреттілікті қалыптасруды талап етеді. Кәсіби құзыреттілік дегеніміз-өзіндік ізденіс пен өзіндік тәрбиелеуге бейімделген,

педагогикалық міндеттерді шешуде өзінің шығармашылық қабілетін үйлестіре алатын, өзіндік көзқарасы мен ұстанымын қорғай алатындай болуы қажет.

Нақты нәтиже алу үшін, оқыту үрдісін жобалаумен бірге эксперименттің барысы мен нәтижелеріне де талдау жасау қажет.

Студенттердің XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың бас кезеңіндегі орта оқу орындары тарихына қатысты бастапқы білім деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

Сауалнама сұрақтары:

1. Мұғалімдер семинариясын бітірген қазақ зиялылары?
2. Түркістан мұғалімдер семинариясы туралы оқығаның, естігенің бар ма?
3. Сералы Лапин туралы не білесің?
4. Мұғалімдер семинариялары туралы мәлімет білесің бе?
5. Н.Ильминский туралы не білесің?

Сауалнамаға берілген сұрақтар негізінде студенттердің мұғалімдер семинариясы туралы білмейтіндігі анықталды. Сауалнама жауаптары студенттермен жүргізілетін жұмыстың оқу үрдісін жоспарлауға, қалай тексеру қажеттігін, қандай деректермен жұмыс жасау қажеттігін нақтылап берді.

Біз жүргізген эксперимент болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше назар аудару қажет екенін көрсетті, өйткені осы үрдіс барысында болашақ мұғалімдер алған білімдері мен дағдыларын қолдануға және негіздеуге, өзіндік құндылықтар жүйесін кәсіби талаптар мен нормалармен байланыстыруға, жеке мотивацияны бекітуге, дамытуға мүмкіндік алады және оны нақты педагогикалық іс-әрекетте жүзеге асырады.

XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың бас кезеңіндегі деректер сол кезеңдегі қоғамдық өмірдің әр саласы туралы әлеуметтік және танымдық ақпарат береді. Студенттермен жұмыс жасау барысында олардың Халық Ағарту Министрлігінің шешімдері, нұсқаулар, заң актілері, статистикалық материалдар, архив материалдары, мерзімді басылым, визуалды деректермен жұмыс жасауға үйретуді мақсат тұтындық. Мәтіндерге негізделген әр түрлі контекстегі тапсырмаларды студенттерге ұсынғанда олардың танымдық қызығушылығы мен мүмкіндіктерін ескере отырып бердік.

О.Н.Хохлова тарихи деректермен жұмыс жасаудың бірнеше кезеңін көрсетеді:

1. Дереккөздерде кездестін терминдер мен ұғымдардарға өзіндік жұмыс жүргізу, олардың анықтамасын беру;
2. Мәтіннің мәнін түсінуге мүмкіндік беретін дереккөздегі «семантикалық тіректерді» табу;
3. Әр түрлі мазмұндағы және әр түрлі деңгейдегі сұрақтарға жауап бере білу
4. Ақпараттық сұрақтар негізінде деректің мүмкіндігін көрсете білу [211].

Студенттер әр түрлі мазмұндағы дереккөздерімен жұмыс жасады және осы деректердегі термин, анықтамалық сөздіктерге талдау жасауға үйренді Зерттеушілік ізденісте студенттің зерттеу, іздеу, танымдық жұмысты

ұйымдастыра білу және өзіндік дербес шешім қабылдай білу әрекеті де ерекше. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей тарихи дереккөздермен жұмыс жүргізуде бірте-бірте күрделендіру қажеттігін көрсетті, бұл оқытуды ұйымдастыруды жақсартуға мүмкіндік береді (кесте 9).

Кесте 9 - Деректермен жұмыс жасау қорытындысы

	Қандай дереккөздерін пайдаландың?	Деректегі мәлімет түсінікті ме?	Деректен қажетті ақпарат алдың ба?	Деректегі мәлімет мұғалімдер семинариясы туралы толық ақпарат бере ала ма?	Дерекке статистикалық талдау жасау қиындық туғызды ма?
Бақылау тобы	Архив-5 Мерзімдік басылым-10 Жарияланған дерек-10	Түсінікті-5 Түсініксіз-10	Ия-10 Жоқ-15	Ия-15 Жоқ-10	Ия-20 Жоқ-5
Эксперимент тобы	Архив-10 Мерзімдік басылым-15 Жарияланған деректер-15	Түсінікті-15 Түсініксіз-10	Ия-20 Жоқ-5	Ия-20 Жоқ-5	Ия -5 Жоқ-20

Студенттердің өздігімен архив материалдарын, мерзімдік материалдарды табуы қиын. Сондықтан да оларға жинақталған материалдардың нұсқасы ұсынылды. Бақылау тобына архив материалдары мен статистикалық материалдарға талдау жасау көбірек қиындық туғызды. Деректерді пайдалануда кейбір студенттердің архив, мерзімдік және жарияланған материалдарды қатар пайдаланғандары да болды. Жалпы эксперимент барысы мұғалімдер семинариясының тарихына қатысты деректердің қазақшаға аударылған хрестоматиясын басып шығару қажеттігін көрсетті. Студенттердің қызығушылығы мен мотивациясын туғызу мақсатында топтарға шығармашылық жобалар жасатылды. Олар 5-адамнан 6 топқа бөлінді. Әр топ жобаның тақырыпшаларын бөліп алды. Жоба тақырыбы: «Бұрынғы семинария шәкірті мен қазіргі колледж студенті». Әр топ жобадағы тақырыптар бойынша жоба жасады. Мысалы, «Тақырыпқа кіріспе», «Семинария пәндері», «Колледждегі сабақ», «Семинария шәкіртінің күнделікті өмірі», «Колледж шәкіртінің күнделікті өмірі», «Сұрақтар». Студенттердің шығармашылық жұмыстарын бағалауда мынадай критерийлер негізгі алынды: топтың белсенділігі, топта жұмыс жасай білу, жобаның өзектілігін көрсету, дәйектелуі, өз пікірін қорғай білу, жүйелі талдау, қорытындылары. Жобаны қорғау студенттерге ойын жүйелі жинақтай жеткізе білуге, дәйектерге сүйеніп, оны талдай білуге үйретті.

Білім мен тәрбие сапасын арттыруда студенттерге шығармашылық мазмұндағы тапсырмалар берудің маңызы зор. Шығармашылық жұмыстағы эссе жазуда студент теориялық білімге ғана сүйеніп қоймайды, ол талдау жасайды. Бір тақырыпта жазылған эссе мазмұндары әр түрлі болуы мүмкін, олар өз көзқарасы мен ұстанымдарын көрсете алады. Студенттер орындаған жұмыстың сапасын анықтау кезеңінде пайдаланылған дәйектемелерге, ой-пікірлердің логикалық деңгейі, қорытындылардың дұрыстығына назар аударылды. Шығармашылық ойлаудың құрылымы анықталып, студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін реттейді. Студенттерге реконструктивті деңгейдегі тапсырмаларлар бойынша берілген бағдарлы презентация тақырыптары:

1. Омбы мұғалімдер семинариясын бітірген қазақ жастары
2. Түркістан мұғалімдер семинариясының директорлары
3. Мұғалімдер семинариясына қатысты визуалды деректер
4. Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі С.Лапин

Презентацияны жасауда мультимедиялық технологияны пайдалану мүмкіндіктері де ескерілді. Бағдарлы презентацияны студенттер орындағаннан кейін алған жұмыстарының нәтижелері бойынша талдау, салыстыру, бағалау, қорғау жұмыстары жүрді. Кері байланыс рефлексия болды (кесте 10).

Сонымен бірге студенттерге әр түрлі деңгейдегі мақсаттарды шешуге бағытталған тапсырмалар берілді. Термин, ұғымдарды пайдалана отырып зерттеу объектісін көрсету. Олардың ақпараттық ізденісі, мәселеге қатысты деректерді табуы, библиографиялық ізденістеріне ерекше назар аударылды.

Кесте 10 - Презентация бойынша студенттердің шығармашылық деңгей көрсеткіші

1	Орындалуы	Эксперименттік топ 25 студент		Бақылау топ 25 студент	
		Саны	%		%
2	3	4	5	6	
Зерттеу жұмысындағы белсенділігі	Өте жақсы	10	40%	8	32%
	Жақсы	7	28%	10	40%
	Орташа	8	32%	7	28%
	Нәтижесі	25	100	25	100
Жұмысқа шығармашылық тұрғыдан қарауы	Өте жақсы	11	44%	7	28%
	Жақсы	10	42%	10	40%
	Орташа	4	14%	8	32%
	Нәтижесі	25	100	25	100
Талдау, салыстыру білуі	Өте жақсы	10	40%	5	20%
	Жақсы	8	38%	10	40%
	Орташа	10	22%	7	28%
	Нәтижесі	25	100	25	100
Өз пікірі бар, қорытынды жасай алады	Өте жақсы	6	24%	5	20%
	Жақсы	8	32%	9	36%
	Орташа	11	44%	10	40%
	Нәтижесі	25	100	25	100

10 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Рефлексия жасауы	Өте жақсы	10	40%	9	36%
	Жақсы	8	32%	10	40%
	Орташа	7	28%	6	24%
	Нәтижесі	25	100	25	100

Тәжірибие жүргізу барысында эксперименттік топ пен бақылау тобы арасындағы мынадай нәтижелерді көрдік. Зерттеу жұмысындағы белсенділік, өз пікірі бар, қорытынды жасай алады және рефлексия жасаудағы көрсеткіштер бір деңгейде болса, керісінше жұмысқа шығармашылық тұрғыдан қарауы, талдау салыстыруда эксперименттік топтың деңгейінің жоғары екендігі көрінді.

Шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар бойынша берілген бағдарлы презентацияның тақырыптары:

1. XIX ғасырдағы мұғалімдер семинариясы және қазіргі педагогикалық колледж

2. Мұғалімдер семинариясының шәкірті және қазіргі колледж студенті

3. Мұғалімдер семинариясындағы оқытылған пәндер мен қазіргі колледждегі оқытылатын пәндер


4. Семей мұғалімдер семинариясының мұғалімі мен қазіргі Семей педагогикалық колледжінің мұғалімі

Бұл тапсырмаларды орындауда өздігінше мәселені талдай білуі, пәннің аналитикалық құралдар жиынтығын қолдана білуі, деректерге сыни көзқарас тұрғысынан қарауы, өткен мен қазіргіні салыстыра білу арқылы қорытынды жасауы, өз ұстанымдары да ескерілді.

Тапсырма 3.

Суреттегі мұғалімдер семинариясы ашылды? Оның тарихын баянда.

Семинарияны бітірген қазақ жастары? Суретке қарай отырып семинария ғимаратының сипаттамасын бер (сурет 4).



Сурет 4

Тарих сабағында визуалды деректермен жұмыс жасаудың маңызы зор. Тарихи бейне, сұлба, көріністі санада сақтау өткен тарихи оқиғаның маңыздылығына ерекше мән беруге үйретеді. Нормативті құжаттарға сәйкес студенттің лекцияда алған білімін бекіту, ғылыми-ізденушілік ізденісі мен шығармашылығын және визуалды деректермен жұмыс жасай білу ерекшелігіне ерекше мән беру олардың жұмыстарын бағалауда маңызы зор деп бағалаймын . Тапсырма 4.

Терминдер мен сөз тіркестеріне анықтама беріңіз

1. Мұғалімдер семинариясы _____

2. Педагогикалық курстар _____

3. Тәлімгер _____

4. Құдай Заңы _____

Бұл тапсырманың негізгі мақсаты студенттерді деректермен салыстыра отырып жұмыс жасауға үйрету болатын. Осы материалды қайта пысықтау мақсатында таблицаны салыстыра отырып толтырды Таблицада студенттерге әрбір ашылған семинариялардың ерекшелігі және семинариядағы оқытылған пәндерге қатысты алған білімдерін пысықтау мақсатында төмендегідей тапсырмалар берілген болатын (кесте 11).

Кесте 11 - Мұғалімдер семинариясы мен мектептер

Оқу орындары	Жалпы	Айырмашылығы
Түркістан мұғалімдер семинариясы	Халық Ағарту Министрілігіне бағынды	Қазақ тілі, сарт, парсы тілдері оқытылды
Верный мұғалімдер семинариясы		1917 жылы қыздар қабылданды
Омбы мұғалімдер семинариясы		
Орск-Орынбор мұғалімдер мектебі		Мұсылман діні оқытылды
Семей мұғалімдер семинариясы		Қазақ тілі оқытылды
Ақтөбе мұғалімдер семинариясы	Халық Ағарту Министрілігіне бағынды	Сорочинскі мұғалімдер семинариясының Ережесіне бағынды
Орал мұғалімдер семинариясы	Романовтар әулетінің 300 жылдығымен ашылған болатын	

Студенттерге берілген бұл тапсырма әрбір семинариядағы пәндерді оқытудың ерекшеліктерін көрсетуге арналған, шығармашылық тапсырма. Бұл тапсырманың ерекшелігі семинариялар тарихын салыстыра талдауға, ерекшеліктерін анықтауға және осы сұрақтарды студенттердің қаншалықты меңгергендігін нақтылай түседі деп айтуға болады.

Студенттерге өзіндік жұмыстар орындауға рефераттар орындау тапсырылды. Реферат мәтінінде белгілі бір тақырыптың дәлелді презентациясы болу талабы қойылды. Мазмұны бойынша тарау, бөлім, параграфтар бойынша бөлініп жазылып, қорытынды, тізім пайдаланылған дереккөздер көрсетілуі қажет болатын.


Рефератты бағалаудың негізгі критерийлері:

- реферат тақырыбы орындалатын жұмыстың мазмұнына сәйкестігі;
- реферат тақырыбының өзектілігі;
- мәселедегі негізгі ұғымдарды ашу;
- рефератты рәсімдеуге қойылатын талаптарды сақтау;
- пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелерді дұрыс көрсету;


Қазіргі білімді бағалау жаңа әдіс тәсілдер мен ізденістерді талап етеді. Студенттердің білімдерін бағалауда сандық әдіс басымдылыққа ие, мұның ішіндегі жиі қолданылатын әдістің бірі тест әдісі болып табылады. XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезеңіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау тарихы бойынша студенттерді білімі мен үлгерімін бағалау үшін тақырыптық және қорытынды тестер алдық.

Студенттердің оқу материалын қаншалықты меңгергенін тексеру үшін тест сұрақтарын пайдаланудың да үлкен маңызы бар. Тестілеуді өткізу кезінде білімді бағалау критерийлері «Өте жақсы» деген баға тест тапсырмаларының 80% - дан астамы дұрыс жауап берген жағдайда, «қанағаттанарлықсыз» деген баға тестілік бағалардың 60% - дан кеміне дұрыс жауап берген жағдайда қойылды.


Қалыптастырушы эксперимент барысында «Қазақстандағы бастауыш білім беретін оқу орындарына мамандар дайындау тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы-1920 жылдарға дейін) модулі» элективті курсы колледж студенттері меңгеру деңгейін анықтау мақсатында тест сұрақтарының нәтижесі бойынша талдасақ. Тест сұрақтары «Гугл форм» бағдарламасына салынып, нәтижесі анықталды. Жалпы тестке қатысушылар саны Б-1-16 (бақылау тобынан) тобынан 25 студент, Б-2-16 тобынан (эксперимент тобынан) 25 студент қатысты. Жалпы сұрақ саны 30 (Қосымша А).




Сурет 5 - Студенттердің тестке жауаптары (Бақылаушы топ)



Сурет 6 - Студенттердің тестке жауаптары (Эксперименттік топ)



Сурет 7 - Студенттердің тест қорытындысы (Бақылау тобы)




Сурет 8 - Студенттердің тест қорытындысы (Эксперимент тобы)

Кесте 12


Экспериментке дейінгі бақылау тобы	Экспериментке дейінгі эксперименттік топ	Эксперименттен кейінгі бақылау тобы	Эксперименттен кейінгі эксперименттік топ
0-12-төмен көрсеткіш көрсеткен студенттер саны -10-40%	0-12-төмен көрсеткіш көрсеткен студенттер саны-8-32%	0-12-төмен көрсеткіш көрсеткен студенттер саны-12-48%	0-12-төмен көрсеткіш көрсеткен студенттер саны-3-32%
13-24 орташа көрсеткіш көрсеткен студенттер саны-12-48%	13-24 орташа көрсеткіш көрсеткен студенттер саны-13-52%	13-24 орташа көрсеткіш көрсеткен студенттер саны-9-36%	13-24 орташа көрсеткіш көрсеткен студенттер саны-15-60%
25-30 жоғары көрсеткіш көрсеткен студенттер саны-3-12%	25-30 жоғары көрсеткіш көрсеткен студенттер саны-4-16%	25-30 жоғары көрсеткіш көрсеткен студенттер саны-4-16%	25-30 жоғары көрсеткіш көрсеткен студенттер саны-7-28%

Тест нәтижелері сурет бойынша (сурет 9, 10):



Сурет 9 - Бақылау тобының нәтижелері

Қалыптастырушы эксперимент нәтижелері студенттердің шығармашылық ізденіске бейімделгендігін, білім алуға деген құлшынысының жақсы динамикасын байқауға болады.



Сурет 10 - Эксперименттік тобының нәтижелері

Алынған нәтижелерді талдау оқу орындары тарихына қатысты тестілеуді қолданудың дәстүрлі оқыту технологиясының кейбір тиімді жақтарының болғандығын да көрсетті. Тәжірибелік эксперимент жұмысы эксперименттік топ студенттерінің танымдық белсенділігі, шығармашылық ізденісінің өсуін анықтады. Мысалы семинария түлектеріне қатысты және реконструктивті деңгейдегі презентация тапсырмалары, шығармашылық жобалар олардың қызығушылығын туғызды. Эксперименттің қалыптастыру кезеңінде студенттердің шығармашылық үрдістегі мотивациясына ықпал ететін әдістер қолданылды, мысалы эмоционалдық ынталандыру сынды.

Қорыта келе, «XIX ғ. екінші жартысы 1920 жылдарға дейін Қазақстандағы бастауыш білім беретін оқу орындарына мамандар дайындау тарихы» мәселесін оқытудың эксперименталдық жұмысы студенттермен оқытудың әр түрлі тәсілдерін қолдану нәтижесінде және оларды ынталандыру арқылы және мәселеге қатысты аутентикалық, визуалды, мерзімдік басылым деректері сынды әр түрлі деректерге сүйену, оны талдау негізінде мұғалімдер семинариясы туралы терең де мағыналы білім беретіндігімізді көрсетті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыс ХІХ ғасырдың екінші жартысы ХХ ғасырдың бас кезеңіндегі Түркістан оқу округіне қараған бастауыш білім беретін мектептерге мұғалімдер даярлаған Түркістан мұғалімдер семинариясы, Верный мұғалімдер семинариясы және қалалық училищелер жанынан ашылған бір-екі жылдық педагогикалық курстардың тарихы мен осы мәселені оқытудың эксперименталдық жұмысына арналды.

Ресей империясының ішкі губернияларында мұғалімдер дайындау тәжірибиесі земстволық мұғалімдер семинариялары арқылы жүзеге асырылса, қазақ өлкесінде тек Халық Ағарту Министрлігіне қараған жабық оқу орындарында ғана жүзеге асты. Мұғалімдер дайындайтын барлық оқу орындары жабық оқу орындарына жатты және Халық Ағарту Министрлігі, жергілікті генерал-губернаторға, оқу-ағарту ісіне қатысты құрылған әкімшілік құрылымдарға бағынды.

Түркістан мұғалімдер семинариясы Ферғана, Сырдария облыстарының кіріс көздерінен және Халық Ағарту министрлігінен қаржыландырды. Верный мұғалімдер семинариясы қаржылық жағынан қалалық Дума мен Халық Ағарту министрлігінің қамқорлығында болды. Түркістан, Верный мұғалімдер семинариялары өз шығынын өтеу мақсатында ферма өнімінің бір бөлігін сатып депозитке қойса, қалған өнім шәкірттердің күнделікті тамақтарына бөлінді.

Шеткері жатқан аймақта ашылған мұғалімдер семинариясының Ресей империясының ішкі губернияларында ашылған семинариялардан бірнеше ерекшеліктері де болды: біріншіден, Түркістан мұғалімдер семинариясында оқу жылы төрт жыл болды және семинария жанынан екі үлгілі училище ашылды; екіншіден, семинарияда бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаумен қатар аудармашылар да дайындады; үшіншіден, семинария мұғалімдерінің жалақылары мен дәрежелері гимназия мұғалімдерімен теңестірілді. Түркістан мұғалімдер семинариясындағы оқытушылар құрамында алғашқы кезеңде діни академияны бітіргендер басымдық болса, Верный мұғалімдер семинариясында аралас болды және мұғалімдер семинариясының шәкірттері де жұмыс жасады.

Семинарияның ең жоғары органы Педагогикалық Кеңес болатын. Кеңес құрамына директор төраға, Құдай заңы мұғалімі, тәлімгерлер мен бастауыш училище мұғалімі, кейде дәрігерлер де кірді. Шәкірт ақыны тағайындауды Педагогикалық Кеңес шешті. Кеңес семинариядағы бүкіл оқу-үрдісін өз бақылауында ұстады. Шәкірттердің бақылау сабақтарына да Педагогикалық Кеңес қатысты. 1917-1918 жылғы семинарияға жүргізілген қайта құрулардан кейін, Педагогикалық Кеңес төраға деген сөзбен алмастырылды. Ол жыл сайын сайланды.

Мұғалімдер семинариясында діни-адамгершілік, эстетикалық тәрбиеге баса көңіл бөлінді. Құдай заңы, славян тілі, шіркеулік әндердің сағат сандары көбірек болды. Шәкірттер таңертеңгі, кешкі уағыздарға баруы тиіс болатын. Олар шіркеулік мәтіндерді оқу, діни уағыз айтуды, ғибадат жасауды үйренді. Ауыз бекіту, шіркеуге бару жұмыстары тәлімгерлер мен қадағалаушылардың

катысуымен өтті. Семинар шәкірттерінен арнайы хор құрылды. Мұндай хорлардың дирижерлары да семинарияның өз шәкірттері болатын.

Мұғалімдер семинариясында және педагогикалық курстарға түсушілерге жас жағынан, жыныстық жағынан, діни ұстанымы тұрғысынан шектеушіліктер қойылды, яғни семинарияда оқитындардың жасы 16-23 жас аралығы болуы қажет еді. Алғашқы кезде мұғалімдер семинариясына және педагогикалық курстарға ер балалар ғана қабылданса, 1917 жылдан кейін Верный мұғалімдер семинариясына қыздарды да қабылдай бастады. Молокандық, жалпы сектандық ұстанымдағыларды мұғалімдер семинариясына қабылдамады.

XIX ғасырдың аяғында мұғалімдер семинариясына екі сыныптық, бір сыныптық училищенің, прогимназияның түлектері түссе, XX ғасырдың бас кезеңінде қалалық училищелердің шәкірттері басымырақ болды. Мұғалімдер семинариясынан екінші оқу орындарына ауысқанда қатаң ережелер сақталынды, Педагогикалық Кеңес емтихан тапсыру қажет деген шешім қабылдаса, олар міндетті түрде емтихан сынақтарынан өтті.

Семинарияда Құдай Заңы мен шіркеулік славян тілі, жалпы және орыс географиясы, математика, физика жаратылыстану, түземдік тіл, көркем жазу, сурет пен сызу, ән мен музыка, қол еңбегі жүргізілді. Ән, музыка сабағына ерекше көңіл бөлінді және бұл сабақтар міндетті пәндер қатарында болды. Бірінші оқу жылында ән айтуға, 1880 жылдан бастап 2 сыныпта скрипкада ойнауға үйретті. Скрипка сабақтары барлық семинария шәкірттеріне қол жетімді болмады. Семинарияда шәкірттердің білімі бес баллдық жүйемен бағаланды. Шәкірттердің тәртібіне де баға қойылды, бұл баға оқу үрдісіне әсер етті. Тәртіпке қойылған төмен балл кейде шәкірт ақыдан да айырды. Түркістан мұғалімдер семинариясында қазыналық шәкірт алушылар саны елуден аспады. Жыл сайын қазыналық шәкірт ақыға үміттенушілердің саны артып, оқуға түсуде бәсекелестік болды. Қазыналық шәкірт ақыдан бөлек атаулы шәкірт ақылар, қалалық Дума белгілеген шәкірт ақылар болғанымен, олардың саны екі-үшеуден аспады. Семинарияны бітірген шәкірттер 4 жылдан 6 жылға дейін бастауыш училищелерде сабақ беруі тиіс болатын, XIX ғасырдың аяғында семинария түлектеріне жоғары оқу орындарына түсуге шектеулер болды.

Семинарияда оқу материалдарының оқытылуы қатаң қадағаланды. Пәндер Халық Ағарту Министрлігінің бекіткен оқулықтарымен оқытылды. Халық Ағарту министрлігі оқулықтарды жарамды, жарамсыз деп іріктеп отырды.

Кеңес билігінің орнауы мұғалімдер семинариясындағы оқыталын пәндерге, оқу жүйесіне өзгеріс алып келді. Құдай заңы, шіркеулік әндер, көркем жазу пәндері алынып тасталды.

1918 жылы бірінші сатыдағы мектептерге реформа жүргізілгеннен кейін бұрынғы төртжылдық мектептер жетіжылдық оқу жүйесіне ауысты, мұғалімдер семинариясының бұрынғы бағдарламасы жаңа оқу жүйесіне сәйкес келмей қалды. Өйткені семинария бағдарламасы бірінші саты талабына сәйкес келген болатын. Екінші сатының білім бағдарламасы гимназия бағдарламасына сәйкес болды. Педагогикалық Кеңес шешімімен бесінші сыныпты қосты.

Мұғалім мамандарын дайындауда және олардың білімдерін жетілдіруде семинариядан бөлек, педагогикалық курстар мен мұғалімдер съезінің де маңызы зор болды. Ресей империясында орыстандыру үрдісін жүзеге асыратын тұлға мұғалімді дайындау қажет деген саясат негізгі мәнге айналғандықтан, жергілікті әкімшілік билік мұғалімдер семинариясына және оның оқу үрдісін өз бақылауында ұстап отырды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидаттар

- XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезіндегі кәсіби бастауыш мектеп мұғалімдері мұғалімдер семинариясы мен мектептерде, гимназияның жоғарғы сыныптарында, қалалық училищелердің жанынан ашылған педагогикалық курстарда дайындалды. Ресей империясының ішкі губернияларындағы земстволық мұғалімдер семинариясында мұғалімдерді дайындау тәжірибесі жүргізілмеді. Халық Ағарту министрлігіне бағынған оқу орындарында ғана кәсіби мұғалімдерді дайындауға рұқсат берілді, яғни барлығы да мемлекет бақылауында болды.

- XIX аяғы XX ғасырдың бас кезіндегі мұғалімдер семинариясы қазақ зиялыларының бір шоғырының қалыптасуында маңызы зор болды

- Семинария жанынан ашылған үлгілі училищелер шәкірттердің бақылау, үлгілі сабақтарын өткізу тәжірибесі, оларды әдіснамалық жағынан дайындаудағы ең тиімді жолдардың бірі болған еді.

- Семинарияда еңбек тәрбиесіне аса мән берілді, шәкірттер өзіне қажетті заттарды жасады, бау-бақшамен жұмыс жасауға үйренді, ауа райын бақылады, күнделікті өмірдегі қиындықтарды жеңуге бейімделді.

- Семинария түлектері алғашқы ашылған кезде халықтық училище, түземдік мектептерде сабақ берсе, кейін жәдидтік мектептерге де сабақ берді.

Семинарияда шәкірттердің күнделікті өмірі Ереженің қатаң тәртібіне негізделді, белгіленген уақытта дұға қылу, шіркеуге бару, мұғалімге мүлтіксіз бағыну, тәртіпті бұзбау. Ереже қағидаттары бұзылса жазалау шаралары қолданылды, яғни карцерге қамалып, шәкіртақыдан қағылды, оқудан шығарылды

Семинарияда діни, эстетикалық, еңбек, адамгершілік патриоттық тәрбиесі өте жоғары деңгейде жүргізілді.

Зерттеу нәтижесі бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар

- ЖОО –ның оқулықтарында, оқу құралдарында, мектеп оқулықтарына мұғалімдер семинариясының тарихы енгізілуі қажет;

- Зерттеу жұмысы Түркстан оқу округіне бағынышты аймақтардағы кәсіби мұғалімдер дайындау тарихы қарастырылғанымен, Батыс Сібір, Орынбор оқу округіне қараған аймақтардағы кәсіби мұғалімдер дайындау мәселесі қазіргі кезге дейін зерттелінбеген мәселелер қатарында;

Педагогикалық ЖОО-да педагогикалық колледждерде мұғалімдер семинариясының тарихы элективті пән ретінде оқытылу қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Педагог мәртебесі туралы ҚР Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы, №293-V // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293> 18.06.2020.
- 2 Раков Дм. Об учительских семинариях // Народный учитель. - 1909. - №7-8. - С. 5-9.
- 3 Руднев Я.И. Об организации учебного дела в учительских семинариях. – Спб.: Сенатская типография, 1913. - 85 с.
- 4 Олейник Е.А. Еще об учительских семинариях // Народный учитель. - 1909. - №13,14. - С. 9-11.
- 5 Народное образование в России с 60-х годов XIX века / сост. Чехов Н.В. с рисунками и таблицами. – М.: Книгоиздательство «Польза» В Антик и в Москва, 1913. - 224 с.
- 6 Корф Н.А. Наши учительские семинарии. Исторический очерк // Вестник Европы. - 1883. - Т. 2. - С. 765-802.
- 7 Остроумов Н.П. Отчет Туркестанской учительской семинарии за XXV лет ея существования (30 августа 1879 года 30 август 1904 года). - Ташкент: Типолитография В.М Ильина, 1904. – 206 с.
- 8 Миропиев М. Отчет о состоянии Туркестанской учительской семинарии с 1-го августа 1879 года по 1-е августа 1881 года, прочитанный в годичном акте семинарии 30 августа 1881 года. – Ташкент, 1881. – 51 с.
- 9 Воскресенский Н. Отчет о состоянии Туркестанской учительской семинарии с 1-го августа 1882 года по 1-е августа 1883 года. – Ташкент, 1883. - 37 с.
- 10 Отчет о состоянии Туркестанской учительской семинарии с 1 августа 1881 года по 1 августа 1882 года, прочитанный на годичном акте семинарии 10 августа 1882 года и описание годичного акта / сост. Педагогического Совета Туркестанской учительской семинарии Воскресенским. – Ташкент, 1882. - 42 с.
- 11 Константин Петрович фон Кауфман, устроитель Туркестанского края. Личные воспоминания Н.Остроумова. 1877-1881 г.г. - Ташкент: Типо-Литография т.д. Ф. И. Г.Б. Каменские, 1899. - 286 с.
- 12 Исторический очерк русской школы / сост. В.В. Григорьев. – М.: Товарищество типографии А.И.Мамонтова, 1900. - 587 с.
- 13 Граменицкий С. Очерк развития народного образования в Туркестанском крае. – Ташкент: Типо-Литография торг. дома. Ф. и. Кр. Каменские, 1896. - 89 с.
- 14 Участие Н.И. Ильминского в деле инородческого образование в Туркестанском крае П.В. Знаменского. – Казань: Типо-литография Императорского университета, 1900. - 84 с.
- 15 Жданов Н.А. Просветитель инородцев Казанского края Николай Иванович Ильминский / сост. Н.А. Спасский. – Самара: Типография Самарской Духовной Консисории, 1900. - 376 с.

- 16 Васильев А.В. Исторический обзор русского образование в Тургайской области и современное его состояние. – Оренбург: Типо-лит. Жарикова, 1896. - 224 с.
- 17 Добросмыслов А.И. Ташкент в прошлом и настоящем: Исторический очерк. - Ташкент: Типолитограф О.А.Перцова, 1912. - 320 с.
- 18 Учебное дело: отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по высочайшему повелению Сенатором Гофмейстром графом К.К. Паленым. – СПб., 1910. - 177 с.
- 19 Рождественский С.В. Исторический обзор деятельности Министерства Народного просвещения 1802-1902. – СПб.: Издание Министерства Народного просвещения, 1902. - 776 с.
- 20 Василевский Е. Наши просветительные задачи // Туркестанский сборник. - 1908. - Т. 481. - С. 188-191.
- 21 Букин И. Русско-киргизский и киргизско-русский словарь // Туркестанский сборник. – 1883. - Т. 360. - 363 с.
- 22 В-НИЙ Е. К вопросу об учреждении в Туркестанском крае новых, мужской и женской учительской семинарий // Туркестанский сборник. – Ташкент, 1909. - Т. 511. - С. 65-69.
- 23 Еще о городских училищах // Туркестанский сборник. – Ташкент, 2000. - Т. 491. - С. 84-85.
- 24 Граменицкий С., Опанин В. Учебная экскурсия в Самарканд // Туркестанский сборник. – Ташкент, 1908. - Т. 456. – С. 91-109.
- 25 Журнал Министерства народного просвещения. – СПб.: Типография В.С.Балашева, 1875. - Ч. 180. - С. 135-210.
- 26 Журнал Министерства народного просвещения. – СПб.: Типография В.С.Балашева, 1878. - Ч. 119. - 122 с.
- 27 Грузинцев Я. Заметка о методе и приеме преподавания русского языка в учительских семинариях // Журнал Министерства народного просвещения. - СПб.: Типография В.С.Балашева, 1882. - Ч. 261. - С. 1-18.
- 28 Смирнов С. По вопросу о школьном образовании инородцев-мусульман // Журнал Министерства народного просвещения. – СПб.: Типография В.С. Балашева, 1882. - Ч. 122. - С. 1-24.
- 29 Руководство к изучению сартовского языка по методу Туссена и Лангеншейда / сост. Н.А. Беляев. - Издание первый // Туркестанские ведомости. – Ташкент, 1906-1907. - №8. – С. 47.
- 30 Туркестанские Ведомости. - 1904. - №108. – С. 262.
- 31 Правда Семиреченской области. - 1920. - №116. - С. 203.
- 32 Ыҗлан: Орынбордағы қазақ-орыс мектебінің мұғалімдер семинариясына айналуы // Қазақ. – 1918, январь - 12. - №259.
- 33 Семенов Д.Д. Избранные педагогические сочинения. Приложение к журналу Советская педагогика за 1953 год. – М.: Издательство Академии педагогических наук РКФСР, 1953. - Книга 2. - 399 с.
- 34 Паначин Ф.Г. Педагогическое образование в России. Историко-педагогические очерки. – М.: Издательство «Педагогика», 1979. - 215 с.

35 Бержанов К. Русско-казахское содружество в развитии просвещения. Историко-педагогическое исследование. - Алма-Ата: Издательство «Казахстан», 1965. - 342 с.

36 Герасимова А.П. Из истории педагогического образование в Казахстане (1872-1917 гг): автореф. ... канд. пед. наук. - М.: Академии педагогических наук РСФСР, 1950. - 16 с.

37 Бендриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1924 годы). – М.: Издательство Академии педагогических наук РСФСР, 1960. - 509 с.

38 Храпченков Г.М., Храпченков В.Г. История педагогической мысли Казахстана (учебное пособие) – Алматы: Ун-т «Кайнар», 1998. - 168 с.

39 Ыбыраимжанов Қ.Т. Қазақстандағы бастауыш мектептердің қалыптасуы мен дамуы (1861-1930 ж.ж. материалдар негізінде): пед. ғыл. док. ... дис. – Түркістан, 2007. - 360 б.

40 Жолсейтова М.Ә. Қазақстандағы халық-ағарту ісінің қалыптасуы мен дамуы (ХІХ ғасырдың ІІ жарт.-ХХ ғас. басы. Жетісу мәліметтері бойынша): тар. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1999. – 30 б.

41 Халитова И.Р. Проблемы народного образования в Казахстане в 1867-1914 г.г. (Становление, этапы, уровень развития на материалах Северо-Восточного Казахстана): дис. ... канд. ист. наук. - Алма-Ата, 1992. - 186 с.

42 Абдрахманова Р.Л. История становления и развития народного образования Западного Казахстана (1841-1947 гг.): дис. ... канд. ист. наук. – Уральск, 2010. – 150 с.

43 Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. - Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. - Т. 1. – 480 б.; Қойгелдиев М.Қ. Қазақ елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (ХІХ ғ.-ХХІ ғ.басы). – Алматы: Дәстүр, 2014. – 432 б.

44 Менің ғылымдағы өмірім. Қазақстанның ғылыми мектептері. Геология. – Алматы: Балауса; Абай атын. ҚазҰПУ; «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығы, 2019. – 504 б.

45 Қойгельдиев М.Қ. лекциясы. Ағартушылық Абайдан емес, Алаштан басталады // [https:// malim.kz/ 17894](https://malim.kz/17894) 19.01.2020.

46 Исхакова Р.Р. Педагогическое образование в Казанской губернии во второй половине ХІХ – начеле ХХ вв.: дис. ... канд. пед. наук. - Казань, 2002. – 440 с.; Казанская учительская семинария и ее роль в подготовке учителей для национальных школ. Ин-т сред. проф. образования Рос.акад.образования. - Казань: Новое знание, 2001. – 55 с.; Исхакова Р.Р. Городские училища и учительские институты: от проекта до реализации // Казанский педагогический журнал. - 2021. - №1(148). - С. 193-199; Исхакова Р.Р., Садыкова А.К., Сайфулмаликова С.С. Конфессиональные аспекты педагогического образования в Казанской губернии во второй половине ХІХ- начале ХХ вв. // Сборник научных трудов 3 международного форума по педагогическому образованию. – Казань: Министерство Образования и науки РФ; Российская академия образования; ФГАОУ ВО «Казанский (Приволжский) Федеральный

Университет»; Институт психологии и образования; Педагогическое образование в изменяющемся мире, 2017. – 111 с.

47 Сайфулмаликова С.С. Город Оренбург в судьбах казахской молодежи (XIX век). Оренбургский край как историко-культурный феномен // В 2 т. – Оренбург: РИНЦ, 2020. - Т. 1. – С. 58-62.

48 Ибраимова Ж.Қ. Шығыс Қазақстан аймағындағы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы (1917-1930 жж.): пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2003. - 166 б.

49 Файзрахимов Л.М., Остроумов Н.П. Миссионер и исламовед // Известия Алтайского Государственного университета. - 2008. - №4. – С. 146-150.

50 Султангалиева Г.С. Абдрахим М.Е. Казахские переводчики Семиреченской области // Вопросы истории. - 2020. - №3. – С. 67-79.

51 Садвокасова З.Т. Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (II половина XIX - начало XX веков): дис. ... док. ист. наук. – Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2006. - 303 с.

52 Полухин В.И. Инородческие учебные заведения по подготовке учителей в Оренбургской губернии во второй половине XIX – начале XX вв. // Сибирский педагогический журнал. - 2009. - №3. - С. 229-236.

53 Сумароков О.Л. Туркестанская учительская семинария. Европейский фонд инновационного развития // Ceteris Paribus. – М.: Научное периодическое издание, 2015. - №2. - С. 19-21.

54 Перова О.В. Развитие учительских семинарий на территории Западной и Восточной Сибири во второй половине XIX-начале XX в. // Вестник Томского государственного университета. История. - 2014. - №2(28). - С. 5-11.

55 Рыгалова М.В. Подготовка учительских кадров на территории степного края т Туркестанского генералгубернаторства в конце XIX-начале XXвв. // Журнал: Культура и время перемен. – 2020. - №2(29). - С. 24.

56 Кузьменко И.А. Профессионально-педагогическая направленность обучения будущих учителей в дореволюционной учительской семинарии: автореф. ... канд. ист.наук. – М., 2001. – С. 22.

57 Худоминский П.В. Государственно-общественное система управления народным образованием. – М., 1991. - 167 с.

58 Гончаров М.А. Педагогическое образование в России: Становление и развитие. - Ставрополь: Изд-во СГПИ, 2008. - 279 с.

59 Гончаров М.А. Государственно-общественное управление педагогическими образованием в России в XVIII-начале XX века. – М.: Пробел 200, 2013. - 399 с.

60 Исакова М.С. Воспоминания Н.П.Остроумова о А.Л.Куне // Восток-Oriens. - 2016. - №4. – С. 172-191.

61 Жангуттин Б.О. Мағжан Жумабаев «Мой қазақ, нәнастыя час настал» Страницы биографии. – Алматы: Дәстүр, 2016. - 219 с.

- 62 Қасымова С.С. Нығмет Нұрмақов: ұлт мұраты. – Қарағанды: ҚарТу баспасы, 2020. - 105 б.
- 63 Рүстемов С.К. Қоңырқожа Қожықов және мұсылман халықтарының азаттық қозғалысы // Ұлттық кітапхана. - 2010. - №2. – Б. 37-39.
- 64 Қожанов Сұлтанбек. Құжаттар мен материалдар / құраст. Х.М. Тұрсұн, А.М. Әбікей. – Алматы: Жалын, 2013. - Т. 1. – 384 б.
- 65 Ауанасова А.М. Национальная интеллигенция Туркестана в первой четверти XX века. – Алматы: Қазақ университеті; Каз. гос. нац. ун-т им. аль-Фараби, 2001. - 262 с.
- 66 Айтенов Ж.Қ., Қайырханова Ф.К. Семейде мұғалімдер семинариясы және оның түлектері // Ғылым әлемі: халықаралық ғыл. конф. материалдарының жинағы. - Алматы, 2013. – Б. 9-15.
- 67 Нуртазина Н.Д. Жизнь и деятельность Сералы Лапина в контексте мусульманского джадидизма // Қазақстанның тарих ғылымы: өзекті мәселелері, табыстары және болашағы: Халықаралық дәстүрлі "Бекмаханов оқулары" конф. материалдары. – Алматы, 2009. – Б. 39-42.
- 68 Әзіретбергенова Э. Серәлі Лапин кім еді? (1868-1919): XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының қатарында өзіндік қоғамдық-саяси қызметімен дараланған қайраткер туралы деректер // Қазақ тарихы. – 2004. - №1. – Б. 80-82.
- 69 Muminkhodjaeva Zuhra. Turkestan teachers seminary – a stepping stone to the Pedagogy of Vocational education in central Asiasjiv // EPRA International Journal of Research and Development (IJRD). – 2020. - Vol. 5, issue 6. – P. 156.
- 70 Klichev Oybek. Scholarships of Emirs of Bukhara // Oriente Moderno. – 2020. - Vol. 100. - P. 57-74.
- 71 Сборник постановлений по Министерству народного просвещения. Царствование императора Александра II 1877-1881. – Спб.: Типография Министерство внутренних дел, 1883. – Т. 7. – 2294 с.; Сборник постановлений по Министерству народного просвещения. Царствование императора Александра III 1881-1883.– Спб.: Типография Высочайше утвержд. Товарищ. «Общественная польза», 1892. - Т. 8. – 1758 с.; Сборник постановлений по Министерству народного просвещения. Царствование императора Александра III 1884. – Спб.: Типография Высочайше утвержд. Товарищ. «Общественная польза», 1893. - Т. 9. - 1352 с.; Сборник постановлений по Министерству народного просвещения. Царствование императора Александра III 1885-1888. – Спб.: Типография Высочайше утвержд. Товарищ. «Общественная польза», 1894. - Т. 10. - 1490 с.; Сборник постановлений по Министерству народного просвещения. Царствование императора Александра III 1889-1890. – Спб.: Типография Высочайше утвержд. Товарищ. «Общественная польза», 1895. - Т. 11. - 1908 с.; Сборник постановлений по Министерству народного просвещения. Царствование императора Александра III 1891-1893. – Спб.: Типография Высочайше утвержд. Товарищ. «Общественная польза», 1896. - Т. 12. - 1960 с.; Сборник постановлений по Министерству народного просвещения Царствование государей императоров Александра III и Николая II 1894-1895. – Спб.: Типография Товарищества «Общественная польза», 1898. - Т. 13. - 2258

с.; Сборник постановлений по Министерству народного просвещения. Царствование государя императора Николая II 1896 год. – Спб.: Типография Товарищества «Общественная польза», 1900. - Т. 14. - 1514 с.; Сборник постановлений по Министерству народного просвещения. Царствование государя императора Николая II 1897-1898 годы. – Спб.: Типография Товарищества «Общественная польза», 1902. - Т. 15. - 2110 с.; Сборник постановлений по Министерству народного просвещения. Царствование государя императора Николая II 1899-й год. – Спб., 1903. - Т. 16. - 1622 с.; Сборник постановлений по Министерству народного просвещения. Царствование государя императора Николая II 1900-й год. – Спб.: Сенаторская типография, 1904. - Т. 17. - 2284 с.

72 Алфавитный указатель к сборнику постановлений Министерства Народного Просвещения. - Спб.: Типография Министерства Внутренних Дел-1888, 1802-1881. - 296 с: Алфавитный указатель к сборнику постановлений Министерства Народного Просвещения 1881-1900. – Спб.: Типография-Север, 1906. - 181 с.

73 Свод главнейших законоположений и распоряжений о начальных народных училищах и учительских семинариях. Законоположение и распоряжение об учительских семинариях и школах. Одобрено Министерством Народного просвещения для употребления народных училищах и учительских семинариях / сост. П. Анинь. – Спб.: Типография Глазунова, 1880. – Ч. 4. - 375 с.

74 Учительские семинарии и школы: систематический свод законов, распоряжений, правил, инструкций, программ и справочных сведений для учащихся в учительских семинариях, школах всех ведомств, а также для готовящихся к поступлению в них / сост. Г. Фольбромом и В. Чернолуцким. – Спб.: Типо-Литография Б.М.Вольфа, 1901. - 237 с.

75 Настольная книга по народному образованию. Дополнительный / сост. В.Чернолуцкий. – Спб.: Типография В.М.Вольфа, 1911-1539. - Т. 4. - 2623 с.

76 Пругавин А.С. Законы и справочные сведения по начальному народному образованию. – Спб.: Издательство О.Н.Попово, 1898. - 785 с.

77 Правительственные распоряжение об устройстве временных педагогических курсов для учителей и учительниц начальных училищ ведомства Министерство Народного Просвещения. - Казань: Типо-Литография В.М. Ключникова в Казани, 1898. – 16 с.

78 Ученики Оренбургской киргизской учительской школы в Москве // Московские Ведомости. – 1892. - №359; 362; 3576.

79 Журнал Министерства народного просвещения. - Спб.: Типография В.С.Балашева, 1875. - Ч. 181. - С. 65-104.

80 Журнал Министерства народного просвещения. - Спб.: Типография В.С.Балашева, 1875. - Ч. 181. - С. 166-172.

81 Журнал Министерства народного просвещения. – Спб.: Типография В.С.Балашева, 1879. - Ч. 304. - С. 81-82.

82 Журнал Министерства народного просвещения. – Спб.: Типография В.С.Балашева, 1880. - Ч. 210. - С. 5-9.

83 Об учреждении в г. Ташкенте шестиклассного реального училища и о преобразование Туркестанской учительской семинарии // Журнал Министерства Народного Просвещения. – Спб.: Типография В.С.Балашева, 1894. - Ч. 262. - 881 с.

84 Обзор Сыр-Дарьинской области за 1890-1916 год: прил. к отчету воен. губернатора. за 1889 год. – Ташкент, 1890. - 380 с.; Обзор Сыр-Дарьинской области за 1890-1916 год: прил. к отчету воен. губернатора за 1894 год. – Ташкент, 1897. – 141 с.

85 Отчет о заседаниях первого Съезда народных учителей и учительниц Сыр-Дарьинской области. - Ташкент: Эл-паров.типо-лит. О.А.Порцева, 1911. - 171 с.

86 Материалы по истории образования и просвещение народов Волго-Уралья в рукописных фондах Н.И.Ильминского // Сборник документов и материалов.- Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ; Изд-во «Яз», 2015. - 620 с.

87 Сатпаев К.И. // Сборник документов и материалов / сост. Б.Т.Жанаев (отв). - Астана: 1С-Сервис, 2009. - 560 с.

88 Қаныш аға Академик Қ.И.Сәтбаев туралы естеліктер. - Алматы: Жазушы, 1989. - 400 б.

89 Позднеев Г.А. Из истории Глазовской учительской семинарии. - Глазов: Глазов. Гос. пед. ин-т, 2016. - 42 с.

90 Памятная книжка по управлению учебными заведениями Туркестанского края 1880-1881 уч. год. - Ташкент: Типография Арендруемая Ф.В.Базилевским, 1882. – Книга 3. - 336 с.

91 Граменицкий С. Краткая историческая записка об устройстве инородческого образования в Туркестанском крае // Туркестанский сборник. Статьи и заметки из русских и иностранных газет. – Ташкент, 1908. - Т. 481. – С. 162–182.

92 Участие Н.И. Ильминского в деле инородческого образование в Туркестанском крае. П.В.Знаменского. – Казань: Типо-литография Императорского университета, 1900. - 84 с.

93 Сайфулмаликова С.С., Садыкова А.К. Түркістан, Дала генерал-губернаторлығында құрылған мұғалімдер семинарияларының тарихынан (1879-1917 жылдар) // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Хабаршы: Тарих сериясы. – 2018. - №2(89). – Б. 264-274.

94 Приказы по учебному ведомству №46 (II) // Туркестанские Ведомости. - 1881. - №22. – С. 85.

95 Приказы по учебному ведомству №105 // Туркестанские Ведомости. - 1881. - №41. – С. 162.

96 К истории учительской семинарии // Туркестанские ведомости. - 1906. - №138. – С. 644.

- 97 Мемлекеттік Бюджеттік Басқарма Татарстан Республикасының Мемлекеттік архиві (МББ ТР МА.) Қ. 968. Т. 1. Іс. 44.
- 98 По краю // Туркестанские ведомости. - 1906. - №7. – С. 41.
- 99 Сборник постановлений по Министерству народного просвещения. Царствование императора Александра III 1885-1888. – Спб.: Типография Высочайше утвержд. Товарищ. «Общественная польза», 1894. - Т.10. - 1490 с.
- 100 Сумарокова О.Л. Туркестанская учительская семинария // Научные периодические издания. - 2015. - №2. - С. 1-22.
- 101 Приказы по учебному ведомству №101 // Туркестанские ведомости. - 1882. - №37. – С. 131.
- 102 Сборник постановлений по Министерству народного просвещения Царствование государей императоров Александра III и Николая II 1894-1895. - Спб.: Типография Товарищества «Общественная польза», 1898. - Т. 13. - 2258 с.
- 103 Приказы по учебному ведомству №13 // Туркестанские ведомости. - 1888. - №18. – С. 69.
- 104 Сборник постановлений по Министерству народного просвещения. Царствование императора Александра II, 1877-1881. – Спб.: Типография Высочайше утвержд. Товарищ. «Общественная польза», 1883. - Т. 7. - 2294 с.
- 105 Местные известия // Туркестанские Ведомости. - 1884. - №25. – С. 98.
- 106 Обзор Сыр-дарьинской области за 1895 год. Приложение к Всеподданейшему отчету военного губернатора. - Ташкент: Типо-литография Бр.О и г.Порцевых, 1897. - С. 154.
- 107 Официальное извещение // Журнал Министерства Народного Просвещения. – Спб.: Типография В.С.Балашова, 1880. - Ч. 210. - С. 350.
- 108 Местные известия // Туркестанские Ведомости. - 1908. - №57. – С. 262.
- 109 Местные известия // Туркестанские Ведомости. - 1901.- №30. – С. 150.
- 110 Известия и заметки // Туркестанские ведомости. - 1880. - №11. –С. 43.
- 111 Учебное дело в Туркестанском крае // Туркестанские ведомости. - 1906. - №65, ч. 1. – С. 404.
- 112 Кауфманский сборник // Изданный в память 25 лет, истекших со дня смерти покорителя и устроителя Туркестанского края генерал-адъютана К.П.фон Кауфмана I-го. – М.: Типо-литография Т-ва И.Н.Кушнерев и К, 1910. - 247 с.
- 113 МББ ТР МА. Қ. 968. Т. 1. Іс. 47.
- 114 Лукашова Н.В. П.Наливкин: еще одна замечательная жизнь // Вестник Евразии. - 1999. - №1-2. - С. 5-22.
- 115 Пярт И.П. Учебная литература в православных школах Лияфляндии во второй половине XIX-начале XX вв, как способ включение инородцев в имперском пространстве // Проблемы современного образования. Интернет журнал. - Тартуский университет, 2014. - №4. - С. 98-124.
- 116 Руководство к изучению сартовского языка по методу Туссена и Лангеншейда / сост. Н.А. Беляев. - Издание первый // Туркестанские ведомости. – Ташкент, 1906-1907. - №8. – С. 47.

- 117 Букин И.М. Физическое и умственное воспитание у киргиз // Туркестанский сборник. – Спб., 1883. - Т. 341. - С. 98-122.
- 118 Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов // Сочинение воспитанника IV класса Туркестанской учительской семинарии Худабая Кустанаева / под ред. Н.А. Воскресенского. – Ташкент: Типо-Литография Вр. Порцевых, 1894. - 52 с.
- 119 Учебное дело в Туркестанском крае (продолжение) // Туркестанские ведомости. - 1906. - №70. – С. 436.
- 120 Подготовка педагогических кадров для Степного и Туркестанского края в учебных округах Российской империи // *Bylye Gody*. - 2019. - Vol. 52, issue 2. - P. 714-725.
- 121 Туркестанская учащаяся молодежь в Петербурге // *Нива*. - 1899. - №31. - С. 594.
- 122 Местные известия // Туркестанские Ведомости. - 1904. - №50. – С. 232.
- 123 Местные известия // Туркестанские Ведомости. - 1904. - №72. – С. 330.
- 124 Сборник постановлений по Министерству народного просвещения. Царствование государя императора Николая II 1900-й год.– Спб.: Сенаторская типография, 1904. - Т. 17. - 2284 с.
- 125 Сборник постановлений по Министерству народного просвещения. Царствование императора Александра III 1891-1893. – Спб.: Типография Высочайше утвержд. Товарищ. «Общественная польза», 1896. - Т. 12. - 1960 с.
- 126 Памятная книжка управление учебными заведениями Туркестанского края на 1879-1880 годы. - Ташкент: Тип-Лит. Лахтина и Пастухова, 1880. – С. 109.
- 127 МББ ТР МА. Қ. 968. Т. 1. Іс. 132.
- 128 МББ ТР МА. Қ. 968. Т. 1. Іс. 78.
- 129 МББ ТР МА. Қ. 968. Т. 1. Іс. 80.
- 130 Котюкова Т. Антипод «человека в футляре». Воспоминания о В.П.Наливкине // Восточный архив. – М., 2010. - №1(24). - С. 76-89.
- 131 Приказы по учебному ведомству // Туркестанские ведомости. - 1888. - №1. – С. 1.
- 132 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚР ОМА.) Қ. 95. Т. 1. Іс. 6.
- 133 ҚР ОМА. Қ. 134. Т. 1. Іс. 63.
- 134 ҚР ОМА. Қ. 127. Т. 1. Іс. 32.
- 135 ҚР ОМА. Қ. 127. Т. 1. Іс. 31.
- 136 Смирнов Е. Сыр-Дарьинская область. Описание, составленное по официальным источникам. – Спб.: Типография М.М. Стасюлевича; Васильевский остров, 1887. - 351 с.
- 137 Обзор Сыр-дарьинской области за 1893 год. Приложение к Всеподданейшему отчету военного губернатора. - Ташкент: Типо-литография Бр.О и г.Порцевых, 1897. - 140 с.

- 138 Местные известия // Туркестанские Ведомости. - 1906. - №123. – С. 569.
- 139 Талап Ә. Ағайынды ағартушылар // Сыр бойы. - 2015. - №83. - Б. 4.
- 140 Вопрос о переводчиках Туркестанском крае // Туркестанские Ведомости. – 1880. - №45. – Б. 24.
- 141 ҚР ОМА. Қ. 127. Т. 1. Іс. 24.
- 142 Положение о стипендиях Императора Александра II–го при Туркестанской учительской семинарии // Туркестанские Ведомости. - 1885. - №47. - С. 13.
- 143 Местные известия // Туркестанские Ведомости. - 1904. - №57. – С. 262.
- 144 ҚР ОМА. Қ. 90. Т. 1. Іс. 671.
- 145 ҚР ОМА. Қ. 127. Т. 1. Іс. 19.
- 146 Обзор Сыр-дарьинской области за 1892 год. – Ташкент: Тип. при канцелярии Туркестанскоого генерал-губернатора, 1894. – 194 с.
- 147 Обзор Семиреченской области за 1911 год. - Верный: Типография Семиреченского областного правления, 1913. - 103 с.
- 148 Обзор Семиреченской области за 1884 год. - Верный: Типография Семиреченского областного правления, 1885. – С. 66.
- 149 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 12.
- 150 ҚР ОММ. Қ. 44. Т. 1. Іс. 137.
- 151 Местн.известия к открытию Верненской учительской семинарии // Семиреченские областные Ведомости. - 1911. - №229. – С. 2.
- 152 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 6.
- 153 Семиреченские областные Ведомости. - 1913. - №214. – С. 2.
- 154 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 78.
- 155 ҚР ОМА. Қ. 127. Т. 1. Іс. 41.
- 156 Садыкова А.К. Верный мұғалімдер семинариясының тарихынан (1913-1917 ж) // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы:Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2016. - №3(50). – Б. 323-328.
- 157 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 18.
- 158 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 54.
- 159 Туркестанский учитель // Журнал. – Ташкент, 1917. - №5-6.
- 160 ҚР ОММ Қ. 127. Т. 1. Іс. 92.
- 161 ҚР ОММ Қ. 127. Т. 1. Іс. 85.
- 162 Житенев Т.Е. Вопрос о преподавании Закона Божьего в контексте церковно-государственных отношений в 1917- 1918 году // Вестник Волжского Университета им. В.Н. Татищева. - 2015. - №4. - С. 207-215.
- 163 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 17.
- 164 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 35.
- 165 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 29.
- 166 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 36.
- 167 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 66.
- 168 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 95.

- 169 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 78.
- 170 Садыкова А.К. Түркістан мұғалімдер семинариясы: ашылуы, қалыптасуы, қызметі (1879-1904 ж.) // Хабаршы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, тарих сериясы. – 2017. - №1(84). – Б. 110-118.
- 171 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 42.
- 172 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 59.
- 173 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 70.
- 174 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 72.
- 175 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 82.
- 176 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 42е.
- 177 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 30.
- 178 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 60.
- 179 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 33.
- 180 ҚР ОММ. Қ. 90. Т. 1. Іс. 767.
- 181 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 1.
- 182 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 13.
- 183 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 86.
- 184 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 83.
- 185 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 89.
- 186 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 14.
- 187 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 74.
- 188 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 100.
- 189 ҚР ОММ. Қ. 127. Т. 1. Іс. 43.
- 190 ҚР ОММ. Қ. 90. Т. 1. Іс. 150.
- 191 ҚР ОММ. Қ. 134. Т. 1. Іс. 48.
- 192 ҚР ОММ. Қ. 90. Т. 1. Іс. 217.
- 193 ҚР ОММ. Қ. 90. Т. 1. Іс. 598.
- 194 ҚР ОММ. Қ. 90. Т. 1. Іс. 682.
- 195 ҚР ОММ. Қ. 90. Т. 1. Іс. 813.
- 196 ҚР ОММ. Қ. 90. Т. 1. Іс. 810.
- 197 Новые правила об учительских курсах // Семиреченские областные Ведомости. - 1913. - №207. – С. 6.
- 198 ҚР ОММ. Қ. 90. Т. 1. Іс. 175.
- 199 О первом учительском съезде в Туркестане // Туркестанские Ведомости. – 1884. - №49. – С. 194.
- 200 Местные известия // Туркестанские ведомости – 1904. - №124. – С. 575.
- 201 Местные известия // Туркестанские ведомости. – 1904. - №164. – С. 783.
- 202 Местные известия // Туркестанские ведомости. – 1911. - №18. - С. 514.
- 203 Отчет о состоянии вечерних педагогических курсов для учителей 1-й ступени семилетней школы, временные учрежденных при 1-м Верненском Колпаковском семилетнем училище, по постановлению 1-го Семиреченского областного съезда народных депутатов // Голос Семиречье. - 1919. - №5. – С. 2.

- 204 Культура и просвещение // Правда Семиреченской области. - 1920. - №9. – С. 16.
- 205 Местная жизнь. На учительских повторительных курсах // Правда Семиреченской области. - 1920. - №122. – С. 212.
- 206 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) // Бес томдық. – Алматы: Атамұра, 2002. - Т. 3. - 768 б.
- 207 Қасымбаев Ж.Қ. Қазақстан тарихы (XVIII ғ.-1914 ж): жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. - Алматы: Мектеп, 2012. - 240 б.
- 208 Қабылдинов З.Қ., Қалиев Ж.Н., Бейсембаева А.Т. Қазақстан тарихы (XVIII-XIX) жалпы білім беретін мектептің 8(7) сыныбына арналған оқулығы. – Алматы: Атамұра, 2018. - 208 б.
- 209 Ушинский К.Д. Собрание сочинений. Педагогические статьи 1857-1861 гг. – М.; Ленинград: Издательство Академии Педагогических наук РСФСР, 1948. - 659 с.
- 210 Евстфиев П. Настольная книга для родителей и воспитателей: учебник для институтов, гимназии и учительских семинарии. Дидактика и методика. - Спб.: Типография и хромофотография, 1880. – Вып. 2. - 543 с.
- 211 Хохлова О.Н. Работа с историческим источником, как этап подготовки учащихся к исследовательской деятельности // Исследовательская деятельность старшеклассников в процессе изучения гуманитарных дисциплин. – Тверь, 2002. - С. 51-61.

ҚОСЫМША А

1913-1918 оқу жылындағы Верный мұғалімдер семинариясының оқытушылары [127-қор, 1-т. 93-іс. 1-б.]

№	Фамилия, аты-жөні
1	Владимир Дмитриевич Городецкий
2	Иларион Михайлович Яшков
3	Александр Александрович Колочев
4	Тамсие Погребенский
5	Лидия Оскаровна Любимовый
6	Василий Андреевич Ерещенко
7	Николай Гаврилович Хлудов
8	Священник Тихонравов
9	Н.А.Тишкевич
10	Бажены Францевны Башмакова
11	Иван Ловович Брызгалов
12	В.Я.Кузнецов
13	Багаевского
14	А.В.Бутин
15	В.А.Светлов
16	Л.Орлова
Семинария дәрігері	
1	В. Волькенштейн

ҚОСЫМША Б

Түркістан мұғалімдер семинариясының түлектері [7]

Фамилия, аты-жөні	
1883 жылғы түлектер	1884 жылғы түлектер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Бути иш-Мухаммед 2. Васильев Платон 3. Ластев Матвей 4. Ломантьев Даниел 5. Гобышев Петр 6. Кларов Степан 7. Зативошовов Михаил 8. Пранулин Матвей 9. Степанов Николай 10. Шведев Василий 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Аверьянов Павел 2. Бьдарев Эфим 3. Белоносов Михаил 4. Бутин Григорий 5. Волковский Станислав 6. Зуев Панфил 7. Колчин Захарь 8. Касымов Юсуф 9. Кудрин Алексей 10. Пропудин Алексей 11. Ровнягин Василий 12. Скударнов Андрей 13. Стародубов Павел 14. Сычев Савелий 15. Уров Иннокентий
1885 жылғы түлектер	1886 жылғы түлектер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Богатырьев Ома 2. Букин Дос-Мухаммед 3. Егоров Гаврил 4. Касымов Измаил 5. Комаров Никита 6. Кусубаев Измаил 7. Марков Александр 8. Смельников Леонтий 9. Ушаров Николай 10. Чебыкин Иосиф 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Бутин Степан 2. Голубев Гаврил 3. Давыдов Константин 4. Ипполитов Семен 5. Касымов Иргали 6. Колесников Иван 7. Кулбаев Юнус 8. Назаров Гаврил 9. Назаров Петр 10. Полков Александр 11. Тузиков Александр 12. Шатов Филипп
1887 жылғы түлектер	1888 жылғы түлектер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Бочкарев Михаил 2. Бондарчук Степан 3. Васильев Василий 4. Ерценкин Николай 5. Зубарев Петр 6. Кончалов Павел 7. Кузнецов Андрей 8. Лукьянов Арсений 9. Оракулов Михаил 10. Русанов Александр 11. Самсонов Федор 12. Худай-Бергенов Раим 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Веретенников Федор 2. Глебов Матвей 3. Калмычков Александр 4. Пшеничников Михаил 5. Яушев Абдул Азиз
1889 жылғы түлектер	1891 жылғы түлектер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Гартвиг Эдуард 2. Дмитриев Федор 3. Вяткин Василий 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Андреев Александр 2. Астафьев Василий 3. Дмитриев Лев

<ul style="list-style-type: none"> 4. Забусов Евгений 5. Итбасов Абдрахман 6. Куликов Вачеслав 7. Лапин Сер-Али 8. Орлов Василий 9. Соловцов Даниил 10. Толоконников Георгий 11. Травин Михаил 12. Тысячников Михаил 13. Улишев Павел 14. Фаддейчев Андрей 15. Берхман Владимир 16. Пунин Василий 	<ul style="list-style-type: none"> 4. Дорошев Степан 5. Ибрагимов Хусаин 6. Кичкинбаев Уразбай 7. Семенов Яков 8. Хованский Николай 9. Шалутов Михаил 10. Шмуклер Василий 11. Шумаков Семен
1892 жылгы түлектер	1893 жылгы түлектер
<ul style="list-style-type: none"> 1. Вьичиков Иван 2. Дубровин Леонтий 3. Иванов Кирилл 4. Кузнецов Петр 5. Кучербаев Владимир 6. Малков Павел 7. Сали-Ходжинов Халмед 8. Сташков Дмитрий 9. Ульянов Михаил 10. Халметов Додаман 	<ul style="list-style-type: none"> 1. Авдеев Петр 2. Алексеев Александр 3. Андреев Михаил 4. Буров Николай 5. Дорофеев Михаил 6. Калинин Али-Аскар 7. Касымов Осман 8. Колесников Филипп 9. Кондратьев Андрей 10. Лисицкий Александр 11. Поляков Семен 12. Прохоров Филипп 13. Сидоров Михаил 14. Сикеотов Василий 15. Соколов Николай 16. Степанов Анисим 17. Тамаркин Илья 18. Шендриков Лев 19. Юламанов Джайзак
1894 жылгы түлектер	1895 жылгы түлектер
<ul style="list-style-type: none"> 1. Бичь Никон 2. Курьяков Степан 3. Кустанаев Худабай 4. Машковцев Федор 5. Сакулин Валентин 6. Соболев Григорий 7. Степанов Тимофей 8. Эггерть Александр 9. Яковлев Александр 10. Яшков Ларион 	<ul style="list-style-type: none"> 1. Бабкин Николай 2. Баловнев Николай 3. Бызов Алексей 4. Вязигин Лавр 5. Григорьев Лев 6. Ярошенко Павел 7. Калгонов Степан 8. Курнебаев Джан-Мухаммед 9. Леонтьев Николай 10. Максимов Алексей 11. Никулин Михаил 12. Шавров Василий 13. Шендриков Дмитрий 14. Широков Михаил 15. Яковлев Иван 16. Якубов Хаит-Мухаммед
1896 жылгы түлектер	1897 жылгы түлектер

<ol style="list-style-type: none"> 1. Балтабаев Мат-Карим 2. Вигант Георгий 3. Ефремов Павел 4. Кузнецов Петр 5. Меньшиков Григорий 6. Мурашкин Петр 7. Петин Степан 8. Подъячев Лев 9. Свалов Федор 10. Утегенов Садык 11. Хусаинов Масляхуддин 12. Чарушников Михаил 13. Шпенев Андрей 14. Щицков Николай 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ананьев Николай 2. Андреев Василий 3. Белов Христофор 4. Крестенко Александр 5. Сикеотов Иван 6. Федулов Александр
1898 жылгы түлектер	1899 жылгы түлектер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Адильбеков Карабай 2. Блак Василий 3. Быданов Павел 4. Волков Андрей 5. Кудрявцев Семен 6. Нурходжинов Адыль 7. Охотин Евгений 8. Плечковский Александр 9. Прокофьев Михаил 10. Сакумов Туякбай 11. Ульянов Константин 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ананьев Михаил 2. Боков Матвей 3. Буйлин Иван 4. Васильев Георгий 5. Комаров Федор 6. Малков Александр 7. Панин Алексей 8. Ротмиров Всеволод
1900 жылгы түлектер	1901 жылгы түлектер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Булдашев Андрей 2. Гладышев Илья 3. Давыдов Александр 4. Касымов Ибрагим 5. Коротков Петр 6. Кононов Федор 7. Перет Василий 8. Пудивкин Леоноид 9. Садыков Рахматулла 10. Сергеев Григорий 11. Третьяков Георгий 12. Ханин Владимир 13. Ямщиков Константин 14. Феодиев Иван 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Андреев Иван 2. Бархотов Андриан 3. Богдашин Семен 4. Гаврилов Иван 5. Джангалинов Омар 6. Зубарев Георгий 7. Касымов Аскар 8. Таранов Тит 9. Ушаков Дмитрий 10. Углицких Константин 11. Чигвийцев Андрей 12. Чолпанкулов Абджалилбек
1902 жылгы түлектер	1903 жылгы түлектер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Айзунов Сегизбай 2. Байшамыров Курбанбай 3. Болотников Василий 4. Васильев Александр 5. Евсеев Николай 6. Кошурников Сергей 7. Краев Михаил 8. Крылов Василий 9. Кузнецов Павел 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Андреев Василий 2. Крылов Иван 3. Липин Андрей 4. Лозовых Савва 5. Муштаев Петр 6. Назаров Дмитрий 7. Полозов Владимир 8. Симонов Алексей 9. Хусаинов Джалаль

10. Сташков Александр 11. Хусаинов Камаладдин 12. Чернецов Василий 13. Курьяков Василий 14. Проценко Александр	10. Цепков Иван 11. Чернов Николай 12. Юдахин Петр 13. Юдин Василий
1904 жылгы түлектер	
1. Алексеев Аркадий 2. Алексеев Павел 3. Бреусов Арсени 4. Белков Николай 5. Воронов Федор 6. Виткин Георгий 7. Моисеев Василий 8. Поршеков Иван 9. Постников Василий 10. Пяткин Александр 11. Спиридонов Николай 12. Филиппов Филип 13. Ходжиков Конгур 14. Чернов Александр 15. Щербаков Петр 16. Юзефович Александр	

ҚОСЫМША В

Тест сұрақтары

1. Курсистер педагогикалық практиканы өтті:
 - a) Курс жанынан ашылған үлгілі училищеде+
 - b) мектептерде
 - c) семинарияда
2. 1903 жылы Түркістан педагогикалық үйірмесі ашылды:
 - a) Ташкентте
 - b) Верныйда +
 - c) Орынборда
3. 1917 жылғы Қазан революциясынан кейін педагогикалық курстарда жұмыс жасаған мұғалімдер:
 - a) Діни семинарияны бітірген мұғалімдер
 - b) Жоғары білімі бар мұғалімдер
 - c) Кеңес билігін мойындаған мұғалімдер+
4. Қазақтарға алты айлық міндетті арнайы дайындық педагогикалық курстар ашу жоспарланды:
 - a) 1920 жылы 23 сәуірде+
 - b) 1920 жылы 1 мамырда
 - c) 1917 жылы 5 тамызда
5. 1920 жылы 23 сәуірдегі қазақтарға міндетті алты айлық дайындық педагогикалық курстардың міндеті:
 - a) Тәрбиешілерді дайындау және олардың білімін жетілдіру
 - b) Мұғалімдер дайындау және мұғалімдердің білімін жетілдіру+
 - c) Директорларды дайындау және олардың білімін жетілдіру
6. Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңінде ашылған мұғалімдер дайындау курсына сабақтар бөлінді:
 - a) студиялық және студиялық емес+
 - b) тәжірибелік және тәжірибиелік емес
 - c) сынақтық және сынақтық емес
7. Педагогикалық курста студиялық сабақтарға енді:
 - a) математика, физика, химия+
 - b) Дене шынықтыру, қол еңбегі
 - c) Ән сабағы, көркем жазу
8. Мұғалімдер семинариясына қатысты Ереже қабылданды:
 - a) 1872жылы 20 сәуір
 - b) 1873 жылы 15 тамыз
 - c) 1870 жылы 17 наурыз+
9. Түркістан мұғалімдер семинариясы ашылды
 - a) 1880 ж.
 - b) 1879 ж.+
 - c) 1872 ж.
- 10.Түркістан мұғалімдер семинариясы туралы алғаш есеп берді:
 - a) Н.Воскресенкий+

- b) В.Кун
 - c) А.П.Герасимова
11. Қазақстандық кеңестік тарихнамада семинария тарихы туралы жазды:
- a) Н.П.Остроумов
 - b) Н.Воскресенский
 - c) А.П.Герасимова+
12. Д.Ушинский мұғалімдер семинариясын ашу жобасын ұсынды:
- a) 1870 ж.
 - b) 1861 ж.+
 - c) 1872 ж.
13. «Уақытша педагогикалық курстар туралы Ережелері» бекітілді:
- a) 1875 ж.+
 - b) 1872 ж.
 - c) 1870 ж.
14. Педагогикалық курстардың мақсаты:
- a) Оқытудың жаңа тәсілдерімен таныстыру және білімдерін жаңарту+
 - b) Психологиялық тұрғыдан білімін жетілдіру
 - c) Саяси-әлеуметтік бағытта білім беру
15. 1875 жылы «Мұғалімдер семинариясына арналған нұсқаулық» бойынша семинарияға қабылданды:
- a) 13 жастан
 - b) 17жастан
 - c) 16 жастан+
16. Молодечненск мұғалімдер семинариясына қатысты Ереже бойынша семинарияға қабылданды:
- a) 17 жастан+
 - b) 16 жастан
 - c) 15 жастан
17. Мұғалімдермен қатар аудармашыларды дайындаған мұғалімдер семинариясы:
- a) Верный мұғалімдер семинариясы
 - b) Түркістан мұғалімдер семинариясы+
 - c) Семей мұғалімдер семинариясы
18. Мұғалімдер семинариясында ерекше мән берілген пән:
- a) Құдай заңы, шіркеулік әндер +
 - b) Математика
 - c) Орыс тілі
19. Түркістан мұғалімдер семинариясының түлектері
- a) М.Жұмабаев, С.Сейфуллин
 - b) С.Лапин, Қ.Қожықов+
 - c) Ж.Аймауытов, М.Әуезов
20. Омбы мұғалімдер семинариясында қазыналық шәкіртақыға қабылданды:
- a) Сібір өлкесінің жастары+
 - b) Менонит дініндегілер

- с) Жасы 20-дан асқандар
- 21.1920 жылы Омск мұғалімдер семинариясы мен Омбы мұғалімдер институты біріктірілді:
- а) Омбы мұғалімдер семинариясы
 - б) Омбы мұғалімдер институты
 - с) Халық ағарту институты+
- 22.Омск мұғалімдер семинариясының түлектері:
- а) М.Жұмабаев, С.Сейфуллин+
 - б) С.Лапин, Қ.Қожықов
 - с) М.Әуезов, Қ.Сәтбаев
- 23.1883 жылы Орскі қаласында ашылды:
- а) Қазақ мұғалімдер мектебі +
 - б) Орыс-қазақ мұғалімдер мектебі
 - с) Орск гимназиясы
- 24.Мұсылман шәкірттеріне мұсылман ілімі оқытылған семинария, мектеп:
- а) Омбы мұғалімдер семинариясы
 - б) Орынбор мұғалімдер мектебі+
 - с) Түркістан мұғалімдер семинариясы
- 25.Семей мұғалімдер семинариясы ашылды
- а) 1903 ж.+
 - б) 1905 ж.
 - с) 1907 ж.
- 26.Верный мұғалімдер семинариясының директоры:
- а) Н.Остроумов
 - б) М.А.Фольбаум
 - с) В.А.Светлов+
- 27.1905 жылдан бастап Семей мұғалімдер семинариясында оқытылды:
- а) Қазақ тілі+
 - б) Ән мен музыка
 - с) шіркеу славян тілдері
- 28.М.Әуезов мұғалімдер семинариясын бітірді:
- а) Верный мұғалімдер семинариясы, 1915 жылы
 - б) Түркістан мұғалімдер семинариясы, 1916 жылы
 - с) Семей мұғалімдер семинариясы, 1919 жылы+
- 29.Ақтөбеде ер мұғалімдер семинариясы қашан ашылды:
- а) 1912 жылы 5 қазанда+
 - б) 1913 жылы 20 тамызда
 - с) 1915 жылы 30 шілдеде
- 30.1916-1917 оқу жылында Ақтөбе мұғалімдер семинариясы жанындағы училищенің жабылу себебі
- а) оқу ғимаратының болмауы
 - б) мұғалімдердің жетіспеуі+
 - с) оқушылар қабылданбады

ҚОСЫМША Г

Мұғалімдер семинариясына қатысты архив деректері

Омбы мұғалімдер семинариясы

1872 жылы 25 сәуірде Омбы мұғалімдер семинариясы ашылды. Семинариядағы оқу жылы үш жылдық болды. Қазыналық шәкіртақыға Сібір өлкесінің тұрғындары ғана қабылданды. Тобыл губерниясының шәкіртақысы болды-10; Сібір казак әскерінікі – 6; қазына қорынан-50 болды, оның 10 орынға қазақтарға бөлінді. Семинарияның алғашқы директоры Н.И.Вирен болды. Ережеге сәйкес семинария директоры христиан дінідегі адам болуы тиіс болатын. Н.И.Вирен рим-католик дінідегі адам болды. Омск мұғалімдер семинариясының ашылу ерекшелігі, біріншіден 1870 жылы уездік училище жанынан педагогикалық курс ашылды. 1872 жылы 26 сәуірде педагогикалық курс мұғалімдер семинариясына айналдырылды. Омбы мұғалімдер семинариясына Ақмола, Семей, Жетісу облыстарынан, Тобыл, Томск губерниясының жастары оқыды. 1875 жылы семинарияны 16 шәкірт бітірді. 1920 жылы шілдеде Омск мұғалімдер семинариясы мен Омбы мұғалімдер институты біріктіріліп Халық ағарту институты болып құрылды. Семинария директорлары болды: Н.И.Вирен (1782-1879), М.А.Водяников (1879-1898, 1902-1906), Н.А.Седельников (1917-1918). 1902 жылға дейін мұғалімдер семинариясы Батыс Сібір оқу округіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаған жалғыз оқу орны болды. Омск мұғалімдер семинариясын М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Н.Нұрмақов бітірді.

2)Орск-Орынбор мұғалімдер мектебі

1883 жылы Орскі қаласында қазақ мұғалімдер мектебі ашылды. Мектеп 4 жылдық болып ашылды және жабық оқу орнына жатқызылды. Бұл мектептің Ташкент мұғалімдер семинариясынан бірнеше ерекшелігі болды біріншіден, мектеп 1872 жылы 27 наурыздағы Уфа мен Симферополь қалаларында ашылған татар мұғалімдер мектебі үшін қабылданған Ережеге бағынды. Қазақ тілін орыс шәкірттері ғана оқыды. Гигиена курсы қысқаша парктикалық медицина курсымен бірге оқытылды. Алғашқы кезде мұғалімдер мектебіне - 60 қазыналық шәкірт ақы, училищеге - 15 орын берілгенімен, 1885 жылдан – біріншісіне - 35 орын, екіншісіне-10 орын берді. 1889 жылы тамызда Орскідегі мұғалімдер мектебі Орынборға көшірілді, өйткені Орскі қаласында болған өрт салдарынан мектептің ғимараты өртеніп кеткен болатын. Бұрынғы Орынбор татар мектебінің ғимараты, барлық дүние-мүлкі Орынборға көшірілген қазақ мұғалімдер мектебіне берілді. 1889-1890 жылы Орынбор мұғалімдер мектебінде оқыған 35 шәкірттің барлығы да қазақ жастары болды, оның 8 сұлтан, 1 діни, 26 қарапайым отбастарынан болса, ал мектеп жанындағы училищедегі 11 қазақ баласының 2 сұлтан, 9 қарапайым отбастарынан болатын. Мектеп жанындағы училищеде тек қазақ балалары оқыды және олардың саны 10 баладан аспады. Училищені бітірген шәкірттерге мұғалімдер мектебіне түсудің мүмкіндігі көбірек болды. Орск-Орынбор қазақ мұғалімдер мектебінде ашылған кезде тек

қазақ жастары оқыса, 1892 жылдан орыс балалары да оқуға қабылданды. 1899 жылы мектепте шәкірттердің 63,2% мұсылман қазақтар, 36,8% орыс православие дініндегілер, 1901 жылы 50 оқушының 50% мұсылман қазақтар болды. 1916 жылы мектепте 72 шәкірт оқыса, оның 56-сы орыс православ, 16-сы мұсылман қазақтар болды. Орск-Орынбор мұғалімдер мектебі ашылған тек қазақ балалары оқыса, 1916 жылдан кейін мектепте орыс балаларының саны артып, керісінше қазақ шәкірттерінің саны кеміді. 1892 жылдан бастап мұғалімдер мектебіне орыс балаларын қабылдау және мектепке емтихан тапсыру арқылы түсудің қиындығы, қазақ шәкірттерінің мұғалімдер мектебінде санының бірте-бірте кемуіне алып келді. Барлық семинариялардың ішінен тек Орынбор мұғалімдер мектебінде ғана мұсылман шәкірттеріне мұсылман ілімі оқытылды. Мұсылман ілімінің мұғалімі орыс тілін жақсы білетін молдалар арасынан мектеп инспектордың ұсынысымен, оқу округінің попечители губернатормен келісе отырып бекітті. Архив деректері пәннің төмен деңгейде өткізілгенін көрсетеді. Пән мұғалімі Боранқұлов 325 сабақ өткізуі тиіс болса, соның 125 сағатын өткізбеген.

Семей мұғалімдер семинариясының құрылуы мен қалыптасуы

1903 жылы Семейде ашылған мұғалімдер семинариясы екі сыныптық училищесімен ашылды. Семинария дайындық және 3 сыныптан тұрды. 1904 жылы семинария жанынан екі сыныптық үлгілі училище ашылды. Семинария директорлары болды: А.В. Белый (1903-1906), М.М.Березников (1906-1917). Семинарияда белгілі журналист, этнограф, I, II Мемлекеттік Дума депутаты Николай Яковлевич Коншин, Орынбор оқытушылар мектебінің түлегі, Үш жүз партиясының мүшесі Нұрғали Құлжанов, Қостанайдағы орыс-қазақ қыздар гимназиясының түлегі, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист Нәзипа Құлжанова сабақ берді. Семинарияда Құдай Заңы және шіркеулік славян оқулары, орыс тілі мен шіркеулік-славян тілі, арифметика, геометрия, тарих, география, жаратылыстану, физика, педагогика, көркем жазу, сызу, сурет, ән сабақтары оқытылды. 1905 жылдан бастап семинарияда қазақ тілі оқытылды. Құдай заңы және шіркеу славян тілдері сабағы орыстарға және шоқынған түземдіктерге оқытылуы тиіс болса, Семей мұғалімдер семинариясында шоқынбаған мұсылман шәкірттеріне шіркеулік славян тілі оқытылды. 1903 жылы семинарияға 35 ер бала қабылданды. 1907 жылы Семей мұғалімдер семинариясында 87 шәкірт оқыды, қазыналық шәкіртақыға-50, земстволық - 9, казак-1, өз қаражаттарына 24 шәкірт оқыды. Қазыналық шәкіртақы 120 рубль болатын. Ереженің 2403 бабына сәйкес Семей мұғалімдер семинариясында қазыналық шәкіртақыға оқығандар курсты аяқтаған соң 2 жыл бастауыш училищеде еңбек еткеннен кейін, мұғалімдер институтына түсуге құқы болды. 1906 жылдың аяғында Семей мұғалімдер семинариясының жеке өз ғимараты болды. Ғимаратта қол еңбегі, сурет, жаратылыстану, тарих, музыка пәндерінің жеке-жеке бөлмелері, кітапхана бөлмесі, мәжіліс залы шіркеуімен, музейі болды. Барлық сыныптар қажетті құралдармен жабдықталды. Семей мұғалімдер семинариясы басқа семинариялармен салыстырғанда материалдық жағынан жабдықталуы өте жоғары болды. 1915-1916 жылы оқу жылында

Семей қалалық училищесінің шәкірті М.Әуезов мұғалімдер семинариясының дайындық сыныбына түсіп, 1919 жылы бітіріп шығады.

Ақтөбе ер мұғалімдер семинариясының құрылуы мен қалыптасуы

1912 жылы 5 қазанда Ақтөбеде ерлер мұғалімдер семинариясы ашылды. Семинария дайындық сыныбы және 3 сыныптық болды. Ақтөбе ерлер мұғалімдер семинариясының штаты 1902 жылы 11 наурызда Новомосковск қаласы Великие Сорочинцы селосындағы мұғалімдер семинариясы үшін бекітілген Ережеге сәйкес құрылды. 1914 жылы қазанда семинарияның жанынан үлгілі екі сыныптық училище 4 бөлімімен ашылды. Ақтөбе мұғалімдер семинариясында 1912 жылы - 12, 1914 жылы - 36, 1916 жылы - 61, 1917 жылы - 60, 1918 жылы - 72 семинарист оқыды. Ақтөбе мұғалімдер семинариясының жеке ғимараты болмады, жалға алынған ғимараттар оқу орны үшін ыңғайлы болмады, мұның барлығы да оқу үрдісіне кері әсерін тигізіп отырды. Барлық семинарияларға енгізілген қол еңбегі сабағы арнайы жабдықталған бөлменің болмауына байланысты пән өткізілмеді. 1914 жылы басталған дүниежүзілік соғысқа байланысты ер адамдардың майданға алынуы, семинарияда және оның жанынан ашылған училищеде де мұғалімдердің жетіспеуіне алып келді. 1916-1917 оқу жылында семинария жанындағы училище мұғалімдердің болмауынан уақытша жабылып қалды. 1917-1918 оқу жылында училищеге 33 шәкірт түскенімен, мұғалімдердің жоқтығынан оларды уақытша қаладағы бір, екі сыныптық училищелерге тарқатты.

Орал мұғалімдер семинариясының құрылуы мен қалыптасуы

1913 жылы Мемлекеттік Дума мен Мемлекеттік Кеңес Ресей империясы билігіндегі Романовтар әулетінің 300 жылдық билігі құрметіне мұғалімдер семинариясын ашу бастамасын көтерді. 1913 жылы Орал мұғалімдер семинариясы ашылды. Семинария дайындық сыныбы және 3 сыныптық болды. Орал мұғалімдер семинариясының мұғалімдер құрамы: директор Павел Катонов, дін сабағынан протоерии Иоанн Федор Корноухов, орыс тілінің тәлімгері Иван Григорьевич Фурсов, тарих, география пәндерінің тәлімгері Иван Георгиевич Романовский, арифметика пәнінің тәлімгері Алексей Дорофеев, физика, жаратылыстану пәндерінің тәлімгері Михайл Васильевич Романовский, сурет және көркем жазу пәнінің мұғалімі Тимофей Михайлович Новиков, ән сабағының мұғалімі Никита Павлович Осипов, дәрігер, кеңесші Николай Петрович Пыхачев болды. 1914 жылы семинариядағы семинаристердің саны 46, діни құрамы бойынша православие 31, единоверцы-8, мұсылман-6, старобрядцы-1. Әлеуметтік тегі бойынша 3 дін иелері, 10 мешан, 9 казак, 17 шаруа, 1 көпес отбасыларынан болатын. 1915 жылы мұғалімдер семинариясындағы шәкірттер саны 67 болды, православие дініндегілер 47, единоверцы-17, мұсылмандар-9 адам. Семинарияда оқитын орыс семинаристерінің әлеуметтік тегі бойынша 3-уі дін иелері, 15- мешан, 16 казак, 23 шаруа, 1 көпес отбасыларынан болды.

ҚОСЫМША Ғ

«Бекітемін»

Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық
колледжіннің директоры
Битазаров А.Д.



«26» сәуір 2018

Ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелерін оқу-тәрбие үдерістеріне
енгізу бойынша

ЕНДІРУ АКТІСІ

Бұл ендіру актісі, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық Университетінің PhD докторанты Садыкова Асем Қайратовнаның «Қазақстандағы бастауыш білім беретін оқу орындарына мамандар дайындау тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы – 1920 жылдарға дейін)» атты тақырыбында зерттеу жұмысы бойынша Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжінде 0105013 «Бастауыш білім беру мұғалімі» мамандығының 2 курс студенттеріне 2016-2017, 2017-2018 оқу жылдарында эксперимент жүргізетіндігін және ғылыми-зерттеу нәтижелерін педагогикалық үдеріске енгізгендігін растайды.

Автордың зерттеу жұмысы бойынша ұсынған «Қазақстандағы бастауыш білім беретін оқу орындарына мамандар дайындау тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы – 1920 жылдарға дейін)» оқу жұмыс бағдарламасы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік дайындық деңгейін жоғарылатуға оң ықпал етті. Нәтижесінде тәжірибие жүргізілген топ студенттерінің Қазақстандағы бастауыш білім беретін оқу орындарына мамандар дайындау тарихынан педагогикалық іскерліктері, оның ішінде зерттеушілік, ақпараттық, ұйымдастырушылық іс-әрекеттері бойынша даярлық деңгейлері жоғарылады.

Директордың ғылыми-әдістемелік
ісі жөніндегі орынбасары

Абжапарова Б.К.

ҚОСЫМША Д

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ "АБАЙ АТЫНДАҒЫ ЖАМБЫЛ
ГУМАНИТАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ" МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ШЫҒЫС № 69
" 11 " 05 2018 ж.

Анықтама

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты Садықова Әсем Қайратқызы аталған колледжде «Қазақстандағы бастауыш білім беретін оқу орындарына мамандар дайындау тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы-1920 жылдарға дейін)» атты тақырыпта 0105013 «Бастауыш білім беру мұғалімі» мамандығының 2 курс студенттеріне тәжірибие жұмыстарын жүргізді.

Анықтама сұраныс орнына беріледі.

Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық
колледжінің директоры



А.Д. Биназаров
Биназаров А.Д.